



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Астана

2007

«МӨДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Құл-Мұхаммед М., *төраға*
Досжан А., *төрағаның орынбасары*
Асқаров Ә., *жауапты хатшы*

Қоғамдық кеңестің мүшелері:

Абдрахманов С.
Аяған Б.
Әбусейітова М.
Әйтімова Б.
Әлімбаев Н.
Әуезов М.
Базылхан Н.
Байпақов Қ.
Биекенов Қ.
Бурханов Қ.
Ертісбаев Е.
Кенжеғозин М.
Қасқабасов С.
Нысанбаев Ә.
Өмірбеков Б.
Салғара Қ.
Сариева Р.
Сейдімбек А.
Сұлтанов Қ.
Таймағамбетов Ж.
Тұяқбаева Б.
Хұсайынов Қ.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Батырлар жыры



ББК 82.3 (5 Қаз)

Б12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Күзембаева С.,
Қирабаев С., Мамыраев Б., Қосан С.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Қосан С. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Әзібаева Б., Ақыш Н.,
Рақышева Ж.

Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған:
филология ғылымдарының кандидаты Рақышева Ж.

Жауапты шығарушы: Әкімова Т.

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2007.
Т. 43: Батырлар жыры. — 2007. — 416 б.

ISBN 9965-35-435-9

«Бабалар сөзі» сериясының 43-томына «Қамбар батыр» эпосының он бір нұсқасы енді. Жыр нұсқаларының көпшілігі бұрын-соңды жарияланбаған. Эпостың сюжеті ноғайлы-қазақ хандығы кезеңінің жекелеген оқиғаларын қамтиды. Қамбар батыр мен Назым сұлудың арасындағы махаббат — жыр желісінің негізгі арқауы.

Б $\frac{4702250205}{00(05)-07}$

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-435-9 (т. 43)

© Әдебиет және өнер институты, 2007

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2007

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланып жатқан «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын өзірлеп, жарыққа шығаруды одан әрі жалғастыруда.

Серияның бұған дейін жарияланған томдарында ұлттық фольклорымыздың аса көркем де көлемді саласы болып саналатын хикаялық дастандардың тоғыз томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың алты томы, батырлық жырлардың он томы және Қытайдағы қазақ фольклорына арналған он томы жарық көрді.

Оқырман назарына ұсынылып отырған аталмыш серияның қырық үшінші томы батырлық эпосқа арналды. Бұл томға «Қамбар батыр» жырының он бір нұсқасы енді.

Қазақ халқының эпикалық мұрасынан елеулі орын алатын, ел ішінде кең тараған батырлық жырлардың бірі «Қамбар батыр» жыры алғаш XIX ғасырдың ортасында қағазға түсіп, жариялана бастады. 1888 жылы жырдың бір нұсқасын У.Тухфатуллин деген татар азаматы Зайсан өңірінен жазып алып, «Қисса Қамбар» деген атпен Қазан қаласындағы Университет баспаханасынан жариялаған. Жыр мәтіні 1903 жылы Қазанда ағайынды Кәримовтер баспаханасынан «Тоқсан үйлі тобыр» деген атпен тағы да жарық көрді (баспаға дайындаушы көрсетілмеген). Белгілі шығыстанушы И.Н.Березин 1890 жылы Санкт-Петербург қаласында басылған «Түрік хрестоматиясы» атты жинағында (3-том, 2-бөлім) «Қамбар баһадүрдің жыры» атты жыр нұсқасын жариялады. Қазақ фольклорын насихаттаушы, этнограф ғалым Ә.Диваев 1922 жылы Төшкенде қазақтың батырлық жырларымен қатар, «Қамбар батыр» жырын баспаға дайындады. Қазан басылымдары негізінде жаңа жазбалары (ре-

дакциялары) туды. Сондай-ақ жырдың Қызылорда, Қарағанды, Жамбыл, Шымкент, Павлодар, Омбы өңірлерінен жиналған нұсқалары бар.

«Қамбар батыр» жырының жиырмадан астам нұсқалары ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, жырдың негізгі алты варианты: 1888, 1890, 1922 жылғы басылымдары, Қалқай, Бармақ, Шапай нұсқаларымен қоса, басылымдардағы мәтіндік өзгерістерді салыстыра көрсету үшін 1903 жылғы «Тоқсан үйлі тобыр», сюжетінде айтарлықтай өзгешелігі бар Маясар Жапақов пен Шоқатаев нұсқалары мен эпостың қара сөзбен баяндалған ертегілік екі нұсқасы, барлығы — он бір нұсқа бір томға жинақталды. Ә.Диваевтың 1922 жылы Ташкентте басылған «Қамбар батыр» нұсқасы кеңестік кезеңде бірнеше мәрте жарық көрсе, 1903 жылы Қазанда басылған «Тоқсан үйлі тобыр», Бармақ нұсқасы, Березин ертегісі жырдың 1959 жылғы ғылыми басылымында жарияланған, ал қалған жеті нұсқа тұңғыш рет ұсынылды.

1953 жылғы Қазақ КСР ҒА-ның Президиумы ұйымдастырған эпос жөніндегі дискуссия қорытындысынан кейін халық ауыз әдебиетінде батырлық жырлардан сынға ілікпеген «Қамбар» мен «Ер Тарғын» ғана қалдырылды. Фольклорлық шығарма жазба әдебиетке қойылатын талап тұрғысынан зерттелді, шығарманың идеясы мен тақырыбына баса мән беріліп, кейіпкерлер тек таптық-өлеуметтік тұрғыда қаралды.

Жырдың алғашқы ғылыми басылымы М.Әуезов пен Н.С.Смирнованың редакциялық басқаруымен 1959 жылы жарық көрген болатын (баспаға дайындаған: М.Ғұмарова, Н.Смирнова). Өзкезеңінің талаптарына толық жауап бергенімен, бұл басылымның бүгінгі күн талабы тұрғысынан толықтырар тұстары жеткілікті еді. Құрастырушылар 1888 жылғы нұсқаны алмай, 1903 жылғы Қазан басылымын жариялаған. 1888 жылғы Қазан басылымындағы «кәпір», «орыс» этнонимдері кейінгіде «қалмақ» болып өзгертілген. Кеңестік дәуірде жырдың алғашқы нұсқасы «діни сөздер көбірек қолданылған» деп бағаланды.


Жырдың түрлі нұсқаларын халық ақындарынан, жыршылардан жазып алу жұмысы жүйелі жүргізілді. 1941 жылы Қазақстан Жазушылар Одағы Шашубай Қошқарбайұлын Балқаштан арнайы шақырып алып, ақын өлеңдерін жазу жұмысын ұйымдастырды. «Қамбар» жырының Шашу-

бай жырлаған нұсқасын С.Сейітов пен Ә.Тәжібаев сынды әдебиетшілер жазып алып, 1942 жылы ақынның «Сөйле, Шашеке» жинағында жариялаған. 1958 жылы ақпан айында Тіл және әдебиет институтының халық творчествосы бөлімінің бастығы академик М.О.Әуезовтің қолдауымен Қызылорда облысындағы белгілі жырау Рахмет Мәзқожаевты институтқа шақыртып алдырып, репертуарын тыңдап, білетін жырларын жазып алады. О.Нұрмағамбетова мен М.Ғұмарова «Қамбар», «Көрұғлы» т.б. жырларды магнитофон таспасына түсіреді. Сондай-ақ елдегі Құлзақ Амангелдин мен Келімбет Серғазиев сынды жыршылардан эпостың Диваев нұсқасы жазылып алынды.


Томға енген жыр мәтіндері М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазба қорларында сақтаулы түпнұсқалардан дайындалды. Батырлық жырларға арналған жинақтарда түсіп қалған немесе қолжазбадан қате оқылған жыр жолдары мен жекелеген сөздер түпнұсқа бойынша түзетіліп, мәтіндер бастапқы қалыпқа келтірілді. Бұрын жарияланбаған мәтіндер қолжазбалардан еш өзгертусіз берілді.

«Бабалар сөзі» сериясының негізгі ұстанымдарына сәйкес, қырық үшінші том ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшаларға томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, эпостың жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томның көлемі — 26,0 б.т.



Μ Θ Τ Ι Η Δ Ε Ρ



Қамбар баһадүрдің жыры

(С-Петербург, 1890)

- Бізден бұрын кім өткен?
Тоқсан түрлі ел өткен,
Үш жүз алпыс ер өткен,
Үш жүз алпыс кісі өткен.
Бірнешесі бек өткен,
Бірнешесі сопы өткен,
Бірнешесі бай өткен.
Һәрқайсысы уақытында
Жеті жұртты жебеп өткен.
- 10 Қаһарын салып қыс өткен,
Рақымын салып жаз өткен.
Оң қолына қайшы алып,
Сол қолына шаршы алып,
Кесте тартып қыз өткен.
Сонша мезгіл болғанда
Ноғайлыдан кім өткен?
Он сан ноғай бүлгенде,
Орманбет би өлгенде,
Он екі баулы өзбек,
- 20 Өзбек жұртта билеген
Әзімбай патша хан өткен,
Ақылға диқан дана өткен.

Әзімбай патша хан екен,
Ақылға диқан дана екен.
Әзімбай санат патшаның
Жеті ұлының ішінде
Он екі жасар Назымға,
Айттырып оны алуға

- Көк етікті келмейді,
30 Көн етіктіге бермейді,
Өзімбаймен тетелес
Аршахан деген хан екен,
Ақылға диқан дана екен.
- Бір күні ерте тұрады,
Беті-қолын жуады.
Нөкерін жиып алады,
Нөкеріне сөйлей қалады.
Сөйлегенде не дейді:
— Ал, нөкерлер, нөкерлер,
40 Өзімбай ханға баралы,
Оған ақыл салалы.
Обалды неге білмейді,
Дүниені және неге көрмейді,
Он [екі] жасар Назымды
Күйеуге неге бермейді?
- Сонша мез[гіл] болғанда
[Аршахан] атқа мінеді,
Аңырайтып желеді.
Өзімбай ханның тұсына
50 Сөйлес қыла қалады.
Жұрт сағынған Өзімбай
Қадамды басып шығады,
Патшаның жүзін көреді.
Бозбаланы жинатад,
Алтын шатыр тіктіріп,
Алтынды көрпе жайдырып,
Бал қымызды құйдырып,
Сусынын әбден қандырып.
- Сонда Өзімбай сөйлейді,
60 Сөйлегенде не дейді:
— Ол, ол болсын, ол болсын,
Жеке басың қол болсын.
Садаққа салған қырық кез оқ
Дұшпанға атсақ, мол болсын.

Алтынды бөркің басыңда,
Қырық нөкерің қасыңда,
Арша қалқа, саған жол болсын.

— Өзімбайша ханымыз,
Ақылға диқан данамыз,
70 Дүниені неге көрмейсіз,
Он екі жасар Назымды
Күйеуге неге бермейсіз?
— Олай да болса, Арша хан,
Бұ тіліңді алайын,
Халқыма жарды салайын,
Қойды баққан құл қалмай,
Ешкіні баққан шал қалмай,
Ақсақ, шошақ таз қалмай,
Мырза, сірә, хал қалмай,

80 Бәрін жиып алайын.
Сексен үйді тігейін,
Сексен бие сауайын.
Сексен саба толтырып,
Бал қымызды жияйын.
Он екі жасар Назымды
Бір сүйгені бар болса,
Қалың мал алмай берейін.

Сонша мезгіл болғанда
Жылқы ішіне барады,
90 Сегіз ат ұстап алады,
Сегіз жігітке береді,
Жұртына хабар салады.
Бұл хабарды есітіп,
[Өр] түндіктен жан қалмай,
Қатуланып қамданды,
Жұрт жиылып аттанды.

Бір жасармен бүлініп,
Ақсақ кетіп барады,
Бір аяғын ұзартып,
100 Аяғы ақсақ жағының
Үзеңгісін қысқартып,

Ақ балдағы белінде,
Қу таяғы қолында,
Әзімбай ханға бармаққа,
Назымға көзін салмаққа,
Он екі жасар Назымды
Қалың бермей алмаққа.

- Үкісін жаңдатып
Шекесіне жабысқан.
- 110 Жарамды біткен орыстың
Сырғанақ жылтыр мұздай ғып,
Құйқасын жеп тауысқан.
Арт жағына қараса,
Желкесінен бу шығып,
Маса, сона, көбелек пен
Шыбын-шіркей ду шағып,
Тамағы мен табаны
Арасынан су шығып,
Исін адам көргісіз,
- 120 Маңайына адам барғы[сыз],
Бүкіл итпен жектілер,
Таздар да кетіп барады,
Әзімбай ханға барғалы,
Назымға көзін салғалы,
Он екі жасар қыз Назымды
Қалың мал бермей [алғалы].

- Және тағы жігіттер,
Бір жосықты адамдар,
Жегі мен құрт екеуі
- 130 Мұртына жабысқан,
Кеңсіріктен бергі жерінің
Әкесін қоймай тауысқан,
Шеміршегін жеп тастап,
Мұрны бітіп қалған соң,
Аузына таман ауысқан,
Екі беті бұлтиып,
Мұрындар[ын бір] тартып
Пұшықтар кетіп барады,

- 140 Өзімбай ханға бармаққа,
 Назымға көзін салмаққа,
 Он екі жасар қыз Назымды
 Қалың бермей алмаққа.
- Нағиынан сындар адамдар
 Бір жеңінен май ағып,
 Мұрынынан боқ ағып,
 Байтебесін басып сүйретіп,
 Құлдар да кетіп барады,
 Он екі жасар қыз Назымды
 Қалың мал бермей алғалы.
- 150 Бұ дүниеде құрысқан,
 Ілгері жетпей тырысқан,
 Өзінде тісі жоқ,
 Анда адамның ісі жоқ,
 Кемерін қосып тек жатпай,
 Араз болған кісідей,
 Бір-біріне сөз қатпай
 Шалдар да кетіп барады,
 Өзімбай ханға бармаққа,
 Назымға көзін салмаққа,
160 Он екі жасар қыз Назымды
 Қалың мал бермей алмаққа.
- Бұ жосынға жоламай,
 Құдайым ісін оңдағай.
 Бір жағынан бөлініп,
 Төрелер мен бозбала
 Қатар түзеп жөнелді.
 Барқыт камзол үстінде,
 Кәмшаттан бөрік басында,
 Жасауылдар қасында,
170 Қарбанады шалбар салақтап,
 «Назым қайда, Құдай» деп,
 Екі көзі алақтап,
 Алтыннан сабы салақтап,
 Астында мінген арғымақ

Әсемдетіп ойнатып,
Сегіз өрме қамшымен
Бауырға соғып өкіртіп,
Қазулы жатқан арықтан
Арғымағын секіртеп,
180 «Назым сұлу қайда?» деп,
«Алсақ жанға пайда», деп,
«Мұндай тоты қайда!» деп,
Өзімбай ханға барғалы,
Назымға көзін салғалы,
Он екі жасар қыз Назымды
Алла қолға тигерсе,
Көптен жүрген кектерін
Бір минутта алғалы.

Бү жиылған жамағат
190 Сексен үйге түседі,
Бал қымызды құяды,
Сексен бие сояды.
Сусыны әбден қанған соң,
Жұрт мас болып алған соң,
Араласын деп
Назымға хабар салады.

Сонша мезгіл болғанда
Пернеменен көрініп,
Құдай берген екі аяқ
200 Бір басуға ерініп,
Бойын балап керіліп,
Аузынан ішкен шекер бал
Кіндігінен көрініп,
Назым кетіп барады.
Сексен үйді аралап,
Төре менен мырзасын
Бәрін де көріп саралап,
Біріне көзін салмады,
Хабарына алмады,
210 Жөней де кетіп қалады.

- Төрелер менен мырзалар,
Батыр менен шоралар
Өсте артынан қалмайды.
Етегін қыздың жалмай-дүр,
Сонда дағы жігіттер,
Назым сұлу апаңыз
Алды-артына көзін салмайды.
Атасының алдына
Назымжан барып зарлайды,
220 Зарлағанда не дейді:
— Бұ жиылған көбіңде
Ат ұстап мінер адам жоқ,
Сонша жаман кісіге
Менің де іздер шамам жоқ.
Сонда атасы біледі.
— Сексен үйдің ішінен
Бір кісіні жаратпай,
Өуре болдың, дүние боқ.
— Өзімбай сынды ханымыз,
230 Ақылы диқан ханымыз,
Бұ сөзіңе тұрмаймыз.
Ортаңыздан жар іздеп
Сәркардан болдым зар илеп,
Құр хандық болған секілді
Бүгін сойған малыңыз.
Жалғызың Назым мен болсам,
Өзімбай атам сен болсаң,
Назымның мұнда ісі жоқ.
Сексен үйдің ішінде
240 Өздігінен жол тауып,
Адамдық қылар кісі жоқ.
- Өзімбай ханның алдына
Бір төлеңгіт келеді,
Қол қусырып сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Алдияр тақсыр ханымыз,
Жолыңызға бек құрбан

- Малымыз бен жанымыз,
Сөзіме құлақ салыңыз.
- 250 Ақ өткелден ары өтсе,
Алты күндік жер өтсе,
Отыз үйлі обыр бар,
Тоқсан үйлі тобыр бар.
Отыз үйлі обырда,
Тоқсан үйлі тобырда
Айдарына малы жоқ,
Шайнарына майы жоқ,
Қара қасқа аттың күшімен,
Садағының ұшымен
- 260 Асырап жүрген ер Қамбар.
Тілегін аның Құдайым
Һәр заманда берген-дүр.
Мұңы бар нашар адамдар
Алыстан іздеп келгенлер.
Он екі жасар сол Қамбар,
Иманнан басқа не қам бар.
Патшадан артық басы бар,
Киік пенен құланнан
Осы күнде асы бар.
- 270 Жазғаны кедей демесең,
Мұнан артық адам жоқ.
Тез баршы деп айтуға
Менің сізге шамам жоқ.
— Кетші әрмен, төлеңгіт,
Бұ тіліңе ермеймін,
Мақтаған Қамбарды көрмеймін.
Он екі жасар Назымды
Кедейге, тіпті, бермеймін.
- Төлеңгіттің сөзіне
- 280 Назымжан құлақ салып тұр.
Бойы балқып, жігіттер,
Бір бөлеге қалып тұр.
Үйіне таман барып тұр,
Алтын сандық ашып тұр.

Меруерттен сызай* қолға алып,
 Қамбарға хатты жазып тұр.
 Шыдай алмай Назымжан,
 Асық та болып, азып тұр.

- Ханның басы қыркүйек
 290 Қарашамен қауышты,
 Абылай төре дауысты
 Бір түбектің құланын
 Атып бір алып, тауысты.
 Атайын десе, құлан жоқ,
 Құлан менен бұлан жоқ.
 — Қорлықпенен өткіздім
 Мынау қымбат жасымды.
 Тыныштықты алмай, дүние боқ,
 Отыз үйлі обырдың,
 300 Тоқсан үйлі тобырдың
 Тілегін, Құдай, бермедің.
 Зарланғанын, Жасаған,
 Құдіретіңмен көр-сәна.
 Біреуі аштан өлсе де,
 Обалы менің мойныма,
 Көзінің жасы зарланып,
 Төгілер менің қойныма.
 Бір түбектің құланы
 Шыдамдектар батырыңның ойына**
 310 Он сегіз мың ғаламды
 Жасатқан сорлы мен бе едім?!

Түн ортасы болғанша
 Төсектің үстінде
 Көйгөй тартып жылайды-ау.
 Таң алакеуім болғанда
 Отқа байлаулы
 Қара қасқа тұлпары
 Жерді де тарпып тұрмайды.

* Түпнұсқада осылай берілген.

** Түпнұсқада осылай берілген.

- Қара қасқа [атқа] мінеді,
320 «Иә, Құдай!» деп жөнелді,
Ұршық майы бұлтылдап,
Тұяқтан оты жарқылдап,
Бөкендей шаңы бұрқылдап,
Шақпақ оты жарқылдап,
Найзаның ұшы жарқылдап,
Азулары жарқылдап,
Ауыздықпен алысып,
Ұшқан құспен жарысып,
Алты қырдан өтіп тұр.
330 Алты күндік жер екен,
Күн шығардың алдында
Ақ өткелге жетіп тұр.

- Алтынды бөркі басында,
Қырық нөкер қыз қасында,
Алтын шәйнек қолында,
Дәретке Назым келіп тұр.
Келе жатқан Қамбарды
Назым апам көріп тұр,
Оның Қамбар екенін
340 Тұлғасынан біліп тұр.
Ақ өткелден өтеді,
Көрініп тұрған Назымға
Бір қайырылмай кетіп тұр.

- Сонда апай сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Хан сүйекті Қамбар-ау,
Қара атыңның мойнында
Өкпе-бауыр жал бар-ау,
Біздікіне түсе кет.
350 Қант пен мейіз шай бар-ау,
Сен жегендей май бар-ау,
Дәмі төтті бал бар-ау,
Бір кісіні күткендей,
Аллаға шүкір, жай бар-ау.
Апасының айтқан сөзіне

Қамбар құлақ салмады,
Бұрылып оған бармады.
Барайын деп көңіл қылса да,
Артында қалған,
360 Асырап жүрген жамағат,
Асырап жүрген бейшаралар зарлайды.
Олардың аштығы
Қамбардың есінен қалмайды,
Сөйтіп жөней береді.

Қамбардан күдер үзген соң,
Үйіне Назым барып тұр,
Ғазын оқып алып тұр.
Жеті ағасының қатынын,
Жетеуін бірдей шақырып,
370 Алтынды айна қолға алып,
Өз көркіне өзінің
Есі кетіп ауып тұр.

Кіші бесін болғанда
Алпыс құлан астында,
Тоқсан құлан жанында,
Келеді Қамбар ыстықтап,
Астындағы қара аты
Азуын басып алақтап.
Келе жатқан Қамбарды
380 Апай көріп жүгіріп,
Ақ өткелдің аузында
Алтын шатыр келтіріп,
Алтын көрпе жайдырып,
Бал қымызды құйдырып,
Жібектен өрмек құрдырып,
Назым апам келіп тұр.

Қамбар жақын келген соң,
Қамбарға апам сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
390 — Хан сүйекті Қамбар-ау,
Қара атыңның мойнында

- Өкпе-бауыр, жал бар-ау,
Біздікіне түсе кет.
Қант пен мейіз, шай бар-ау,
Дәмі тәтті бал бар-ау,
Бір кісіні күткендей,
Аллаға шүкір, жай бар-ау.
Жалаңбұт өскен заңғар-ау,
Батыр да болсаң жаным сен,
400 Бұ сөзімнің ақырын
Ақылың салып аңғар-ау.
Үстінде бүгін жарғағың,
Бұтыңда бүгін шалбарың,
Қайырылмасаң, қайырылма,
Бір қайырылар күн бар-ау.
Сен кедейге сақтаулы
Ақ төсімнің үстінде
Жан тимеген жай бар-ау.
- Қайырылып бермен кел, кедей,
410 Жүзімді, кедей, көр, кедей.
Қаламменен жазылған
Қарақат көзді қасым көр.
Қолыңа майда етпесе,
Жібекті көр де, шашым көр.
Алтыннан соққан зер көрдің
Түймесін көр де, басым көр,
Меруетті көр де, тісім көр.
Алтынды шатыр ішінде
Ғажаптап көрген ісім көр.
420 [Жер] үстіне қар жауса,
Қарды көр де, етім көр.
Қар үстіне қан тамса,
Қанды көр де, бетім көр.
- Қайырылып Қамбар келеді,
«Қарашы, әне, хайласын,
Келетұғын жолыма
Өрмек құрып тоқтатып,
Кедейлерге жоқтатып,

Өзәзіл боп бұ жерде
430 Азғыруға тұрғанын.
Мен бүйтейін бұған», — деп
Қолына алды қылышын.
Тоғыз құлаш өрмегін,
Жібектен қылған ермегін
Семсермен турап салады.
Қырға таман барады,
Бара тағы сөйлейді:

— Өзімбай ханның қыз Назым,
Он екі жасар сен, Назым.
440 Жас басыңнан жар іздеп,
Күдерің менен үз, Назым.
Мені неге шақырдың,
Мырзаға тисең болмай ма,
Мырзалар сені алмай ма?!
Мен кедейге тигенмен
Не табарсың, бейшара!
Алтынды шатыр менде жоқ,
Мамықтан төсек менде жоқ,
Алтынды көрпе менде жоқ,
450 Ақ орда үй менде жоқ.
Қорлықпен өтер күніңіз,
Босағамда отырып,
Құлан менен бұланның
Сирағын жиып өлерсіз.

— Базардан келген топты хан
Сандық ашқан кілтісің.
Ақылың бар ма деуші едім,
Неткен ақымақ жігітсің,
Көңілің маған толмай ма,
460 Жаманды Құдай оңдай ма?!
Алтынды шатыр нетейін,
Мамық төсек нетейін,
Алтынды көрпе нетейін.
Босағаңда отырып,
Атып келген құланның

Өкпесі мен бауырын жеп,
Сорпасын ішіп өтейін.

- Сонда Қамбар сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
470 — Өзімбай ханның қыз Назым,
Азырақ сабыр қыла тұр.
Аузы кәпір демесең,
Мақия деген хан еді,
Ақылға диқан хан еді.
Өзі билеген жұртынан
Көп ел іздеп аралап,
Қыз таппай жүр еді.
Сонша мезгіл болғанда
Бұ жол сені есітіп,
480 Он екі мың қол жиып,
Екі мың ләшкер көп жиып,
Жұртыңды сенің қорқытып,
Сені тартып алуға
Өзімбай ханға келер ол
Сонда жұртың сасқанда,
Хабарды жұртың бір берер.
Сол хабармен аттанып
Желе бір жортып келермін,
Он екі мың ләшкердің
490 Сыбағасын берермін.
Бәтуа болса, Назым жан,
Сол мезгілде көрермін.

Сөйтіп, Қамбар кетеді,
Назымға тоқтау түседі.
Жүз отыз құлан теңдеулі
Ауырламай тұрғаны
Желе де басып барады.
Алдынан қашқан түлкіні
Соғып та алып жүреді.

- 500 Сонша мезгіл болғанда
Мақия деген хан екен,

Ақылға диқан хан екен,
Кәпір деген жұртынан
Қыз жаратпай жүр екен.
Жаратқан соң, ағалар,
Құдайым берер әсіпті,
Жас балаға шабарлар
Қыла-дүр кім бесікті.
Ноғайлының жұртында
510 Назымжан бар деп естіпті.
Он екі мың қол алды,
Екі мың түйе пұл алды.
Сонша мың ләшкер кәпірлер
Ноғайға таман жол алды,
Қару-құрау мол алды.

Аттанып жатқан мезгілде
Келменбет деген кәпірдің
Шешені бірге жол алды,
Мақия ханға сөйледі,
520 Сөйлегенде не деді:
— Мақия сынды ханымыз,
Ғақылға диқан данамыз,
Жолыңызға бек құрбан
Малымыз бенен жанымыз.
Қырық қара көк атпенен
Бес түйеге діллә артып,
Жолдаспенен барыңыз.
Өзімбай ғаріп барайын,
Қырық қара көк ат пенен
530 Бес түйеге артқан ділләні
Қарғыбау үшін берейін.
Қанша қалың мал керек,
Есептеп хатқа салайын.
Ел арасын жау қылман,
Татулықпен алайын.
Келменбеттің айтқанын
Ханы қабыл көреді.
Сұрағанның бәрін де
Заманда тауып береді.

- 540 Аралары бұлардың
Қырық алты күндік жол екен,
Отыз бес күнде келеді.
Ордасының тұсынан
Сөйлес қыла қалады.
Жұрт сағынған Әзімбай
Қадам басып шығады.
Алтын шатыр тіктіріп,
Алтын көрпе жайдырып,
Бал қымызын құйдырып,
- 550 Сусыны әбден қанған соң,
Мас боп бұлар алған соң,
Әзімбай ханың сөйледі:
— Ол, ол болсын, ол болсын,
Жеке басың қол болсын.
Садағыңа салған қырық кез оқ
Кәпірге атсаң мол болсын.
Сапар қылып жүріпсіз,
Батыр, саған жол болсын.
Қай патшаның ұлысың,
- 560 Қай шарбағының гүлісің,
Қай мәнзелден боларсың,
Қанша жерге барарсың?
- Келменбет сонда сөйледі:
— Алдияр тақсыр, ханымыз,
Сөзіме құлақ салыңыз,
Айтқанымананыңыз,
Бізді бір қабыл алыңыз.
Мақия деген хан еді,
Нәсілі кәпір демесең,
- 570 Өзіңдей-ақ хан еді.
Өз билеген жұртынан
Қыз жаратпай жүр еді.
Имансыз адам дүниеде
Көп күнөні жиыпты,
Кеудесіне мұндардың
Шайтан лағин ұйыпты.
Әділ патша ханымыз,

Назым сұлу қызыңыз
Құлағына ұйыпты.
580 Асық болып байғұстың
Жүрегі жанып-күйіпті.
Сол себептен, тақсыр хан,
Біразырақ тартұрмын.
Келменбет сынды құлыңыз,
Жарлығыңызға ынтық боп,
Бұ бейшара құлыңыз
Қол қусырып тұрыпты.

Бұ көрінген асылды
Қарғыбау үшін алыңыз.
590 Артындағы қалың мал
Есептеп хатқа салыңыз,
Әміріңізше, тақсыр хан,
Біздің бір қолдан алыңыз.
Жөні болса сонан соң,
Назым бір сұлу қызыңды
Мақия ханға беріңіз.

Жұрт билеген Әзімбай
Дүние малға қыз жығып,
Көңлі кетті бұзылып.
600 — Діні басқа демесем,
Құдайдың бұ да пендесі,
Осынша малды алайын,
Назымды бұған берейін.

Бұ сөйлескен кеңесін
Әзімбай ханның кенжесі
Алшора сұлтан есітті.
Қатуланды, қаттанды,
Қаһарланып аттанды,
Арғымағын мінеді,
610 Сақырлатып оқ тартып
Шатырға жетіп келеді.
Қаһарланып Алшора
Ханыңа сөйлес береді:

— Көкірегіңді кенейсің,
Ақылдаспай не дейсің?!
Ортада жалғыз Назымды
Кәпірге неге теңейсің.
Мұсылмандық жоқ болса,
Өз басыңда ерік болса,
620 Бұлайша неге сөйлейсің?!
Сақалың күзеп алайын,
Алжыған берсек, не дейсің?!

— Ол, ол болсын, ол болсын,
Жеке басың қол болсын.
Садаққа салған қырық кез оқ
Кәпірге атсаң мол болсын.
Мұнда келіп түскен құл,
Көңілің сенің өскен құл,
Келменбет, саған жол болсын.

630 Келменбет тұрып сөйледі:
— Қой, қой, бала, қой, бала,
Құрмандығың сой, бала,
Назым бір сынды сұлуды
Мақия ханға бер, бала.
Әгар шынды бермесең,
Он екі мың қол келер,
Сонша әскер мол келер,
Аламын деп сол келер,
Өзінді ұстап алар ол,
640 Жас теріге салар ол.
Сені де бүйтіп қойған соң,
Ардақтаған аруыңды
Назым бір сынды зарлыңды
Тегін де олжа қылар сол.
Ат көтіне мінгізіп,
Зорлықпенен алар сол.

Алшора сынды батырың
Бұл сөзіне күйінді,
Етек-жеңін жиынды.

650 — Кетші әрмен, Келменбет,
Бұ сөзіңе ермеймін,
Айтқаныңа көнбеймін.
Қатты соғыс қылмастан,
Күйеу демен жаным барында,
Кәпірге, тіпті, бермеймін.

Садағына қол салды,
Қозы жауырын оқ алды.
Келменбетке жар болған
Қырық жолдасын көрген соң,

660 Сыбағалы оқтарын
Аямай-ақ береді,
Алшора сынды батырын
Келменбетке таман келеді.
«Бермен келші сен, құл» деп,
Құлағын кесіп алады.

— Қойға келген бөледен
Тоқты мен қошқар садаға,
Басқа келген бөледен
Құлақ-мұрын садаға.

670 Маған жетер атағы,
Мақияға сәлем де:
Оған деген сақтаулы,
Қамбарым бар мақтаулы,
Құдайым өзі жақтаулы.

Келменбет сынды шешенің
Адамдарға таң болып,
Бір пормылы жан болып,
Тұла бойы қан болып,
Қарқ-қарқ күліп жөнелді.

680 Жолындағы дариядан
Жердей басып өтеді,
Қысылғаны сол құрлы.

Кіші бесін болғанда
Мақия ханға жетеді.
Мақия сынды ханыңның

- Алдында тұрып сөйледі-ау,
Сөйлегенде не дейді.
Құлағы жоқ, мұрны жоқ
Келменбетті көрді де,
690 Мақия сөйлей қалады:
— Келменбет сынды шешенім,
Ақылың кеткен есерім,
Барма десем болмадың,
Өз сөзіңді оңдадың,
Құлақ-мұрның көрмедім,
Тонау берген, Келменбет,
Өзімбай ханға бардың ба,
Жібергенім бердің бе?
Оны тағы азсынып,
700 Қырық кісімді бердің бе?
Аузыңнан жеңіліп,
Ұялмастан тағы да
Саңырайып келдің бе?
Мұның бәрі салауат,
Кешу болсын, Келменбет,
Назымжанның, дүния,
Алтын жүзін көрдің бе?
Қуанып көңілің тасыған соң,
Көрімдік үшін Назымға
710 Құлақ-мұрның бердің бе?
Аузыңнан жеңіліп
Шонтай болып келдің бе?
— Алдияр тақсыр, ханымыз,
Ғақылың жоқ ханымыз,
Жолыңызға құрмандық,
Шапса аулақ малымыз,
Құлағым мен мұрнымның
Кегін сонан алыңыз,
Шеру тартып барыңыз,
720 Біле білсең, тақсыр хан,
Бұл өзіңнің арыңыз.

Сонша мезгіл болғанда
Мақия сынды ханыңыз

- Қатуланды, қаттанды,
Әскер тартып аттанды,
Келменбеттің қасына
Мақия патша келеді,
Сондай қатты желеді.
Үлкендіктен пайда жоқ,
730 Аламын деп ойлайды.
Бір Құдайдан болмаса,
Кәпірдің көңлі сондай-ды.
Тәуекел қылмай Назымды
Аламын деп келеді.
Көпініп мұндар барсаң да,
Сазанды Қамбар береді.
Саулап жетіп келеді,
Әзімбай ханның еліне.
Түстік жерге түседі,
740 Шатырларын тігеді.
- Патшаға елші жіберді,
Жібергенде не дейді:
— Кешегі дүние-малымның
Баршасы кетсін салауат,
Келменбеттің қырық жігіт,
Бұлар тағы жоқтаусыз.
Елшіге қылған қорлығың,
Келменбетке қылған зорлығың,
Болсын сізге кектеусіз.
750 Қанша қалың мал керек,
Есептеп бәрін алыңыз.
Бермек болсаң Назымды,
Жауабын жылдам беріңіз.
Бермеймін деп шалқайсаң,
Бүлінеді еліңіз.
Біз елшіні көріңіз,
Жауабын жылдам беріңіз.
- Алақтады, қысылды,
Әзімбай жаман исенді,
760 Мақиядан елші келіп,

Сасып қорқып тұрғанда
Аршахан мен Алшора
Екеуі жетіп келеді,
Әзімбайға сөйледі:
— Алдияр тақсыр, ханымыз,
Сөзіме құлақ салыңыз,
Он екі күн өткенше
Аял сұрап алыңыз.
Жұртыңа хабар салыңыз,
770 Ақылмен айла қылыңыз.

Әзімбай хан түсінді
Бұ жауаптың тегіне.
Құлақ салшы, жамағат,
Елшіге айтқан сөзіне.
— Елші, сіздер қайтыңыз,
Мақия сынды ханыңа
Менен сәлем айтыңыз,
Жұртымды жиып алайын,
Күйеудің келген көп қосшы,
780 Жалғыз шамам келмейді,
Күтіп оны аларға.
Бәтуа болса Назымды
Мереке қылып берейін,
Нәсіп болса Құдайдан,
Күйеудің жүзін көрейін.
Енді сіздер қайтыңыз,
Бұ сөзімді айтыңыз.

Елші қайтып барады,
Естіп білген сөздерін
790 Мақияға айта қалады.
Әзімбай айтқан жауабы
Кәпірге сондай жарлады.
Он [екі] күн кеңдікке
Тоқтап енді қалады.

Елшілер қайтып кеткен соң,
Жылқысына барады,

- Он алты ат ұстап алады.
Сегіз биге мінгізіп,
Қамбарға хабар салады.
800 Тәуекел қылып Құдайға,
Сегіз би кетіп барады.
Құдіретімен Құдайдың,
Анда жүрген Қамбарға
Душарласа қалады.
Сәлем беріп билерің
Амандасып алады.
- Есендік сұрап болған соң,
Сегіз биге сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
810 — Ол, ол болсын, ол болсын,
Жеке де басың қол болсын,
Садаққа салған қырық кез оқ
Кәпірге атсаң мол болсын.
Атың жалы жығыңқы,
Көп шабулар көргендей.
Қабақтарың қатыңқы,
Түн ұйқысын бөлгендей.
Қарның жуан қабақтай,
Балтырың жуан табақтай,
820 Батырлар, сізге жол болсын.
- Батыр да туған ер Қамбар,
Мұңымыз көп, көр, Қамбар.
Әзімбай сынды хан еді,
Ақылға диқан дана еді,
Назым да атты патшаның
Жалғыз қызы бар еді,
Бәтуа болса сізлерге
Беремін деп жүріпті.
Бұ күн болған кебімді,
830 Батыр Қамбар, көр енді.
Кәпір жұрттың патшасы
Мақия деген хан келді,
Он екі мың қол келді,

Аламын деп сол келді.
Сізге келген бір хабар,
Арашалар жол келді.
Мұсылманның баласын
Кіріптар қылмай кәпірге,
Айырып та алар жөн келді.
840 Өз ойымен хандар елшілерге теңепті.
Жәрдем сұрап ханыңыз
Бізді сізге жіберді.

— Мінгенде атым қара кер,
Кімді алмас қара жер.
Кәпірдің қылған қорлыққа
Шыдай алмас бір де ер.
Он екі күн болғанда,
Билер, мені онда көр.
Отыз үйлі обырға,
850 Тоқсан да үйлі тобырға
Азық жиып берейін.
Бұйрық болса Алладан
Ізлеп келген көп қолдың
Әуселесін көрейін.

Жамандық істеп, Қамбардың
Нәпсі көңлін иітіпті.
Атысуға керек деп
Қорғасыннан оқты құйыпты.
Оғын құйып болған соң,
860 Алты күн дамыл көрместен,
Отыз үйлі обырға,
Тоқсан үйлі тобырға
Бір айлық азық жиыпты.
Алты күн атын семіртіп,
Босағасын кеміртіп,
Аттанып ерттеп тұрғанда
Шешесі келіп сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Ол, ол болсын, ол болсын,
870 Жеке де басың қол болсын,

Садағыңа салған қырық кез оқ
Кәпірге атсаң мол болсын.
Алты күн болды, шырағым,
Бұзылып тұрған ойың бар,
Сапар қылар жолың бар,
Жалғызым, саған жол болсын.

- Сонда Қамбар сөйлепті:
— Өзімбай сынды хан еді,
Ақылға диқан жан еді.
- 880 Өзімбай ханның қолында
Болмай кеткен бір асыл,
Жалғыз қызы бар еді.
Кедей деп мені қорламай,
Бермек болып жүр еді.
Он екі мың қол келді,
Екі мың әскер жол келді,
Мақия ханы бастық боп,
Аламын деп сол келді.
- 890 Бұйрық болса келуінің
Лұқсат етсең барайын,
Кіріптар етпей кәпірге,
Айырып алып қалайын,
Түгел майдан салайын.
Иә, Расул Алла, Жаратқан
Есіркесең шыдайын.
Һәрне болған өміріңе
Ыриза болып шыдайын.
Рұқсат қылсаң, шешеке,
Жылдамырақ барайын.
- 900 Сонда апасы зарланды:
— Жалғызым менім Қамбарым,
Бұ сөзіңді аңғардым.
Көре алмасам дүниеде
Күйігіңмен зарландым.
Алтыннан қылған тіректей
Кәуһар қылсам керек-ті.
Күміс қанат үйректей

- Қабыл көрсем керектей.
Арқадағы андыздай,
910 Жұпардағы құндыздай,
Ерте туып, кеш батқан
Өмір зая жұлдыздай.
Өзің берген жалғызды-ай
Аманат қостым, Құдайым,
Туғаннан асыл жиекердім
Дүниесінің жайын билердім,
Өзің берген жалғызды
Аманат қосып жібердім.
Жалғызым өлсе, жаманат,
920 Зарланып қалар жамағат.
Өзің берген жалғызды-ай
Өзіңе қостым аманат.
Масаты кілем жаба алман,
Жалғызым, сенен айырылсам,
Әуара болмай оңалман.
Бір қасқа қаның торсыққа
Құй дағы, жалғыз, жүре бер.
Үйде отырып өлсең де,
Жаныңа қорған бола алман.
- 930 Атына мініп тұрды да:
— Айналайын, шешеке,
Анау молтақ көрінген
Бәйтерекке барғайсың,
Ат басындай түбіне
Алтын тығып қойғанмын,
Алтынды қазып алғайсың,
Обыр менен тобырға
Тамақ қылып бергейсің.
Ғаріптердің, шешеке,
940 Көңілін аулап жүргейсің.
- Қара атына мінеді,
«Иә, Алла» деп жөнелді.
Тобық майы бұлтылдап,
Тұяқтан оты жылтылдап,

- Шақпақ оты шақылдап,
Найзаның ұшы жарқылдап,
Азулары шықырлап,
Ауыздыққа қарысып,
Ұшқан құспен жарысып,
950 Алты қырдан асып тұр,
Кәпірді бейнет басып тұр.
Ұлы бесін болғанда
Ақ өткелге жетіп тұр.
Алтын шатыр тігулі,
Алтыннан көрпе жаюлы,
Бал қымызға құюлы,
Назым апай күтіп тұр.
Ат үстінен Қамбардың
Аузынан сүйіп атыр.
- 960 Мұнараның басында
Түстік жерде Келменбет
Мұның бәрін көріп тұр.
Сонша мезгіл болғанда,
Келменбет шешен біліп тұр.
Кедейден шыққан Қамбардың
Ер екенін көріп тұр.
Сол заманда Келменбет
Өзіне-өзі айтып тұр.
- «Туғанымда анадан,
970 Мұсылман едім мен жастан,
Өзіме серік аз болып,
Мен дінім бұздым өу бастан.
Айналайын Құдайға,
Жолықтырған Қамбарды.
Құлшылық қылып бағайын,
Мұхаммедтің алдына
Иманды болып барайын,
Енді бір хайла ойлайын,
Қамбарымды өлтіртпей,
Бір қасық қанын тілейін.
- 980 Өгар да қанын бермесе,

Мақияны һәлак қылайын.
Кәпірге қызмет қылғанша,
Қаңғырып жүріп өлейін.
Екі де шердің алысқан
Майдандарын көрейін.
Әгар Қамбар жеңілсе,
Мен де артынан өлейін».

990 Құлақ салып қараңыз
Келменбет сынды батырға,
Иманды жанға айып емес,
Дозаққа күйіп жанарға.
Қамбар ханға бар бітер
Қара атын байлап шатырға.
Жаман көзбен қарады
Шалқасынан жатқан кәпірге.
Көзі көзге түскен соң,
Мақия қорқып сөйледі.

1000 — Ноғайлының жас бала,
Арақ ішкен мас бала,
Күшің жеткен кісінің
Жандарына қас бала,
Біз сықылды батырға
Даярлап қойған ас бала,
Он екі күн болғанша,
Нағып келмей жатырсың?
Қорыққаның сонан белгілі,
Неғылған жаман батырсың!
Түсіңнен сенің белгілі,
Қорқып келіп отырсың.
1010 Ашуым менің келіп тұр,
Не жауабын қатасың.

— Олай емес, Мақия хан,
Айыптама мені сен,
Өз сөзіңнен тұтылсаң.
Келе жатқан жолымда
Атым менің аруда.

- Мақия ханды көрген соң,
Көңілім менің жаруда.
Бір Алла деген адамның
1020 Кеудесіне иман даруда.
Сізді іздеп үйден шыққалы
Он екі күн болыпты.
Шыққан күні түс көрдім,
Жібектен баулы құс көрдім.
Үш күнді текке жіберіп,
Тоғыз күннің ішінде
Таң қалғандай іс көрдім.
Жаңғалақ адам тұрады
Ақылынан адасып.
- 1030 Жақсыға айтқан һәр сөзім
Жерде қалмас адасып.
Бір қаршыға қаз іліп,
Жапалақпен екеуі
Жатыр екен таласып.
Бұйрық болса, тақсыр хан,
Дидарын сұлу көресің.
Үш күн ойлап солардың
Өзер бердім төресін.
- Бұйрықпенен, ер Қамбар,
1040 Дидарымды көресің,
Қалай бердің төресін?
— Қаршығаға сөйледім:
Сенің күнде ілгенің қаз еді,
Жапалақ байғұс нашардың
Ілер құсы аз еді.
Бұ себеппен, тақсыр хан,
Жапалаққа әпердім.
— Сөзің дұрыс, ер Қамбар,
Ұялсаң, шығар ащы тер.
- 1050 Алты күн өтіп кетті енді,
Қалған күнді сөйлей бер.
- Мен сөйлесем, тақсыр хан,
Құлақ сал да есіте бер.

- Бүлкілдеген бүйрекке
 Бүлдіршігі шығар көйлекке.
 Қарға жатыр таласып
 Лашын ілген үйрекке.
 — Қаһар қылсам, ер Қамбар,
 Қорлықты менен көрерсің,
 1060 Қалайша бердің төресін?
 — Тәуекел қылып сиындым
 Шыққанымда Аллаға,
 Жолда жатқан бақпадым
 Алтын-күміс олжаға.
 Үш күн ойлап, тақсыр хан,
 Лашындағы үйректі
 Алып бердім қарғаға.
 — Ноғайлының жас Қамбар,
 Жаман көзбен қарайсың.
 1070 Ерік өзіңде бар болса,
 Алла Тағ[Алла] жар болса,
 Нелікке тым-ақ жарайсың.
 Ораза қаза қылсаңыз,
 Жаныңның таптың сауабын.
 Тоғыз күнді өткіздің,
 Үш күннің берші жауабын.
- Сонда Қамбар айтады:
 — Батырлардың ішінде
 Мойнына таққан дуамын.
 1080 Дұшманым қорқып қашқан соң,
 Артынан сондай қуамын.
 Құлақ салып құп тыңда,
 Мен берейін жауабын.
 Олай бар да, бұлай бар,
 Алдыңда қалың ноғай бар.
 Өтірікті айтсаң да,
 Табатұғын Құдай бар.
 Таласқан екен бір байғыз
 Сұңқардың ілген қуына,
 1090 Жасаған Ием жар болар
 Серіксіз туған жалғызға.

- Үш күн ойлап, тақсыр хан,
Сұңқардың қуын әпердім
Нашар туған байғызға.
Батырдан сауға дегенмін,
Не боларсың жегенмен.
Шабыт қылсаң тағы да,
Ілерсің құды дегенмін.
Кәпір ханы Мақия
- 1100 салып төсекті
Надандығың білермін
Күлмесең де сен өзің,
Ұқсатып өзім күлермін.
- Сонда айтады Мақия:
— Жап-жас қана баласың,
Дұшпанның салған бөлесін,
Тәуір көрдім сөзіңді,
Ақырын қара көзіңді,
Қаршыға болып біз тұрмыз,
- 1110 Жапалақ қылдың өзіңді.
Атама Қамбар атыңды,
Он екідегі жасыңда
Лашынға теңедің
Менің мынау басымды.
Қаттырақ-қаттырақ сөйледің,
Сыйламадың жасымды.
Қарға болдың, байғұсым,
Әжептәуір басыңды,
Мен аяймын жасыңды.
- 1120 Аямасам жасыңды,
Алар едім басыңды.
Сені көріп кенелдік
Қу ілген сұңқар біз болып.
Бақытың бар немесің,
Байлана бердің кез болып,
Байғызбын деп сөз болып.
Еркектікті бастайын,
Бұ сөзіңнен аспайын.
Үлкендік қылсам, Қамбарым,

- 1130 Соғысудан қашпайын.
Үндемесең, батырым,
Мен қайтемін бұ қызды,
Бұйрық болса, сен-ақ ал.
Тәуекел қылып қайтамын,
Әзімбай ханға айтамын.
Қамбар деген кедейің
Тілеп алды қызыңды.
Мен тастадым, Әзімбай,
Әуелгі айтқан сөзімді.
- 1140 Енді сүзбен көзімді,
Батыр білдім өзіңді.
- Сонда Қамбар сөйледі:
— Есітпеймін, Мақия,
Бір сенің айтқан сөзіңді,
Ұрамын ба көзіңді.
Хан жарағы бір деген,
Екеу қылып айтпасаң,
Атқа мініп келген соң,
Қас ақсүйек болсаң сен,
- 1150 Соғыспай Қамбармен,
Қатын болып қайтпасаң,
Қорлаған, хан, сөзіңді
Ұмытпа бөлем, Мақия,
Қамбар ояр көзіңді,
Енді есітпен сөзіңді.
- Ашуланып ақырып,
Қамбар атқа мінеді.
Мұны Мақия көреді,
Иттен жаман үреді.
- 1160 Сонша мезгіл болғанда
«Жекпе-жек» деп Қамбар келеді,
Шыдай алмай Мақия хан
Атқа мініп келеді,
Қарсыласып тұрады,
Адырнасын құрады,
Кезектерін сұрады.

Қара қасқа атқа тіл бітті,
Мақия түр көл бетті.
Ат айтады Қамбарға:
1170 — Айтқанына көнгейсің,
Әуелгі ату кезекті
Үшке шейін атуға
Мақия ханға бергейсің.
Кезекті Қамбар береді.
— Атшы, дінсіз кәпір, — деп,
Қарсы қарап тұрады.

Мақия хан со жерде
Садағына қол салып,
Қолын [жаман] мол салып,
1180 Қалмақ ердің қасы деп,
Дәл жүректің басы деп,
Өлер жерің осы деп,
Толғап-толғап ұрады,
Құдайым оған бұрады.
Әуелгі оғын тартқанда,
Айналайын қара ат
Жүресінен жата қалады.
Мақияның тартқан ол оғы
Үстімен кетіп қалады.
1190 Екінші оғын тартқанда,
Бұған шейін қара ат
Тұрымтайдай бұлтылдап,
Нажағайдай жалтылдап,
Өнер қылып қалады.
Үшінші оғын тартқанда,
Бозторғай боп аспанға
Шырылдап қара ат шығады,
Астымен өтіп кетеді.
Төртіншіге келгенде
1200 Қамбарға кезек береді.

Садағына қол салды,
Қолын жаман мол салды,
Қозы жауырын оқ алды.

- Қалмақ ердің қасы деп,
 Қақ жүректің басы деп,
 Керегі саған осы деп,
 Толғап бір толғап ұрады.
 Тартқанына шыдамай
 Қара ат жата қалады.
 1210 Жатқан аттың үстінде
 Батырың айғай салады.
 Мақтанған Мақия ханыңның
 Кеудесі кетіп барады,
 Бөксесі тұрып қалады.
 Мақия хан өліп қалған соң,
 Он екі мың кәпірге
 Қамбар ойын салады.
- Сонша мезгіл болғанда
 Көрген екен Келменбет пен Алшора,
 1220 Алшора кірді бір жақтан,
 Келменбет кірді бір жақтан,
 Кәпірге ойын салып жүр.
 Шашынан ұстап иттердің
 Басын жұлып алып жүр,
 Қамбар сынды батырың
 Қарын қанға малып тұр.
 [Мұ]нараның басында
 Назым да сұлу апаңыз
 Соның бәрін көріп тұр,
 1230 Құдайға шүкір қылып тұр.
 Қаріп пенен қасірге
 Шақыртып алып қасына,
 Қамбар батыр үшін деп,
 Алтын-күміс беріп тұр.
 Он екі мың көп кәпір
 Бәрін қырып салған соң,
 Үсті-басы қан болып,
 Өзімбай ханға барып тұр.
- Өзімбай сынды ханымыз,
 1240 Ақылға диқан данамыз,

Сөзіме құлақ салыңыз.
Он екі мың көпірді,
Мақия хан бастық қып,
Жалғыз өзім мұқаттым.
Мінеки, қалың малыңыз,
Күйеулікке қолқа, біліңіз.
Біз де Құдай құлымыз,
Толды ма екен пұлымыз.
Отыз үйлі обырым,
1250 Қырық үйлі тобырым
Аштан өліп барады.
Бермек болсаң қызыңды,
Жөнелту қамын қылыңыз.

Сонда Өзімбай хан ием,
Ақылы жоқ хан ием
Жөнсіз сөзді сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Кетші өрмен, қу кедей,
Бұ тіліңе ермеймін,
1260 Тіпті сені көрмеймін.
Назым да сынды жалғызым,
Жалаңқия, саған бермеймін.
Отыз үйлі обырың,
Тоқсан үйлі тобырың
Айдарына малы жоқ,
Шайнарына малы жоқ.
Оны күтіп тұрғандай
Назымжанның жайы жоқ.

Сол арада сөйледі
1270 Алшора мен Арша хан:
— Азырақ аял қылыңыз,
Көкжал туған Қамбарым,
Мұның артын аңғарың,
Ақылы жоқ Өзімбай немені
Ыстығының Қамбардың
Үстегінің барымда
Пайғамбардың күйеуі

- Не малы бар сидырның,
 Қызығы бар ма, жігіттер,
 1280 Мәрт болмағаны байлардың.
 Сонда айтады Әзімбай:
 — Айналайын қызым-ай,
 Түспедің ғой парыңа.
 Сынап айтқан сөзіме,
 Қатты айттыңдар көзіме.
 Мен ұйыдым сөзіңе,
 Арша хан, бердім мен саған,
 Не қаласаң өзіңе,
 Қызық көрсет көзіме.
 1290 Бұриза бол сөзіме,
 Отауын көрсет көзіме.

- Сол арада Арша хан
 Қамбарды ертіп алады,
 Отауға таман барады.
 Әзімбайым жарады,
 Түсіп жатқан Қамбарға
 Назым апаң қарады.
 Жиылып тұрған билерге
 Қыз күйеуі жарады.
 1300 Жеңгелері жиылып
 Назыммен бірге барады.
 Амандасып жеңгелер
 Үйлеріне тарады.
 Батыр Қамбар қасында
 Назым апаң қалады.
 Бір-бірінен ғашықтар
 Тілектерін алады.
 Ханның елі жиылып
 Тойын қыла қалады.
 1310

Отыз күн ойын өткізіп,
 Қырық күн тойын өткізіп.
 Мың түйеге жүк артып,
 Жүз түйеге алтын мен ділдә артып,

- Құл-құтанын бірге артып,
Ырғап-жырғап жөнелтті.
Байларға Қамбарды
Назым апаң теңгертті.
Үш күншілік қалғанда
- 1320 Күйеу жөнін қылған боп
Алдында бұрын барыпты.
Жиып берген құланның
Һәр үйінде, жігіттер,
Бір-бір саннан қалыпты.
Кейін қалған Назымың
Үш күннен соң келіпті.
Жылқыдан айғыр сойдырып,
Ұлы тойды қылыпты.
Отыз үйлі обырға,
- 1330 Тоқсан үйлі тобырға
Киіт үшін Қамбарың
Бір түйеден беріпті.
- Аң аулаудан Қамбарың
Өзін сайып алып тұр.
Отыз үйлі обырлар,
Тоқсан үйлі тобырлар
Үй бар жүр-жүр деп
Жылқыны айдап салып тұр,
Қылығына қанып тұр.
- 1340 Өтірік емес, кісілер,
Осы сөзім анық-дүр.
Мейлінше қанып тұр,
Мұны есіткен жақсылар,
Асық болмақ турасын
Ойларынан шығармай,
Көңіліңе салып тұр.
Халің келген сұлулар,
Бозбаланы есіңе алып тұр.
- Оқытқушы жамағат,
1350 Көңілің болса білмекке
Нәсілін Қамбар батырдың,

Жауһар деген тасыңыз —
Барша тастың анасы.
Керей менен Уақтың
Жұға деген жұртыңыз —
Уақтың ноқта ағасы,
Ер Қамбар — соның атасы.
Назым да сұлу апаңыз —
Олардың болған анасы.
Кешегі өткен ер Көкше —
Екеуінің баласы.

Бұл өлеңнің ішінде
Артық сөзі бар болса,
Маған қойма жаласын.
Қашық қылғын, Құдайым,
1366 Шайтан деген бәлесін.

Қисса Қамбар

(Қазан, 1888)

Сөйле десең біздерге,
Не сөйлейін сіздерге.
Көп те сөзім жоқ еді,
Айтпайды бойым кездерге.
Қаратаудың үлкені,
Сөйле десең сөзімді,
Қызыл жібек қырмызы,
Олар да қалар бір күні.
Ақ төстерін аңқытып,
10 Аққу қайтар бір күні.
Қызыл турам дәм болса,
Аямайды қарындас
Қырық күн шілде жаз күні.
Кімнің малы бар болса,
Қызығын көрер аз күні.

Бұрынғы өткен заманда
Ер Қамбар деген бар екен,
Әзімбай деген бай екен,
Солардан қалған сөзімді,
20 Он хан үйлі оят бар,
Қырық сан үйлі қыят бар,
Алпыс үйлі арғын бар,
Жетпіс үйлі жебір бар,
Тоқсан үйлі тобыр бар,
Он сегізде жасы бар,
Жалғыз туған басы бар,
Алалға қара дегенде,
Қара тұлпар аты бар,

- 30 Әуелі Құдай себепші
Соның бәрін асыраған,
Қамбар деген бір ер бар.
- Құлағыңды салыңдар,
Сол уақытта ноғайда
Әзімбай деген бай болған,
Төрт түлікке сай болған.
Ішкендерін сұрасаң,
Шекер менен бал, шай болған.
Байлығы шалқар көл еді,
Көп ноғайдың биі еді.
- 40 Алты ұғлы бар еді,
Бәрі бірдей бәрі еді.
Кіші ұғылын сұрасаң,
Алшыораз мырза дер еді.
- Алты ұғлының ішінде
Хор қызындай пішінді,
Назым атты жалғыз қыз
Алты ұғымен тең еді.
Алтын күйме ішінде
Ақ сұңқар құстай толады.
- 50 Жауған қардан ақ қылды
Қыз Назымның еттерін.
Адам пенде көрмеген
Пердесін ашып беттерін.
Еш пендеге айтпаған
Ғашықтықтың дерттерін.
Баян қылып айтайын
Құдайдың берген көріктерін.
- 60 Табаны жерге жетпеген,
Маңдайы күнге күймеген,
Күймеден басқа нәрсеге
Жорға екен деп мінбеген.
Торқадан басқа киімді
Тон екен деп кимеген.
Шықпаған өзі сайынға,

- Салмаған көзін ойынға.
Назым атты сұлудың
Айтайын енді жайында.
Емін-еркін ер жетті,
Күйеуге бермей күн өтті,
70 Тоты құстай түленді.
- Ат шаптырды Әзімбай
Он екі баулы өзбекке,
Ат кекілін өрмекке.
Жұрт шақырған мәнісі,
Алғыш деген Назымды
Сүйгеніне бермекке.
- Есіткен соң хабарды,
Ноғайға салған шабарды.
Көп те кетіп барады,
80 Алтын тақтың үстінде
Бек те кетіп барады.
Алаңғасар әңгүдік
Текке кетіп барады.
Аз да кетіп барады,
Сақал-мұрты ағарған
Шал да кетіп барады.
Самайынан бит аққан
Таз да кетіп барады.
Сексен қойға ат алып,
90 Он бес қойға мата алып,
Сылдыр моншақ сықаққой,
Жарлы да кетіп барады.
Бай тойына барғалы,
Жетсе Назымды алғалы.
Шара бар ма кедейге,
Қалың борышқа қалғалы.
- Сәскенің кезі болғанда
Ауылда тұрып қыз Назым
Қудай мойнын толғанды,
100 Барайын деп ойланды.

Алтыннан қамыт доғасы,
Қымқап тонды киеді,
Шорай алтын жағасы.
Судалка шілия күмістен,
Божы арқаны күмістен.
Қызметкері тез жеккен,
Жегіп алды қос қара ат,
Киіп алды қос манат.
Киіп алды қос манат,
110 Қос арғымақ арындап,
Алтын арба сарылдап,
Ақарал атты шаһарға
Назым келіп қырындап.

Алтыннан қосқан терезе
Кілтін Назым ашады,
Алтын менен гауһарды
Өзімбайдай әкесі
Көшесіне шашады.
Базарда тазша күбандар,
120 Жаяу жүрген сигандар,
Алтын арба Назымның
Көп жаяуды басады.
Белде-белде, бел асар,
Бектерге садақ жарасар,
Сәскеде келген қыз Назым
Бесінге шейін аралап,
Мырзаларын саралап,
Тал бойына бір қайран
Таппағансиды миясар.

130 Бесіннің кезі болғанда
Қайтайын деп қыз Назым,
Ауылға енді тұрғанда,
Өзімбайдай әкесі
Бір жауапты қылды онда.
— Жиып алдым өзбекті
Ақарал шаһар қалаға.
Көрсін деп оны шақырттым,

- Назым сынды-ай балаға.
Өтіп кетсең күніңнен,
140 Ішің толар ызаға.
Көп өзбекті шақырдым,
Келсін деп өңкей сап қасқа.
Келсін деп, сірә, айтпадым
Бұ түрлі сақал қақбасқа.
Ноғайым жаман болды ма,
Біреуі саған жақпасқа.
Ақылсыз бала тудың ба,
Бір ерді таңдап таппасқа.
Өтіп кетсең күніңнен,
150 Өзің, балам, саспасқа.

- Сонда Назым сөйледі,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Айғыр емес, ат емес,
Құйрық-жалым сүздіріп,
Базарыңа салғандай.
Он екі баулы өзбекті
Сынап келдім, атеке.
Тал бойыма бір қыран,
Таба алмадым жарастық.
160 Жамандарға көз салсақ,
Даңғыл жолдан адастық.
Мұсылман аз, кәпір қау,
Бір күні келер бетпақ жау,
Даңқымыз кеткен әр жерге-ау.
Елде туған бір ер жоқ,
«Жекпе-жек» деп төбеге
Шауып та шығар бір ер жоқ.
Қынабы алтын көк алмас
Тасты кесер жебеге.
170 Нәзір көзім салмаймын,
Еш теңдікке алмаймын
Ақылы жоқ немеге.

Өзімбай сонда бөгелді,
Бұ жауапқа кенелді.

- Ақылды туған қыз Назым
Ауылға таман жөнелді.
Әзімбай асқан ақылды,
Желмаядай бақырды:
— Он екі баулы өзбекте
180 Келмеген тойға кім бар? — деп,
Шақырушыны шақырды.
Шақырушы сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Төрт аяқты бір көрдік,
Қара тұлпар малдарды.
Өңкей тобыр ел көрдік,
Кемпір менен шалдарды.
Шақырғанмен келмес деп,
Әзімбай оған бермес деп,
190 Назымжан оған тимес деп,
Шақырмадым бұ тойға
Он сегіз жасар Қамбарды.

- Ақ сұңқар құстай дабысты,
Дұшпаннан алған намысты.
Қамбар кедей деген соң,
Ел құлағы елу ғой,
Есітті батыр дабысты.
Ит жүгіртіп құс салып,
Жердің ауын тауысты,
200 Бермен қарай ауысты.
Кедейліктің зарпынан
Көңілінде бар арманы,
Қынабы алтын ақ болат
Аш беліне салғаны.
Қыран қара бүркіттей
Тұғырына қонғаны.

- Әзімбайдың еліне,
Шалқып жатқан көліне,
Қамбар қиял ойлайды
210 Бір күні соған [баруды].

[Қара қасқа] тұлпарды
Батыр [ал]ды шалдырып,
Ұйқысын алды қандырып.
Шоқытып ерің жөнелді,
Томаша көрсе ырғытып,
Жабындымен сырғытып,
Ауыздықпен кергітіп,
Жердің ауын үркітіп,
Тау қазындай жаңқылдап,
220 Көшкен құстай сұңқылдап,
Алтын дабыл даңқылдап,
Өзімбайдың аулына
Таянғансиды аңқылдап.
Қара айдар мен кекілді
Қара қасқа тұлпарға
Қамбар салды үкімді.

Көргенім жалған болмаса,
Баяғы айтқан апаңыз
Иыққа ішік жамылып,
230 Беті оттай қабынып,
Айкел тұмар тағынып,
Балалы қаздай байпаңдап,
Дуадақ құстай жайқандап,
Алтын құман қолында
Таң намазға қыз Назым
Дәретке шыққан секілді.

Келбетін көрсең сұлудың,
Түймені көр де, басын көр.
Қаламды көр де, қасын көр,
240 Қарды көр де, етін көр.
Қар үстіне қан тамса,
Қанды көр де, бетін көр.
Толықсыған сұлуды
Көзіменен көрсе де,
Қайрылмастан жөнелді
Он сегіз жасар Қамбар ер.

- Үстіндегі кигені
Бүрмелі торғын көйлек-ті,
Бүлдіршін бытырай бүйректі.
- 250 Бара жатқан Қамбарды
Назым сұлу көздейді,
Шын батырға мезгейді.
Мінген аты Қамбардың
Аласы жоқ қара еді,
Жал-құйрығын тарады.
Жаудан қашқан кісідей
Қамбар кетіп барады.
Аш белдерін қынады,
Ер екенін сынады.
- 260 Назым сұлу қақсады,
Ғашықтық кіріп со сұлу,
Ер Қамбардың артынан
Баруға көңлі ұсады.

- Көңліне енді намысы,
Ақылын сұлу тауысты.
Ер Қамбардың артынан
Шақырып салды дауысты.
— Қара қасқа атты Қамбар-ау,
Қара атында жал бар-ау,
- 270 Біздің үйге түсе кет,
Шай самаурын іше кет.
Қанша мейман түссе де,
Күткендей бізде әл бар-ау.

- Артынан Назым келеді,
Жүгіріп жаяу тез шығып,
Ерке көңлі бұзылып.
Қамбардың қиял бір ойы:
«Сөйлесе кетсем сұлумен
Кетермін деп қызығып».
- 280 Артынан Назым келеді,
Жүгіріп басып емініп.
Ары қалды төгіліп,
Ақ өткелдей өткелден

Өте шықты ер Қамбар,
Үзеңгісі суға көміліп,
Ар жаққа шығып шешінді,
Әрбір сөзі Назымның
Қамбар[ға] айтқан мығым-ды.
Өкпе[сі] аузына тығылды,
290 Шаршап батыр жығылды.

Жерге салды тешкіні,
Қамбарға қылды өкпені.
Қарамастай өзіме,
Не болды менің жүзіме.
Ақ бетіме салды ма,
Жаппар бүгін секпілді.
Көшсе көшті бір майда,
Қомы сиған түйелі.
Көк шалғынға қонады
300 Саумалы бар биелі.
Қарамастай өзіме,
Не болды менің жүзіме?!
Ақ бетіме салды ма
Бес бармақтап күйені.
Ақ жүзім менің оңды ма,
Кедейдің соры болды ма,
Айнамды алып көрейін,
Опа, еңілік жағайын.
Алты құлаш ақ өрмек
310 Нақ жолына құрайын.
Сөйлесең бөске тұрайын,
Қайрылып енді келмесе,
Кедейдің сорын ұрайын».

Сары алтыннан бар еді
Жүзін көрер пердесі.
Алты бірдей бар еді
Қыз Назымның жеңгесі.
Пердесін қолға алады,
Пердеге жүзін салады,
320 Өз жүзіне қыз Назым

Талып түсіп қалады.
Жеңгесіне иіртті
Алты ұршық ақ жібек.
Жеңгесіне жүгіртті,
Өзі құрды өрмекті.
Қамбардың жүзін көрмекке,
Далаға шықты көрнекке.

- 330 Белсенсе білек көрінер
Сырдың құба талындай.
Торғын балтыр көрінер
Ақ киіктің таңындай.
Қасы қара көрінер
Құралайдың теңіндей.
Екі емшегі көрінер
Сау қайыңның безіндей.
Ғашықтықтың зарпынан
Тоқиды өрмек ерінбей.
Қара қасқа тұлпардың
Маңдайында ағы бар.
- 340 Келетұғын Қамбардың
Кешкі мезгіл шағы бар.
Бір жағында бес құлан,
Бір жағында бес құлан,
Теңдеп алған аңы бар.
Құдайдың берген Қамбарға
Атадан артық бағы бар.
Қызыл алтай бір түлкі,
Тымақтығы ердің тағы бар.
- 350 Сипай-сипай қамшылап,
Жаңбырдай тері тамшылап,
Он құланменен шоқытып
Келе жатыр жануар.

Назым қақты өрмекті,
Ғашық болып отырған
Қамбардың жүзін көрмекке.
Көк алмасын суырып,
Заманасын қуырып,

- Ат үстінен өрмекті
Кейіп шауып сермепті.
- 360 Балалы арқар баурайды,
Баласыз арқар зарлайды.
Алты құлаш ақ өрмек,
Алты жерден қыз Назым
Ашуланып турайды.
Дерті қатты сайыр еді,
Данышпан өзі ақылды,
Өткізбен деп қапылды.
Артынан жаяу жүгіріп,
Қамбарды Назым шақырды.
- 370 — Қара қасқа атты Қамбар-ау,
Қара атыңда жал бар-ау,
Қараның ханы елдер-ау,
Айтпасам да білмейсің,
Ашпасам да көрмейсің,
Дәнемені көрмеген,
Жалаңбұт өскен заңғар-ау.
Алды-артыңа қарасам,
Кедейің қалың сор бар-ау.
Өздерің барсаң оқисың
- 380 Бес намаздың қазасын.
Көрген жерден таныдым
Сүйегіңнің тазасын.
Айалың жаман дейтұғын
Есітсеңіз назасын.
Саған ғашық болғаным,
Кәпірдің берер деп едім
Жалғыз-ақ өзің жазасын.
- Сонда Қамбар сөйледі,
Сөйлегенде бүй дейді:
- 390 — Сен жеріңді жек, — дейді,
Ноғайдың бөрі бек, — дейді.
Өзімбайдай өкеңнен
Көп тобырым қаңғырып,
Барып тамақ жеп пе еді.

Алыста жатып есіттім,
Өзімді кедей деген соң,
Сүйегіме менің өтті енді.
Бір тілегім Құдайдан,
Көпір алса олжаға,
400 Мінгізіп салса арбаға,
Артық туған қыз Назым
Алсам сонда тек, — дейді.

Сонда Назым сөйлейді,
Сөйлегенде бүй деді:
— Ақ өткелдің ар жағы
Жайма біткен қызыл тас.
Он сегізде Қамбар жас,
Шақырсам да қайрылмай,
Көңілімді қылдың мұнша пәс.
410 Алты ұғылдың ішінде
Мен бір туған қалам қас.
Көп тобырда сен едің
Тасты кескен бір алмас.
Аламын деп бір күні
Жиылып келер көпір нас.
Өзімді айал демесең,
Жауабымды күтерсің,
Меніменен ақыл қос.

Қамбар тартып жөнелді
420 Қара қасқа тұлпарын.
Көп сөйлесіп Назымның
Тарқатпады іңкөрін.
Ауылға қайтқан секілді
Құртып бүгін дімкөрін.

Сөйлескенін көрген соң,
Ғашықтығын білген соң,
Ауылда тұрып көріпті
Өзімбайдың баласы,
Қыз Назымның ағасы,

- Қызғанып айтқан сөзіне
430 Антұрғанның қарашы.
- Артықша туған Алшыораз,
Сүйегің болған шын Қораз,
Қарай қойшы кедейге,
Назымжанға не дейді.
Кедей ханы Қамбарды
Алып келші өзіме,
Бір көрсетші көзіме,
Басын баудай кесейін,
Қанын судай ішейін,
440 Құнын өзім өтейін.

- Сонда Алшыораз сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Мінгенде атың көк, — деді,
Айтуға аузым епті еді.
Назым сүйсе Қамбарды,
Шақырып алып берелік,
Мал алмастан тек, — деді.
Ай, ағалар, ағалар,
Ер қолынан мал тайса,
450 Өзен-суды жағалар.
Бектер мінер бедеу ат
Темірменен тағалар.
Кәпірден қысым келгенде,
Көп ноғайдың баласы
Сондай бір ерді сағалар.

- Мінгенде атың көк пе еді,
Айтарға аузың еп пе еді.
Жалғыз атты кедейге
Назымжанды беруге,
460 Өз бойыңа еп пе еді.
Мінгенде атың ала-ды,
Алаға тоқым салады.
Сөздерден сөз ушығып

Алшыоразбенен екеуі
Бақандасып қалады.

- Сонда Назым көксейді
Он сегіз жасар Қамбарды,
Бірге туған жандардай.
Сол күндегі көпірде
- 470 Мақтым хан деген хан бар-ды.
Ерлер атын суарар
Лайы жоқ бұлаққа,
Ат шаба алмас құмлаққа.
Әзімбайдың Назым қыз
Бар дегені бір күні
Көпірдің ханы Мақтымхан,
Түскен екен құлаққа.
Көпірдің ісі ақымды,
Патшалары ақылды,
- 480 Падишаның бар екен
Кедей ұлы Келмембет дейтін
Түбі шалақазақ шоқынды.
Патша алдына шақырды,
— Көп өзбекке бар, — дейді,
Әзімбайдың Назым қыз
Бізге лайық жар, — дейді.
Әзімбай берсін сол қызын,
Құлағына сал, — дейді.
- 490 Хан жарлығын қайтармай,
Падиша екі айтар ма-ай.
Тоғыз орыс қасында,
Жез телпегі басында,
Сырнайлары бапылдап,
Дулығасы жарқылдап,
Келе жатыр Келмембет
Ойынын ойнап шайтандай.
Ат құлағын теңлесті,
Көпірлер құрды кеңесті.
Әзімбайдың аулына
- 500 Келіп қылды сөйлесті.

Кәпірдің кең қаласы
Жауаптың болды таласы.
Үйден шығып сөйлесті
Өзімбайдың ұлының
Бір ортаншы баласы,
Жауабын соның қарашы.

- Ол, ол болсын, ол болсын,
Жеке де басың қол болсын,
Түн ұйқысын бөлгендей,
510 Қабақтарың қатыңқы,
Түнше бұлт көргендей,
Атыңның жалы жатыңқы.
Қара да шекпен қынамал
Шаппалы мылтық нұсқалы,
Атылмай оғы тұрар.
Атыңды махкам түзейсің,
Кәпірлерге ұқсайсың,
Сұраймын, — деді, — жол болсын.

- Сонда тұрып Келмембет:
520 — Және бір сөзім және бар,
Жантақты жерде сона бар,
Өзімбайдың Назым қыз[ын]
Қалап келген бала бар.
Арғымақ ат бізде бар,
Алтын жабдық сізде бар,
Жаптыртқалы келгенмін.
Патшаның айтқан жауабын
Жақтыртқалы келгенмін.
Қыз Назымды бермесең,
530 Патшаны қабыл көрмесең,
Он екі баулы өзбегім,
Шаптыртқалы келгенмін.
Алмас пышақ бізде бар,
Піскен қауын сізде бар,
Тілдіргелі келгенмін.
Көк қаршыға бізде бар,
Қоңыр үйрек сізде бар,

Ілдіргелі келгенмін.
Патшамның айтқан жауабын
540 Білдіргелі келгенмін.
Қыз Назымды бермесең,
Патшаны қабыл көрмесең,
Он екі баулы өзбегім,
Бүлдіргелі келгенмін.

Аузы кетпей тілектен,
Қылышы түспей білектен,
Со сөздерін айтқан соң,
Үйде отырған Алшыораз
Өтті сөзі сүйектен.
550 Сөз сүйектен өткен соң,
Ерліктің түсті салтына,
Ақылдаспай халқына,
Ер қаруы — бес қару
Таңдап алып Алшыораз,
Мініп алған секілді
Қозы күрең атына.
«Япырым-ай!» деп ақырып,
Бақырып өңкей көпірді
Алдына салып айдады.
560 Өлтірді көпір тоғызды,
Өлтіріпті доңызды.
Кедей ұғлы Келмембет
Өлтіруге ерінді,
Құлға қылды көрімді.
Құлағын кесіп құнтитқан,
Мұрнын кесіп мұнтитқан,
Ернін кесіп жымпитқан,
Құйрық-жалын күзеген,
Байталдай сымпитқан.
570 Тоғызын онның өлтіріп,
Кедей ұғлы Келмембет
Мақтымханға жіберген.

Әлқисса, хан Келмембетті бір жаушы жібергенде: «Зады түлкі боп келдің бе, яки бөрі болып келдің бе?» — дер екен, ол-

жалы болса, «түлкі болдым», олжасыз болса, «бөрі болдым» дейді екен; бұ мұбада әм бопты;

— Түлкің де құрсын, бөрің де құрсын, құлақ-мұрнымнан айрылып, күлкі болып келдім, — деді.

— Оның үшін бір тоғыз қатын буаз шығар, жиырма кісіменен бар, — деп жіберді. Оны да әм ғаріп Келмембетті және патшаға жіберді.

— Оның үшін жиырма қатын [буаз шығар], жүз кісіменен бар, — деп жіберді. Оны да әм қырайын деп еді, ноғайдың би, жақсылары қырдырмай: — Қой, көпірлер көп, біз азбыз, бір қызға бола қонысымыздан айырып, көп жылағанша, бір қыз жыласын, — деп құда түсіріп, той қылмақшы болып, Келмембетті құда түсіріп қайырды.

Қалы кілем қара нар,
Тай тұяқ жамбы және бар.
Дабылдарын бөктеріп,
Сауыттарын төңкеріп,
Аузы түкті көпірге
Көп ноғай сүйтіп жаранар.
Мінгізді бедеу міністі,
580 Кигізді қымқап киітті.
Бермесек деп бір қызды,
Үзіп жаннан үмітті.

Берді Назымды деген соң,
Мақтымхан сонда қуанды.
Қуанғанның белгісі,
Қымқап тонға симады.
Көп көпірді жинады,
Аламын деп мақтанды.
Күн бұрыннан сақтанды,
590 Сақтанғанның белгісі,
Он мың ләшкер аттанды.
Үш мың алпыс топ алып,
Зеңбірекке оқ салып,
Жөнелді көпір көп ләшкер.
Жүрген жолын тазартып,
Көпірлер келіп орнады

- Ақаралдай шаһар қалаға,
Жайылды аты далаға,
Шапқынды салды салаға.
600 Қолқа сала келіпті
Назым сынды балаға.
- Мақтымхан қылды хандықты,
Өзбектің көңілі тауышты.
Әзімбайдың Назым қыз
Көремін деп бір күні
Кәпірдің ханы Мақтымхан
Қылған екен жарлықты.
Алтынды отау ішінде
Күйеу қылып Мақтымды,
610 Қорыққанынан сақтапты.
Жалғыз адам Назымға
Сөз айтуға батпапты.
- Ақылменен білді де,
Түрлі киім киді де,
Күймесінен түседі.
Құданың салған әр ісін
Ақылменен күтеді.
Зер жапасы басында,
Алты жеңгесі қасында,
620 Ақылды туған қыз Назым
Аузы түкті көпірге
Келе жатыр осында.
- Торғынды жібек бөз болды,
Күміс түйме жез болды.
Ақылды туған қыз Назым,
Аузы түкті көпірге
Нақ сәскеде кез болды.
- Сұлулары көрген соң
Шыдамай сабыр-қарары,
630 Кезек түсті жанары,
Ұстайын деп ұмтылды

Қыз Назымның білегін.
Алдауменен патшадан
Тілеп алды тілегін.

- Фадалетті Мақтымхан,
Алдыңа келді жалғыз жан.
Құдай бір де, заң басқа,
Бұйрық болса Құдайдан,
Құтылмаспыз ауынан.
- 640 Келуші еді өуелі,
Күйеу үйден, қыз тыстан,
Ұстаушы еді білектен.
Ұзағынан тілесе,
Берермін деген тілектің.
Сексен күндей ой қылып,
Сексен күндей той қылып,
Үш сексен күн дегенде
Қыз, жігітті жатқызып,
Бұйрықтайын татқызып,
- 650 Алтын-күміс артқызып,
Ұзатушы еді атамыз,
Бұрынғы-соңғы жол қылып.

- Бұл сөзіне нанғаны,
Ақылменен алдады,
Тыста тұрған жеңгеге
Жүгіріп Назым барғаны.
Назым қолын қимады,
Бір жеңгесі жабықтан
Кәпірге берді білегін.
- 660 Алдауменен патшадан
Тілеп алды тілегін.
Алтынды ішік саудырап,
Қайтадан барып тауыпты
Алтын күйме түнегін.

Бір күндері көп ноғай
Бөрі жүріп кеңесті,
Кеңескенде не дейді:

- Береміз, — деді, — Назымды,
 Ұшырды көлден қазымды.
- 670 Асырап жатқан тобырды,
 О да бір туған пері еді,
 Ғали[дан] соңғы ер еді,
 Батыр еді айтулы,
 Шарайна белдік тартулы,
 Кәпірге қиған Назымды
 Қамбарға қимай бола ма.
 Ат-айғырдан мың жылқы
 Іріктеп шығып өңкей би,
 Алып жүрді тартуды.
- 680 Кәпірден ноғай қорықты,
 Күн-түн қатып жүр деді,
 Мінген аты зорықты.
 Ит жүгіртіп құс салып,
 Батыр Қамбар жүргенде,
 Өңкей билер жолықты.
 Сонда Қамбар сұрайды,
 Бір ақылды ойлады.
 — Ассаламағалейкүм,
 Артықша туған ерлерім,
- 690 Қайғылы болып тұрды ма
 Қатын-бала, елдерің.
 Толықты ма миларың
 Кәпірден қысым көргендей
 Түстеріңіз қатыңқы,
 Жолыңыз болсын, билерім.
- Сонда билер сөйледі:
 — Жақсы айтасың, Қамбаржан,
 Үміт үздік бұл күнде
 Төрт түлік жиған малдардан.
- 700 Уайым-қайғы көп болды
 Кемпір менен шалдардан.
 Сізді іздеп келеміз,
 Біз қорлықпен өлмейміз
 Кәпірдің хакім хандардан.

- Сонда Қамбар сөйледі,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Өу басында, билерім,
Бәріңіз бірдей бек, — дейді.
Өзімбайдай байыңнан
- 710 Көп тобырым қаңғырып,
Барып тамақ жеп пе еді.
Алыста жатып есіттім,
Өзімді кедей деген сөз
Сүйегіме менің өгті енді.
Бір тілегім Құдайдан,
Кәпір алса олжаға,
Мінгізіп салса арбаға.
Артық туған Назымды,
Алсам сонда тек, — дейді.
- 720 Сонда билер бастады:
— Алғалы жатыр Назымды
Мақтымхандай ханыңыз,
Ішке толған зарымыз.
Тартып алып кетсе де,
О да сіздің арыңыз.
Тәуекел деп барыңыз,
Алла оңғарса, қыз Назым
Болмай да қалмас жарыңыз.
- Сонда Қамбар сөйледі:
- 730 — Ит жүгіртіп құс салған
Өлмеске қылған амал-ды,
Асырап жатқан тобырым
Өңкей ғаріп жаман-ды.
Желігіп жауға мен кетсем,
Айналып келмей тозар ел.
Мынау шолақ заманда
Бәріңіз бірдей араға
Жаудан бізге садаға.
Қайтарыпты билерін,
- 740 Жеті күн беріп уағда.

Әлқисса, күндерде бір күн Мақтымхан ноғайдың билеріне ұрысты: — Менің падишаһ, әм күйеу болғаным қалай, сіздердің ойын, қызық сауық қылмағандарыңыз қалай. Сонда билер: — Рәмсі тақсыр, біздің елде сіздің алдыңызда лайықты ойын ойнау[ға] кісіміз жоқ. Егер мына жақта көп тобырды асырап жатқан Қамбар кедей деген бір бала бар еді, бірақ ол келе алмайды. Сіз марқаматшылық қылып алдырсаңыз екен, — деген соң, патша Келмембетті жіберді, екі қоржын басы діллә беріп: «бар, келсін, мынаны ғаріштері қорек қылсын, өзі келіп алдыма ойын қылсын» деп.

Ділләні артып молықты,
Күн-түн қатып жүрді де,
Мінген аты зорықты.
Ит жүгіртіп құс салып,
Батыр Қамбар жүргенде
Келмембет келіп жолықты.

— Қай ісіне көнбейміз,
Қаһар қылса құдірет.
750 Құдайдың берген қайратын,
Аясам жаудан бір манат.
Есіткенім бар еді,
Көргенім сені жоқ еді,
Жолыңыз болсын, Келмембет.

Келмембет сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:

— Біздің падишаһ ақылды,
Сені Қамбар шақырды.
Қылсын деді ойынды,
760 Құйсын деді шайымды,
Менмендігі болмасын
Ер Қамбардың ойында.
Үлестіріп діллә берейін
Өңкей тобыр жандарға.
— Ит жүгіртіп құс салмасам,
Көп тобырым ... Қамбарға ...
Барамын деп хандарға
Тоғыз күн берді уағда.

- 770 Ділләні алып со жерде,
Тобырдың көңілі бітеді.
Қара қасқа тұлпарды
Қамбар ерің күтеді.
Жүні бұла өссін деп,
Алтынды ер жаптырды,
Көзі гауһар өссін деп,
Төрт шамшырақ жақтырды.
Аяғын арқан қияр деп,
Жібектен маймырт тақтырды.
Ащы тері шықсын деп,
Таң асырып шаптырды.
- 780 Жолдасына сенбей-ақ,
Шешесіне бақтырды.

- Етек-жеңін қағынды,
Кәпірлерге баруға
Батыр Қамбар сағынды.
Қанжығам құтты болсын деп,
Байлады батыр дабылды.
Ердің ісі салмақты,
Кім өлмейді, таусылса,
Қаза жетіп, талқаны,
- 790 Сырт жағына бір салды
Алтыннан торы қалқанды,
Арпа, бидай сықылды.
Кәпірлерге баруға
Батыр Қамбар ынтықты.
Алты көш жерден демеген,
Күндік жерден көздеген,
Мойнына салды бір қару,
Түзу қара мылтықты.
— Ата алмасам, маған серт,
- 800 Атқаныма шыдамай,
Дүміңнен кетсең маған серт.

Жеркелі жұмысты
Көрсеткелі тауысты.
Соғарына кегенде

Сом балғаны тауысқан,
Суарарға кегенде,
Көлдің суын тауысқан,
Беліне ілді бір қару,
Балдағы алтын қылышты.

- 810 Кәпірге қылар хайланы,
Көрер ерлік пиданы,
Құдайдың тисе қайраны,
Шаншып алған секілді,
Болаттан құйған найзаны.
— Шанша алмасам, маған серт.
Шанышқаным шыдамай,
Оңқыңнан кетсең саған серт.

- Қыздар тігер қос қалта,
Ішке жағар ақ малта.
820 Аш беліне қыстырды
Болаттан соққан айбалта.
— Шаба алмасам маған серт,
Шапқаным шыдамай,
Оңқыңнан кетсең саған серт.

- Ойлайды батыр талапты,
Тойғызды кедей тамақты.
Шіреніп тартса сынбаған,
Шыққан оғы қайрылмаған,
Ер басына қыстырды
830 Аузы қайқаң садақты.

— Қарсы алдынан қар жауса,
Ақша бетке сабалар.
Жамандарға сөз айтсаң,
Есектейін шамалар.
Жақсы аттан жығылса,
Жаман адам табалар.
Қаз[ан]атлыққа барамын,
Кәпірге ойран саламын.

- 840 Тілеулес болып тұрың[ыз],
Бізді тапқан апалар.
- Сонда апасы сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Барсаң, Қамбар, көрерсің
Ақаралдың шаһар қаласын.
Өлтірерсің кәпірдің
Қисабы жоқ немесін.
Қызыл қанды кешесің,
Майданға кіріп кеткенде,
Есіңе алмай кетесің
- 850 Өзінің тапқан шешесін.
Хақ Жаппар-ау, Жаппар Хақ,
Падиша құрар алтын тақ,
Сақтаушы болсын жалғыз Хақ.
Атқышыл менің мергенім,
Шүлеңкерім, зергерім,
Көзімді ашып көргенім,
Көп тобырдың, қанеки,
Жолдас болып ергенің.
Алла, саған аманат,
- 860 Бір тапсырып бергенім.
- Екіталай іс болса,
Ердің ісі жөн келер,
Қаса батыр майданда
Диірмендей дөңгелер.
Иіліп сәлем қылысқан,
Ибаменен тұрысқан,
Тәңірім мені сақтасын
Осы барған орыстан,
Тілеулес болып тұрыңыз,
- 870 Ақ жаулықты жеңгелер.
Күндіз жүрсем құрдасым,
Түнде жүрсем мұңдасым.
Бір төсекте сырласым,
Ақылы түгел мұңдасым,
Халқым үшін барады

Кәпірлерге бір басым.
Қынабынан лықсиды
Тасты кесер алмасым.
Түңілмегей кәпірден
880 Бұ сапарда арымыз.
Дұшпандардан именбес
Көңілде қайрат барымыз.
Тілеулес болып тұрың [ыз],
Алпыс рулы ар[ғ]ында
Кемпір менен шалымыз.

Қара қасқа тұлпарға
Бестен жүген жүгендеп,
Бұраңғымен белдіктеп,
Шұғаменен терліктеп,
890 Жұптап айыл салады.
Тәулеп қамшы алады,
Күн жетпеген бауырдан,
Жел жетпеген сауырдан,
Орай бұттан салады.
Ақ білектің зарпынан
Тау жаңғырып қалады.
Сай суындай сарылдап,
Манат тоны дарылдап,
900 Шапқан сайын батырың,
Алты қырдан артылып,
Жер бауыры тартылып,
Ауыздықпен қарысып,
Үшқан құспен жарысып,
Көбігі түсіп сауырдан,
Тер тамшылап бауырдан,
Үстіндегі ер Қамбар
Әруақ қысып барады.

Қара қасқа тұлпардың
Есіткен соң дүбірін,
910 Назым тосып түр екен
Ер Қамбардың алдынан
Тоты құстай түрленген.

- Қамбарға айтып бір сөзді
Сұлу Назым жаранған.
— Кәпірлер келіп орнады
Ақаралдай шаһар қалаға.
Үкім қылып келіп тұр
Біздей ғаріп балаға.
Аш белімді қынадым,
920 Баяғыда көргенде
Ер екенің сынадым.
Тұра ма сені деп едім
Мұсылман мен кәпірдің
Жекпе-жек деп араға,
Көп кешігіп келместей,
Ішім толды сәнаға.
Кәпір барып топ аттың,
Келмеді деп ер Қамбар,
Көп өзбекке жоқтаттың.
- 930 Келеді деп өзіңді,
Қалай келмес деп едім.
Тарыққандай кезімде
Ақылым қалай, ер Қамбар,
Кәпірдің ханы Мақтымды
Үш сексен күн тоқтаттым.
- Сонда Қамбар сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Қара қасқа тұлпарым
Қызғаннан соң тұрмады,
940 Оқ жыландай зырлады.
Қыз Назымға сөйлеген
Ер Қамбардың жауабы:
— Қара қасқа тұлпарым
Қазған ордан секірді.
Келмеді деп көп ноғай,
Бекер маған өкінді.
Мен ғаріп бір баламын,
Бір сапарға барамын.
Жол үстінде айалмен
950 Сөйлесем болар кесір-ді.

Алла өзі дем берді,
 Ерлердің ісін жөн көрді.
 Жетіп келді ләшкерге
 Ақ таяқ екен патшайың
 Келмембетке кез келді.

Сонда Келмембет айтады: — Әй, Қамбар, падишаң саған қатты қаһары келіп өлтірем деп отыр, мұсылманнан шыққан бір ер едің, мен сені патшадан тілеп алайын, — деді. Сонда Қамбар айтты: — Мені сен тілеп алма, құдіретің жете ме? — деді. Сонда Келмембет айтты: — Мен патшаға ақ таяқ уәзір болғалы ешбір жұмысым түскен жоқ, мәкар түскен жұмысым осы.

— Ендеше, тіле, — деп жіберді.

Келмембет кірді ханына,
 Сұрайын деп Қамбардың
 Ара түсіп жанына.
 — Алдияр бас хандарым,
 960 Жаңа келді Қамбарың.
 Мұнан бұрын бар ма еді
 Тілеп сенен алғаным.
 Бір тілей келдім Қамбардың
 Көкіректе шыбын жандарын.
 Бере алмасаң бір тілек,
 Төгілді менің арларым.

Сонда Мақтым сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Базардан келген ақ ирек,
 970 Ерлердің аты без бүйрек.
 Әкелсең еді Қамбардың
 Жағасынан сен сүйреп.
 Немене деп отырсың,
 Бес байталға алған бедірек.
 Көп сөйлемей шық, — деді,
 Шығып кетші тезірек.

Келмембет тұрып жөнелді,
 Есікке барып қайтадан,

- Патшаға жауап береді:
- 980 — Хан емессің, қабансың,
Тамам жаннан жамансың.
Хан емессің, қасқырсың,
Қаса албасты басқырсың.
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның келіп басқа ұрсын.
Хан емессің, қабансың,
Тамам жаннан жамансың.
Қамбар сені өлтіріп,
Кемеліне келтіріп,
- 990 Сүйегіңді қасқыр кемірсін,
Майыңа қарсақ семірсін.

- Келмембет шықты сілкініп,
Тұра алмады ер Қамбар,
Өзі тоқтап іркініп.
Бір кісідей көрмеді
Он мың ләшкер, көп шерді.
Ақ сауыттан шығарды
Қарыс сүйем түктерді.
Ер нұсқасын көрген соң
- 1000 Батырларға мегзейді.
Келмембетке атын ұстатып,
Мақтымға Қамбар кез келді.
Кіріп үйге келгенде,
Айбатына шыдамай,
Мақтым қорқып селк етті,
Тұра келіп көрісті.
Қайта отырып тағына
Не кеп сөзін көрісті.
— Енді, Қамбар, сенбісің,
- 1010 Алдияр тақсыр біз, — депті.

Әлқисса, Қамбарға айтты: — Мен Келмембетті жібергенде тоғыз күн уағда берген екенсің. Тоғыз күн өтіп он күн болды, өлмеймін деп келдің бе, өлесің, — деді. Сонда Қамбар айтты: — Рас, тақсыр, ажалым болса, өлермін мен, ажалым болмаса, не үшін өлемін, — деді. Үйден шығып келе жатқанымда бір қарғай

қара тазы қызыл алтай түлкіні алды, оған келіп бір қара төбет зорлық қылды, таласып жатыр екен, маған келіп жүгінді. «Тазы, сенің күнде алғаның түлкі, бір жолы қара төбетке байла», — деп төре бердім, үш күн айландым. Және онан келе жатқанымда бір ақ сұңқар құды алып жатыр екен, онан бір құладын таласып жатыр екен, маған жүгінді, үш күн ойлап төре бердім. «Сұңқар, сенің күнде алғаның қу, бір жолы құладынға байла», — деп төре бердім. Онан шығып келе жатқанымда бір лашын кептерді іліп жатыр екен, келіп бір қарға таласып жатыр екен, келіп маған жүгінді. Үш күн ойлап төре бердім: «Лашын, сенің күнде алатын кептерің ғой, бір жолы қара қарғаға байла», — деп төре бердім. Тоғыз күн болды, оныншы күн болып тұрғаны, — деді.

Сонда Мақтым сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Қара тазы сен, — дейді,
 Ақтөс тазы мен, — дейді,
 Таласқаның қыз, — дейді,
 Он мың ләшкер балуанға
 Бола алмассың тең, — дейді.
 Ақ сұңқар құс мен, — дейді,
 Ителгі құс сен, — дейді,
 1020 Таласқаның қыз, — дейді,
 Он мың ләшкер балуанға
 Бола алмассың тең, — дейді.
 Лашын құс мен, — дейді,
 Қара қарға сен, — дейді,
 Сен қарғадай қарқылдап,
 Суырып алар семсерін,
 Өңкей ерлер жарқылдап.

Сонда Қамбар сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 1030 — Бір атпадың, екі аттың,
 Екі атпадың, үш аттың,
 Үш атпадың, төрт аттың,
 Аш белімнен кесе аттың.
 Бір атқаныңды айтайын,
 Келмембетті жібердің,

- Назымнан үзбей күдерді.
Қылсын депсің ойынды,
Қойсын депсің шайымды.
[Екі] атқаныңды айтайын,
1040 Қара төбет мен болдым,
Ақтөс тазы сен болдың,
Қайткенде сенен кем болдым.
Үш атқаныңды айтайын,
Ақ сұңқар құс сен болдың,
Құладың құс мен болдым,
Қайткенде сенен кем болдым.
Төрт атқаныңды айтайын,
Лашын құс сен болдың,
Қара қарға мен болдым,
1050 Қайткенде сенен кем болдым.
Құзғын менен қарғаға
Құдай қуат бергенде,
Ит көпірім, жем болдың.
- Батыр Қамбар қызады,
Ердің түгі шығады.
Сыртыменен сүйретіп,
Үй жапсарын бұзады.
Патшаның аты қара көк,
Өлерсің, көпір, тектен-тек.
1060 Айқай салды «жекпе-жек»,
Ұрыспаққа ойланып,
Мақтымханмен сайланып,
Көпірге берді бір кезек.
Көк садақты қолға алып,
Қамбарға қарап көздейді.
Сол уақытта Қамбардың
Бөтуажә деген бабасы
Көпірдің оғын қаңғыртып,
Тигізбестен демепті.
1070 Қамбар алды садақты,
Тартайын деп қол оқты.
Сыртынан шықты атқан оқ
Жай отындай жайнады,

Семіздігі сонша екен,
Төбенің басын майлады.

- Оны көріп қыз Назым,
Жүгіріп жайып құшағын,
Қолына алып келеді
Алмас бұйда пышағын.
1080 Оны көріп қыз Назым,
Мойнынан жазған секілді
Бұрынғы салған бұршағын.

- Қарағай найза патырлап,
Мылтық оғы шатырлап,
Аракет пенен зеңбірек
Тұс-тұсынан атыпты.
Атқызды сонда аракет,
Кәпірге болды бөлекет.
Атқан оғы тимей-ақ,
1090 Қырылып кәпір күйреді.
Атқан оғы жұлдыздай,
Қайтерін білмей кәпір ит,
Жеті жүз салдат
Ақ байқақ шығарды.
Жаяу оны айдап,
Біреулерін жанышқылап,
Біреулерін шапқылап,
Қырып шықты бұшайлап.
Кәпірлер қашып жойылды,
1100 Қызыл қаны шашылды.

Атқа мініп Алшыораз,
Келмембетпенен екеуі
Ер Қамбарға қосылды.
Үшеуі болып қосқан соң,
Ләшкер қатты даңғырап,
Алтын арба салдырап,
Алдына шығып қайырды,
Дұшпанның көңілін майырды.
Ұстап алып өлтірді

- 1110 Жанарал, кіназ, майырды.
Ерлер алды намысты,
Айғайлап салды дауысты.
Ғали мінген Дүлдүлдей,
Тұлпарменен шабысты.
Үш күн, үш түн ұрысып,
Бірін қоймай тауысты.
Көрсетті ерлер жазаны,
Байтақ жатқан даланы,
Сол бетімен қырғындап,
- 1120 Шауып қайтқан секілді
Семей деген қаланы.
Белесте ерлер салпылдап,
Дұшпандарын алқымдап,
Сол бетімен қызғанып,
Семей деген қаланы
Шауып қайтты жартылап,
Кәпірге қан құстырып,
Бір-біріне біреуін қостырып.
- Алтын менен көукөрің,
1130 Торы кілем қымқаптың
Үстіменен келтірді.
Жетектеп батыр Қамбарды,
Қара жерді бастырмай,
Алтыннан тіккен отауға
Қамбар ерді кіргізді,
Мергені көз кезеді.
Берейін деп ойлады
Назымжандай бір қызды.
Алты жеңгесі келіпті,
- 1140 Аяқтарын бір басып,
Ақырындап сырласып.
Батыр Қамбар отырған
Түгі шығып сауыттан,
Келуге сонда бата алмай,
Алты жеңгесі кетіпті.
Алтыннан тіккен ақ отау,
Аяқтарын кең басып,

- 1150 Табы оттай қабынып,
Айкел тұмар тағынып,
Алтын отау тұрады.
- 1160 Ішігін келіп жамылып,
Назым сұлу сөйледі,
Қамбарға қарап сағынып:
— Бәрақ Алла, арыстан,
Кәпірлерге бардыңыз,
Ойран-бүлік салдыңыз.
Сіз майданда болмасаң,
Төгіле жазды арымыз.
Асқармысың, таумысың,
Аруанамын, нармысың,
Қайыңмысың, талмысың,
Қазымысың, жалмысың,
Шекермісің, балмысың,
Құдай қосқан жармысың,
Уағда сөзде бармысың?!
- 1170 Қыз Назымды шақырып,
Қамбар алды қасына.
Дәулет құсы ердің
Енді қонды қасына.
Сабырдың түбі — сары алтын,
Жетерміз деген осы ма.
Беліндегі белдікті
Тастаған ерлер шешініп,
Тоқтаған көңіл бекініп.
- 1180 Өзімбайдың елінен
Атан-түйе айдатып,
Көп тобырдың алдырды
Бәрін мұнда көшіріп.
Тоқтатқан Қамбар сабырды,
Тілеген тілек қабыл-ды,
Елші салып ноғайдан,
Көшіріп келді тобырды.
Көрді сонда анасын,

Апасы көрді шорасын.
Тобырды әкеп бек салды
Ақарал шаһар қаласын.

Қарай қойшы, жігіттер,
Қамбар ердің ал сонда
Бір Құдайдан тілеуін.
1190 Назымды Әзімбай ұзатты,
Байлығының белгісі,
Өзгесін айтып түгеспен,
Кез жарым қып алтыннан
Соқтырды түйе бұрауын.

Қамбар менен Назым қосылған,
Ғашықтық жолы ашылған,
Бар да мінер бір атқа,
Жоқ та мінер бір атқа,
Жаманменен сөйлессең,
Қаласың деген ұятқа.
Дегеніне жеткізіп,
Кемеліне келтіріп,
1203 Батыр да жетті мұратқа.

Таммат тамам.

Тоқсан үйлі тобыр

(Қазан, 1903)

Сөйле десең біздерге,
Не сөйлейін сіздерге.
Көп те сөзім жоқ еді,
Айтпай бойым кездерге.
Қара да таудың үлкені,
Қызыл жібек қырмызы,
Олар да қалар бір күні.
Ақ төстерін аңқытып,
Ақ құс қайтар күз күні.
10 Қызыл турам дәм болса,
Аямайды қарындас
Қырық күншілік жаз күні.
Кімнің малы бар болса,
Қызығын көрер аз күні.

Бұрынғы өткен заманда
Ер Қамбар деген бар екен,
Әзімбай деген бай екен,
Солардан қалған сөзімді
Баян қылып айтайын.
20 Он хан үйлі оят бар,
Қырық сан үйлі қият бар,
Алпыс үйлі арғын бар,
Жетпіс үйлі жебір бар,
Тоқсан үйлі тобыр бар.
Он сегізде жасы бар,
Жалғыз өскен басы бар,
Адал қара дегенде,
Қара да тұлпар аты бар,

- Әуелі Құдай себепші
30 Он түлік бәрін асыраған,
Қамбар деген бір ер бар.
- Құлағыңды салсаңдар,
Сол уақытта ноғайда
Әзімбай деген бай болған,
Төрт түлікке сай болған.
Ішкендерін сұрасаң,
Шекер менен шай, бал болған.
Байлығы шалқар көл еді,
Көп ноғайдың бірі еді,
- 40 Алты ұғлы бар еді,
Алтауы бірдей бөрі еді,
Ең кішісін сұрасаң,
Алшыораз мырза дер еді.
Алты ұғлы ішінде
Жалғыз туған қыз Лазым
Алтауымен бір еді.
Алтын күйме ішінде,
Ақ сұңқар құстай қолында,
Жауған қардан ақ еді
- 50 Қыз Лазымның еттері.
Адам пенде көрмеген
Пердесін ашып беттерін.
Еш пендеге айтпаған
Ғашықтықтың дерттерін.
Баян да қылып айтайын
Құдайдың берген көріктерін.
Табаны жерге тимеген,
Маңдайы күнге күймеген,
Күймеден басқа нәрсеге
- 60 Жорға екен деп мінбеген.
Шықпаған өзі саяға,
Салмаған көзін ұяға.
Лазым сынды сұлудың
Айтайын енді жайында.
Емін-еркін ер жетгі,
Күйеуге бермей күн өтті.

- Ат шаптырды Өзімбай
Он екі баулы өзбекке.
Ат кекілін өрмекке,
70 Шақырғанның мәнісі,
Лазым деген сұлуды
Сүйгеніне бермекке.
- Ноғай салған шабарды,
Есіткен соң хабарды,
Аз да кетіп барады,
Көп те кетіп барады.
Алтын тақтың үстінде
Би де кетіп барады.
Сақал-мұрты ағарған
80 Шал да кетіп барады.
Самайынан бит аққан
Таз да кетіп барады.
Сексен қойға ат алған,
Он бес қойға мата алған,
Селдір моншақ сықақ қой,
Жарлы да кетіп барады,
Бай тойына барғалы,
Жетсе, Лазым алғалы.
Шара бар ма Құдайға,
90 Қалың борышқа қалғаны.
- Сәске кезі болғанда,
Ауылда тұрып қыз Лазым,
Қудай мойнын толғады,
Барамын деп ойлады.
Алтыннан қамыт доғасы,
Қамқа тонын киіпті,
Шора алтыннан жағасы.
Шидүлкесі күмістен,
Боз арқаны жібектен,
100 Қызметкерлер тез жеккен.
Жегіп алды қос қара ат,
Киіп алды қос манат.
Киіп алып қос манат,

- Қос арғымақ арланып,
Көкарал шаһар қалаға
Лазымжан келді қырындап.
Алтыннан қосқан терезе,
Кілтін Лазым ашады,
Алтын менен гауһарды
- 110 Өзімбайдай атасы
Көшесіне шашады.
Базарға таш шақұбандар,
Жаяу жүрген шикандар,
Алтынды арба Лазымның
Көп жаяулар басады.
Белдем-белдем бел асар,
Бектарға садақ жарасар.
Сөскеге келген қыз Лазым,
Бесінге шейін аралап,
- 120 Тал мойнына бір перен,
Таба алмаған миясар.

- Кешкі бесін болғанда,
Ауылға табан қыз Лазым
Қайтамын деп тұрғанда,
Өкесі Өзімбай сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Жиып алдым өзбекті
Көкарал шаһар қалаға.
Көрсін деп сені шақырттым,
- 130 Лазым сынды баламға.
Өтіп кетсе күніңіз,
Ішің толар заяға.
Көп өзбекті шақырттым,
Келсін деп өңкей сабазға.
Келсін деп, сірә, айтпадым,
Бурыл сақал қақпасқа.
Ноғайым жаман болды ма,
Біреуі саған жақпасқа.
Ақылсыз бала тудың ба,
- 140 Бір ер таңдап таппасқа.
Өтіп кетсе күніңіз,

Балам, бір күн зарларсың,
Ішің толар заяға.

Әнсіз әңгімесі

Лазымның нешкімді жаратпағанының мәнісі сол екен:
Қамбарды жарлы деп шақырмай қалған екен.

- Сонда Лазым сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Айғыр емен, ат емен,
Жал-құйрығым сүздіріп,
Базарыңа салғандай.
Он екі баулы өзбекті
150 Сынап келдім, ата-еке.
Тал бойыма бір берен,
Таба алмадым жарастық.
Жамандарға көз салсақ,
Жақсы жолдан адастық.
Мұсылман аз, қалмақ қау,
Бір күні келер бетпақ жау.
Даңқымыз кеткен һәр жерге,
Елде туған бір ер жоқ,
Жекпе-жекке шығарға,
160 Жауға шығар бір ер жоқ,
Қынабы алтын көк алмас,
Тасты кесер жібек қай?
Назар көзім салмаймын,
Неш теңдікке алмаймын
Ақылы жоқ немені.
- Өзімбай бұл жауапқа бөгелді,
Ақылды туған қыз Лазым
Ауылға қарап жөнелді.
Өзімбай асқан ақылды,
170 Желмаядай бақырды.
— Он екі баулы өзбекте,
Келмей қалған кім бар? — деп,
Шақырушыны шақырды.

- Шақырушы сонда сөйлейді:
— Он екі баулы өзбекте
Келмей қалған мен көрдім
Қара тұлпар малдарды.
Өңкей тобыр ел көрдім,
Кемпір менен шалдарды.
- 180 Шақырсам да келмес деп,
Әзімбай оған бермес деп,
Лазымжан оған тимес деп,
Шақырмадым бұл тойға
Он сегіз жасар Қамбарды.

- Ақ сұңқар құс дабысты,
Дұшпаннан алған намысты.
Қамбар кедей деген сөз,
Ел құлағы елу ғой,
Естіп атыр дабысты.
- 190 Ит жүгіртіп, құс салып,
Жерінің аңын тауысты.
Балдағы алтын ақ берен
Орай белге алады.
Қыран қара бүркітті
Тұғырысына қонады.
Әзімбайдың еліне,
Шалқып жатқан көліне,
Қамбар қиял ойлайды,
Бір күні соған барсам деп.

Әнсіз әңгімесі

Әзімбайдың аулының қасында бір көлі бар еді, оған адам бөндесін жібермейтін еді, құлан, киік көп болатын еді. Қамбар қиял ойлады: «Мені жарлы деп шақырмай қалды, мен сол көлге барып, құлан, киік атып қайтайыншы», — деп [ойлады].

- 200 Бүтін туған тұлпарын
Батырың алды шалдырып,
Ұйқысын алды қандырып,
Шоқтытып ерің жөнелді,

- Томаша көрсе секірітіп,
 Жабынғымен ырғытып,
 Ауыздықпенен кергітіп,
 Жерінің аңын үркітіп,
 Тау қазындай шаңқылдап,
 Ұшқан құстай сұңқылдап.
 210 Қара айдарменен келеді,
 Қара қасқа тұлпарға
 Қамбар салды өкпені.
- Көргенім жалған болмаса,
 Кешегі жүрген қыз Лазым
 Иық ішік жамылып,
 Беті оттай қабынып,
 Аяр тұрман тағылып.
 Алтын құман қолында
 Таң намазы дәретке
 220 Лазымжан шыққан сықылды.
 Балалы қаздай бағланып,
 Тоты құстай жайқанып,
 Келбетін көрсең сұлудың,
 Түймені көр де, басын көр.
 Қаламды көр де, қасын көр,
 Қарды көр де, етін көр.
 Қар үстіне қан тамса,
 Қанды көр де, бетін көр.
 Толықсыған сұлуды
 230 Көзіменен көрсе де,
 Қайрылмастан жөнелді
 Он сегіз жасар Қамбар ер.
- Үстіндегі кигені
 Бүрмелі торғын көйлегі.
 Бара жатқан Қамбарды
 Лазым сұлу көздеді,
 Шын батырға кез келді.
 Мінген аты Қамбардың
 Аласы жоқ қара еді,
 240 Жал-құйрығы дара еді.

Жаудан қашқан кісідей
Қамбар кетіп барады.
Аш белдерін қынады,
Ер екенін сынады.
Лазым сұлу көксейді
Ғашықтық кіріп дертіне.
Ер Қамбардың артынан
Баруға көңлі ұқсайды.

250 Көңіліндегі намысты,
Ақылын сұлу тауысты.
Ер Қамбардың артынан
Шақырып салды дауысты.
— Қара қасқа атты Қамбар-ай,
Қара атыңда жал бар-ай.
Біздің үйге түсе кет,
Шай-самауыр іше кет.
Қанша мейман түссе де,
Күткендей біздің әл бар-ай.

260 Артынан Лазым келеді,
Жүгіріп басып еңтігіп,
Ары қалды төгіліп.
Ақ өткелдей өткелден
Өте шықты ер Қамбар,
Үзеңгісі суға көміліп.
Ар жаққа шығып шешінді,
Лазымның айтқан әр сөзі
Өкпе аузына тығылды,
Лазым (жерге) салды тепкіні,
Қамбарға қылды өкпені.

270 «Қарамастай өзіме,
Не болды менің жүзіме.
Ақ бетіме салды ма
Жаппар бүгін сепкілді!
Көшсе, көшті бермейді,
Қом майысқан түйелі.
Ақ шалғынға қонады

Саумалы бар биелі.
Ақ бетіме салды ма
Бес бармақтап күйені,
280 Ақ бетім менің оңды ма?!
Кедейдің соры болар ма?!
Айнамды алып көрейін,
Опа, ендік жағайын.
Қайрылып енді келмесе,
Кедейдің сорын ұрайын».

Сары алтыннан бар еді,
Алты бірдей пердесі
Қыз Лазымның бар еді.
Пердені қолға алады,
290 Пердеге жүзін салады.
Өз көркінен қыз Лазым
Талып түсіп қалады.
Жеңгесіне иіртті,
Алты ұршық ақ жібек
Жеңгесіне иіртті,
Өзі құрды өрмекті.
Қамбардың жүзін көрмекке,
Далаға шықты көрнекке.
Белсенген білек көрінер
300 Сырдың құба талындай.
Түрген балтыр көрінер
Ақ киіктің таңындай.
Қасы қара көрінер
Құралайдың көзіндей.
Екі емшегі көрінер
Сау қайыңның безіндей.
Ғашықтықтың дертінен
Тоқиды өрмек ерінбей.

Қара қасқа тұлпарың,
310 Маңдайында ағы бар.
Келетұғын Қамбардың
Кешкі мезгіл шағы бар.
Бір жағында бес құлан,

- Бір жағында бес құлан,
Теңдеп алған аңы бар.
Қызыл алтай бір түлкі,
[Ты]мақтығы ердің тағы бар.
Құдайдың берген Қамбарға
Атадан артық бағы бар.
- 320 Сипай-сипай қамшылап,
Жаңбырдай тері тамшылап,
Он құланмен шоқтытып
Келе жатыр жануар.
- Лазым қақты өрмекті,
Қамбардың жүзін көрмекке,
Далаға шықты көрнекке.
Көк алмасын суырып,
Заманасын қуырып,
Ат үстінен өрмекті
- 330 Қиып шауып барады.
Балалы арқар баурында,
Баласыз арқар зарлайды.
Алты құлаш ақ өрмек
Алты жерден қыз Лазым
Ашуланып турады.
Дәті қатты сірі еді,
Данышпан өзі ақылды,
Өткізбен деп қапылды.
Артынан жаяу жүгіріп,
- 340 Қамбарды Лазым шақырды.
- Қара қасқа атты Қамбар-ай,
Қара атында жал бар-ай,
Қараның қары қыстар-ай.
Айтпасам да білмейсің,
Дәнемені көрмеген,
Жалаңбұт өскен заңғар-ай.
Артыңға сенің қарасам,
Кедейден қалған сорың бар.
Өзің барсаң оқисың
- 350 Бес намазың қазасын.

Көрген жерден таныдым
Сүйегіңнің тазасын.
Аялым жаман болмаса,
Есітсеңіз назасын
Саған ғашық болғаным,
Қалмақтың берер деп едім
Жалғыздықтың жазасын.

Сонда Қамбар сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
360 — Сен жеріңге жет, — деді,
Ноғайдың бәрі бек, — деді.
Өзімбайдай әкеңе
Көп тобырым қаңғырып,
Барып тамақ жеп пе еді.
Алыста жатып есіттім,
Өзімді кедей деген соң,
Сүйегімнен өтті енді.
Бір тілегім Құдадан —
Қалмақ алса олжаға,
370 Мінгізіп салса арбаға,
Артықша туған Лазымды
Алсам да сонда теңімді.

Лазымжан және сөйлейді:
— Ақ өткелдің ар жағы
Жайма біткен қызыл тас.
Он сегізде Қамбар жас,
Шақырсам да қайрылмайсың,
Көңілімді қылдың мұнша мас.
Бір күні келер қалмақ нас,
380 Аялым жаман демесең,
Алты ұғыл ішінде
Мен бір туған қалам қас.
Көп тобырдың ішінде
Сен бір туған көк алмас.
Аламын деп бір күні
Жиналып келер қалмақ нас.

Жауабым жаман демесең,
Меніменен ақыл қос.

390 Қамбар тартып жөнелді,
Көп сөйлесіп Лазымның
Тарқатпады іңкәрін.
Ауылға қайтқан секілді
Құртып сол күн діңкәрін.

Әнсіз әңгімесі

Қамбар менен Лазымның сөйлесіп тұрғанын Өзімбайдың бір баласы көріпті. Қыздың ағасы Өзімбайдың баласы: — Көрдің бе кедей Қамбар менен Лазымның сөйлесіп тұрғанын, алып кел мұнда, басын баудай кесейін, қанын судай ішейін, құнын өзім өтейін, — деді. Сонда қыздың кіші ағасы Алшыораз айтты ағасына: — Лазым сүйсе Қамбарды, мал алмай-ақ берелік. Біреуі «берелік» деп, біреуі «бермелік» деп сонда төбелесіп қалды.

Сөйлескенін көрген соң,
Ғашықтығын білген соң,
Ауылда тұрып көріпті
Қыз Лазымның ағасы,
Өзімбайдың баласы.
Қызғанып айтқан сөзіні
400 Антұрғанның қарашы.

— Артықша туған Алшыораз,
Сүйегінен бұ алған шын қораш,
Қарай қойшы кедейді,
Лазымжанға не дейді.
Кедей қанды Қамбар-ай,
Алып келші өзіме,
Бір көрсетші көзіме,
Басын баудай кесейін,
Қанын судай ішейін,
410 Құнын өзім өтейін.

Алшыораз сонда сөйлейді:

— Мінген атым көк пе еді,
 Айтуға аузың еп пе еді.
 Лазым сүйсе Қамбарды,
 Шақырып алып берелік,
 Мал алмай-ақ тек, — деді.
 Ай, ағалар, ағалар,
 Ер қолынан мал тайса,
 Өзен-суды жағалар.

420 Бектер мінген бедеу ат
 Темірменен тағалар.
 Қалмақтан қысым келгенде
 Көп ноғайдың баласы
 Сонда бір ер сағалар.

Ағасы сонда сөйледі:

— Мінген атың көк пе еді,
 Айтуға аузың епседі,
 Жалғыз атты кедейге
 Лазымжанды беруге,
 430 Өз бойыңа еп пе еді.
 Мінген аты аладай,
 Алаға тоқым салады-ай.
 Сөздерден сөз ашылып,
 Алшыораз бенен ағасы
 Бақандасып қалады-ай.

Әнсіз әңгімесі

Мұның елінде қалмақтың ханы Мақтым хан деген хан бар екен. «Өзімбайдың Лазымжан деген сұлу қызы бар» деген Мақтым ханның құлағына түскен екен. Келмембет деген шабарын шақырып алды. — Бұл бізге лайық қыз екен. Сен Өзімбайға бар, — деді. Қасыңа тоғыз қалмақ ерт, — дейді, — бізге лайық қыз екен, — дейді.

Он сегіз жасар Қамбар-ай,
 Берен туған жандар-ай.
 Сол күндегі қалмақта

- Мақтым хан деген хан бар-ай.
440 Ерлер атын суарар-ай
Лайы жоқ бұлаққа-ай,
Ат шаба алмас құмаққа-ай.
Өзімбайдың қыз Лазым
Бар дегені бір күні
Қалмақ ханы Мақтым хан
Түскен екен құлаққа.
Мақтым ханның бар екен
Келмембет деген шабары.
Шақырып алды қасына,
450 Келмембет барды басына.
— Ай, Келмембет, Келмембет,
Өзімбайға бар, — деді.
Өзімбайдың қыз Лазым
Бізге лайық жар, — деді.
Өзімбай берсін сол қызды,
Құлағына сал, — деді.
- Хан жарлығы қайтар ма,
Патша екі айтар ма?!
Тоғыз қалмақ қасында,
460 Жез қалқаны басында,
Ойын ойнап Келмембет,
Сырнайларын тартып,
Келе жатыр шайтандай.
Ат құлағын теңдесті,
Қалмақтар қылды кеңесті,
Өзімбайдың аулына
Келіп бір қылды сөйлесті.
Қалмақтың кең қаласы,
Жауаптың болды таласы.
- 470 Үйден шығып сөйлесті
Өзімбайдың бір ортаншы баласы.
- Ол, ол болсын, ол болсын,
Жеке басың қол болсын,
Түн ұйқысы қалғандай,
Қабақтарың қатыңқы.

Түнше бұлт жүргендей
Атыңның жалы жатыңқы.
Қара шекпен қынамал
Атусыз оғы құрулы.
480 Қалмақтарға ұқсайсың,
Сұраймын, — деді, — жол болсын.

Сонда тұрып Келмембет:
— Және бір сөзім, және бар,
Жантақты жерде сонар бар.
Өзімбайдың қыз Лазым,
Қалап келген бала бар.
Арғымақ ат бізде бар,
Алтын жабдық сізде бар.
Піскен қауын сізде бар,
490 Алмас пышақ бізде бар,
Тілдіргелі келгенмін.
Қоңыр үйрек сізде бар,
Көк қаршыға бізде бар,
Ілдіргелі келгенмін.
Қыз Лазымды бермесең,
Патшаны қабыл көрмесең,
Он екі баулы өзбекті
Бүлдіргелі келгенмін.

Аузы кетпейді тілектен,
500 Қылыш кетпейді білектен,
Сол сөздерін айтқан соң,
Сөз сүйектен өткен соң,
Ерліктің түсті салтына,
Ақылдаспай қартына.
Ер қаруы — бес қару,
Таңдап алып Алшыораз,
Мініп алған сықылды
Қозы күрең атына.
Япырмай деп ақырып,
510 Апырмай деп шақырып,
Өлтіріпті тоғыз қалмағын,
Өлтіріпті доңызды.

Кедей ұғлы Келмембет
 Өлтіруге қимады.
 Қолынан қылды көрімді,
 Құлағын кесіп құнтитты,
 Мұрнын кесіп шұнтитты,
 Ернін кесіп жымпитты,
 Жал-құйрығын күзеген
 520 Байталдайын сымпитты.
 Тоғыз қалмақ өлтіріп,
 Кедей ұғлы Келмембет
 Мақтым ханға жөнелді.

Әнсіз әңгімесі

Тоғыз қалмақты өлтіріп, Келмембеттің құлақ-мұрнын кесіп «ханыңға сәлем деп айт» деп қоя берді. Келмембет ханына қайтты. Мақтым хан: — Неғылып келдің, бөрі болып келдің бе, түлкі болып келдің бе? — деп сұрады.

— Бөрі болғаны да құрысын, түлкі болғаны да құрысын, құлақ-мұрнымнан айрылып, күлкі болып келдім, — деді. Мақтым хан айтты: — Тоғыз қалмақ өлсе, тоғыз қатын буаз шығар, — деді. — Қайтадан жүз кісіменен бар, — деді. Келмембет жүз кісіменен ноғайға келіп еді, ноғай қорықты. «Қалмақ көп, [көп] жылағанша, қыз жыласын», — деп, Мақтым ханға бермекші болып, Келмембетті жіберді.

Қалай келдім қара нар,
 Тай тұяқты жамай бар.
 Дабылдарын бөктеріп,
 Сауыттарын төңкеріп,
 Аузы түкті қалмаққа
 Көп ноғай сөйтіп жаранар.
 530 Мінгізді бедеу атына,
 Кигізді қамқа тонына.
 Бермесек деп бір қызды,
 Үзіпті жаннан үмітті.
 Берді Лазым деген соң,
 Мақтым хан сонда қуанды.
 Қуанғанның белгісі —

- Қамқа тонға сыймады.
Көп қалмақтар жиналды,
Он бір ләшкер аттанды.
- 540 Үш мың алпыс топ алып,
Зеңбірекке оқ салып,
Жүрген жолын тазартып,
Көкарал шаһар қаламға
Көп қалмақ келіп орнады.
Атын жайды даламға,
Шапқынды салды саламға.
Қолқа сала келіпті
Лазым сынды баламға.
- Мақтым хан қылды хандықты,
550 Ноғайдың көңілін тауыпты.
«Әзімбайдың қыз Лазым
Көремін», — деп бір күні
Қалмақтың қаны Мақтым хан
Қылған екен жарлықты.
Қорыққаннан Мақтымды
Күйеу қылып сақтайды.
Жаңғыз адам Лазымға
Сөз айтуға батпайды.
Ақылменен біледі,
- 560 Түрлі киім киеді.
Зер жапасы басында,
Алты жеңгесі қасында,
Аузы түкті қалмаққа
Келе жатыр үстіне.
- Торғынды жібек бөз болды,
Алтынды түйме жез болды.
Аузы түкті қалмаққа
Нақ сәскеде кез болды.
Сұлулығын көрген соң,
- 570 Ұстайын деп ұмтылды
Қыз Лазымның білегін.
Алдыменен патшадан
Тілеп алды тілегін.

- Ғадатлі туған Мақтым хан,
Алдыңға келді жалғыз жан.
Жігіт үйден, қыз тыстан
Ұстаушы еді білекті.
Шыныңменен тілесен,
Берермін деген тілекті.
- 580 Сексен күндей той қылып,
Сексен күндей ойын қылып,
Үш сексен күн дегенде
Жігіт қызға жатқызып,
Бұйрық дәмін татқызып,
Алтын-күміс артқызып,
Ұзатушы еді атамыз.
Бұрынғы-соңғы жол қылып,
Бұл сөзіме құлақ сал.
Сыртта тұрған жеңге[ге]
- 590 Лазымжан барды жүгіріп.
Өз білегін қимайды,
Бір жеңгесінің білегін
Қалмаққа берді білегін.
Алдыменен патшадан
Тілеп алып тілегін.
Қайтадан тауып алыпты
Алтыннан соққан күймесін.
- Ноғайдың биі кеңесті,
Кеңескенде не десті:
- 600 — Ұшырдым көлден Лазымды,
Береміз, — дейді, — Лазымды.
Асырап жатқан тобырды
Ол да туған пері еді-ау,
Ғалиден соңғы ер еді.
Қалмаққа қиған Лазымды
Қамбарға қисақ болмай ма?!
Ат-айғырдан мың жылқы
Іріктеп алып өңкей би,
Алып жүрді тартуға.

- 610 Қалмақтан ноғай қорықты,
Күн-түн қатып жүргенде
Мінген аты зорықты.
Ит жүгіртіп, құс салып
Жүргенде батыр Қамбар жолықты.
— Ассалаумағалейкүм,
Артықша туған билерім,
Қайғылы болып тұра ма
Қатын-бала, елдерің?
Толықты ма милары?
- 620 Қалмақтан қысым көргендей
Қабақтарың қатыңқы,
Жолыңыз болсын, билерім!
Сонда билер сөйлейді:
— Жақсы айтасың, Қамбаржан,
Үміт үзген бола ма
Төрт түлік жиған малдардан.
Қайғы-қасірет көп болды
Кемпір менен шалдардан.
Сізді іздеп келіппіз,
- 630 Қалмақтан қысым көріппіз.

Сонда Қамбар сөйлейді:
— Ой ойласам, билерім,
Бәрің бірдей бектерім,
Өзімбайдай байыңа
Көп тобырым қаңғырып,
Барып тамақ жеп пе еді?

- 640 Өзімді кедей деген соң
Сүйегімнен өтті енді.
Бір тілегім Құдадан —
Қалмақ алса олжаға,
Мінгізіп салса арбаға,
Артықша туған Лазымды
Алсам деп сонда тегін.
— Жақсы айтасың, Қамбаржан,
Алуға жатыр Лазымды
Мақтым хандай ханыңыз,

- 650 Ішке толды зарымыз.
 Тартып алып ол кетсе,
 О да сіздің арыңыз.
 Тәуекел қылып барыңыз,
 Алла оңғарса, қыз Лазым
 Болмай қалмас жарыңыз.
 Қамбар сонда сөйлейді:
 — Асырап жатқан тобырым,
 Желігіп жауға мен кетсем,
 Айналмай келіп тозар ол
- 660 Мынау жаулық заманда,
 Бәріңіз бірдей, ағалар.
 Қайтарыпты билерді,
 Жеті күн беріп уағда.

Әнсіз әңгімесі

Билер қайттылар. Билердің қайтқанын Мақтым хан көрді. Мақтым хан көрген соң айта салды: — Мен әуелі хан едім, екінші күйеуболдым, — деді. — Маған неге ойын-сауық қылмайсыңдар? Сонда билер айтады: — Рас, тақсыр, сіздің алдыңызға лайық адамымыз жоқ, — деп жауап беріп, билер айтады: — Мына жақта кедей Қамбар деген адам бар, шақырсақ келмейді, сіз соны шақыртып алсаңыз екен, — дейді. Мақтым хан айқай салды. Пұшық Келмембетті шақырып алды. — Қамбарға сен бар, — дейді, — қоржынның екі басына ділләні бөктер, — дейді. — Қамбар тобырына тамақ қылсын, келіп шайымды құйсын, — деп, Қамбарға Келмембетті жіберді.

- Даланы артып молықты,
 Күн-түн қатып жүргенде,
 Мінген аты зорықты.
 Ит жүгіртіп, құс салып
 Жүргенде батыр Қамбар жолықты.
 — Ассалаумағалейкүм, қай ісіңе
- 670 Қаһар қылса Алламыз,
 Құдай қаласа, қайратым
 Алмаспын жаудан бір мінат.
 Көргенім сені жоқ еді,

Естігенім бар еді,
Жолыңыз болсын, Келмембет!

Сонда Келмембет сөйлейді:
— Біздің падиша ақылды,
Қамбар, сізді шақырды,
Қылсын деді тойымды,
680 Құйсын деді шайымды.
Менмендігін қылмасын,
Үлестіріп ділла берейін
Өңкей тобыр жандарға.
Барамын деп хандарға
Тоғыз күн берді уағда.

Ділланы алып сол жерде,
Тобырдың көңлі бітеді.
Қара қасқа тұлпарды
Қамбар ерің күтеді.
690 Төрт шамшырақ жақтырды,
Аяғын арқан қияр деп,
Жібектен арқан тақтырды.
Ащы тері шықсын деп,
Таң асырып шаптырды.
Жолдасына сенбей,
Шешесіне бақтырды.
Қалмақтарға барарға
Батыр Қамбар ендікті.
«Қанжығам қонды болсын», — деп,
700 Байлады батыр дабылды.
Қара қасқа тұлпарға
Арпа-бидай асатты.
Қалмақтарға баруға
Батыр Қамбар ынтықты.

Алты көш жерден деміккен,
Күндік жерден кезіккен,
Мойнына ілді бір қара
Аузы түзу мылтықты.
«Ата алмасам, маған серт,

- 710 Атуыма шыдамай,
Дүміңнен сынсаң, саған серт».
Соғуына келгенде
Сом балтаны тауысқан,
Суаруға келгенде
Көлдің суын тауысқан,
Беліне алды бір қару,
Балдағы алтын қылышты.
Қалмаққа қылар хайланы,
Көрер ерлік пайданы.
- 720 Құдай десең қайранды,
Шаншып алған сықылды
Болаттан соққан найзаны.
Қыздар тағар қос қалта,
Ішке жағар ақ малта,
Аш беліне қыстырды
Болаттан соққан айбалта.
Тойғызды кедей тамақты,
Ойлады батыр талапты.
Шіреніп тартса, сынбаған,
- 730 Шыққан оғы қайрылмаған.
Шаншып алған сықылды
Болаттан соққан найзаны.

(— Ақша бетке қар жауса)

- Қара жерге қар жауса,
Ақша бетті сабалар.
Жақсы аттан жығылса,
Жаман адам табалар.
Қазанатлыққа барамыз,
Тілектес болып тұрыңдар,
- 740 Қалмаққа ойран саламыз,
Бізді де тапқан аналар.

Анасы сонда сөйлейді:

— Барсаң, Қамбар, көресің
Көкарал шаһар қаланы.
Өлтірерсің қалмақты
Есебі жоқ немесін.

Майданға кіріп кеткенде,
Есіңе алмай кетерсің
Өзіңді тапқан анаңды.
750 Жаппар Хақ-ай, Жаппар Хақ,
Падиша құрар алтын тақ,
Құдай да тақ, сен де тақ,
Сақтаушы болғын, жалғыз Хақ.
Атқушы менің мергенім,
Шілеңгірім, зергерім,
Көзімді ашып көргенім.
Көп тобырда, қанеки,
Жолдас болып ергенің?

— Екіталай жер болса,
760 Ердің ісі жөн болар,
Қаса батыр майданда
Диірмендей дөңгелер.
Иіліп сәлем қылысқан,
Ибаменен тұрысқан.
Тәңірім мені сақтасын
Осы барған орыстан.
Тілектес болып тұрыңдар,
Ақ жаулықты жеңгелер!
770 Күндіз жүрсем құрдасым,
Түнде жүрсем мұңдасым,
Бір төсекте сырласым,
Халқым үшін барамын
Қалмақтарға бір басым.
Қынабынан лықсыған
Тасты кесер алмасым.

Қара қасқа тұлпарға
Бестен жүген жүгендеп,
Шұғаменен терліктеп,
Жібектен айыл шалады.
780 Күн тимеген бауырдан,
Жел тимеген сауырдан,
Орай бұттан алады.

- Ақ білектің зарпынан
Тау жаңғырып қалады.
Сай суындай сарылдап,
Манат тоны дарылдап,
Шапқан сайын батырың
Алты қырменен артылып,
Жер бауыры тартылып,
790 Үстіндегі ер Қамбар
Әруақ қысып барады.
Көбігі шығып сауырдан
Тер тамшылап барады.
- Қара қасқа тұлпардың
Естіген соң дүбірін,
Лазым тосып тұр екен,
Ер Қамбардың алдынан
Тоты құстай таранып.
Қамбарға айтып бір сөзді
800 Лазым сұлу жаранып.
— Қалмақтар келіп орнады
Көкарал шаһар қалаға.
Үкім қылып көп тұрар
Сіздей ғаріп балаға.
Көп кешігіп келмегеш,
Ішім толды заяға.
Қалмақтар келіп топ атты,
Батыр Қамбар келе ме деп,
Көп ноғайды тоқтатты.
810 Қалай келмес деп едім
Тарыққандай кезімде,
Ақылым қалай, ер Қамбар,
Қалмақтың ханы Мақтым хан
Үш сексен күн тоқтаттым.
- Сонда Қамбар сөйлейді:
— Қара қасқа тұлпарым
Қызғаннан соң тұрмайды,
Оқ жыландай зырлайды.

- Лазымға қарап сөйлейді:
 820 — Қара қасқа тұлпарым
 Қазған ордан секірді.
 Келмеді деп көп ноғай
 Бекер маған өкінді.
 Мен бір ғаріп баламын,
 Бір сапарға барамын.
 Жол үстінде айалмен
 Сөйлесем болар кесір деп,
 Жетіп келді ләшкерге.
 Ақ таяқ екен падишаның,
 830 Келмембетке кез келді.

Әнсіз әңгімесі

Мақтым ханның қарауылшысы пұшық Келмембет Қамбар батыр соған кез келді. Келмембет Қамбарға сәлем берді: — Әй, Қамбар, — деді. — Сені Мақтым хан қазір өлтіреді, — деді. — Сен тоғыз күн уағда берген едің, бүгін он күн болды деп. Мен сенің бір шыбындай жаныңды сұрап алайын, — деп ханға кетті.

- Келмембет кірді ханына,
 Ара түсіп Қамбардың
 Бір шыбындай жанына.
 — Алдияр, бас хандарым,
 Жаныңа келді Қамбарың.
 Мұндан бұрын бар ма еді
 Сенен сұрап алғаным?
 Бір сұрай келдім Қамбардың
 Көкіректегі шыбын жандарын.
 840 Бере алмасаң бір тілек,
 Төгіледі менің арларым.

Сонда Мақтым хан сөйлейді:
 — Базардан алып келген ақ ирек,
 Иректің аты безбүйрек.
 Алып келсең еді Қамбарды

- Жағасынан сен сүйреп,
Немене деп отырсың,
Бес байталға алған бедірек.
Көп сөйлемей шық, — деді,
850 Шығып кетші тез, — деді.
- Келмембет тұрып жөнелді,
Есікке барып қайтадан,
Мақтымға берді жауабын.
— Хан емессің, қабансың,
Тамам ханнан жамансың.
Хан емессің, қасқырсың,
Қаса албасты басқырсың.
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның келіп басқа ұрсын!
860 Хан емессің, қабансың,
Тамам ханнан жамансың.
Қамбар сені өлтіріп,
Дегеніне келтіріп,
Сүйегіңді қасқыр кемірсін,
Майыңа қарсақ семірсін.
- Келмембет тұрып жөнелді,
Тұра алмады ер Қамбар,
Өзі тоқтап іркіліп.
Бір кісідей көрмеді
870 Он мың ләшкер, көп шерді.
Ақ сауыттан шығарды
Қарыс сүйем түгіні.
Ер нұсқасын көрген соң
Келмембетке атын ұстатып,
Мақтымға Қамбар кез келді.
Кіріп үйге келгенде,
Айбатына шыдамай,
Мақтым хан қорыққан сықылды,
Тұра келіп көрісті.
880 — Батыр Қамбар сенбісің,
Алдияр тақсыр біз, — деді.

Әнсіз әңгімесі

Мақтым хан Қамбарға қышқырды: — Сен өлмеймін деп келдің бе? Сен тоғыз күн уағда берген едің, бүгін он күн болды дейді. (Және) Қамбар Мақтым ханға айтады: — Рас, тақсыр, — деді. — Мен үйден шығып келе жатсам, бір ақ төс тазы қызыл түлкіні алып жатыр екен, оған бір қара төбет зорлық қылып жатыр екен. Екеуі маған келіп жүгінділер. Мен төресін бердім: «Әй, ақтөс тазы, сенің күнде алған түлкің ғой, мынау қара төбет итке бер», — дедім. Үш күнім өтті және келе жатсам, бір ақ сұңқар құды алып жатыр екен, оған бір құладын зорлық қылып жатыр екен, о да маған келіп жүгінді, оны да құладынға алып бердім алты күнім өтті. Және келе жатсам, бір ителгі кекілікті алып жатыр екен. Оған бір қара қарға зорлық қылып жатыр екен, оны да қара қарғаға алып бердім, тоғыз күнім өтті. Оныңшы күн сенге келіп тұрғаным, — дейді.

Сонда Мақтым хан сөйледі,

Сөйлегенде не деді:

— Ақтөс тазы мен, — деді,

Қара төбет сен, — деді,

Таласқаның қыз, — деді.

Он мың ләшкер балуанға

Бола алмассың сен, — деді.

Ақ сұңқар құс мен, — деді,

890 Құладын құс сен, — деді,

Таласқаның қыз, — деді.

Он мың ләшкер балуанға

Бола алмассың тең, — деді.

Ителгі құс мен, — деді,

Қара қарға сен, — деді,

Таласқаның қыз, — деді.

Он мың ләшкер балуанға

Бола алмассың сен, — деді.

Батыр Қамбар сөйлейді:

900 — Бір атпадың, екі аттың,

Екі атпадың, үш аттың,

Үш атпадың, төрт аттың,

- Аш белімнен кесе аттың.
Бір атқаныңды айтайын,
Келмембетті жібердің,
Қылсын дедің тойымды,
Құйсын дедің шайымды.
Екі атқаныңды айтайын,
Ақ төс тазы сен болдың,
910 Қара төбет ит мен болдым,
Қайткенде сенен кем болдым!
Үш атқаныңды айтайын,
Ақ сұңқар құс сен болдың,
Құладың құс мен болдым,
Қайткенде сенен кем болдым!

- Батыр Қамбар қызынды,
Ердің түгі жығылды.
Сыртыменен сүйретіп
Үй жапсарын бұзады.
920 Падишаның аты қара көк,
Ұрысты қалмақ тек қан тілеп.
Ұрысуға ойланып
Мақтым ханменен сөйлесіп,
Қалмаққа берді бір кезек.
Мақтым хан алды қол оқты,
Қамбарға қарап көзеді.
Сол уақытта Қамбардың
Бөтуажә бабасы
Қалмақтың оғын қаңғыртып,
930 Тигізбестен демепті.
Қамбар алды садақты,
Атайын деп қол оқты.
Сыртынан шықты атқан оқ,
Жай отындай жайнады.
Семіздігі сонша екен,
Төбенің басын майлады.

Оны көрген қыз Лазым
Жүгіріп жайып құшағын,
Қолына алып келеді

- 940 Алмас мойын пышағын.
Оны көріп қыз Лазым,
Мойнынан алған сықылды
Бұрынғы салған бұршағын.
- Қарағай найза батырлап,
Мылтық оғы шатырлап,
Әрекет пенен зеңбірек
Тұс-тұсынан атылды.
Атқан оғы жұлдыздай
Көп қалмақты қырады.
- 950 Хайла етерге білмеді қалмақ ит,
Жиды жүз салдатты.
Алдына салып айдады,
Біреулерін шапқылап,
Біреулерін шанышқылап,
Қырып шықты божайлап,
Қалмақтар қашып жөнелді,
Қызыл қанға боялды.
Атқа мініп Алшораз,
Келмембетпен екеуі
- 960 Ер Қамбарға қосылды.
Үшеуі басын қосқан соң
Ләшкер қашты даңғырап.
Алдына шығып қайырды,
Дұшпанның көңілін майырды.
Ұстап алып өлтірді
Жанарал, кінәз, майырды.
Ғали мінген Дүлдүлдей,
Тұлпарменен шабысты.
Үш күн, үш түн атысып,
- 970 Бірін қоймай тауысты.
Көрсетті ерлер азарды,
Байтақ жатқан даланы,
Сол бетімен қызғаннан,
Шауып қайтқан сықылды
Семей деген қаланы.
Он нарға қан құстырып,
Бір-біріне бірін қостырып.

- Алтын менен гауһарды
Түрлі кілем үстінен
- 980 Қара жерге бастырмай,
Алтыннан тіккен отауға
Ер Қамбарды кіргізді.
Аяқтарын кем басып,
Беті оттай қабынып
Балалы қаздай баптанып,
Тоты құстай жайқанып,
Қамбарға қарап сөйледі,
Лазым [сұлу] сағынып:
— Бәрақ Алла, арыслан,
- 990 Қалмақтарға бардыңыз,
Ойран-бүлік салдыңыз.
Сіз майданда болмасаң,
Төгіле жазды арымыз.
Асқармысың, таумысың,
Аруанамын, нармысың,
Қайыңмысың, талмысың,
Шекермісің, балмысың,
Уағда сөзде бармысың,
Құдай қосқан жармысың?!
- 1000 Шақырып алды Қамбар қасына,
Дәулет құсы қонды басына.
Сабырдың түбі — сары алтын,
Жетермін деген осы ма.
Беліндегі белдікті
Тастаған ерлер шешініп,
Тоқтаған көңіл бекініп.
- Өзімбайдың елінен
Атан-түйе айдатып,
Көп тобырын көшіріп,
- 1010 Бәрін мұнда алдырды,
Тоқтатқан Қамбар сабырды.
Тілеген тілек қабыл-ды,
Елші салып ноғайдан,
Көп тобырын алдырды.

- Көрдi сонда анасы,
Анасы менен баласы
Көп тобырға көрiстi.
Көкарал шаһар қаласын,
Қамбар ердi қарашы
1020 Ақылының данасын.
Әзiмбай Лазымды ұзатты,
Байлығының белгiсi —
Кез жарым қылып соқтырды
Алтыннан түйе бұрауын.
Қамбар мен Лазым қосылды
Ашықтық жолы ошал-ды,
Бар да мiндi бiр атқа,
Жоқ та мiндi бiр атқа,
Жаманменен жүрсең,
Қаларсың деген ұятқа.
1032 Дегенiне келтiрiп,
Батырың жеттi мұратқа.

Қамбар батыр

(Ташкен, 1922)

- Жақсылар, дастан айтайын
Әуелі Алла сиынып,
Екінші кәміл піріме.
Құлақ салып тыңдаған,
Жамандық көрме тіріде.
Батырлар қылған қайратын
Қартаймай тұрып әріде.
Ертедегі ерлерден
Нұсқа болып соңғыға.
- 10 Қалмаған өлмей бірі де
Ойлағанға осындай
Опасыз жеңіл дүние,
Теңізден шыққан құрдымдай
Жетпеді нешкім түбіне.
Қазынаға жинап гауһар тас,
Айдаһардай болып мас,
Сақтаған алтын ініне.
Ашқа тамақ, жаяуға ат,
Төрт түлік малға көңіл шат,
- 20 Жарайды екен қысылса
Жұртының қиын күніне.
Алты ұлы бар Әзімбай,
Қызы сұлу Назымдай,
Тоқтады барша тіліне.
Ашықтық жолын ойлаңыз,
Бектерім деп қоймаңыз —
Шығарған сөздің мініне.

Қыз Назым шықты бұраңдап
Он сегіз толған жасына,

- 30 Кәмшат бөрік келісіп,
Біриант қойды басына.
Қара мен төре қайғырды,
Болса деп бізбен ашына.
Қазақ пен қалмақ — барша жан
Хабарланды сұлудан,
Дабысы жұртқа шашылар.
Жолбарыстай алты ұлдың
Айбатынан сескеніп,
Келе алмады неш бенде
- 40 Өзімбайдың қасына.
Тауыс құстай түрленіп,
Қоңыраудай алтын күңіреніп,
Ертелі-кеш серуенге
Шығады майлап шашына,
Жәннаттан шыққан хорлардай,
Порымына қарасаң,
Қызықпастай қай адам
Ол Назымның нашына!
Сүйегі асыл дүр еді,
- 50 Құдайдың өзі біледі,
Он төртінші айдай боп
Түседі кімнің қасына?!

- Алпыс сомдық һәр кезі
Үстіне асыл кигізді,
Жорғадан жегіп қара көк
Күймелі арба мін[гіз]ді.
Көзі түскен бенденің
Жүрегін оттай күйгізді,
Ашылған гүлдей науланып
- 60 Қылығымен сүйгізді.
Өзі теңінің ішінде
Асырып дәурен сүргізді,
Уызында жарыған
Ерте туған бағландай
Толықсытып жүргізді.
«Назымға таңдау қоям», — деп,
Бұл хабарды Өзімбай

Алашқа тегіс жүргізді.

Он екі жасар балаға

- 70 Мал жайып кеткен далаға,
«Қалмасын, — деп, — қатардан»
Бұларға айтып білгізді.

Тоғыз қабат торқадан

Кемзал киді қынама,

Таңдап Назым тимесе,

Толқыған көңіл тына ма!

Алмаққа һәркім талап қып

Сиынды Жаппар Құдайға.

Қазақ пен қалмақ, ноғайлы

- 80 Ел еді жатқан құрала.
Назымның көрмей ақ жүзін,
Жанды кісі үйінде
Сабыр қылып тұра ма?!
Ат шаптырып, той қылып,
Ашыққанды тойғызып,
Жиылды жұрты жамаға.
Бір төбенің үстінен
Қыз Назым шықты басына
Салдырып биік мұнара.

- 90 Назымды малсыз алмаққа
Шалдар да жаман желіккен,
Қартайған адам көп екен
Кемпірден көңлі зеріккен.
Жарасты деп киеді
Елтірі қара бөріктен.
Қатындары үйінде
Қайғыланып жылайды:
«Сұлуды алса байымыз,
Айрылды, — деп, — серіктен».
- 100 Үміткер болып барша тұр
«Сабағынан үзіп ап
Жесем піскен өріктен».
Алтын тұғыр үстінде
Назым отыр қонақтап

Ақ түйғындай еріккен.
Қара мен төре таласып,
Порымына қарасып,
Алдынан өтті көріктен.

- 110 Қыз Назымның майданы
Һәр топтың болды базары,
Түседі көпке сәулесі
Қағаздай кірсіз ажары.
Осынша жұрттың артынан
Аумады жанға назары.
Жердің жүзін шаңдатты
Жиылған қоршап адамы.
Қасқа мен жайсаң, бектердің
Таусылды ақыл-амалы,
Бәрі де өтті шұбырып,
120 Қалмады жақсы-жаманы.
Теңіздің бойы ноғайлы,
Ел екен өскен жағалы.
Жарлыны байға теңгерді,
Көңіліне халықтың жел берді
Қыз Назымның заманы.
Сұрады сұлу сөз ашып,
Аузынан дүр шашып:
— Бар ма екен, — деп, — далада
Жігіттің келмей қалғаны?
- 130 Сұлудан үзді күдерін
Дәмелі болып тұрған көп.
Қайтпақшы болды үйіне
Бәрі де бірдей өкпелеп.
Он екі баулы өзбекте
Әзімбай еді қара көк
Арылмаған уызы,
Сабада пісер қымызы,
Арғы атасы асыл тек.
Осыншаның біреуін
140 Тал бойына көрмейді еп.

Қапаланып Назым тұр,
Қабағын түйіп қайғы жеп.
Біреу айтып білдірді:
— Мерекеге келмеген
Әлімбайдың баласы
Қара қасқа атты Қамбар бек.
Ерлікті елден асыраған
Айыбы жалғыз — кедей, — деп.

- Жауап бер[ме]ді қыз Назым
150 Жиылып тұрған кісіге.
Қарамады назар сап
Үш бенденің түсіне.
Қалағаны келмесе,
Басқаменен ісі не?
Қатты батты қапалық
Үлкен менен кішіге.
Жұрт әуес болған сұлудың
Көңлі ауды сыртынан
Ер Қамбардың күшіне.
160 Алты ағасын, әкесін
Ақылмен Назым биледі.
Қайтарды бәрін адамның,
Біреуін таңдап тимеді.
Мұнарадан түсті де,
Көк жорғаны жектіріп,
Келтірді барқыт күймені.
Жақсы көріп жүр еді
Мақтауын есітіп білгелі,
Қандай түрлі екенін
170 Көзімен көріп, білмеді,
Сұлу да қайтты үйіне
Ер Қамбар болып сүйгені.

Жігітінде Әлімбай
Жұрт иесі болған хан.
Қол қусырып сыйлады
Ғазиз тұтып барша жан.

Ол күнде перзент жоқ еді
Дүние малын жиды сан ...*

- Жарлылық шығып көңілінен
180 Қызықта мейірі қанады.
Қасымда адам бар ма деп,
Төңірекке қарады.
Арбаға басқан пішендей
Тұлпарға артып барады.
Жағалай қонған кедейдің
Ашылған әбден араны.
Әлімбайдың баласы
Күніне қиын жарады.
190 Алпыс үйлі Арунның,
Тоқсан үйлі Тобырдың
Қабыл болды тобасы,
Қайнады майға қазаны.

- Қара қасқа атқа жем беріп,
Күніне көрді шабысты.
Қамбардың бар деп тұлпары
Алашқа барды дабысы.
Кедейсің деген кісіге
Қылмайды батыр намысты.
200 Астындағы бедеуі
Суытуы түскен соң
Ұшқан құспен жарысты.
Құйындай шаңы бұрқырап,
Атқан оқтай зырқырап,
Қылады жақын алысты.
Сүңгіген суға үйректей,
Жасырынып қалды аз,
Паналап биік қамысты.
Дабылын қағып, сұңқар сап,
Болмаған күні мыңын ап,
210 Көлдегі құсты тауысты.

* Түпнұсқада көп нүкте қойылған.

- Жұртының көңілі тынады,
Екпіні қатты дауылдап,
Ерлігін әбден сынады.
Ағайыны қуанып,
Аллаға шүкір қылады.
Күмістен тағып қарғысын,
Соңына ертіп тазысын,
Ау қылып Қамбар шығады.
Қасындағы құмайы,
220 Таңынан тартып талайын,
Тау текені жығады.
Айрылады жыртылып
Киік пен жатқан құланы.
Ат-бетіне қарамай,
Ақ бөкендей жосытып,
Айғайын салып қуады.
Ашуменен аямай
Тұлпарға қамшы ұрады.
Найзамен өзі шабақтап,
230 Тазысы жетіп тамақтап,
Қасап сойған ешкідей
Қан сасытып қырады.
Түс қайтып бесін болғанда
Артына мойын бұрады.
Қара қасқа атты қаңтарып,
Маңдайын сүртіп дем алып,
Шылымын шегіп тұрады.
Серкедей басып тақымға
Семізін таңдап жинады,
240 Арығын таңлап алмады.
Оның бәрін артқанмен
Бір атқа қайтіп сияды?

Алпыс үйлі Арунның,
Тоқсан үйлі Тобырдың
Ашыққанын тойғызды,
Батыр туған Қамбардың
Тимеді жоққа зияны.
Шекесінде Қамбардың

- 250 Бар екен алтын тұлымы,
Сұрап алған Құдайдан
Әлімбай ханның құлыны,
Ешкімге аза бермеді
Қыздан да зият қылығы.
Ау қылып шығып жөнеді,
Үйінде болмай тынымы.
Далада жатқан жабылып
Бұрынғы киік тұр еді.
Ордалы құлан обығып,
Бір бөлеге жолығып,
- 260 Жануарлар жабығып,
Көбейіп кетті шығыны.
Тағы да қоймай аулады
Таудағы киік, бұғыны.
Қарсағы бар қасында,
Тазысының алғаны —
Түлкінің арлан қызылы.
Құлақтары салынып,
Жаратқанға жалынып,
Бір жартасқа қамалып,
- 270 Бөрілер қорқып ұлиды.
- Қазақ емес, сарт емес,
Қамбардың түбі ноғайлы,
Азусыз аңды тауысып,
Қоймады қырып оңайды.
Құлан менен киіктің
Далада жатқан бірі жоқ,
Бұрынғы қызық болмайды.
Тұлпарын көлден суарып,
Аралап жүріп келеді
- 280 Ағашы қалың тоғайды.
Етпетінен жығылып,
Ішіне шаттың тығылып,
Тұмсығынан қан аққан
Көреді өлген торайды.
«Хадиса, — деп, — бұл қандай?»
Төңірекке қараса,

- Құйрығын қысып бұтына,
Жолбарыс жатыр ыңыранып
Шабуға таппай орайды.
- 290 Оттай көзі қызарып
Ыңыранған даусы зорайды.
Қаһарға мініп ер Қамбар,
«Қайтесің, — деп, — сен заңғар»
Құдайдан медет сұрайды.
- Жатқандай болды шөккен нар,
Айбаты күшті арыстанның
Қасына қайтіп жақындар?!
Тарығып Қамбар сөйлейді,
Жаратқанға қылып зар:
- 300 — Алдымда ағам, артымда
Сүйеніп жүрген інім жоқ,
Айналуға жерім тар.
Ғайып ерен, қырық шілтен,
Қысылған күні болғын жар!
Қызыл көлін суалдырып
Сексенге шыққан әкемді
Шерменде қылма, Хақ Жаппар!
Басыма салып уайым,
Жалғызды мендей қылма қар.
- 310 Осыдан жетсе ажалым,
Қойылар қайда мазарым,
Жеп кетеді-ау орынсыз
Тоғайда ұшқан қарғалар.
- Қамбар айтты тұлпарға:
— Қанатты туған пырағым,
Аға-іні сен едің,
Тар жерде жолдас, шырағым.
Мойның алтын таяқтай,
Қамыстай екі құлағың,
- 320 Төрт аяғың қазықтай,
Төңкерген кесе — тұяғың.
Сұлулығың сүмбідей,
Жылқыға бітпес, жануар,

Сымбатың менен сыяғың,
Ажалым жетіп осыдан
Өліп кетсем, орным жоқ,
Өзіңе мәлім бұл жағым.
Қара қасқа ат, қалтырап,
Осынша неге қорқасың,
330 Шақ болып тұрма-ай тымағың?!
Қиын екен жалғыздық,
Жабығып қатты жыладым.
Ажал жетпей жан шықпас,
Тәуекелге бел байлап,
Пешенемді сынадым.
Бұл сөзді айтып ер Қамбар
Шерінің барды қасына
Болғай деп асыл мұрадым.

Сол уақытта жолбарыс
340 Түгінің бәрін жатқызды,
Құлағын жымып жасырды.
Керендей ашып ауызын
Арыстан жаман ақырды,
Дауысы жерді көшіріп
Нар маядай бақырды,
Бүркіттей жазып тырнағын
Тұлпарға барып асылды.
Қамбар да қайтпай ұмтылып,
Бар қайратын шақырды,
350 Құйрығынан көтеріп,
Айналдырып басынан
Лақтырып жіберіп,
Қырық қадам жерден асырды.
Құлаған жардай дүрс етіп,
Ырылдауға әлі жоқ,
Демінен түсіп басылды.

Тоқсан үйлі Тобырдың
Қабыл болып тәубасы,
Сақтады Құда батырды.
360 «Осы ма, — деп, — қайратың?»

Тұмсыққа тарақ балтамен
Сондай мықты шеріні
Жалғыз ұрып қатырды.

- Қалыңның шықты ішінен
Ер Қамбар өзін үйіріп,
Көкбардай қылып көтеріп,
Жөнеліп кетіп барады,
Жолбарысын өңгеріп.
Құйрығын жерге шұбатып,
370 Алдына мықтап басады,
Төрт аяғын теңгеріп.
Үлкендігі басының
Он екі қарыс қазандай,
Мықтылығын шерінің
Тамаша қылды ел көріп.
Суытып қойып жатқанша,
Қара қасқа тұлпардың
Қаңтаруын жазды да,
Байлады мейіз-жем беріп.
- 380 Аяғына салғаны
Оқтығы таза күдер-ді,
Көрген жан қайран қалады
Тиегі күміс шідері.
Тебінгілік жүні жоқ,
Терісі болып жарғақтай,
Арықтап әбден жүдеді.
Қабағы қардай жабылып,
Ертелі-кеш сабылып,
Мінісі қатты үдеді.
- 390 Ауыт-ауыт шабылып,
Тұяғы тасқа қағылып,
Шомылып терге жүзеді.
Жатқызып жалын фұштымен
Құйрығын тарап сүзеді.
Алтыннан тағып құйысқан,
Ер өбзелін түзеді.
Құралайдың терісі

Тайжақтысын киеді.
Садаққа салған оқтай боп
400 Тұлпарға тола мінеді.
Қаршығасын көтеріп
Көліне құдың жөнеді.

Қырындап өтіп барады,
Сұңқарын тұтып бетіне.
Түскен жолы Қамбардың
Шұбырған малдың ізі еді;
Жағалай құлын байлаған,
Теңіздің бойын жайлаған,
Қыз Назымның ауылының
410 Үстіне түсті көздері;
Мұны көріп Қамбардың
Жоқшылық кірді есіне.
«Қымызы бар деп ақ үйдің
Түсемін барып несіне».
Қырындап өтіп барады,
Сұңқарын тұтып бетіне.
Қара қасқа тұлпары
Жердің тартып танабын,
Алшаңдап басып асықпай
420 Ауылдың шықты шетіне.

Бұлттан шыққан айға ұқсап
Тұр еді Назым нұрланып,
Атлас көйлек үстінде,
Көк арбаға сүйеніп,
Шыбықтай белі бұралып.
Сүйретіп алтын шашпауын,
Ордаға барып кіреді,
Боз жорға аттай ырғалып.
Аһ ұрғанда аузынан
430 Түтіні шығып сұлудың,
Жүрегі кетті от жанып.
«Қара атты Қамбар қарамай
Не себептен кетті? — деп,
Ашуы келді долданып. —

Ақша бетім қарайып
Қалды ма, — деп, — апырмай?!»
Шар айнасын қолға алып,
Сұңқардай көзі сүзіліп,
Жыламай көңілі бұзылып,
440 Айнаға көзін тұр салып.

Қараңғы тартып көңілі,
Қыз Назымның ішіне
Қапалығы симады.
Шақырып жақын жеңгесін,
Орданы тегіс жинады.
«Түс қайтуға жеткізбей,
Бір ұршықтай жібекті
Иіріп бер», — деп қинады.
«Өкпелер, — деп, — шұнақ қар»
450 Назымның сөзін сыйлады.
Шүйкесін созып шапшаңдап,
Бөрінің басы қақшаңдап,
Бұйырған ісін бітіріп
Айтқанын екі қылмады.

Отыз қатын ойнақтап,
Өрмегін тездеп жүгіртіп,
Табаны жерге жарылып,
Құландай салды дүбірді.
Жүргенде иін тіресіп
460 Тоқталып біраз кідірді.
«Қалдыңдар, — деп, — кешігіп»
Кейіс қып Назым бүлінді.
Іргеден қағып қазығын,
Бір ұшы көлге ілінді.
Қатындар қайтты үйіне,
«Разы бол, — деп, — қош енді,
Баламыз жылап қарны ашып,
Ұрамын десе байымыз,
Айтамыз да жалынып,
470 Алдық, — деп, — сенің тіліңді».

Қыз Назым мінді өрмекке
Иісін жұпар сасытып,
Ашықтық түсті басына,
Сүйегін жаман жасытып,
Даярлап қойды шорыға
Қасына қымыз тасытып.
«Қайтқанда Қамбар ішсін», — деп,
Арақ пенен шарапты
Сандыққа салып сақтады,
480 Бөтелкеге ашытып.

Деңізден шығып ер Қамбар,
Қатарлап артып келеді
Қаз бенен үйрек, тырнаны.
Тұлпардың жүгін бітіріп
Толтырып үстін ырғады,
Қаршығаның қыраны
Қанатты құсты қырғаны.
Шылымның тұтып құмары,
Артына мойын бұрмады.
490 Көрінеді Назымның
Алдына өрмек құрғаны.
Қамбар айтты өзіне:
«Осыған көңілім бөлініп,
Ұмытып кетсем жұртымды,
Құдайдың, — деді, — ұрғаны».
Мәлім болды батырға
Ақылмен өнер іс етіп
Қыздырмақ үшін тұрғаны.

Қысылған жерде шабады
500 Қара қасқа тұлпары,
Нәрсіз оқтай қаңғытып,
Қызықпен көлден су ішпей,
Талады шаршап шаң жұтып,
Тоқтамады кідіріп
Өте шықты қарғытып.
Сөйлесе алмай Қамбарға

Тағы да қалды арманда,
Отырған сұлу көз тұтып.

- Ашуы келіп Назымның,
510 Асау тайдай тулады.
Қапаланып Қамбардан,
Жүрегі қатты сулады.
Қылышын алып қолына,
«Адыра қал, — деп, — сен өрмек»
Алты жерден турады.
Жібекке кетті жаны ашып,
«Не болды, — деп, — шырағым,»
Жеңгелері шулады.
Қаны қашып бетінің,
520 Реңі құмдай қурады.
«Тоқтай тұр, — деп, — ер жігіт!»
Өтіп кеткен Қамбарға
Шақырып қолын бұлғады.
Қара қасқа тұлпардың
Басын тартып кідіріп,
«Не дейді, — деп, — бұл маған»
Жауабын қыздың тыңдады.

- Сонда Назым сөйледі:
— Қайрылмай қайда барасың,
530 Хан сүйекті Қамбар-ау?
Қабағы қатып шаршапты,
Қара атыңның мойнында
Өкпе-бауыр, жал бар-ау.
Арызыма менің құлақ сал,
Ақылың болса, аңғар-ау.
Ақ төсімнің үстінде
Қол тимеген мал бар-ау.
Шөлдесең сусын ішсейші,
Біздің үйге түссейші,
540 Жатып, тұрып кетуге
Күткендей бізде жай бар-ау!
Мойныңды бері бұрсайшы,
Құшақтасып екеуміз

Көріселік тұрсайшы,
Артыңда үңгір, жар бар-ау!

Сонда Қамбар сөйлейді:
— Ағайыным тауысты
Қара аттан бөлек малымды,
Сыртым бүтін, іш түтін,
550 Білмейді ешкім әлімді,
Жолдас қылды Құдайым
Кедейлік деген залымды.
Қой бағу қолдан келмейді,
Ат үстінен соғыс қып
Жемесем тауып нанымды.
Екі аяғым салақтап,
Аш бөрідей жалақтап,
Қинады жоқтық жанымды.
Ұядан жаңғыз баламын,
560 Құс етін беріп бағамын
Үйдегі екі кәрімді.
Оған да назар саламын,
Қабатыма аламын
Алпыс үйлі арунды.
Сеніменен ойнасам,
Айналар ісім қиынға.
Айыпқа мені бұйырма,
Айтамын, Назым, зарымды.

Назым айтты Қамбарға:
570 — Бүгінше бізге мейман бол,
Бәрқашан өтіп жүресің,
Ауылдың үсті ұлы жол.
Қатарлап салып төсекті,
Қасыңа жақын жатайын,
Таң атқанша ұстап қол.
Алпыс үйлі арунға
Асықпасаң барарсың,
Қардар емес бізден ол.
Мың қойлы байдың баласын

580 Ізіңе басқан алмаймын,
Бекзатым, менің пейілім сол.

Ер Қамбар сонда сөйлейді:
— О йерің болмас, — деп, — Назым,
Қатарыңа қарасаң,
Мен емес таңдап тиерің,
Іздегенің асылық
Ыңырсытып байлаған,
Көшкенде топтап айдаған
Мастығы шығар биенің.

590 Байларды шалқар көл қылған,
Кедейді құла шөл қылған
Жарлығы күшті Иенің.
Ит жүгіртіп, құс салам
Сырқырап жаман сүйегім,
Өз теңімнің ішінде
Айтулы ердің бірі едім.
Жолбарыс қандай азулы аң,
Тар тоғайда жолығып,
Оған да табан тіредім.

600 Қайратпен жеңіп өлтіріп,
Шақы ерлерді келтіріп
Алладан медет тіледім,
Жоқ та болса жомарттың
Ісін тұтып жүр едім.
Қол ұстасып, қыз Назым,
Уағда қылсам сенімен,
Бір жаман келіп малы көп
Алып кетсе, айырылып
Абыройым ашылар,

610 Қайғыменен басылар
Ат басындай жүрегім.

Сонда Назым сөйлейді:
— Дүние боқтың аздығын
Қайратты-ай жігіт елей ме!
Сақа қылған бар ма екен
Қорғасын құйып кенейге?!

- Жаны бар кісі қонаққа
Қыз шақырса келмей ме?!
Басыма салып уайым,
620 Жалындырған Құдайым
Жалғыз атты кедейге.
Есен тұрсам сау болып
Ғеш уайым жемеймін,
Он екі баулы өзбектен
Тақ отырмын демеймін.
Сайратып тілді көмейден
Жағымды қайрап безеймін.
Бөтен туған бала едің,
Жұртқа тұлға болғандай,
630 Сол себеп сені тежеймін.
Ақылың болса ойлап тұр,
Ендігісін өзің біл,
Асырып мұнан не дейін?!

- Қамбар менен Назымның
Асылық болып таласы,
Қасірет қоймай айтысып,
Ұзады сөздің саласы.
Ажырамай тұр еді
Екеуінің арасы,
640 Әңгімеге айналып,
Өтіп кетті кешігіп
Қайтатұғын шамасы.
Үйінен шықты далаға
Назымның үлкен ағасы.
Қарындасы қасында,
Оқалы бөрік басында,
Көлденеңдеп тұр екен
Қамбардың қасқа қарасы.

- Көргеннен соң бұларды
650 Ашуға мінді Қабыршақ.
Адамда жаман сол еді,
Сақалы ұзын ақымақ.
Айқайын салып келеді,

- Бақырауық неме еді,
Өңгі есектей аңқылдап.
— Қораз, Дараз, Алшыораз,
Қайдасың, — деді, — Қарымсақ?!
Қорлағаны емес пе
Жалаңаяқ жарлының
660 Жүргені бізге жақындап.
Інілеріне айтады:
— Ақ семсерді қолыңа ап,
Маңдайын жарып, басын шап.
Жерге түссін мойыны,
Келеді кіммен ойыны?!
Қызға таңсық мырзаның
Қылышпенен көңілін тап!
- Бесеу еді белгілі
Өзімбайдың тентегі,
670 «Қайда, — деп, — кедей» жүгірді,
Қолында бір-бір келтегі.
Жын ұрғандай бұрқылдап,
Адамның бәрін жинады,
Түсіп қалды бір жерге
Басынан тері телпегі.
Алтауының ішінде
Ақылы көп артықша
Алшыораз еді еркегі,
Ағаларына айтады:
680 — Қамбардың көңілін қалдырма,
Қайратты туған ер еді,
Болар, — деп, — бір күн дәркері.
- Қарымсақ сонда сөйледі,
Бөріне қылып өкпені:
— Алды-артында қара жоқ,
Бү кедей бізден көп пе еді?
Қораз, сенің жаманың,
Ауылдың үстін жол қылып,
Іргені жанап өткені,
690 Ажалына асығып

Өз басына жеткені.
Қабыршақ, Дараз, қайдасың?
Ат үстінен аударып,
Қолын байлап Қамбардың,
Дәл көтіне теп, — деді.
Тумай кеткір, Алшыораз,
Көзіме менің көрінбе,
Тұр, жоғал, аулақ кет, — деді.
Алты ұлдың ішінде,
700 Әкем, шешем арқалап,
Аяулы өскен Назымды
Жалғыз атты кедейге
Бермегіміз еп пе еді?

Алшыораз айтты: — Ағалар,
Сүйінбе малдың көбіне,
Кімді қырып тастайсың
Жан көрінбей көзіңе.
Көтере алмай жүрсіңдер
Бергенін Құдай өзіңе,
710 Менің де келді ашуым
Сендердің айтқан сөзіңе,
Үй жығылып қалғандай
Қойныңның бір қап желіне.
Ғешкімнің тілін алмайсың
Едіреңдеп бөрің де,
Пісіріп нанды деміңе.
Екіталай іс болып
Ат құлағы теңессе,
Паналарсың тығылып
720 Осының барып жеңіне.
Әлімбай ханның баласы
Қарасаң ақыл, тегіне,
Қарындасың кем болмас,
Батырдың түссе шеніне.
Ағайынмен ойласып,
Назымжанды қосайық,
Қаласа Құдай, теңіне.

- Дараз айтты: — Ағалар,
Артық екен бізден де
730 Алшыораздың ақылы.
Ағаш үйлі өзбектің
Сүйегі тамыр болады
Құдайдан соңғы жақыны.
Ойлағанға кідіріп
Осы екен істің мақұлы.
Кекті болып кетпесін
Ноғайлының батыры.
Азулымен өшіксең,
Тигізер зиян ақыры.
- 740 Бұл сөзді есітіп тентектер
Таяғын жерге тастады,
Бөрінің қайтып ашуы.
Миығынан бір күліп
Назымның тартты тақымы.
Жөнеліп Қамбар барады,
Шаңғытып жерді тұяғы,
Тұлпардың шығып тасыры.
- Қыз Назымға жаушы ғып
Жиырма жігіт жіберді
750 Қалмақтың ханы жұртынан,
Құйрық-жалы түйілген
Құр айғыр ұстап жылқыдан.
Жолға түсіп жосытып
Жорғадан мініп былқыған,
Сусар бөрік басында
Үстіне киіп құлпыдан.
Керейұлы Келмембет
Сөйлес қылып кідірді
Ауылдың келіп сыртынан.
- 760 Аяғын жерге жай басып,
Манаурап көзін зорға ашып,
Өзімбай шықты далаға,
Тұрғандай болып ұйқыдан.

- Өзімбай сонда сөйледі
Ашуы келіп азырақ,
Беті оттай қабынып,
Омырауын көтеріп
Нар бурадай шабынып,
Белін бұмай, желбегей
770 Бөрі ішігін жамылып,
Қабаттап киген камзолды
Сыдыра түйме тағынып:
— Ертелі-кеш шұбырып,
Қонады мейман ағылып,
Кедейлер мені көрмесе,
Қалады, — деді, — сағынып.
Отымның басын бермеді,
Іздеген жоғы табылып.
Керейұлы Келмембет,
780 Сендер де келдің сабылып,
Киіз ілмес кешқұрым,
Танымаушы едім һешбірін,
Қайырлы болсын сапарың,
Жөніңді келген сұраймын,
Жүрсіңдер, балам, нағылып?
- Келмембет сонда сөйлейді:
— Болсын, — деп, — әлей, Өзімбай,
Арызымды сізге айтамын
Көтерсең менің назымды.
790 Саусағы алтын сұңқарға
Ілдірейін деп келдім
Көлдегі үйрек, қазыңды.
Алтайы қызыл түлкіңе
Қосайын деп ойлап ем
Құмай жүйрік тазымды.
Тікпекке ақ үй сұраймын
Ел қонбаған сазыңды.
Бұйырып патшам жіберген,
Қайта алмаймын бұл жерден,
800 Іздеген жоғым табылмай.

- Келмембет тағы сөйледі:
— Асықпасаң, бай-еке,
Мүйізі ұзын боз бұқа
Пәйкелінді аңқытып,
Пәлегінді үзеді.
Артына қарап бұрылып,
Айдайын десең, сүзеді.
Исі жұртқа жайылып
Піскен аңқып түйнегің,
810 Қолына өткір кездік ап
Ортасынан тіледі.
Жемекке әркім әуес қып
Көрмей-ақ сырттан біледі.
Қанатты қара бүркітім
Асыраған әлпештеп
Аққуыңды іледі,
Құс етінен тояттап
Кеудесіне мінеді.
820 Дос адамың қайғырып,
Дұшпаның қатты күледі.
Осы айтқаным болмаса,
Тұғырға сұңқар қонбаса,
Ноғайлы елің бүледі.
- Келмембет тағы сөйледі:
— Бұғалық салып мойнына,
Жуасытып қайтамын,
Асауыңды үйретіп.
Азулы арлан бөріме
Жегіземін құйрығын,
830 Бағланыңды сүйретіп.
Тістетемін тамағын
Қабырғасын күйретіп,
Ақ сапты полат найзамен
Шанышқызамын түйретіп,
Түлейден қашқан түлкіңді
Ұстайын қуып індетіп.
Мекен еткен қырғауылыңның
Қызығын көрсем деп едім,

- 840 Шеңгелдетіп мойнынан
Лашын құсқа жүндетіп.
- Келмембет тағы сөйледі:
— Сен сұрасаң, Өзімбай,
Айтайын келген жөнімді,
Арада жүрген жегеме
Қиемін қымбат тоныңды.
Мәрт кісінің белгісі —
Бітірсең тездеп сонымды.
Ғешкім саған тие алмас,
Ұстасаң менің қолымды.
- 850 Жаушы қып патшам жіберді
Жеті атасы орынды.
Алатаудай айбаты,
Рүстем-Дастан порымды,
Ерегіссең онымен,
Құртады өбден сорыңды.
Сәулеті мен дәулеті
Құп өзіне қонымды.
Бүгін саған мейманмын,
Таңдап сой семіз қойыңды.
- 860 Құда түсіп, құйрық жеп,
Қыламыз қызық ойыңды,
Ноғайлыңды шақырма,
Өзіме бер тойыңды.
Бір үйіңді босатып,
Салдырып төсек, ат ұста,
Тырнадай созып мойныңды.
- Отаудан шығып далаға
Алшыораз сонда сөйлейді:
— Жүрсіндер қайдан адасып,
870 Қалмақтың қайсы бектері?
Екі іініңнен дем алып
Екпінің қатты білінді
Қараман дәудің ерлері.
Айтар сөзге шілеңгер,
Сен екенсің зерігер,

- Келмембет деп естуші ек,
Ініңнің осы көргені.
Би-еке, сізде бар екен
Бұрынғының өрнегі.
880 Жақсы адамда жаттық жоқ,
Жасың үлкен ағасың,
Көріселік, кел бері.

- Келмембет сонда сөйлейді:
— Ер екенсің, Алшыораз,
Бала жолбарыс пішімді,
Жүр екенсің селтеңдеп,
Қайратың қысып ішінді,
Кездестірді Құдайым
Ізденіп шыққан кісімді.
890 Ерегіссең менімен,
Көрсетермін күшімді.
Ақылың болса, жарқыным,
Жіберме шарға ісімді.
Қадіріме жетер ең,
Танымайсың түсімді.
Сол сөзді айтып Келмембет:
«Көріссең кел, — деп, — шырағым»
Еңкейіп қолын ұсынды.

- Жағадан ұстап Алшыораз
900 Талия тартып табанын,
Ат үстінен жұлып ап,
Аударып жерге түсірді.
Жаушыға келген батырдың
Зәресін жаман ұшырды.
Келмембеттің үстінде
Жігіті қылды ұрысты,
Тарта соқты таяғын,
Бере алмай көпке тұрысты.
Көтеріліп табаны
910 Атының мойнын бұрысты,
Шайындыны тасалап
Қалмақтар қашып жарысты.

Алшыораз атып мылтықты,
Сілтеді өткір қылышты.
Қараман дәудің ерлері
Төбе[ге] ойнап шығысты.
Қатын-бала соңына
Қарғадай түсіп шуылдап,
Біреуін қоймай қырысты.
920 Бәрі де қайтты үйіне
«Оңла, — деп, — Құдай, бұл істі»

Қайтып келіп қасына,
Келмембеттің Алшыораз
Құлағын отап құнтитты,
Өткір қара пышақпен
Мұрнын кесіп шұнтитты.
Қылшықтай мойнын қуартып,
Тоқпақтай басын сымпитты,
Қояндай көзін бадырайтып,
930 Бүйректей бетін бұлтитты.
Төскейден қашқан борсықтың
Ініндей қылып үңірейтіп,
Танауын екі таңқитты.

Алшыораз сонда сөйледі:
— Жүр едің мас боп, Келмембет,
Құдайдың берген бағына.
Басыңнан құлақ садаға,
Боласың адам тағы да,
Ішпесе тамақ өлер деп,
940 Қылмадым зиян жағыңа.
Кесілген жерің жайласар,
Шүкір ет қалған жаныңа.
Біз таласып бармаймыз
Қыз, келіншек, бойжеткен,
Некелеп алған жарыңа.
Қазақ пен қалмақ қатысып
Құда болған бар ма екен
Бұрынғыдан соңғыға.

Дұғай сәлем дегейсің
950 Қараман дәудей ханыңа.

Келмембет сонда сөйледі:
— Қол-аяғым болмаса,
Қоймадың аман жерімді,
Соғымға сойған өгіздей
Алғаның жақсы терімді.
Әбден жүзіқарамын,
Қандай қып елге барамын,
Кеуілжірім кесіліп,
Маңдайдан миым көрінді.
960 Тұмсығымнан айрылып,
Есіл мұрным бүлінді.
Далаға шықсам жылаймын,
Құдайдан сұрап өлімді,
Жолымен келген қайтсын деп,
Оймадың екі көзімді.
Құлағым құрсын, ырзамын,
Жіберсең тірі өзімді.
Қараман дәуге тапсырған,
Қалдырмай бірін, шырағым,
970 Аман барсам ит-құстан,
Жеткізермін сөзіңді.

Келмембет Алшыоразға көп сөз айтып,
«Көргенше, аман бол» деп кетті қайтып.
Алдына патшасының барды жетіп,
Шомылып тұла бойы қанға батып.

Қараман мұны көріп қайран қалды,
Шошынып ет жүрегі есін танды.
Әлінен Келмембеттің сөз сұра деп,
Отырған бір уәзірге ақыл салды.
980 «Түбіңе, қап, ноғайлы, жетермін», — деп
Падиша ашуланып қапа болды.

Жолбарыстай ыңранып
Қараман қылды қаһарын,

- Айдаһардай ысқырып
Бетіне жайды заһарын,
Бір жасауыл жіберіп
Жинады тегіс шаһарын.
Бес мың алды адамнан
Ноғайлыға бармаққа,
990 Жігіттің өңшең қатарын.
Даяр болды жүрмекке
Құдайдан сұрап сапарын.
- Қараман шықты қаладан
Кернейлері бақылдап,
Байрақтай тулар парылдап,
Алтыннан қалқан дарылдап,
Сыбызғы сырнай шақылдап,
Мінгендері дал бедеу,
Келеді бектер лапылдап,
1000 Аударысып ойнайды
Буыршындай тақымдап.
Шаншысады машық қып
Ақ найзасы сатырлап,
Көрінеді алыстан
Жұлдыздай ұшы жалтылдап.
Бір күн өтіп арадан,
Өзімбайдың аулының
Үстіне келді жақындап.
- Бие бауы шалғынға
1010 Қондырды патша қосынды,
Ләшкерді көріп сыртынан
Өзімбай жаман шошынды.
Шақырып алып алдына
Алшыоразға кейіді:
— Айтып едім, жүгермек,
Қылдың, — деп, — бекер осыңды,
Қарындасың екеуің
Қамбарды ер деп мақтаушы ең,
Табасың қайдан десіңді?
1020 «Ақырын, Құдай, онда!», — деп,

Бұл сөзді айтып Өзімбай
Көзінің жасы жосылды.

Қараман дәудің бектері
Алдына қоршап жиылды.
Өздерімен олар да
Құдайына таза сиынды.
«Патшаға қызын бермесе,
Қылайық, — деп кеңесті, —
Өзімбайға қиынды».

- 1030 Бел байлады бөрі де
Алшыоразбен жауласып
Өткізбекке бейілді.
Қараман айтты бұл сөзді:
— Ноғайлының қайраты
Маған салсаң тиеді.
Қырық жігітке бас болып
Алшыоразға жолық, — деп,
Келмембет ерді бұйырды.

- 1040 Патшадан пәрмен болған соң,
Келмембет мінді атына.
Бітеу сойып аққудың
Терісін киді басына,
Жөнеліп кетіп барады,
Қырық жігіт ертіп қасына.
Өзімбайдың аулына
Жетіп барды сол уақытта,
Мойнын бұрмай артына.

- 1050 Келмембет сонда сөйледі:
— Үйіңде болсаң, Өзімбай,
Жауап бер бізге жолығып,
Қараман қонды қасыңа,
Олжаға қалдың молығып,
Күні-түні тыныш жоқ,
Шаршадым әбден зорығып,
Ортада өзім жүрмесем,
Қазақ пен қалмақ ұрысып

Қырылар дедім обығып.
Ашуы жаман Алшыораз
Біштанымды шешсе деп,
1060 Тұрмығымды кессе деп,
Айта алмай тұрмын қорынып.
Ерегіссең менімен,
Талаң қылып шалыңды,
Шауып алып малыңды,
Асықпасаң қайтармын
Қатыныңды шоры ғып.

Сол уақытта Әзімбай
Түрегелді орнынан,
Көкірегі күрілдеп,
1070 Көзінің алды іріңдеп,
Қайрат берді өзіне,
«Көтере көр, пірім», — деп,
Үш сүрініп жығылды,
Әр буыны дірілдеп.
Екі қолын қусырып
Есіктен шықты далаға.
Әзімбай айтты: — Келмембет,
Қайттың ба барып қалаға?
Іздегенің мал болса,
1080 Патшадан барым садаға.
Қолыңнан келсе, жәрдем ет
Қартайған мендей ағаңа.
Жақсының кегі, Келмембет,
Жібек орамал кепкенше,
Жаманның кегі һәр жерде
Басы жерге жеткенше»,
Тимесін қолың жағама.
Оңаша үйге түсе тұр,
Шөлдесең, сусын іше тұр,
1090 Саған жауап берейін,
Ойласып қатын-балаға.

Атын ұстап түсіріп
Сыйлады күтіп қалмақты,

- Ерегісіп болмайды
Әскер жатыр салмақты,
Ағайынын шақырып
Жинады тегіс жан-жақты.
Алшыораз да айбатты,
Ер еді асқан ардақты,
1100 Келмембеттің алдына
Қызмет қылып бармапты.
«Бұйырған алар біреуі,
Қараға да, ханға да
Беріңдер, — деп, — Назымды»
Өзімбай жылап зарлапты.
- Ағайыны жиылып
Алшыоразбен кеңесті:
— Берейік, — деді, — Назымды,
Патшаға қылмай егесті,
1110 Қалмақпенен өшіксең
Ат құлағы теңесті,
Келмембеттей батырдың
Құлағын кесіп құнтитып,
Іс қылып едің өрескі.
Тоғыз бие тарту қып
Алдына алып барайық,
Қамбар тірі тұрғанда
Үешкім бізді жемес-ті.
Жай айтпасақ жалынып,
1120 Сүйегі асыл ақ полат
Өздігінен келмес-ті.
- Өзімбай сонда сөйледі:
— Жаңа таптың ақылды,
Ырзамын саған, халайық,
Қол қусырып, қой сойып
Қалмақты күтіп алайық.
Келмембеттің өзіне
Ықтиярды салайық,
Ерегесіп ханменен
1130 Ұялып жұрттан қалмайық.

Құтыламыз қандай ғып
Бұған бір айла қылайық.
Не десе де мақұл деп,
Ауызына қарайық,
Басыңды бұзба, ағайын,
Алдына тегіс барайық.

1140 Қызмет шегіп жүгірді
Келмембет ердің жолында,
Неше түрлі дастарқан
Бозбаланың қолында.
Зияпатын асырып
Өзімбай тұрды оңында,
Айдаған қойдай топтанып
Шұбырған адам соңында.
Екі жорға даярлап,
Келмембеттің үстіне
Жағасы алтын шекеге
Кигізді қымқап тонын да.

1150 Келмембет айтты: — Өзімбай,
Арызымды жақсы тыңладың,
Бұл сапарда бұрынғы
Әдетіңді қылмадың,
Қадіріме бек жетіп
Қасиеттеп сыйладың.
Ауылдың үстін шаңдатып
Адамды мұнша жинадың,
Тағы да Құдай ұрды деп,
Қалмады қорқып иманым.
Қанша кінәм асса да,
1160 Өлімге мені қимадың,
Көрінеді көзіме
Оттан да ыстық дидарың.
Ақылыңа төнтімін,
Назымды беріп патшаға,
Артықша болды тынғаның.

- Өзімбай айтты: — Келмембет,
Ағайыным жиылып
Ақылымды талады,
Алшыоразды айнытып
- 1170 Һәр түрлі жолға салады.
Қартайсам да қайратпен
Көндірдім қатын-баланы,
Қатарым деп өзімнің
Назымжан ханды қалады.
Қызға жаушы көп екен,
Тағдырда жазған алады.
Қараман — күйеу, біз — ата,
Қайтпасын ердің талабы.
Жұрт егесі патшаның
- 1180 Болмасын құр қадамы.
Сан жылқыны аралап
Семізін таңдап сояйын,
Сабаға қымыз ашытып,
Даярлап бәрін қояйын,
Тілесе нені тамағы.
Қырық күн ұдай тойым бар,
Һәр түрлі қызық ойын бар,
Тамашаға жиылсын
Алты алаштың адамы.
- 1190 Қош айтысып баршаға
Келмембет қайтты қуанып,
Өткен күнді ұмытып
Жылаған көңлі жұбанып.
«Сәлемде, — деп, — патшаға»
Өзімбай қалды шығарып,
Қырық жігіт жосып жөнөді
Ілгері-кейін шұбалып.
Алдына барып Келмембет
Шатырдың түсті түбіне,
- 1200 Оттай беті қызарып,
Сәлем берді патшаға
Төмен қарап мұңайып.
Қараман айтты: — Келмембет,

Қыз Назымнан не хабар,
Қайттың ба, — деді, — тіл алып?

- Келмембет айтты: — Падишам,
Ноғайлының қызбадым
Тай тұяқ, жамбы, пұлына.
Ызғарыма шыдамай,
1210 Жиылып шықты ырқыма,
Бәрі де қорқып жүр екен
Көңліме салған дығына.
Зияндасты көшіріп
Тастаған жолға бастай боп,
Түссем әбден сыныма,
Көп кейіді Әзімбай
Алшыораз деген ұлына.
Сізге берді-ай Назымды
1220 Құлағымның құнына,
Жылқы иесі Қараман,
Ырза бол мендей құлыңа.
Сүйтіп сізден сұраймын
Мархамат етсең мұныма.

- Қараман сонда сөйледі-ай:
— Сүйінші десең, Келмембет,
Көңіліңді сенің табайын,
Өлгеніңше өзіңді
Тәрбиалап бағайын.
Аяғыңа жығылып
1230 Дұшманың болсын ағайын,
Ерегіскен кісіңнің
Жүрегін майдай шағайын;
Етін итке жегізіп,
Сүйегін өртеп жағайын;
Бетіңе біреу қараса,
Күрзімен ұрып сабайын;
Төтесінен сіңіріп,
Қазықтай жерге қағайын.
Құдай берсе, Назымды
1240 Қалаға алып барайын,

Қондырайын оңаша
Алтыннан салып сарайын.
Сүйіншіге, Келмембет,
Һәр уақыт халіңе
Хабардар болып қарайын.
Дүние таппай қысылсаң,
Қазынамды сарып қып,
Күніңе қиын жарайын.

- 1250 Қараман қайраттанды көңілі тасып,
Хош болып уақыты хадден асып.
Әскерге топ аттырып, керней қойды,
Алам деп Назым қызды, болса нәсіп.
«Құдай-а, не шараны көрсеттің», — деп,
Әзімбай қапаланды қайғы басып.
Аздықтың қасіреті осы екен деп,
Айрылып ақылынан қалды сасып.
Қалмақтың зорлығына шыдай алмай,
Сүйегі жабырқанды жаман жасып.
1260 Жіберді тарту қылып тоғыз адам,
Қамбарға қайтыңдар деп амандасып.
«Санаулы қырық күн ұдай тойым бар», — деп
Білдірді және халыққа хабар шашып.

- Әзімбай айтты жақсылап
Ер Қамбарға сәлемді:
«Түбіміз бірге туыс-ты,
Ағайын кісі үсте ме,
Қалайша бізбен суысты?
Керейұлы Келмембет
Бәленің жолын қуысты.
1270 Көптігіне сүйеніп
Қалмақ та белін буысты.
Бүркіттей жазып шеңгелін
Салмаққа даяр ұрысты.
Қайратымыз аспайды,
Қылайық десек ұрысты.
Сүйегін сұлтан қорлай ма,
Ойласын батыр бұл істі.

Жауың жаман сенің-ай,
Тастасын басқа жұмысты».
1280 Тоқсан үйлі Тобыр мен
Алпыс үйлі Аруны
Ашыққанда жесін деп,
Қоржынға салып жіберді
Ат басындай алтын мен
Қой басындай күмісті.

Ордасының сыртында
Отыр еді ер Қамбар,
Салдырып төсек паластан.
Қарсыласқан дұшпанға
1290 Қайраты асқан алаштан.
Қараман ханды білмейді
Қыз Назымға таласқан.
Арыстанның көзі көреді —
Бір топ адам келеді
Төңірекке қарасқан,
Жан-жағына алаңдап
Кісіге ұсап адасқан.
Аттары болып қара тер,
Ұшырады Қамбарға
1300 Жақындағанда намазшам.

Қамбар айтты: — Жақсылар,
Ашылсын жүрген жолыңыз,
Асығып қайда барасыз,
Ауылға мейман болыңыз.
Құс етін жеңіз қақтаған,
Қазымыз жоқ сақтаған,
Бәріңіз аттан түсіңіз,
«Жарлылығын жасырған
Байымас» деген бұрынғы,
1310 Аспандағы бұлтқа
Жетпейді созсақ қолымыз.
Жоқшылықтың жөнінен,
Құралайдың терісі
Ақ шолақ киген тонымыз.

- «Бар мақтанса табылар»,
Дүние боқтың қорымыз.
Өлімге өзін айдаған,
Еңбекке белін байлаған
Қас кедейдің зорымыз.
- 1320 Соятұғын қойым жоқ,
Айыпқа мені бұйырма,
Ағалар, қиын сонымыз.
- Жәдігер айтты Қамбарға:
— Алатаудай айбатың,
Ер екенсің айтулы,
Атаңа ұсап айнымай
Қуыпсың жастан салтыңды,
Арызымды сізге білдіріп,
Ойланып тұрмын қайтуды.
- 1330 Қарқын су келіп қаптады
Ондағы жатқан халқыңды.
«Кінәміз болса өтсін», — деп,
Әзімбай беріп жіберді
Қой басындай күміс пен
Ат басындай алтынды.
«Баламыз еді көрмеген,
Алыңдар, — деп, — көлденең»
Жылқыдан және айдатты
Тоғыз бие тартуды.
- 1340 Жәдігер тағы сөйледі:
— Ойда жоқ жерде от шығып,
Қонысымыз тарылды,
Қызуына шыдамай
Жүрегіміз жарылды.
Өртеп кетіп барады
Өзеннің бойы қалыңды,
Шарпуы жұртқа тиеді,
Өшірмесең жалынды.
Хан сүйекті Қамбаржан,
- 1350 Айтамын сізге зарымды,
Дұшпанға көрсет бір қайрат,

Білдіріп елде барыңды.
Өкініші көп болып,
Өткен іс келмес орнына,
Ертерек білдір арыңды.

- Жердің жүзі[н] сел алды,
Бөгетті қайдан саласың,
Ағысы жаман теңіздің,
Тоқтатып қайтіп аласың?
1360 Қайратты туған ер едің,
Бұған бір айла табасың.
Өз теңіңнің ішінде
Ақылың асқан данасың.
Жұбатасың жыласа
Ноғайлының баласын,
Атыңа, батыр, ерте мін,
Арманда болып қаласың.
Жауап берсең, қайтамын,
Ағайынды жинап алып,
1370 Назым қыздың әкесі
Өзімбайға айтамын,
Қай шамада барасың?

- Қамбар айтты: — Жәдігер,
Қылмаңыз көп уайым,
Әуелі Алла, екінші
Жұрт үшін белді буайын,
Өртіңді жанған өшіріп,
Асырып қырдан қуайын.
Халқыңыз қапа болмасын,
1380 Есен барса жолбарысың,
Сындырамын дұшпанды,
Медет берсе Құдайым.
Өзімбайдың ақымақ
Алты итіне өкпелеп,
Жаманның ісін қылмайын,
Епсіз қылған ұрлыққа
Тірі боп қайтіп шыдайын.
Ибалы жасы, иманды

Ақ сақалды көрия,
1390 Ағаларға сәлем де!
Қара қасқа тұлпарға
Жұлдыздың мініп оңынан,
Сәтті күні шығайын.

Жәдігер айтты Қамбарға:
— Қайсар туған неме екен,
Қараман патша қасарды,
Шатырын тігіп шаңдатып,
Қорқытты біздей нашарды.
1400 Кетпекке айла таппадық,
Ойланып едік қашарды.
Аралас қонып ауылға
Жақындап жаулар жасанды,
Сырымызды білдірсек,
Ноғайлыны шаппаққа
Қалмақтар ішті қасамды.
Жайқалып өсіп жасынан
Әзімбайдың бір қызы
Назым сұлу атанды,
1410 Арам қылып кетпесін,
Зәңгінің қолы жетпесін,
Аяққа алтын құюлы
Күшік ит ішіп әселді.

Қамбар айтты: — Жәдігер,
Аз болып туған атадан,
Жолынан жүрген адасқан,
«Көлеңке жерге түспейді
Жапырақсыз ағаштан».
Кедей де болсам, көп еді
Қасыма қоңсы жанасқан.
1420 Бармаққа қылдым уағда
Атыма назар салмастан.
Құбылагөй ата-анамды
Кім бағады өзімдей?
Түзге шықсам үйім жоқ,
Бендеге қиын жалғыздық

- Бір Құдайға жарасқан.
 Ел ішінде кем болдым
 Жал менен құйрық, қанаттан.
 Бұрынғының нақылы —
 1430 «Нұр жауар, — деген, — талаптан»
 Уағдаға опа қып,
 Бесінші күн жетемін
 Тірі қып қойса Жаратқан!
- Хош айтып, жауап берді Қамбар мырза,
 Жәдігер қайтып кетті болып ырза.
 Қалмақтың әскерінен жасырынып,
 Жол жүріп түніменен келді мұнда.
- Аузында Жәдігердің — көптің көзі,
 Баршаға жауап берді жалғыз өзі.
 1440 Халайық құлақ салып құп тыңдады
 Қамбардың қандай түрлі бар деп сөзі.
- Жәдігер: — Бардым, — деді, — Қамбар бекке, —
 Сәлемді түсіндіріп айтты көпке, —
 Қабыршақ, Қарымсақ пен Қораз, Дараз
 Жүр екен төртеуіне қылып өкпе.
 «Жолыңда хан баласы көпір болса,
 Үстінен кем тұтынып басып өтпе».
 Алшыораз ағайынмен ақылдасып,
 Сөйлесті ғой барлығы шығып шетке.
- 1450 Үй тікті, отын жиып, бастандырып,
 Соймаққа талап етті малды қырып.
 Өзінің шатырында бектерімен
 Мәжіліс отыр еді патша құрып.
 — Ей, шаһым, сізге айтатын арызым бар, — деп,
 Келмембет сөз сөйледі құлдық ұрып, —
 Ноғайдың Қамбар деген батыры бар,
 Мереке алдыңызда болмай тұрып.
 — Қамбарды жүрген болсаң бұрын танып,
 Хабар бер, атқа мініп өзің барып.

- 1460 Көрейін қандай түрлі батыр екен,
Алдыма кешіктірмей келгін алып.
Тоқтатса қарсылық қылып әмірімді,
Жабырқан жалаң аяқ жолға салып.

Келмембет ырғып мініп жорғасына,
Жөнелді Ноғайлының жолбарысына.
Қаңбақтай жел аударған дөңгеленіп,
Қамбардың барды жетіп ордасына.

- Ер Қамбар Келмембетті көрді қарап,
Түр еді қара атының жалын тарап.
1470 Құрысты тұла бойы қайраттанып,
Мысалы мас болғандай ішіп арақ.
Адам деп мұның өзі қандай түрлі,
Азырақ сөйлесуге қылды талап.

Келмембет айтты дауыстап:

- Амансың ба, Қамбаржан,
Алып кел деп алдыма
Жіберіп еді Қараман,
Өзімбайдың үстінде
Мейман болып жатырмыз,
1480 Көп күндер өтті арадан.
Нәсіп айдап бұл жаққа
Шығып едік қаладан,
Патшаның мейірі қанбады
Сөйлесіп қатын-баладан.
«Әңгімеге айланбай
Ат үстінен айт тағы,
Қайт, — деп еді, — даладан».

- Бұл сөзді естіп Қамбардың
Қайраты судай тасады,
1490 Жолбарыстай ыңранып,
Шыбықтай белі бұралып,
Қаһармен жерді басады.
Бері еңгерген ылақтай
Келмембет қорқып сасады.

- «Шапшаң жүр, — деп, — шырағым»
 Кейін қарап қашады,
 Тағы да ұстап алар деп,
 Дөңгелетіп жорғасын,
 Бауырлап қамшы басады.
- 1500 Қараманның алдына
 Қайтып барып Келмембет
 «Келдім, — деп, — [барып] Қамбарға,
 Келеді, — деп, — кешікпей»,
 Өтірік сөзді басады.

- Шабыты қатты бүркіттей
 Шаңқылдап даусын шығарып,
 Патша сонда сөйлейді:
 — Өзіңменен қосылып
 Қамбар неге келмеді?
- 1510 Қарсыласып менімен
 Ноғайлы да ел ме еді?!
 Алдыңа салып айдамай,
 Екі қолын байламай,
 Кеткенің тастап жөн бе еді?!
 Бұйрығыма бұл күнде
 Қай мұсылман көнбейді?!
 Жалғыз атты кедейдің
 Жарасар ма екен жеңгені?!
 Барған ісін бітірмей,
- 1520 Келгенше қайтып қатындай,
 Жігіттің жақсы өлгені.
 Қатты ұялып қысылып,
 Көп жауапқа тұтылып
 Келмембет батыр терледі.

- Келмембет айтты: — А, патшам,
 Көп қылып едім зорлықты
 Жетім менен жесірге,
 Қайратым жетіп түбіме,
 Алшыораздың қорлығы,
- 1530 Ұшырадым кесірге,
 Теңдесуге кісімен

Тұрады шықпай есімде.
Жайын айтып жалынып,
Қалмаған екем бітімде.
Ар жағы үш күн, бер жағы
Уағда қылып менімен,
Келеді Қамбар бесінде.

Келмембет кетіп Қамбардың
Қайғыға іші толады,
1540 Жалғыздық түсіп ойына
Өңі гүлдей солады.
Бадана көз берік сауыт
Баса үстіне киеді,
Жау-жарағын асынып
Жүрмекке даяр болады,
Құрама болат дулыға
Шекесіне қояды.
Ордасында отырып,
Шарапқа әбден тояды.

1550 «Әумин» деп қол жайып,
Бір Құдайға тапсырып,
Жұртынан жауап сұрады.
Қош айтысып Қамбарға
Тоқсан үйлі Тобыр мен
Алпыс үйлі Аруны
Амандасып жылады.
«Арыстан, аман келгей», — деп
Бері де дұға қылады.

Бастырып қатты қадамын
1560 Қара қасқа тұлпарды
Қаһарланып ұрады,
Құстай ұшып ашумен
Тезде жетіп барады.
Өзімбайға қайрылмай,
Шатырына патшаның
Атының мойнын бұрады.
Үзеңгісін шіреніп,

Ақ найзасын сүйеніп,
Тұмсығын тығып тұлпардың
1570 Есігінде тұрады.

Сол уақытта болғанда,
Керейұлы Келмембет
Жүрегі тұрмай орнында
Далаға іштен шығады,
Көзі түсіп Қамбарға,
Айтайын деп патшаға,
Шегініп кейін бұғады.

Тізгінін тартып қаңтарып
Қамбар бек түсті атынан,
1580 Кіріп келді шатырға
Келмембеттің артынан.
«Жоғары шық» деп Қараман
Орын берді қасынан.
Ерегіскен дұшпаннан
Абырой алған жасынан,
Алмас тая белінде
Өңі суық батырдың,
Өзінің қорықты басынан.
1590 Сырттағы тұрған кісіге
Сиясат қылып сөйледі,
Білдірмей сырын шошыған.
Патша айтты Қамбарға:
— Өлтірейін деп едім,
Кешіксең келмей осыдан.

Қамбар айтты: — Падишам,
Атпенен тасып ауылымды,
Қондырып едім көшіріп.
Пәлен жерден от қашып,
Сөндірдім оны өшіріп.
1600 Кедейліктің жөнінен
Шыға алмаймын далаға,
Қанатым екі кесіліп.
Қара қасқа тұлпарда

- Күні-түні тыным жоқ,
Тебінгісі сартылдап
Терісі қалды тесіліп.
Орынсыз тасқа шабылып,
Қылыш қалды кетіліп,
Зорлықпен қатты қайрап ем.
- 1610 Сұңқардың ілген қазына
Бір қара құс таласып,
Жатыр екен өшігіп.
Ажыратып екеуін,
Онан бері жүріп ем,
Құмай тазы қу алып
Алған екен бейнетпен,
Бір төбет ит айқасып
Қылыпты зорлық есіріп.
Ажыратып соларды,
- 1620 Жолымнан қалдым кешігіп.
Шатыр тігіп шаңдатып,
Зорлығыңды аңдатып,
Ноғайлының сазында
Сіз де отырсыз шешініп,
Өзімбайды жүдетіп,
Сансыз қолды түнетіп,
Жерімнің шөбін қашырдың
Берекесін кетіріп.
Күйеумін деп Назымға,
- 1630 Шығанақтап сен мамықты,
Айылыңды жимайсың
Аяғыңды көсіліп.
Сіз бенен біз жауласып,
Жаманның іс[ін] қылмайық,
Қалаңа қайт, Қараман,
Күнәмді менің кешіріп.
- Қараман сонда сөйлейді:
— Жіберген ұрып жаушымды
Алшыораз жаман басыңды,
- 1640 Елшіге бейнет бар ма еді?!
Орынсыз маған асылды,

- Бектеріме күйініп
Қайғы жеп, жаным ашынды.
Әлін білмей ноғайлы
Келтірді қатты ашуды.
Аламын деп ант етіп,
Назымға тіктім қасымды,
Күйеуі қыздың патша деп
Дабысым жұртқа шашылды.
- 1650 Айғыр аттай кісінеп
Ажырайып қарайсың,
Жалғызыңнан жабысқыр,
Ұрысуға қалайсың,
Құртайын ба басыңды!
- Бұл сөзді есітіп ер Қамбар
Жүгіріп шықты далаға,
Тұлпардың мінді үстіне,
Сиынып Алла Тағалаға.
Қаһар қылды Қараман
- 1660 Ұядан жалғыз балаға.
«Қойыңдар, — деп, — ұрысты»
Келмембет түсті араға.
Айқайлады дауыстап:
«Қалмақтар, шық, — деп, — жекеге»
Қамбар бек ұрды нағара.
- Патша айтты: — Келмембет,
Ноғайлының Қамбары
Ұрысқа шығып сайланды.
Арманда болып қалмаңдар,
- 1670 Іс қиынға айналды,
Қылыш шауып қан төгіп,
Қыздырыңдар майданды.
Қолыңа ал барыңды,
Ақ сапты болат найзаңды,
Өзім басын кесемін
Дұшпанға төтеп бере алмай,
Жүрегі қорқып тайғанды.
Осындайда ауызды

1680 Көрсетпесең асырып,
Батыр туған бектерім,
Көремін қашан пайдаңды?!
Үстіне тура мінейін,
Жасанған жауға тиейін,
Кұлбадам атты даярла,
Түзетіп ұрып сайманды.

1690 Қамбар айтты: — Қараман,
Мықты болсаң, жеке кел,
Зорлығыңа нетейін,
Қасыма таман жақында,
Қырғи ілген торғайдай
Мойныңды жұлып алайын.
Қан ағызып көзіңнен
Басыңа сауда салайын,
Қайтарайын еліне
Қалмақтардың талайын.
Қаратып теріс бетіңді
Ту сыртыңнан шабайын,
Олжа қылып атыңды
Еріңді отқа жағайын.
1700 Қонаққа сойған қозыдай
Тамағыңнан бауыздап,
Көңіліңді сенің табайын.

Шыдай алмай бұл сөзге,
Қаһарға мініп Қараман
Жын ұрғандай жұлқынды.
«Әумин» деп қалмақтар,
Күрзісін алып қолына
Ұрайын деп ұмтылды.

1710 Қамбар айтты патшаға:
— Сұр бүркіттей құйылып
Ширатасың мұртыңды.
Қайда дұшпан көрінсе,
Жүресің беріп сыртыңды.
Мықты болсаң, жеке кел,

- Қор қылма ана қырқыңды.
Сен залымды өлтіріп,
Мен сұрайын жұртыңды.
Суырып алып алмасын,
Сол сөзді айтып ер Қамбар,
1720 Ақ түйғындай құнтиды.
- Қыз Назымға таласып,
Екі батыр соғысты,
Бұлт шайнап, мұз бүркіп,
Үркер мен айдай тоғысты.
Өзімбайдың аулынан
Қалмақтар қылған қонысты.
Қараман дәу мен Қамбар бек
Қарсыласып қылыш шабысты.
Ақ найзасы айқасып
1730 Нар бурадай алысты.
Шанышқанына шыдамай
Астындағы Кұлбадам
Шөге жата қалысты.
Қалмақтың ханы Қараман
Сол жағынан құлады,
Артындағы әскері
Қолынан беріп намысты.
- Арыстан туған Қамбар бек
Аш бөрідей жалақтап
1740 Аралады қосынды.
Ақылынан айрылып
Қалмақтар жаман шошынды,
Ортасынан әскердің
Қызыл қан ағып жосылды.
Керейұлы Келмембет
Бір бөлеге тосылды.
Айқайын салып Алшыораз
Бүйрегінен қосылды.
- Сол уақытта ер Қамбар
1750 Аямады жеткенін,

- Найзаменен піседі.
«Әкежан» деп қалмақтар
Бенде боп қолға түседі.
Түртіп өтіп кеткені
Тақиядай ұшады,
Екпініне шыдамай
Атының жалын құшады.
Өшігіп қалған Ноғайлы
Қоймайтынға ұсады.
- 1760 Қаласына жеткізбей,
Көбісін қырып қалмақтың,
Қайратты туған ер Қамбар
Шығарды іштен құсаны.
- Қалмақты қырып-жойды қанын шашып,
Дұшпанды мығымсынған қойды басып.
Ауылына Әзімбайдың келді қайтып,
Мысалы дариядай көңілі тасып.
Дем алып ақ ордада отыр еді,
Үстіне Назым кірді амандасып.
- 1770 Қамбарға Назым айтты: — Жаным құрбан,
Көзіме көрінбейді сіздей бір жан.
Шығар деп арыстаным ойлап едім
Майданның ортасында шулап ұрған.
Туғызып сіздей сұлтан ноғайлыдан,
Құдайдан айналайын батыр қылған.
- Отырды сонда Қамбар бек шаттанып,
Ашықтық жүрегінде отыр жанып.
Назымның құдай шайқап жеңгелері,
Көтеріп бір дастарқан келді алып.
- 1780 Неше жыл Назым жүрді жылай-жылай,
Қамбардың күйігінен кешіп ылай.
Адамы көңіліңдегі болып душар,
Жеткізді мұратына барша Құдай.
Бастағы халыққа айтқан уағдамен
Әзімбай тойын берді қырық күн ұдай.

- Қамбарды Өзімбайдың көңілі сүйді,
 Қатарлап қазынаның бәрін жиды.
 Күмістен керегесі, уығы алтын
 Оңаша сегіз қанат тікті үйді.
- 1790 Кедейдің жалғыз атты заманы деп
 Дұшпанның даладағы іші күйді.
 Той тарқап кеткеннен соң тартыс болып,
 Отырып Мұқыш молда неке қиды.
 Назымды жеңгелері отауға сап,
 Қолына ер Қамбардың малы тиді.
- Сұлудың қылығы бар неше түрлі,
 Қолына лағыл, жақұт, тақты дүрді.
 Барша жан порымына қайран қалды,
 Қойдай қып қасқыр қуған бөріктіріп
- 1800 Дұшпанды ажыраттың қамап тұрған...
 Көргендей жәннаттағы мысал хорды,
 Көтеріп гауһар тастан пәтнүсті,
 Алдында қыз-келіншек шұбап жүрді.
 Астында неше қабат палас-төсек,
 Асырып өз теңінен дәурен сүрді.
 Тағдырда жазған екен Хақ Тағала,
 Қосылып екі асылзат ойнап-күлді.
- Қызына берді жасауға
 Төрт түліктен көп малды,
- 1810 Өзімбайдың бұл қызы
 Ноғайлының болды алды.
 Қырық қашырға қазына артып,
 Жүз елу берді-ау ақ жамбы.
- Көзінен Өзімбайдың жасы ағып,
 Жылайды қасіретін жұртқа шашып.
 «Алты ұлымның кенжесі бір қызым, — деп,
 Өсірген тәрбиятпен қандай бағып.
 Қалды ауыл қараңғы боп ай батқандай,
 Зарығып күйінбес[сің] бұған нағып?!»
- 1820 Жайқалып қызғалдақтай шықты көші
 Алтыннан неше түрлі қоңырау тағып.

Түрлентіп жердің жүзін-ау шұғадай,
Назымды Қамбар мырза қасына алып.
Жақсы адам қайда жүрсе қор болмайды,
Шексе де жол бейнетін ашып-арып.
Қуантып ағайын мен ата-анасын,
Үйіне аман-есен түсті барып.
«Һәрқашан панаһыңда сақтай көр», — деп,
Аллаға шүкір айтты міскін-ғарип.

1830 Ерлікпен жеңді Қамбар оңды-солды,
Дүниеге кедейлердің көңілі толды.
Зөредей жүрегінде қайғысы жоқ,
Тілегі баршасының қабыл болды.

Осындай Назым менен өтті Қамбар,
Білімі, ақылы көп, бұл сөзді аңғар.
Әуелі айтқан, екінші тыңдағандар,
Жетіссін мұрадына барша жандар.

Дүниеге келіп-кетті не асылзат,
Жаманнан дат, жақсыдан қалады ат.
Бір дұға оқыңыздар әруағына,
Қамбардың болып жатсын көңілі шат.

Аяғы бұл дастанның болды тамам,
Келмейді көп айтуға менің шамам.
Құдай-а, жақсыларға хұзыр болғай,
1845 Осынша бейнетпенен болды тамам.

Тамам

Қисса қара қасқа атты Қамбар

(Қалқай нұсқасы)

Бұрынғы ноғайлының заманында, ноғайлының ішінде алпыс ауыл арғын бар екен. Сол арғынға ноғайлар елі азар-ахирет беріп, малынан құрық кетпей, басынан сырық кетпейді екен. Бір күні ноғайлының ақсақалдары ойласады: — Ноғайдан қорлық көре бергенше, алшынның Аққұмына көшіп кетейік, — дейді. Енді арғындар алшынның Аққұмына барады, барса жері жай екен, мал жинап бай болып отыра берді.

Және бір күні ноғайлылар ойласады: — Алпыс ауыл арғын қаяққа көшіп кетті екен, — дейді. Ноғайлының ішінде Қанбек төре деген бар еді, ол: — Мен арғынның кеткен жерін білемін, — дейді. — Алшынның Аққұмына барып, мал жинап, бай болып отыр, — дейді. Сонсоң Қанбек төре барып бес жүз кісіменен шауып алып, керегесін отқа жағып кетеді.

Арғынның ішінде Көшірбай деген ақсақал бар еді, соның Қамбар деген баласы бар еді. Сол қара қасқа тұлпарымен қашып құтылып кетеді. Қамбар қайтып келсе малдан айрылып, керегесін отқа жағып отырған елді көрді. Сонда Қамбардың ағайындарына айтқаны:

— Тарықпаңдар, ағайын,
Қорықпаңдар, ағайын,
Сыртыңнан қори бағайын.
Оң қанатым, оң қолым —
Арғын еді жұбайым.
Кешегі малдың дәуірінде
Талтаңдатты Құдайым.

Сонда ағайын айтты: — Сенің әкең Көшірбай алпыс ауыл арғынға аға болып еді, саған билікті береміз, — деді. Сонда

Қамбардың қара қасқа тұлпар деген аты бар еді, және бір қара тазысы бар, бір ақ түйғын құсы бар еді. Киік, құланның етімен асырап отыра берді.

Бір күні Әлімбай деген ноғайдың байы бар еді. Әлімбайдың Алшыораз, Аққошқар деген екі баласы бар еді, екеуі де ер еді және бір Назым деген қызы бар еді, өзі сұлу еді. Әлімбайдың дәулетінен қорыққанынан, екі баласының қайратынан қорыққанынан ешкім айттырып ала алмай жүр еді. Әлімбай бір күні алпыс бие сойып, той қылып жұртқа хабар берді:

— Мына қызым қалағанына тиеді. Халық жиналып келсін, — дейді. Сонда халық жиналып келейін деп жатыр.

Той бар десе қуанған,
Беліне шылбыр байланған,
10 Ұстасқан жігітті жығам деп
Кілең палуан аттанды.

Дәулет кетіп, мал тайған,
Алпысқа келіп қартайған
Өңкей шалдар аттанды
Қыз Назымды алмаққа,
Аяғына салмаққа,
Өзінен келер дәрмен жоқ,
Ауылдағы малшының,
Діңкілдеген жалшының
20 Сауабына қалмаққа.
Қыз беремін деген соң
Шалдың көңілі сүйінді.
Ескі жаман шірік тон
Жыртаңдасып киінді.
«Иә, тәуекел, иә, Алла», — деп
Шалдар заулап жөнелді.

Өңкей соқыр кеңесті,
Кеңескенде не десті:
«Көзім еді жұбайым,
30 Көретұғын көзді алып,
Кәріп қылды Құдайым.
Аяғым сау, қолым сау,

- Қыз Назымның тойына
Бармай нағып тұрайын.
Оңды адамнан басшы алып,
Бір-бір кісі қосшы алып,
Бір төуекел қылайын.
Жылап-еңіреп жүргенде
Қияр ма екен Құдайым
40 Қыз Назымның шырайын». .
Өңкей соқыр аттанды.
- Өңкей таздар кеңесті,
Жаяу жүрген кедей таз
Көлікті тазға мінгесті.
«Қотыр қылды басымды-ай,
Назым жатқай қасымда-ай,
Құдай айдап әкеліп,
Назым маған тап келіп,
Қасытып қайтсам басымды-ай» .
- 50 Бай баласы мінеді
Жылқыдан ұстап бестіні,
Делебесі қозған соң
Өңкей кедей аттанды.
Атқа сатты сауындық
Қорада үш-төрт ешкіні.
Өзінен киер киім жоқ,
Сұрап алып киеді
Әр ауылдан ескіні,
Өңкей кедей аттанды.
- 60 Өңкей пұшық кеңесті:
«Алақандай ақ беттен
Ойып жеді құба құрт,
Ажарым кетті бетімнен,
Айналайын, қыз Назым,
Жұрт жинаған ниетіңнен.
Жасырып мұрным жүрейін
Тамам жұрттың көгінен» .

- Өңкей батыр аттанды
Лашын құстай шүйліккен,
70 Қабағын тастай түйінген,
Жеңсіз сауыт киінген,
Қара бөркі қалқиған,
Мен батыр деп далиған,
Еңбек етіп мал жиған,
Құрттың жалғыз малтасын
Қосшысына жегізген,
Түзде күнін өткізген,
Жеті күнде бір татқан,
Белсеніп жауға оқ атқан,
80 Төбе құйқасы жырылған,
Төбеден аққан қара қан
Қойынына құйылған.
Ереуіл атқа ер салған,
Иірлі найза қолға алған,
Үйрек бас ерді жастанған,
Қу толағай бастанған.
«Назым бізге тиер», — деп,
«Бізді Назым сүйер», — деп,
«Қараса бізге қарар», — деп,
90 «Біз тұрғанда кедейлер
Қаямды қызды алар», — деп,
Өңкей батыр аттанды.

- Ақ пышағы белінде,
Әрқайсысы би болған
Өзінің байтақ елінде,
«Бізге Назым тиер», — деп,
«Бізге тисе қыз Назым,
Ол да мақпал киер», — деп,
«Көп дәулетті жияр», — деп,
100 «Атым қызға жарар», — деп,
«Тоным қызға жарар», — деп,
«Өмір берсе Құдайым,
Бізге жұпты қылар», — деп,
Өңкей билер аттанды.

Ер тоқымы сары алтын,
 Киімінің бәрі алтын,
 Кекілі құйған қара алтын,
 Хан баласы ханзада,
 Бай баласы байзада,
 110 Өңкей мырза аттанды.

Желмаяға қос артқан,
 Балға, төсін бос артқан,
 Қара темір қақтаған,
 Өзіреті Дәуіттің
 Көне әруағын сақтаған,
 Өңкей ұста аттанды.
 Ұсталар алар қолына
 Қышқаш пенен балғаны,
 Сөзімнің жоқ-ты жалғаны.

Әлімбай жұрттың бәрін жинап алса да, алпыс ауыл арғынға хабар айтпаған екен. Енді көп халық жиналып келе жатыр.

120 Ел хабарсыз қалғаны,
 Ер хабарсыз қалғаны —
 Кедейлік иттің салдары.
 Қол келді де қонады,
 Келген қолды санаса,
 Он екі мың болады.
 Қол келді де жанасты,
 «Түнде қызды көрем», — деп
 Өңкей таздар адасты.
 «Мен өтемін бұрын», — деп,
 130 «Мен өтемін бұрын», — деп
 Шал мен соқыр таласты.

Әлқисса, сонда Әлімбай келіп қызына сөйлеп тұр:

— Екеу емес, үш емес,
 Қыздан тудың жалғыз тақ.
 Жалғыз қыздан тай жемей,
 Бір қайнатым шәй жемей,

Еркіне салдым мен бейбақ.
Он екі мың кісіде
Не жайсаң бар, қабылан бар,
Боққа аспайтын жаман бар,
140 Бір оңдысын қамдап бақ.
Жақсыменен жанаспай,
Жарамаспен адассаң,
Менен көрме, қыз бейбақ.

Қыз дегенге құмар-ды,
Көз тиер деп Әлімбай
Таққан екен Назымға
Сексен екі тұмарды.
Қол маржан тұр ма басында,
150 Назым он бес жасында,
Екі жеңгесі қасында,
Тау басына шығарды,
Он екі мың кісіге
Өткізбекке Назымды
Әлімбай болды құмар-ды.

Әлқисса, сонда Әлімбай айтты жиылған адамдарға:—
Алдымен соқыр өтсін, — деді.

«Иә, тәуекел, иә Алла», — деп
Өңкей соқыр жөнелді.
О жерді бір түртеді,
Бұл жерді бір түртеді,
Бұйда жібін іркеді.
160 «Мойынымды бұрайын,
Шырағым, сенен сұрайын,
Қыз қарайтын күн болса,
Ұзай бермей тұрайын».
Жетектеген басшысы
Соқырға қарап кейіді.
— А, соқыр боқ, соқыр боқ,
Соқыр, сенің ісің жоқ,
Етіңді шағар шаян жоқ,

Назым түгіл, қа...м жоқ, —
170 Сүйреп ала жөнелді.

Соқыр өтіп кеткен соң,
Шалға кезек келеді:
«Алпысқа келген хабар ма,
Бұлаңдаған Назымға
Бұл жүргенім жағар ма?!»
Мойындары қылқиып,
Жауырындары томпиып,
Қабақтары тыртыып,
Екі көзі Назымда,
180 Қарай берді жыртыып.

Шалдар да өтті топ-топ,
Шалдар өтіп кеткен соң,
Батыр да келді топ-топ.
Қарағай найза өңгеріп,
Азды көпке тең көріп,
Бедеу атқа жем беріп,
Батыр да өтті топ-топ.
Тұрып қалды қызыл шоқ,
Батырмен қыздың көңілі жоқ,
190 Батыр да өтті топ-топ.

Батыр өтіп кеткен соң,
Билерге кезек келеді,
Жорғаға билер мінеді,
Қаймадан садақ іледі,
Билер де өтті топ-топ.
Тұрып қалды қызыл шоқ,
Бименен қыздың кеулі жоқ,
Палуан да өтті топ-топ,
Кедей де өтті топ-топ,
200 Ұста да өтті топ-топ.

Қойыртық ойып саз қалды,
Жұрттың өзі аз қалды,
Енді өтпеген таз қалды,

- Бізге кезек келді деп,
 Таздың алды қозғалды.
 Жұқа таздар қалтаңдап,
 Киме таздар талтаңдап,
 Екі көзі Назымда,
 Қарайды қызға жалтаңдап.
 210 Бүкең-бүкең желеді,
 «Түс көріп ем кеше, — деп, —
 Уәли» сеніп келеді,
 Бірін-бірі жібермей,
 Қатар түзеп келеді.
 Таздың алды тоқтады,
 Бір төбеге топталды.
 Қыз тимесін білген соң,
 Жабыла келіп боқтады.
 Былықсыған Назымға
 220 Кейбір-кейбір әңгі таз
 Кесек алып оқталды.
 «Атасын жеңген қар Назым,
 Енесін жеңген қар Назым,
 Қалғаның ба дауласып,
 Халықпенен жауласып.
 Ойнап қалсаң болмай ма
 Жаурыныңды шаң басып?!
 Кетерімде кетейін
 Сен қаншыққа құм шашып»,
 230 Таздар заулап жөнелді.

Әлқисса, сонда Әлімбайға хабар барды: — Он екі мың кісіден Назымға бір адам жарамады, қызың байға тимей қалды, — деді. Сонда Әлімбай кейіді: — Онда қызымның бағы байланғаны, үйге алып кел, — деді. Сүйтіп, қызға екі адам жіберді. Келген екі адамға қыз сөйлеп тұр:

— Шығарды әкем төбеге,
 Ер таңда деп төбеге,
 Менің кеулім шаппады
 Періштесіз немеге.
 Періштесіз неменің

- Бай деп алман мойнынан,
 Кәпір тартып алар қойнынан,
 Әкем құрық берген соң,
 Теңімді таппай қоя алман.
- 240 Мен он беске келгенше,
 Жатып едім мешітте.
 Бауырына басуға
 Кілең еркек өшікті,
 Денесінде әруақ жоқ,
 Мені аламын десе де.
 Әкем шығарған төбесін,
 Үш күн жатып бағайын,
 Теңдесімді, теңімді
 Құдайыма шағайын.
- 250 Борай жауған қар шығар,
 Мені алатын нар шығар,
 Нарды малдан кем қылған
 Алланың бейлі тар шығар.
 Қанаты бүтін ақ сұңқар
 Қия жерде бар шығар.
 Әкем шығарған төбесін
 Үш күн жатып бағайын,
 Үш күнге дейін келмесе,
 Әкемнің малын бағайын,
- 260 Шешемнің отын жағайын.
 Бармақ басым артымда
 Өлгенімше бағайын.

Әлқисса, сонда екі жеңгесіменен төбенің басында қалды. Сонда Арғын шалдар айтты Қамбарға:— Әлімбаи қызын қалауға салып жатыр, сен де барып қызығын көріп қайтсайшы, қайтарда аң аулап қайтарсың, — деді, — шақырмаса да бар, — деді. Сонсын Қамбар тойдан қайтып келатырған шалдарға жолығып сөйлеп тұр:

— А, баба-ай, ай, баба,
 Төрт дәулеті сай баба,
 Қартайғанда ат шаптың,
 Назымды алған қай баба?!

- Құдай маған бермеді
Халық елейтін малды, — деп.
Өлімбайдың қыз Назым
- 270 Кімге жұпты болды? — деп,
Кімге нәсіп салды, — деп,
Ойнар тұлпар шағымда
Шақырғаннан қалдым, — деп,
Дүбірден басым қалды, — [деп]
Кедейліктен, кемдіктен
Келмеді аузым қоңыма.
Ұяда жатқан ақ сұңқар,
Ақ сұңқарға жұрт іңкөр,
Кімнің қонды қолына,
- 280 Кімге нәсіп салды? — деп,
Ойнар-күлер шағымда
Тойдан басым қалды, — деп.

- Сонда шалдар сөйледі:
— Атасын жеңген қар Назым
Ешкімге де тимеді,
Біздер түгіл, шырағым,
Жігітті де сүймеді.
Атқа мініп желеміз,
Тойдан қайтып келеміз,
- 290 Атқа сатып мініп ек
Қорада үш-төрт ешкіге,
Келерімде келе алмай
Кемпірден қорқып келеміз.

- Шаруа қазақ мал жияр
Есебін тауып күлмекке,
Өрі-бері келгенде
Бенде сенер өлмекке.
Елден қалды деген соң,
Жалғыз атты кедейдің
- 300 Зейілі ауды көрмекке.
«Халық жақпаған қандай қыз,
Ер жақпаған қандай қыз,
Мен де барып көрейін

Қыз Назымның шырайын.
Неше кедей барғанда
Ұстаған жоқ-ты Құдайым,
Соның бірі болайын».

- Қамшыға бүтін тарақты,
Екі мезгіл аң қағып
310 Жануар да жарады.
Қара қасқа тұлпарды
Әлімбайдың ауылына
Жолға салып аңыратты.
Атқа мінген желеді,
Көкірегін кенеді,
Қыздың шыққан төбеге
Елпендеп шауып келеді,
Келе жатқан Қамбарға
Қыздың көзі түседі.
- 320 Алдынан шығып келеді,
Иық ішік жамылып,
Беті оттай қабынып,
— Жұрт келгенде сен келмей
Қалып едің нағылып?
Өліп едім, ер Қамбар,
Шырағым, сені сағынып.
Жібек көйлек дүрілдеп,
Екі емшегі дірілдеп,
Қамбарға жақын келеді.
- 330 Сонда Қамбар ойлады:
«Қошқар тоқтар күйекке,
Сақал шығар иекке».
Кедей десе, кем десе,
Дақ салармын сүйекке.
Атқа мініп желе ме,
Әлімбайдың қыз Назым
Мазақтауға келе ме?!»
Лефіне буды беліне,

Жолықпай қашып жөнелді
340 Арзулы болған теңіне.

Қамбар қашып кеткен соң
Жеңгесіне қыз келді,
Қыз Назым сонда сөйледі:
— Қамбар деген бек пе еді,
Жеті баулы жік пе еді,
Өз ойыма ат салсам,
Алшыюраз бен Аққошқар
Қорыққанынан кеткені.
Егер онан қорықпаса,
350 Кемшілік иттің жеткені,
Бас аманға мал жоқ па,
Шырағымның неткені?
Сүйегімнен өтіп тұр
Жолықпай қашып кеткені.
Мойынымды бұрайын,
Келетұғын жолына
Жібек өрмек құрайын,
Бөтуажә бабадан
Қамбарды бер деп сұрайын.

360 Келетұғын жолына
Жібек өрмек құруға,
Әлімбайдың қыз Назым
Толықсып заулап жөнелді,
Толғана мойнын бұрады.
Қамбар аңнан қайтқанша,
Алпыс құлаш қыз Назым
Жібек өрмек құрады.
Қайағымнан кетед деп
Жолын бағып тұрады.

Әлқисса, сонда Қамбар аң аулап келе жатса, жолдың бойында өрмек құрып отырған Назымды көреді. Енді Қамбар қызға жолығайын ба, жолықпайын ба деп ойланып келе жатыр. Сонда Қамбардың айтқаны:

- 370 «Ойласалық, ақылым,
Осы Назым нағып жүр?
Ойласақ болмай ма, ақылым.
«Ер қолынан мал тайса,
Теріс қарайд жақының».
Назымменен ойнасам,
Назымға кеулім қосылар.
«Қамбар сүйтіп жүр» деген
Дабылым халыққа шашылар.
Мен ойнап-күліп жүргенде,
- 380 Малы бар бір бай неме
Бүйірімнен асылар,
Таудай еулім басылар,
Аш-арығым шашылар».
Тартты Қамбар жөніне,
Лефіне буды беліне,
Кедейліктен, кемдіктен
Жолықпай қашып жөнелді
Арзу болған теңіне.

Әлқисса, енді Назым алпыс құлаш өрмекті ортасынан қиып, Қамбарды қуып келе жатыр. Сонда Назымның Қамбарға айтқаны:

- Тоқта, тоқта, ай, Қамбар,
- 390 Алпыс ауыл Арғында
Жалғыз қара ат мал бар.
Ақ төсімнің үстінде
Бір кісілік жай бар.
«Қамбар» десе қарамай,
«Қайрыл» десе қайрылмай,
Жалаңбұт өскен заңғар.
Тоқта-тоқта, кедей нас,
Сендей кедей таусылмас,
Мен бір әсіреқызыл қалам қас.
- 400 Екі ағамнан қорықпа,
Жалаңаш кел де, қойнымды аш.
Бір өткенде екі өтіп,
Кедейлікке болма мас.

Мен жұртты тауысқан ащы құрт,
Мен тиемін деген соң
Қалмай келді біздің жұрт.
«Шалғысы бүтін сұңқар» деп
Сен кедейге түсті құт.
Бір өткенде екі өтіп,
410 Мас болдың неге, жалаңбұт?!

Сонан соң Қамбар ойланды, менің кедейлігімді, жалаңбұттығымды айтты деп қашты, сонан соң қыз мақтап сөйлейді.

Назым сонда сөйледі:
— Батыр кейір болар ма
Алшылы, шігелі ойынға.
Бұл ойынды көтермей
Мінді ме кемдік мойныңа?!
Дүние деген қапыл-ды,
Қиямет жолы жақын-ды.
Кеулім жаман көріп жүр
Жағаласқан көпірді.
420 Жау жағадан алғанда,
Ит етектен алғанда,
Көпір көзін салғанда
Сенімен жаным қалар деп,
Кемітіп едім тақымды.
«Кедей, кедей, кедей» деп
Кейітіп алдым батырды.
Ашуланбай алып кет
Мендей арзулы қасқа қатынды.
Бұлаңдаған қыз Назым
430 Ер Қамбардың артынан
Айқайлап тұрып шақырды.

Әлқисса, сонда Қамбар ойланды: «Менің ізімнен қалмай жүргені көпірден қорқып жүргені екен ғой бұл», — деді. — Мен тірі тұрғанда көпір жолай ма сенің қасыңа?! — деді. Сонан Қамбар қыз қасына келіп сөйлеп тұрғаны.

Сонда Қамбар сөйледі:
— Анау жатқан көл деймін,
Көл жағалай бел деймін.
Алпыс ауыл Арғынды
Ит жүгіртіп, құс салып,
Балапандай жемдеймін.
Бүйтіп жүрген кедейді
Айналдырған нең деймін?!

440 Жарлылық иттің дертінен
Жамылғаным сабан-ды.
Ит жүгіртіп, құс салып
Өлмеске қылдым амалды.
Бүйтіп жүрген кедейге
Неден жаның қамалды?

Сонда Назым сөйлейді:
— Бұл жеріген маңайдан
Жаныңды берсең, дін күймес,
Қасыңдағы сыпайдан
450 Жақын жерде кәпір бар,
Ала ма деп жылаймын.
Екеуміз қосылып,
Мал тілесек болмай ма
Қазынасы кең Құдайдан.

Сонда Қамбар сөйледі:
— Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.
Елінде жатыр қарындас,
Малы жоқ қол[да] өңкей аш.
460 Сеніменен кідірsem,
Әруақ болмас хабарлас,
Мезгілменен қойныңды аш,
Қырылып қалар өңкей аш.
Сеніменен жуықтап
Бармағаным жөн болмас.

Мойынымды бұрайын,
Сыртыңнан бағып тұрайын,

Алладан пәрмен сұрайын.
Сені жауға алдырсам,
470 Етіме жара салдырсам,
Қалағанменен қалдырсам
Ерлігімді ұрайын.
Мен Арғынға барайын,
Құлағына салайын,
Қайтып келіп, қыз Назым,
Сонсоң сені алайын.
Тарықпа, Назым, тарықпа,
Әруақ маған жар болса,
Шығарармын жарыққа.

Әлқисса, сонсоң Қамбар өзінің еліне қайтып кетті. Енді қыз Назым ешкімге де айтпады, әкесінің үйіне келіп жұмысын істеп жүре берді.

Сонда ноғайлының үстінен қарап тұрған қалмақ Ақшахан деген бір хан бар еді. Кедейдің ұлы Келмембет деген би бар еді. Биге тисе, маған тиер деп, ол да тойға келген екен. Қыз тимеген соң, ол да өкпелеп кеткен екен. Сосын Келмембет ханға барып арыз қылып сөйлеп тұрған секілді. Сонда Келмембеттің айтқаны:

480 — А, хан аға, хан аға,
Он сегіз мың өлемге
Патша болған хан аға,
Біздің байлар мас болып
Қыз шығарды далаға.
Бай қызына бай жақпай,
Басымыз қалды бөлеге.
Сендей жұрт иесі хан болса,
Мұсылман қызын алмай ма?
490 Қағаз алған, хат алған,
Үкім сардар атанған,
Қосшыңыз құр қала ма?
Алмасаң өзің, хан аға,
Біз құсаған жолдасқа
Жарылқасаң болмай ма?
Көп елді қат бала еді,

Осы сенің қалаға,
Әлімбай бай мас болып
Шығарды қызын салаға.

- Ақшахан сонда сөйлейді:
500 — Бәрекелді, кедейім,
Сенсіз тамақ жемейін,
Алып кел қызды, көрейін.
Балғабай төрені ал, — деді,
Назым жақса кеуліңе,
Қалың малын сол жерде
Ноғайдан санап сал, — деді.
Айтқаныңды қылмаса,
Қыз Назымды бермесе,
Алшыораз бен Аққошқар
510 Екеуін ұстап ал, — деді,
Абақтыға сал, — деді.
Екі баласы байланса,
Теріске ісі айналса,
Қызын өзі әкеліп
Берер ана шал, — деді.
Мылтық алды, оқ алды,
Ортасына топ алды,
Балғабай төре бастығы
Алпыс кісі аттанды.
520 Азығына нан алды,
Сусынына бал алды,
Арбаға дода үйретіп,
Майлы арбасын сүйретіп,
Зеңбірекке от басып,
Қара майы боқ сасып,
Алпыс кісі аттанды.
Арада үш күн қонады,
Ноғайлының шетіне
Алпыс кісі келеді.

Сонда кәпірлер ойласады түнде ауылын шулатып не қыламыз деп, сол арада жатады. Сонда Кедейұлы Келмембет Балғабай төреге айтты: — Мен барып Әлімбайдың үйін босата

тұрайын, сендер артымнан келе жатарсыңдар, — деп. Енді байдың ауылына келіп сөйлеп тұр:

- 530 Келмембет келіп ақырды:
«Бұл үйлерде кім бар? — деп, —
«Шық бермен!» — деп шақырды,
Арыстан мінген кер жорға
Жер тепкілеп шарқ ұрды.
— Дабылың барды қалаға,
Хан құрығы түсіп тұр
Осы үйдегі балаға.
Шықшы шапшаң далаға,
Шықпасаң қалдың бөлеге.
- 540 Төсекте жатқан қыз Назым
Әкесіне қарады,
Шешесіне қарады.
Шықшы деген бір дауыс
Құлағын жарып барады.

Әлқисса, сол күні түнде біраз ғана кірбік қар жауып еді, қыздың екі ағасы ерте тұрып аң аулап кетіп еді, үйі иесіз еді. Сонда Әлімбай қызына қарап сөйлеп тұрған кезі:

- Қызына қарап Әлімбай
«Шырағым» деп сөйледі:
— Дұшпан болса бұқ, — деді,
Жасауды үйге тық, — деді,
Екі ағаң үйде жоғында
- 550 Әйел де болсаң шық, — деді.
Әлімбай «шық» деген соң,
Енділе батпас ақ сұңқар
Шекпен киіп алады.
Үстіне киген мақпал тон
Төсегінде қалады,
Бетіне күйе жағады,
Үйден шығып барады.

Кедейдің ұлы Келмембет
Орысшалап сыбырлап,

560 Аузы-басы қыбырлап
Балғабайға сөйледі:
— Бастап келген мен қасқа,
Осы Назым болмас па—
Алақандай ақ бетті
Қырмыштап шықты қыз қасқа.
Ақшахандай ханыңа
Жарамас па екен жолдасқа,
Осы Назым болмас па?!

Сонда Назым сөйледі:
570 — Ол, ол болсын, ол болсын,
Жеке басың қол болсын,
Аз дәулетің мол болсын,
Кәпір алып құда сап,
Ауылыма жау бастап,
Екі араға шоқ тастап,
Кедей аға, жол болсын.

Сонда Кедей сөйледі:
— Бұзылған арба тоғанын
Септемекке келгенмін,
580 Екі асылдың баласын
Ептемекке келгенмін.
Әкең темір, мен көмір,
Ерітпекке келгенмін,
Екі асылдың баласын
Телітпекке келгенмін.
Қозы сойып, қой сойып,
Ет жемекке келгенмін.
Ұшқыр үйрек сенде бар,
Ақ сұңқар құс менде бар,
590 Көлден-көлге ұшырып
Ілдірмекке келгенмін.
Ойыма алған сөзімді
Білдірмекке келгенмін.
Екі асылдың баласын
Күлдірмекке келгенмін.
Піскен түйнек сенде бар,

- Алтын кездік менде бар,
Әуестікке қолға алып,
Жардырмаққа келгенмін.
- 600 Ақшахандай ханыма
Алдырмаққа келгенмін.
Он қолыңды алтынға
Малдырмаққа келгенмін.
- Сонда Назым сөйледі:
— Кедей аға, неткенің,
Мұсылманды құрытып,
Кәпірді алып жеткенің.
Бұл сөзді айтып тұрғаның
Екі ағам аңға кеткені.
- 610 Егер Қамбар есітсе,
Қазаңның, Кедей, жеткені.
Келмембет сонда сөйледі:
— Кел, Назымды байлалық,
Назымды мұнда қоймалық.
Соңымыздан жау жетсе,
Ортаға алып ойналық.
Қамбар деген жаман сөз,
Мұның түбін ойлалық.
- Байлайын деп тап берді,
620 Бір арқанды ап келді,
Арқанды көзі көрген соң
Дана Назым жарлық берді.
— Өз билігім өзімде,
Құлға тием десем де,
Шалға тием десем де,
Жықпайды әкем сөзімді.
Мұсылман, кәпір дау қылман,
Арамда қиқу жау қылман.
Құда-құда қылайын
- 630 Осы келген кезінде.
- Балғабай сонда сөйледі:
— Құдай артық беріпті

Қыз Назымға бақты, — деп,
 Назым ақыл тапты, — деп,
 Назымның айтқан бұл сөзі
 Кеуіліме жақты, — деп.
 Күн айналмай алып кетер
 Ақшахан мінген тақты, — деп.

Әлқисса, сонда Назым қараса, Алшыораз бен Аққошқар келе жатыр екен, сонан соң Назым ағасын көрген соң, Келмембетке сөйлеп тұр:

— Атқа мінген желеді,
 640 Екі батыр соғысса,
 Ажалдысы өледі.
 Сендер бүйтпей сабыр ет,
 Тентек көкем келеді.
 Мойынымды бұрайын,
 Ақшахандай ханыңа
 Жараса менің шырайым,
 Құда жолы қылайын,
 Бала-шаға шошытпай,
 Қаруларыңды берсеңіз,
 650 Үйге апарып қояйын.
 Қарудың бәрін құшақтап,
 Назым үйге жөнелді.
 Жағалы құлақ сандыққа
 Қарудың бәрін салады.

Түгін шашып сымпиып,
 Оқ жыландай құнтиып,
 Алшыораз да келеді,
 Кедейге келіп ақырды:
 — А, Кедей боқ, Кедей боқ!
 660 Алғаным бар ма, Кедей боқ,
 Қағып-соғып аузыма
 Салғаным бар ма, Кедей боқ!
 Есің бар ма, кәпір боқ,
 Кәпірден аяр кеудем жоқ.
 Сенің атаң белгілі

Тай бергеннің құлы еді.
Кәпір алып, құда сап
Жүрген ауылың кім еді?

Сонда Назым сөйледі:
670 — Бұл бір келген жай қонақ,
Қарудың бәрін мен алдым,
Қолдан келсе қимылда,
Қонағың жатыр шоп-шолақ.

[Ашуы қатты Алшыораз]
Балғабайдай төрені
Салды найза жүректен,
Күші кетті білектен.
Енді қалған көп салдат
Атайын десе мылтық жоқ,
680 Бәрін қырып тастады.

Кедейдің ұлы Келмембет
Тірілей ұстап алады,
Мойнынан арқан салады.
Құлағын кесті құнтитып,
Мұрнын кесті жымпитып,
Тәңір ұрғандай аңырайтып
Тас төбесін тіледі.
Жұрттан қалған күшіктей
Аузын ашып өледі.

690 — Ақшаханға сәлем де,
Төрде төсек қалмасын,
Бесікте белгі қалмасын,
Қыз Назымды беред деп
Патша бейқам қалмасын.
Бала-шаға [бос] жүрген
Ауылында қалмасын.
Кімнің еркек, қатынын
Далаға шығып байқасын.
Екі қолын байлады,
700 Қызды аламын деп келіп,

- Тірілей соры қайнады.
 Құлақтан аққан қара қан
 Жайылады етіне,
 Ала қарға, сауысқан
 Жабыла түсті көтіне,
 Жолықты кедей ниетіне.
 Тұлабойы қан болып,
 Әлемге ер[ің] таң болып
 Ақшаханға барады,
 710 Бара сөйлей береді:
 — Жіберді бізді шабарға,
 Сабына келді жанарға,
 Балғабайды өлтірді.
 Ағаштан қылған арбаңды,
 Арбаға жеккен жорғаңды,
 Өзінен бұрын қайрат қыл,
 Аттанып келіп Алшыораз
 Алатұғын құсайды
 Алма мойын марфаңды.
- 720 Ақшахан сонда тұрады,
 Даңғыраны қақтырды,
 Кәпірге атын шаптырды.
 Елікпенің еркесін,
 Қол бастаған серкесін,
 Отыз төре, қырық нағын
 Бәрін жиып алады,
 Қылқұйрыққа салады.
 Зеңбірекке от басып,
 Қара майы боқ сасып,
 730 Арбаға дода сүйретіп,
 Майлы арбасын сүйретіп,
 Азығына нан алды,
 Сусынына бал алды.
 Он бес мыңдай қол алды,
 Аз ғана емес, мол алды.

Әлқисса, сонда Ақшахан аттанып келе жатыр дегенді есітіп Алшыораз ноғайлыны жиып алды.— Балғабай төрені

өлтiрдiм, Кедейдiң ұлы Келмембеттi де өлтiрдiм, мына қызды соның құнына беремiз бе, — дедi, — яки болмаса Ақшаханмен ұрысамын, көмек бересiңдер ме? — дедi. Сонда ноғайлының шалдарының Алшыоразға айтқан сөзi:

— Қаулан жерге от қойып,
Отты қайдан табамыз.
Қара суға қан құйып,
Суды қайдан табамыз.
740 Бұл мекеннен айрылсақ,
Қайда барсақ батамыз.
Алақандай бет үшін
Мекендi нағып сатамыз.
Тiлеген қызын берелiк,
Ұрысуға шама жоқ,
Бiз көпiрге ерелiк.

Алшыораз бен Аққошқар
Шалдарға келiп сөйледi:
— Аққа мейiрi қанбаған,
750 Құдайға iсi жақпаған,
Сақал-мұртын қақпаған,
Түрегелiп көп сiген,
Тар киiмдi көп киген,
Астына мiнген аттарын
Қоғаменен матаған,
Үлкенi өлсе көпiрдiң,
Шошқа сойып атаған,
Көпiрден қорлық көргенше,
Он беске келген Назымды
760 Аузы түктi көпiрге
Қолынан ұстап бергенше,
Сендер қорықсаң кете бер,
Соғыс қылсам болмас па,
Ажалым жетiп өлгенше.

Әлқисса, сонда ноғайлылар сол күнi ойласып, Әлiмбайға келдi, ноғайдың iшiнде Әлiм төре деген бар едi, бұрын да өзi хан болған екен. Әлiмбай айтты: — Сол төренi шақырып кел, — дедi.

Сонан соң Әлім төре келді. Ноғайды жинап алып, айқайлап ақыл айтып тұр:

- Атам баққан, тоғайым,
Өзім баққан, ноғайым,
Ер мойныңа кеткенде,
Кәпірден қысу жеткенде,
Мен не амал қылайын?
- 770 Боқсықтың бойы боз қамыс,
Жаңбырдан туған Телағыс,
Үлкендерде жер алыс,
Жердің кеңі сонда да
Онда тілімді алмадың,
Сөзіме құлақ салмадың.
Тас аяқты, там үйлі
Кәпір бар деп аңдадың,
Иманды пенде қалмадың.
Біріңді-бірің жауладың,
- 780 Мінекей боққа аунадың.
- Жарлы болса ер жігіт,
Тоқсан бір қамыс қолға алып,
Ақпарлы суды сағалар.
Сүйтіп жүріп мал тапса,
Сол дәулетіне таң қалар.
Алпыс ауыл Арғынды
Кісінің малын баққызбай,
Кісінің отын жаққызбай
Асырап отыр ер Қамбар,
- 790 Қамбарға барсаң жан қалар.
Онан басқа елінде
Адам бар ма паналар?!
- Білмей жүрсің, балалар,
Құданың берген сыйына,
Кедейсініп, кемсініп,
Шақырмадың тойыңа.
Түнеугіде түс көрсем,
Қыз Назым соның қойнында.

- 800 «Біздің тойдан жолдығың,
Сыбағанды алып келдім», — деп,
«Тарыққан жерде көрдім», — деп,
Ноғайдан шық алты би
Алты бие жетектеп,
«Сыбағанды алып келдік», — деп,
Ер Қамбарға бар, — деді,
Назым жауға кетед, — деп,
Құлағына сал, — деді.
Осы айтқаным жақпаса,
Қамбар айла таппаса,
810 Үстіңе келген тұманды
Қолыменен қақпаса,
Қайтып келіп торыңды
Қосақтап қойып шал, — деді.

- Кежіл етік, кең байпақ
Ноғайдан шықты алты би
Алты бие жетектеп,
Іздегені — қараша үй.
Арада үш күн қонады,
Арғынға билер келеді,
820 Жұлымдардан үркеді,
Аттың басын іркеді.
«Бір кедейдің бір кедей
Күн көріпті қоңынан.
Сияғы жаман ел екен,
Келе ме қаям қолынан.
Бекер қалдым жолымнан,
Шығын қылмай биені,
Қайтсақ қайтед» деседі.
Шоқталып тұрған кісіні
830 Қамбардың көзі көреді.

Әлқисса, сонда Қамбар айтты:— Мен мына бір кісілерге жолығып келейін, — деді де, қара қасқа атты тұлпарға мінді, қарағай найзасын қолына алды, алты биге келді, Қамбар сонда сөйледі:

— Ассалаумағалейкум,
Ноғайдан келген алты би!
Іздегенің қараша үй,
Аманбысың, билерім,
Ақ бетіңнен қан кетіп,
Кеудеңе симай жан кетіп,
Неден жедің уайым?!
Талтаңдаған биді де
Қорқыта ма екен Құдайым.
840 Әлім төре, аман ба,
Онан басқа ит ноғай,
Елдігіңді ұрайын?!

Сонда билер сөйледі:
— Дүние деген қапыл-ды,
Қиямет жолы жақын-ды.
Ер мойынға кеткенде,
Кәпірден қысу жеткенде
Төре тапты ақылды.
Бізбенен еріп жүресің,
850 Береміз Назым қатынды.

Сонда Қамбар сөйледі:
— Кедейліктен, кемдіктен
Шақырмадың тойыңа,
Ер мойныңа кеткенде
Алдың ба бүгін ойыңа?!
Тойдан қалған Қамбарды
Қыз жолата ма қойнына.
Өкпе құрсын, үйейін,
Айта беріп нетейін,
860 Әлім ханға сәлем де,
Ел бүлдіріп көшпесін,
Кәпір бар деп саспасын,
Ертең ерте жетейін.

Ішіп-жемей мас болып,
Үсті қоңыр шаң болып,
Алты би қайтты дабылға,

- Алты биені жетектеп
Қамбар қайтты ауылға.
Өлгенде көрген биеге
870 Кілең кедей жүгірді,
Ақ пышағын суырды,
Биені иттей талады,
Биені ортаға алады.
Ымырт уақ болғанда
Үй басына бір жілік
Арғын бөліп алады.
Алты биенің етінен
Берсе Қамбар татпады.
Боқшада жатқан сүңгіні
880 Ырғайға алып саптады.
Тесігі бар сауытты
Тоныменен қаптады.
Назым еске түскенде
Алдынан таң атпады.
- Ереулі таңның алдында
Мініп алды атына,
Арғынды жиып алады,
Құлағына салады:
— Тұтылмаңдар, кедейім,
890 Жарылмаңдар, кедейім,
Жерден таптым сары алтын,
Саған бермей жемейін,
Саған бермей мен жесем,
Көп жасамай өлейін.
Дүниесі құрысын, үйейін,
Не келермін, келмеспін,
Балаларыңды әкел, сүйейін.
Әр бетінен бір сүйіп,
Жылдық қорек алайын.
900 Ел шетіне дерт келді,
Бақсы болып бағайын.
Тілектес болып қалыңдар,
Өзімнің баққан Арғыным.

Сонда Арғын шулады:
 — Әуелі Алла құдірет,
 Құданың досты Мұхаммед,
 Бізді баққан пір болсаң,
 Қамбарменен бірге кет.
 Қылышың өткір ер болсын,
 910 Жүрегің өскен ер болсын,
 Ғайып ерен қырық шілтен
 Тілеуінде бар болсын,
 Аллаң саған жар болсын!
 Батасын [беріп] сол жерде
 Арғын шулап қалады...

Ылашын құстай шүйіліп,
 Қабағы тастай түйініп,
 Жеңсіз берен киініп,
 «Айт, жануар, шу» деді,
 920 Шу дегенде гүледі.
 Табанға тиген қара тас
 Саз балшықтай иленді.
 О төбенің тозаңын
 Бұ төбеге қосады,
 Бұ төбенің тозаңын
 О төбеге қосады.
 Тау суындай сылтылдап,
 Ағын судай бұлтылдап,
 Төрт аяққа тиген тас
 930 От шығады жылтылдап,
 Алмадай мойны былқылдап.
 Алты қырлы ақ жебе
 Ат жалында солқылдап,
 Күн сәскеге келгенде
 Бойын түзеп алады,
 Тер бойына тарады.
 Әлімбайдың аулына
 Сәскеде келіп құлады.

Әлқисса, сонда Қамбар келсе, Ақшаханның алдынан шығып
 «біз жау емеспіз, елміз» деп ноғайлар көшіп кеткен екен.

Ноғайлар кеткен де, Алшыораз, Аққошқардың екі үйі қалыпты, жеті құрдасының үйі қалыпты. Тоғызы төбенің басына шығып тұр екен, енді Қамбар барды. Қамбар барғасын бұлар он болды.

Он жігіттің жүргені
940 Даңғырауын жол болды.
Қамбар келіп тұрған соң,
Алшыораздың қасына
Қырық мың жығын бір толды.

Келіп Қамбар сөйледі:
— Алшыоразжан, қайдасың,
Аққошқаржан, қайдасың?
Сендер қорықсаң, тұра бер.
Сүңгісін киді жолбарысың,
Атқа мініп желемін,
950 Елден жалғыз келемін,
Мына жауды бөлемін,
Ажалым жетсе өлемін,
Садағыма сан кісі,
Мылтығыма мың кісі,
Елде қалған Арғынның
Сыбағасына мың кісі,
Қорықпаңдар, жігіттер,
Мұның болғай игісі!

Алшыораз сонда сөйледі:
960 — Әй, әй, Қамбар, әй, Қамбар,
Қашамын деген қай заңғар!?
Өлімге буған қу жан бар,
Құрт ауындай құрамын,
Құдай маған бақ берсе,
Біреуін қоймай қырамын.
Кәпірге қарап жүр, көне,
Қаямды кейін турайын.

Аққошқар сонда сөйлейді:
— Әй, әй, Қамбар, әй, Қамбар,
970 Қашамын деген қай заңғар!?

Атадан әркім тумай ма,
Бөрі қойды аулай ма?
Әркім атын мақтай ма,
Ажалдың оғы тап келсе,
Төсекте жатсам таппай ма?
«Алла» деген дауысым
Құдайыма жақпай ма?!
Құр былшылдап жол қалды,
Қалмаққа барып тиюге
980 Соған кеулің шаппай ма?

Сонда жеті жігіт сөйледі:
— Бөліп алды жолбарыстар,
Құлқы жаман үш батыр
Бізді олжадан бос тастар.
Өлерімізді білгенбіз,
Өлеміз деп қалғанбыз,
Сендерден жауды кем шанышсақ,
Жігіт емеспіз, жалғанбыз.

Топ-топ болды, топ болды,
990 Он жігіттің ішінде
Аянар жігіт жоқ болды,
Тізе қосып жөнелді.
Шауып шықса төбеге,
Батырдың көзі түседі
Жылтылдаған жебеге,
Тиейін деп Ақшахан
Келген екен кемерге.
Он жігіттің ішінде
Қамбар омыраулап келеді,
1000 Кірген жерін бөледі.
Ту ішіне ат тастап,
Туын бұзып келеді.
Топ ішіне ат тастап,
Тобын бұзып келеді.
Жаяу салдат баланы,
Топтан салған қаланы
Быт-быт қылып келеді.

- 1010 Қолындағы зұлпықар
Қырық кез болды қылышы,
Ұрмай-соқпай Қамбардың
Бітетін болды жұмысы.
Қолындағы зұлпықар
Сексен екі бас кесті,
Ери балқып келгенде
Қазандай қара тас кесті.
Не жайсаңдар, қабыландар
Қылышы темір бел шешті,
Астына мінген тұлпары
Тізесінен қан кешті.
- 1020 «Алла, Алла»[деп]салады,
Бір өзінің дауысы
Мың сан қолдай болады.
Мың сан қарға жиналып,
Өлімтікке қонады.
Арада он түн қонады,
Өлген қолды санаса,
Он бес мыңдай болады.
Он бес мыңдай кісі еді,
Қамбардан бәрі өледі.
- 1030 Ағаштан қылған арбасын,
Арбаға жеккен жорғасын,
Бәрін жиып алады.
Әлімбайдың аулына
Бәрін алып келеді.
Әлімбай сонда тұрады,
Мал семізін сояды.
Ноғайлардың бәрі де,
Кәпірге көшіп кетіпті.
Көше алмай қалған жарлығы
- 1040 Қостан табақ қояды.

Байдың қызы бүркенер
Қайма алтыннан желекті,
Жарлының қызы киеді
Салдат киген кенепті.

Ереуіл таң атқан соң,
Сексен нарға жүк артып,
Әлімбай қызын жөнелтті.
Алпыс ауыл Арғынға
Қамбар көшіп келеді,
1050 Нарды жерге шөктірді,
Қазынасын жерге төктірді.

Сонша малға қол қатпай
Қамбар кейін тұрады:
— Ей, ағалар, ағалар,
Ортаңа келді сексен нар,
Олжаның басы — сұлу жар,
Мына келген сұлуда
Қайсы ағамның көңілі бар?
Жолдасып бөрің, бірің ал.

1060 Сонда шалдар желікті:
— Қамбаржан берсе, алайық,
Ортаға келген сұлумен
Ойнап-күліп қалайық,
Мен үлкен деп дауласты,
Дауласып тұрып кілең шал
Бір-біріне құм шашты,
Түніменен дауласып
Үйіне келмей жатады.
Сонда бір шал аулында
1070 Есітпей ол қалыпты,
Сол шал ертең келеді,
[Келе сөйлей береді:]
— Өзіне-өзі ылайық,
Қайрат қылған баласың,
Өзіңе жұпты қылайық.
Аламын деген шал болса,
Жабыла соны ұрайық.

Шалдың айтқан сөзіне
Құлдық деп Назым тұрады,
1080 Бір боқжаманы алады,

Ортасына салады.
Өңкей шалдар киінді
Жаннат пенен елоттен.
Баланың тоны бір басқа,
Қыздың тоны бір басқа,
Дүниесін бітіріп
Келген екен қыз қасқа.
Біледі екен кемі менен кетігін,
Қалаға пұл жіберіп,
Бітірген екен етігін.
Құба шекпен, көн етік
Төбе болып қалады,
Алдын, артын жияды.
Қайрат қылған сұлуды
Қамбарға неке қияды.
Екі жүйе Қамбардың
Біреуіне жетеді.
Кеп отырған ағалар,
1099 Енді қойсақ нетеді.

Қамбар батыр

(Б. Мұқамбайұлы нұсқасы)

Бұрынғы өткен заманда,
Ескілікті адамда
Өзімбай атты бай болды
Нашарлар келген саламға.
Бұл секілді адамды
Нашарлар іздеп табар ма?!
Жатар екен осы бай
Ақ теңіз деген аралда.
Жан-жағына хат жазып
10 Жіберді кісі шабарға.
Үш жүзді тегіс шақырды
Ақылдаспақ адамға.
Алты ұғлы бар арландай,
Жалғыз қызы ардақты
Жақсы порым бағар ма?!

«Таңдауыңа бердім, — деп,
Жалғыз қыз осы балама.
Малым көп, бөрің билесең,
Малымды айдап көріме
20 Өліп кетсем сала ма.
Ерік бердім қызыма,
Үлкен-кіші, жан аға.
Не дейсің мына сөзімді,
Кеп отырмын араңа».

Өзімбай жаяуға ат, жалаңашқа киім болатын жомарт адам еді. Жалғыз қызын мал үшін қызығып тең емес адамына беруге қарсы еді. Өзімбай бай «қызым кімді сүйсе, соған барсын, мал алмаймын» деуші еді.

Өзімбай деген бай болған,
Төрт түлігі сай болған,
Жегендері жал-жая,
Ішкендері шай болған.
Қызығын көріп дәулеттің,
30 Жалғанда көңілі жай болған.
Бұл секілді жоқ па үлкен бай
Ниеті түзу бар болған.
Жақсы етіп үйді салдырып,
Үйінде жақсы шам болған.
Дастарханын көргендер
Ішіп-жеп, тойып таң болған.

Алты ұлы бар еді,
Алтауы бірдей бөрі еді,
Күрсілдеген неме еді,
40 Нашардың ақын жеп еді.
Ең кенжесі Алшығораз
Тәуірсымақ деп еді.

Бес ағасы бес тентек,
Әрбірінде бір келтек.
Бірінің аты — Арыстанбек,
Құдай ұрған ду тентек.

Бірінің аты — Қараман,
Бойын өрге балаған.
Тентектігі болғаннан,
50 Жуымайды әр адам.
Мінезі жаман неме еді,
Өсек айтқан жаламен.

Бірінің аты — Оймауыт,
Нар түйедей бойлауық.
Арамға жақын неме еді,
Жаман жұмыс ойлауық.

Бірінің аты — Есқара,
Бұ да тентек масқара.

Батырсынып өзінше
60 Сөйлейді екен қасара.

Кішісі — тентек Ақтабан,
Ешбір адам жақпаған.
Күң-күң етіп әркімді,
Көрінгенді боқтаған.
Бұ да бір мылжың оттаған,
Дәулеті бар деп сыйлайды,
Бұл секілді жоқ па адам?!

Ең кенжесі — Алшыораз,
Секілденген шын қораз.
70 Жаман менен жақсының
Арасын жігіт білетін,
Қатарымен жүретін.
Таланты бар неме еді,
Жайдарысынып күлетін,
Құлаққа сөзді ілетін.
Жігіттіктің дәуірін
Өткізбейтін мүнәтін,
Тәуірлеп киім киетін,
Жаратып жылқы мінетін,
80 Сұлу іздеп сүйетін.
Адамшылық ойлаған,
Халыққа бөлген ниетін,
Көпшіл жігіт мырза еді.

Алты ұлының ішінде
Назым деген жалғыз қыз,
Нұр секілді пішіні,
Адам тоймас түсіне.
Өз табында, қатарда
Елден озған сұлу еді,
90 Пар келмеген өзіне
Пішін менен ісіне.

Назым сұлу ер жетті,
Күйеуге бермей күні өтті.

Әкесі оның Әзімбай
Тоты құстай түлетті.

Жорғадан басқа мінбеді,
Торқадан басқа кимеді.
Табаны жерге тимеді,
Маңдайы күнге күймеді.

- 100 Білімі қыздың бар еді,
Сабақ оқып білгені.
Секілденген қырғауыл,
Сілеусінде жүргені.

Ат кекілін термекке,
Адамдарын көрмекке,
Елдің бөрі қимылдап,
Табылды бір іс өрмекке.

- Аққудай мойны құрықтай
Назым сұлу ер жетті.
110 Елдің бөрін шақырып,
Порымдарын жөндетті.
Ешкім қалмай келсін деп,
Әзімбай кәрия сөйлепті.

- Әзімбайда сөз мынау:
— Ноғайда сәлде бек, — деді,
Назым, тұр мұнда кеп, — деді,
Назым қыздың алдынан
Бөрің тегіс өт, — деді.
Қызым сүйсе бірінді,
120 Мал алмай берем тек, — деді.

Елдің бөрі таласты
Алдынан шулап өткелі.
Не мырзалар қылтылдап,
Маңызданып бектері.
Тәртіп қылды бір адам,
Сарамжалды ептеді.

- Белі кеткен бүкшиіп,
 Көзі кеткен түкшиіп.
 Таяғы бар қолында
 130 Қарттар келді түкшиіп.
 Таяқтарын таянып,
 Сақалы аққа боялып,
 Қалмаймыз деп аянып,
 Көкірегі кірілдеп,
 Көзінің алды іріңдеп,
 Буындары дірілдеп,
 «Көтере гөр, пірім», — деп,
 Қақыранып қояды
 Қызға қарап күлімдеп.
 140 «Атаңыздың жолы осы,
 Осы қыз болды мұңым», — деп,
 «Өтірік емес, шыным», — деп.
 «Айналайын, Құдай-ай,
 Көтере гөр», — деп күбірлеп.
 Қарамады бұларға,
 Сүйгенімен қосылмай
 Назымның көңлі тынар ма?!

- Жиылды молда, қожалар,
 Сүйегі асыл тазалар.
 150 Сәлделерін қиғаштап,
 Назымға қарай бой тастап,
 Жан-жағын қарап байқастап,
 Аяңдайды жай тастап,
 Көрініп жүр ойқастап,
 Ақ шапаны көлкілдеп,
 Сақал-мұрты желпілдеп,
 Тәсбиғы бар қолында,
 Әулие болып селкілдеп,
 Жеңілсініп елпілдеп,
 160 Бұлар да жүрді еркіндеп.
 «Секілді екен нұр қызы,
 Тілегімді берсін», — деп,
 «Тисең маған, теңсің», — деп,
 «Секілді жұпар исің», — деп,

- «Ішің мені білсін», — деп,
«Баяғы қожаң мен едім,
Танымай қойма кімсің?!» — деп.
«Сенің аман жүргенің,
Назымжан, менің ырысым», — деп.
170 «Қылқиған жаман қожа», — деп,
«Керегі жоқ, құрысын», — деп,
Елдің бөрі айтып тұр:
«Назымға да бір сын», — деп.

- Қиғаштап басып бұттарын,
Іреңдетіп сырттарын,
Жоғары таман таңқитып,
Тастаған түріп мұрттарын.
Неғылар екен құтбаным,
Қарамай қойды қыз Назым,
180 Бұларды көргін құртқанын.

- Болыс пен датқа, би келді
Ат құйрығын түйініп,
Аламыз деп сүйініп,
Тәуірлеп киім киініп,
Назым қыздың алдынан
Өтпек болды жиылып.
Өзінен басқа кісі жоқ,
Тұр ғой дейді бұйырып,
Назым қыз мұны жек көрді
190 Қасы-көзі қиылып.

Бұлар тағы жақпады,
Бұларға Назым бақпады.
Бұлар озып кеткенде
Жас жігіттер қаптады.

Келе жатыр мырзалар,
Қоңыр қаздай ырғалар.
Бәйшешектей түрленген,
Опасы жоқ дүниеден
Ойланшы, ерлер, кім қалар?!

- 200 Жете алмаған арманда
Ішінен қатты мұңланар.
- Бедеу атын мінісіп,
Қатарын түзеп жүрісіп,
Қалжыңдасып күлісіп,
Ат үстінен бұраңдап,
Бірін-бірі ілісіп,
Жігіттік жолын білісіп,
Қолтықтарын көтеріп,
Ат үстінде шіреніп,
- 210 Құйрығынан тіреніп,
Қыздың жайын білейік,
Қалжыңдап сөйлеп тиелік,
Бұйырса мұны сүйейік.
- Мырзалар тағы жақпады,
Бұларға Назым бақпады.
Өзбек келіп қаптады,
Кеудесінде жүні көп,
Омырауын атқаны,
Өмірі бөрік кимеген
- 220 Тақияшаң бастары,
Кілең айғыр мінгені,
Үш жерден тартқан тартпаны.
Қызға қарап қиғаштап,
Олар да өлең айтқаны.
- Назым бұны парықтады,
Келгенін бұлар анықтады.
Бұлар да көзге ілінбей
Санаусыз боп қалып қалды.
- Қызыл шапан жауырында,
230 Белбеулері сауырында,
Бар еді мырза аулында,
Маған келсең тоясың
Әңгелек пенен қауынға.

Моншақпен атын тұлдаған,
Өзбектер де өтті қатарлап,
Бұны да көңіл қылмаған.
Қайсыбірін айтайын
Мұнан да пайда қылмаған.
Біреуі де жақпады
240 Сорлы екен деп құраған.
Жігіттер де боп жатыр
Өкпелеп қатты тулаған,
Басында талас көп болды
Біріне-бірі қимаған,
Жаман қыз деп ойлады,
Атадан жақсы тумаған,
Шалдарда да көп болды
Көзін қысып ымдаған.

Мұнысын айтсам бола ма,
250 Бұған көңілің тола ма?!
Жек көрсең деп жолама.

Бұлар тағы өтеді,
Жақтырмай бәрін кетеді,
Кедейлер келіп жетеді,
«Біз де шұбап өтелі,
Нәсіп болса, Назымжан,
Бұйырса алып кетелі».
Жоқшылыққа өкпелеп
Бүйірден қайтып нетелі.
260 Мәлім болған халыққа
Таңлау берген екені.

Сүйтіп ақыл салады,
Аты шабан байғұстар
Аулақта атын сабады.
Назым қыздың алдынан
Қойқаңдап өтіп барады,
Жан-жағына қарады.
Бұл секілді сұлу қыз
Іздесе қайдан табады?!

- 270 Қатқан тоны қаудырлап,
 Ілгері аты бауырлап,
 Құйысқан мен жүгені
 Шегелері саудырлап,
 Қарамаса қыз Назым,
 Қалады көңілі ауырлап,
 Жиылды сонда ақсақтар.
 Бір бөлек болып арт жағы
 Жоғары басы қақшақтар,
 Соқырлар да келеді,
 280 Оның да көзі бақшақтар.

Бәрі тегіс өтіпті,
 Жақтырмай Назым кетіпті,
 Киініп келген көбісі
 Жұмысы келмей орынға,
 Қарыздар қылып орынға,
 Тимей қойды біріне,
 Өзін мұнша бекітті.

Сонда Назым ешкімді жиылған адамдардан сүймеген соң, әкесі Өзімбай ашуланып: «Осынша көптен бір тең адамы табылмай ма?! Қызым ақымақ, адам кәдірін білмейді» деп, қызына қарай айтқаны:

- Мұсылманның бәрін жидырдым,
 Тамаша ойын қылдырдым.
 290 Осынша көптен тең таппай,
 Ақылсыздық білдірдің.
 Бұл Ақарал қалаға
 Көрсін деп бәрін шақырдым
 Сіз сияқты балаға.
 Өтіп кеткен күніне
 Ішің толар сәнаға.
 Бәрі тегіс жиылды
 Үлкен-кіші, жан аға.
 Атасы бөлек халықтан
 300 Ноғай менен өзбек,
 Түрікпен де кірді араға.

Тойға келді сап басқа,
Көзің түсті әр жасқа,
Ақылсыз болып туыпсың
Бір ерді таңдап таппасқа.

Сонда Назым әкесіне қарай айтқаны:

— Құйрық-жалым күзеліп,
Базарға түстім байталдай.
Еркін аузым бармайды
Сізге жауап айтарға.
310 Бәрін тегіс біз көрдік,
Қалған жігіт байқалмай.

Мырзалар келді бұралып,
Әр жерден басы құралып,
Осы келген мырзаның
Бәрін де байқап сынадық.
Әйел де болсам, жан ата,
Ешбіреуін бойыма
Көре алмадым ылайық.

Ішінде ешбір батыр жоқ
320 Шауып шығар төбеге.
Ешқайсысы, жан ата
Ылайық емес денеме.
Тіліңізді алмадым,
Назарымды салмадым
Нәсілі жоқ немеге.

Мұсылман аз, қалмақ қау,
Бір күні келер қалмақ жау.
Жаман болса барғаным,
Екі ноқта өріліп
330 Қалмай ма басым пәлеге.

Сонда әкесі қайталап айтқаны:

Айқайлап көрия ақырды,
Ашуланып бақырды.

«Келмеген тойға кім бар?» — деп,
Шақырушыны шақырды.
Қалдырма деп біреуді
Айтып едім ақылды.

Шақырушының жауабы:
— Алпыс үйлі арғын бар,
Жетпіс үйлі жебір бар,
Тоқсан үйлі тобыр бар,
340 Тама, қыпшақ, қоңырат бар,
Бес жүз үйге толады.
Бекқожаның баласы
Қамбардың елі болады,
Қалмаққа барып жылқы әкеп
Бес жүз үйге сояды,
Кедейлері тояды,
Талай қалмақ ұрысқан
Абыройын жояды,
Батырларын өлтіріп,
350 Найзасын қанға бояды.
Шақырдым барша жандарды,
Шақырмадым бұл тойға
Кедейдің ұлы Қамбарды.
Шақырушының бұл сөзін
Отырған адам аңғарды.

Бұны естіп ер Қамбар
Қалғанына ыза боп,
Бір шатақты салмаққа
Ойланып батыр қамданды.
360 Қамданбақ түгіл арланды,
Жолдастарын жиып ап,
Бұлар айтты арманды.
Бес жүз үйге жетеді
Төңірегі ауданды,
Ескермеді адам деп
Қамбар батыр балуанды.
Бұл ісіне Әзімбайдың
Естіп Қамбар шамданды,

Жүгірмек болып өлген жөн
370 Мұнан құры қалғанды.

Мылтығын салып мойнына,
Қылышын байлап беліне,
Барайын деп еліне,
Тұйғын салмақ көліне,
Жүріп кетті Қамбар ер,
Көрінбек болып Назымдай
Қатар өскен теңіне.
Келерсің деп жөніңе,
Көрсетермін көзіңе,
380 Нан пісіп тұрған деміңе.
Бір жігіт ерді қасына,
Атын ұстап еріне,
Әзімбайдың ауылының
Қасынан жүрді көріне,
Қаттырақ басып қарамай
Қиналған аттың теріне.
Жолықпады бір кісі
Еңгізбек еді көріне.

Мінгені жүйрік өкімді,
Сұлу Назым сүйкімді,
390 Алтын құмған қолында,
Қамбардың келер жолында
Дәретке шыққан секілді.
Жеңгесі жоқ қасында
Сөйлесе алмай өкінді.
Ғашық болып Қамбарға
Мазасын жаман кетірді.
Тұра тұр деп батырға
Жөнін айтып өтінді.

Қоғадай болған шашы бар,
400 Алтын түйме басы бар,
Ақ маңдайы жалтылдап,
Әйнектей көзі жалтылдап,
Қиғаш біткен қасы бар.

Назым сұлудың Қамбардың жолын тосып, Қамбар келіп қалғанда айтқаны:

— Қара қасқа атты Қамбар-ай,
Қара атыңда жал бар-ай,
Біздің үйге түсе кет,
Көбікті саумал іше кет,
Қайнап тұрған шай бар-ай.
Батыр, саған сақтаған
410 Жарылмаған май бар-ай.
Қамбар батыр, келе кет,
Келіп мені көре кет,
Ақ төсімнің үстінде
Бір кісілік жай бар-ай.
Замандас Қамбар батырсың,
Қай жаққа бара жатырсың?
Көңлім қошы шатымсың.

Қарамай Қамбар жөнеді,
Назым үйге келеді,
420 Өкпелеп қалған тойына
Намысы бар ер еді,
Кедейлігі болмаса
Несі кімнен кем еді?

Назым қылды өкпені:
— Қамбар маған не үшін
Бір қайрылып кетпеді?
Мен ойласам Қамбарды
Ішсем тамақ өтпеді,
Бақайыңнан келмейді
430 Ноғайлының бектері.
Қаршығасы сен құстың,
Мен — бөдене кептері.
Көшкенде көшті билейді
Қомы сиған түйелі,
Көк орайға қонады
Саумал ішкен биелі.
Жібектен қылған киімді

Тапқан кісі киеді,
Менсінбей Қамбар кеткенге
Ішім оттай күйеді.
440 Қол ұстасып жолдас боп
Қандай адам жүреді?
Ақылы бар адамдар
Айтпай сырды біледі.

Сөйлесе алмай арманда,
Бір оңаша күн еді.
Не болды менің өзіме,
Күндей болған дүзіме,
Қанша зарлап айтсам да,
Елікпей кетті сөзіме.
450 Қисыны кетсе қашады,
Келсе жұмыс кезіне.

Айнамды алып қарайын,
Айнаға көзім салайын,
Кешке қайту жолында
Бір жолығып қалайын.
Батырдың көрдім талайын,
Әруағыңды бағайын,
Өзіңдей берен болмаса,
Назымды кімге шағайын.

Алты құлаш ақ өрмек
460 Ақ өткелге құрады,
Сол жерде Назым тұрады,
Ғашық боп көңлін бұрады.
Бір сөйлесіп қалсам деп —
Қыз Назымның мұрады.
Он сегізде жасы бар,
Пісіп тұрған уағы.
Судың қуат ағындай,
Өзен-судың құрағы.

Қамбар мергендіктен қайтып, төрт құланды екі жағына бөктеріп, бір түлкіні қамшы етіп қолына ұстап, жолда өрмектің

үстіне жетіп келеді. Құрулы тұрған өрмекті аттан түсіп жіберіп, қылышпен кесіп өтіп жүре береді.

- Аттан түсіп батыр кеп,
470 Өрмекті бөліп турады,
Мойнын қызға бұрмады.
Қанша зарлап тұрса да,
Ешбір назар қылмады.
Мың күн тұрған шөлмектің
Бір-ақ күн болар сынбағы.
Әр сөз айтса бақпады,
Назымның жаны тынбады.
Айбынды туған ер Қамбар
Сыртынан мас боп Назым қыз
480 Ішкендей арақ улады,
Арыстандай сүйегі
Түбірлердің буданы.

- Көрді Назым батырды,
Өткіздім деп ғапылды.
Аң-таң болып Қамбарға,
Тағы да Назым шақырды.
— Мен сияқты, батыр-ау,
Табасың қайдан жақынды.
Бес жүз үйдің қамқоры,
490 Естуші едім атыңды,
Бекқожаның баласы,
Білуші ем арғы затыңды.
Жиырма беске келгенше
Алмапсың, мырза, қатыңды.
Қара қасқа атты Қамбар-ай,
Қара атыңда жал бар-ай,
Қамбар десем қайтпайсың,
Бейәдеп өскен заңғар-ай.
Айтпасам да білмейсің,
500 Ашпағанды көрмейсің,
Некелі жұпты адал деп
Жол қылған жақсы жандар-ай.
Келмесең, батыр, қайтейін,

Мен сырымды айтайын,
Тағы біреу табылар,
Кедейде қалың сор бар-ай.

Сонда Қамбар батырдың Назымның сөзіне қарай, атының басын бұрып тұрып айтқаны:

- Сен бір жүрген жек, — деді,
Ноғайлы бәрі бек, — деді,
Саған қалың беруге
- 510 Менің малым жоқ, — деді.
Сандалған сіздей мас пенен
Сөйлеспеймін көп, — деді.
Кедейліктің зарпынан
Тойыңа тобыр кеп пе еді?
Әзімбайдың үйінен
Ешбірі тамақ жеп пе еді?
Кедей деп бізді шақырмай,
Кедей заңғар депті енді.
Шақырмасаң тойыңа
- 520 Кедейден көрер тепкенді,
Білмесең пасық сөккенді,
Көрерсің абыройын төккенді.
Ақырында байқарсың
Іскен менен кепкенді.
Сонда керек қыларсың,
Түбіңе қалмақ жеткенде,
Жанған отың өшкенде,
Басыңнан бағың көшкенде,
Нәсіп берген Жаратқан,
- 530 Ескермесең, ескерме.
Ақылы жоқ сасық бай
Көрерсің арттан жеткенде.
Қарамай Қамбар жөнелді,
Сонда Назым сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Рас айттың, жұртқа бас,
Ерінбеген ұйықтамас,
Қосылса сауап екі жас,

Батыр, сізге не қылдым
540 Көңілімді қылдың мұнша мас.
Не демейді дұшпан-дос,
Қайратың тиген кедейге
Сен бір жарық гауһар тас,
Тым болмаса, қалқам-ау,
Жақсы сөйлеп көңілді аш.
Сонда да Қамбар батырың
Қарамай кетіп барады.
Бұны көріп Назым қыз
Мұңайып көзден төкті жас.

550 Қарамай Қамбар жөнелді,
Назым үйге келеді,
Әзіл қылып тұрғанын
Ағалары көреді.
Ызаланып жиналып
Сырттан даттап сөгеді.
Әзімбайдың бес ұлы
Күрсілдеген неме еді.

Ашуланды Арыстанбек,
Балдарына бас тентек.
560 Қолына ұстап бір келтек,
Айқайлады жерді өртеп.

Ашуланды Қараман:
— Соғысуға Қамбармен
Артынан іздеп барамын,
Түбірге ойран саламын.
Жалғыз атты Қамбардың
Атымен өзін жарамын.
Осылай кегімді аламын,
Есебін сүйтіп табамын.
570 Түбірлерді құл қылып,
Сүйегін иттің шағамын.

Қараманның соңынан
Ашуланды Оймауыт,

Нар түйедей бойлауық.
Зіркілдейді Есқара,
Ашуы келіп масқара:
«Ойнай ма ол, шындай ма
Секілденген жас бала».

580 Жүгіріп келді Ақтабан,
Тентекті көрсе жақтаған,
Қамбардан асып қайраты,
Ызасы келіп қаптаған.
Озып жүрген елінде,
Ешкім тура жақпаған.

590 Өңкей тентек жиылып,
Шоқпарына сиынып,
Алшыоразға айтады
Мына сөзді баяндап,
Дірілдейді тұтығып
Тұралмайды аялдап:
— Қамбар келіп нағып жүр
Жүрегім келді қаяулап,
Атын тартып алғанда
Кететін еді жаяулап.

Алшыораз сөзі:

600 — Арбаңдаған бесеуің
Жиылып келдің елендеп,
Адырайып жүресің,
Сөйлемейсің төмендеп,
Дірілдейсің талқан боп,
Бура құсап шөмендеп.
Әкем қылған уәде,
Назымдай жалғыз қызымды
Сүйгеніне берем деп.
Ауылда жүріп сандалма, —
Айтады сөзді шеберлеп.
Кет, — деді, — бөрің жөнеліп,
Қамбардай батыр табылмас,

- Сол себептен сөгем, — деп.
 Енді келсең қасыма,
 610 Абыройыңды төгем, — деп.
 Ақылсыз туған ағалар,
 Ер қолынан мал тайса,
 Өзен-суды жағалар.
 Жақсы менен жаманды
 Жаратқан бәрін Құдайым,
 Жақсыны жаман табалар,
 Ірі қылып сөйлесең,
 Ғаріптің көңлі шамалар,
 Қамбарға Құдай бақ берсе,
 620 Әр жерден дәулет жамалар.
 Алла бағын тайдырса,
 Байдың көзі ағарар.

- Қалмақтар келіп жай салған
 Сүйдім деген қала бар,
 Мақтым деген ханы бар,
 Оның ерлік дабысы
 Қамбарменен барабар.
 Олар да есітіп қалыпты
 Өзімбайда бір сұлу
 630 Назым деген бала бар.

Назымның атағы қалмақтың ханы Мақтымға жетті. Мақтым Назымның атағына ғашық болып, қалай алу жағын қарастырды. Әуелі алдынан сұрап, беделімен алайын, егер бермесе күшпен тартып алармын деп, елші жіберуді мақұл көріп, өзінің тілмаш молдасы шалақазақ Келмембетті шақырып айтқаны:

— Су атасы бұлаққа,
 Жол атасы тұяққа.
 Өзімбай деген бір байдың
 Назым деген қызы бар,
 Сөйлесіп маған өпер, — деп,
 Қалмағын, — деді, — ұятқа.
 Он жігіт ал қасыңа,
 Дәулет құсым басымда.

Қорықпай сөйле тартынбай,
640 Нашарлық қылып жасыма.

Бірнеше күн жол жүріп,
Аз ғана емес, мол жүріп
Келіп қалды Келмембет
Әзімбайдың жұртына.
Жалғыз келді Келмембет,
Жолдасын қойып сыртына.
Мұны көріп бес тентек,
Нағып жүрген адам деп,
Шыға келді алдынан
650 Қаһарланып жұлқына.
Сөйлейін деп Келмембет
Жауап қылды ұмтыла.

Келмембеттің сонда айтқаны:

— Аманбысың, жарандар,
Өздеріңе белгілі
Сүйдім деген қала бар,
Сүйдім елдің патшасы —
Мақтым деген дана бар,
Әзімбайдың үйінде
Назым деген бала бар,
660 Айттырып келдім бұл қызды,
Қалай дейсің, ағалар?

Арғымақ ат бізде бар,
Алтынды кежім сізде бар,
Жаптыртқалы келгенім.
Ханды қабыл көрмесең,
Қыздарыңды бермесең,
Ноғайлының бәрін де
Шаптыртқалы келгенім.
Бұқара қылып бөріңді
670 Қасқитқалы келгенмін,
Ерегіссең, көзіңді
Бақшитқалы келгенмін.

Алмас кездік бізде бар,
 Піскен қауын сізде бар,
 Тілдіргелі келгенім.
 Ханның айтқан жауабын
 Білдіргелі келгенім,
 Жақтырмасаң сөзімді,
 Бүлдіргелі келгенім.
 680 Құда болып сіздермен
 Бір жүргелі келгенім.

Қылыш түспей білектен,
 Аузы кетпей тілектен,
 Үйде отырған Алшыоразға
 Өтті сөзі сүйектен.
 Алшыораз да ер еді
 Талайларды жүдеткен.
 Шыға келіп Алшыораз
 Жағадан келіп алады,
 690 Келмембетті білектен.
 — Не дейсің маған, Келмембет,
 Малайлық пен күні өткен.
 Аударып алып атынан,
 Тепті келіп жүректен.
 Талып қалды Келмембет
 Жігіттерге сүйеткен.
 Құлағын кесті құнтитып,
 Мұрнын кесті шұнтитып,
 Сақал-мұртын күзеді,
 700 Он жігітін өлтіріп,
 Қалмақты мықтап түзеткен.

Алшыораз он қалмақты өлтіріп, Келмембеттің құлақ-мұрнын кесіп, «бар, елдің ханына сәлем, Назымнан дәмепесін, кет» деп, Келмембетті қайтарды.

Ер Келмембет қайтады,
 Беті-басын уалап,
 Маса, шыбын келеді
 Соңынан қалмай қуалап,

- Амалы жоқ бейшара
Көзінің жасы домалап.
Арада неше қоныпты,
Өзінен-өзі торықты,
710 Сөйлеймін деп сандалып
Шерменде мұндай болыпты.
Құлақ пенен мұрны жоқ
Мақтымға келіп жолықты.

Мақтым хан көріп шошып, жолдастарың қайда деп
Келмембетке қарай сөйлегені:

— Келдің бе, Келмембетім, бөрі болып,
Басында жүруші едің сері болып,
Құлақ пенен мұрын жоқ жолдасың мен,
Тіріден әрі, өлімнен бері болып.
Өздеріңнен болды ма осы жұмыс,
Болмаса жабылды ма елі болып?

Келмембет пұшықтың берген жауабы:

- 720 — Мен де бір бұл жалғанға үлгі болдым,
Кей жерде бөрі, жортатын түлкі болдым.
Бөрің де құрсын, түлкің де құрсын,
Айрылып құлақ-мұрнымнан күлкі болдым.
Құлақ пенен қарашы мұрынымды,
Кіржиген анық сорлы кірпі болдым.

- Сөзімді айтқаннан-ақ жақтырмады,
Қарсы алып айтқаным тақ тұрмады.
Өзімбайдың құрысын балалары
Мылтықпен он жігітті атқылады.
730 Өзім жалғыз бұл жаққа қайтарғаны,
Жігітім қаза тауып жатты бөрі.

Мақтым хан Өзімбайдың бұл ісіне қатты ашуланып;
«Жиырма жігіт қасыңа қоса тағы бар, ер кезегі үшке шейін
деген, егерде енді қош алмай тағы да өлтірсе, онда елін барып
шауып алам, аттан, Келмембет», — деді.

Жиырма жігіт жөнелді жолдас алып,
Келмембет қапаланған көңілі жарық.

Келмембет Әзімбайға Мақтым ханның хабарын айтқаны:

— Амалым жоқ, кеп тұрмын бұйрықпенен,
Байлаулы қызметте мен бір ғаріп.
Азар болса қоярсың мені өлтіріп,
Қалмақ келіп шаппасын мазаңды алып.
Қызыңды беремісің, бермеймісің?
Айт деген ханның сөзі хабар салып.

Ноғайлы елінің жақсылары кеңесіп, «бір қыз үшін елі-жұртымыз қырыламыз ба, Мақтым ханға Назымды берейік» деп тоқтам етіп, «құда боламыз, ханың келсін», — деп Келмембетті разы қылып кейін қайтарады.

- 740 Келмембет пұшық қайтады,
Ноғайлының сәлемін
Мақтым ханға айтады.
Келіп қалған жүйеге
Сөз мәнісін байқады.
Басында қазақ тасса да,
Басылған екен сайтаны.
Екі жүз жігіт жиып ап
Керней-сырнай тартады.
Күйеу болып барам деп,
- 750 Құмары жаңа тарқады.
Дүрсілдейді жүрегі
Көрсем деп Назым қалқаны.
Бармаққа енді жиналып,
Мақтым хан мінді арбаға,
Парды жегіп жорғаға.
Екі жүз жігіт қасында,
Бұлар келіп түседі
Ақарал деген ордаға,
Шақырды тегіс жақсысын.
- 760 — Жаманшылық ойлама,
Жұмысым бар артымда

Тезірек алып қайтамын,
Некесін қисын Назымның, —
Деп айтады Мақтым хан, —
Жібер кісі молдаға.
Аттарын жайып далаға,
Тиісе жатты қалаға.
— Келтірсін, — деп, — Назымды,
Жеңгесіне хабар ет,
770 Күйеудің көңлін таба ма,
Барып кел, — деп бұйырды
Бір жасауыл балаға.

Мұны естіп қыз Назым
Көңілі қалды налада.
Қамбарға жаман өкпелеп
Қамығып келіп жылайды:
— Хабарсыз Қамбар қала ма?!
Жеңеше, тезірек айт хабар,
Жіберсін кісі Қамбарға,
780 Айтқын барып ағама.
Несібеме жазбаған,
Қалмақ Мақтым шынымен
Мені енді ала ма,
Колтығына сала ма,
Елі-жұртым қайда жүр,
Обалыма қала ма?!
Ақылдасып бұл жерге
Үлкен-кіші жиналды,
Қыздың зары тыңдалды.
790 Қайтеміз деп бұл істі
Кеңінен шешіп ойланды.
— Бүгін мұны қалдырсақ,
Қамбар мұны есітсе,
Салар бізге думанды.
Мақтымнан да жаман іс қылар,
Салар елге ойранды.
Қазақта Қамбар ер еді,
Жауға лайық бөрі еді,

- 800 Қамбардың ата-бабасы
Бекқожа батыр дер еді.
Мақұл көрді көпшілік
Шікіліктеп жылқыдан
Қамбарға тарту берелік,
Халықтың батыр көмегі,
Нашарға тиген себебі,
Өкпесі бар басында
Ел екен бізді демеді.
Жығылмаққа алдынан,
Мың жылқыны алға айдап,
- 810 Отыз кісі жақсыдан
Қамбарға қарай жөнелді.
- Мұны есітіп қыз Назым
Қайғы тарап бойынан
Күлімсіреп келеді.
Үйде жатып Мақтым хан
Екінші хабар салады,
Жеңгелерін шақыртып
Күйеудің қылған хабары.
Не қыларын біле алмай
- 820 Тарылып отыр танабы.
Назымды көру мақсатым —
Қазіргі жігіт талабы.
Қасында бар мұның да
Ақылдасар адамы.
Қыз Назымды көргенше
Іші оттай жанады.
Қызды барып әпкел деп,
Жеңгесіне ақшиып
Зәресін жаман алады.
- 830 Қыз келгенше қасына
Ашылмай отыр қабағы.
Ғашықтық өртеп жүрегін
Батпайды ішкен тамағы.
Қолына тисе осы қыз
Не қылмақ еді арамы /күлкі/.

- Қыз бикешке жүгіріп
Жеңгесі келді асығып,
Бетінен қанын қашырып:
— Айналайын, қыз бикеш,
840 Айтамын саған жасырып,
«Бикешіңді әпкел» деп
Зәремді алып Мақтым хан,
Мазамды алды асығып.
Аюдай қара күржиген,
Таңқы мұрын, бұжыр бет,
Көргенде көңілім суыды,
Жүрегім қалды басылып.
Садаға кетсін Қамбардан,
Болса да айтам асылық.
- 850 Арбаңдаған неме екен,
Қисық көзі ақиып.
Айналайын, қыз бикеш,
Өзіріне көнейік,
Қамбар да келер тезірек,
Болып қалар жақсылық.
Жеңгесіне айтады:
— Дұрыс екен жауабың,
Түк көрмеген боламын,
Күймелі арба жегіңдер,
860 Соған мініп барамын,
Қайтқан жоқ еді талабым.
Жеңгесіне ер деді,
Есебін өзім табармын.
Қамбар келіп болғанша,
Ақылыммен айлалап
Қалмақты алдап қарармын.
- 870 Әйнектей көзі жалтылдап,
Жүрегі шошып тарсылдап,
Күймеге мініп түймелеп,
Атпен жүрді аршындап,
Не болып кетер жолым деп,
Қорқыңқырап қалшылдап,
Сырғытып келді күймемен

- Қалмақ жатқан ордаға,
Сырттан жауап қылады,
Жымия күліп толғана:
— Мен сіздік болдым ғой,
Кешікті деп ойлама. —
Тоқтатты Назым жүрегін,
880 Арыз айтып Мақтымға
Сұрап алды тілегін.
— Сыртыңыздан құмар боп
Бір көрсем деп жүр едім,
Сүйдім де сізді, хан, — дейді,
Сыртыңыздан білемін.
Қасына таман кел деді,
Жеңгесінің біреуін.
Мақтым көріп мас болды
Шыныдан аппақ иегін,
890 Қол алысып көрісіп
Ұстамақ болды білегін.
- Назым айтты: — Мақтым хан,
Алдыңа келді жалғыз жан,
Құдай біреу, дін басқа,
Сен қалмақ, мен мұсылман.
Қай жаққа қашып кетемін,
Бұйрық болса басынан.
Сүйегі зат хан болсаң,
Кейін тұр, тақсыр, қасымнан.
900 Біздің елге келдіңіз,
Несібеңіз шашылған.
Құс төресі — бидайық,
Күндіз келмек күйеуге
Біздің заңда көп айып.
Бұл жерден, Мақтым, кеткен соң
Сіздің заңды қылайық,
Сайтан жолды ойламай,
Сабыр қылып тұрайық.
Хан жолымен іс қылу
910 Болар бізге ылайық.
Мұндай болар біздің жол —

- Күйеу іштен, қыз тыстан
Ұстар еді білсең қол.
Кеткенше күйеу қыз келмес,
Осыған, тақсыр, разы бол.
Бұдан кейін әкеміз
Отыз күн ұдай той қылып,
Аз ғана емес, мол қылып.
Қызды күйеу шақырмас
- 920 Бері кел деп ой қылып.
Некесін қиып молдасы
Береді қызын жөн қылып.
Отыз күн тойы біткен соң,
Қыз күйеуді жаттырып,
Ұзатады атамыз
Алтын-күміс арттырып,
Өз заңыммен бұл жерде
Көңілімді көтер шат қылып.
Білгіш екен ақылың,
- 930 Сабырыңыз мол екен,
Қаладым сізді жақтырып.
- Көңілі тасып бұл сөзге,
Мақтым жүрді керіліп,
Сыпай мырза боп қалды,
Айтатын сөзге ерініп,
Жүрегі кетті еліріп.
Разы боп қыздың сөзіне
Кетті көңілі беріліп,
Керіліп Мақтым сөйлейді
- 940 Көтеріліп желігіп.
— Назым, менің қатыным,
Қатынымның көрдің бе
Ұшан-теңіз ақылын.
Әдейі іздеп келгенде
Осы болар сұрауың.
Бердім, қалқам, жарқыным,
Нәсіп етпес әр қызға
Мендей мырза батырын.
Жұрт айтқан соң ғашық ем,

- 950 Айтқанындай бар екен.
Жаңа толды тақымым,
Бердім тілек, жүре бер,
Күттім сабыр ақырын.
- Назым қайтты күлімдеп,
Мақтым қалды дүрілдеп.
— Мүшел болар адамға
Жазым болып сүрінбек.
Орнына келді, — деп айтты
Арман менен мұңым, — деп,
- 960 Жұмыстың көрсе шынын кеп,
Кім болжаған бұл істі,
Кім байқайды бұрын деп.
- Өзімбай бұны есітіп,
Той қылады қуанып,
Көңлі қалды жұбанып.
Ақыл ойлап қыз Назым
Үйінде отыр бұралып,
Ойын-сауық сырнаймен,
Мәжіліс болып құралып.
- 970 Бұлар тұрсын осылай,
Азғантай әңгіме Қамбардан
Бастап енді құралық.
- Басында қалды байланып,
Жұмысы келіп орнына
Көңілі бітіп жайланып,
Отыз би барды Қамбарға
Ауылдан шыққан сайланып.
Тартуға барған жылқы алып,
Мың қаралы айдалып,
- 980 Қорқып қалған ноғайлы
Көңіліне бұрын қайғы алып.
Кеңшілікті таба алмай
Жүрген қулар сандалып,
Бұлардың ісі осылай,
Қамбар отыр олжа алып,

Ноғайлының ісіне
Дос-дұшпан отыр таң қалып.

- Ат-айғырды жетелеп,
Келді билер төтелеп.
990 Ит жүгіртіп, құс салып,
Батыр Қамбар жүр еді
Шамбол көлде бопалап.
Тобырмен келді ноғайлы
Сөйлесе алмай жекелеп.

Сонда Қамбар ноғайлы елінің келген кісілерін кекетіп: — Мырзалар, қай жаққа жылқы айдап барасыңдар, сатуға әкеле жатқан мал болса, маған да біреуін сата кетіңдер, — дейді. (Қамбар ноғайлы елінде болып жатқан уақиғаларын тегіс біліп отырған еді).

- Қамбардың айтқаны:
— Ақарал еді жерлерің,
Сәлем бердім, ерлерім,
Жылқы айдаған бегілерім,
Сыртта жүріп есіттім
Еліңе қалмақ келгенін.
1000 Қайғылы болып қалды ма
Қатын-бала, елдерің?
Жөндеріңді айта тұр,
Жоқ еді бұрын көргенім.
Өзім тірі тұрғанда,
Далаға кетпес еңбегің.
Азырақ өкпем бар еді,
Аяғын келіп жөндедің.
Хабардар едім сыртыңнан,
Алшыюраз деген сен бе едің?
- 1010 Сонда бір би сөйледі:
— Рас айтасың, Қамбаржан,
Қорлық көріп біз қалдық
Қалмақтың өкім хандардан.
Уайым-қайғы көбейді

- Кемпір менен шалдардан.
Қайрат кетті бұл күнде
Балуансынған жандардан.
Несін айта берейін,
Біледі сөзді аңғарған.
- 1020 Ат-айғырды жетелеп,
Келдік сізге төтелеп,
Үміт қып батыр даңғардан.
- Сонда Қамбар сөйледі:
— Сіздердің бәрің бек, — деді,
Қанша жылқы берсең де,
Дүние сізде көп, — деді.
Кедейліктің жөнінен
Ауылыңа түбір кеп пе еді?
Елдің бәрін шақырып,
- 1030 Атың бізге жетпеді.
Алшыораз сонда сөйледі:
— Олай деме, Қамбаржан,
Жалған дүние айланар,
Кедейге де бақ қонса,
Алдына әрне айдалар.
Дін қылышын шапсаңыз,
Бір жаныңа пайда бар.
Тарту тартып кеп тұрмыз,
Қайтсек көңіл жайланар.
- 1040 Білмегенді кешпесең,
Білгендігің қайда бар?!
Елдің іздеп келгені
Ақыл сенде, айла бар.
Билердің айтқан бұл сөзін
Құлаққа, батыр, алыңыз,
Сізден көмек болмаса,
Қалмақ болды ханымыз.
Қатынымызды алып кетсе де,
Ұрсуға жоқ боп әліміз,
- 1050 Алдыңызға сәлемге
Жығыла келдік бәріміз.
Қалмаққа ойран салыңыз,

Жәрдем болса бабаңыз,
Сұлу туған қыз Назым
Болмай да қалмас жарыңыз.
Адасқанда айып жоқ,
Бұл жұмысқа наныңыз.

- Сонда Қамбар сөйледі:
— Қонақ болып кетіндер,
- 1060 Қаз еті бар қақтаған,
Құланның етін сүр қылып,
Мейман үшін сақтаған.
Жүріңіздер ауылға,
Кедейім көрсін ақ табан.
Саяпкер жігіт менде бар
Айтқаныңдай мақтаған,
Кедей де болса бұларды
Әркім келіп жақтаған.
Көмегім менің осылар,
- 1070 Сыртымнан дұшпан батпаған,
Ынтымағы кетпеген,
Жауды көрсе қаптаған.
Мақтанды деп айтарсың,
Бәрің өзің көрдіндер,
Қалмағым бар ма шаппаған.
Тікіленсем шынымен
Қашып жолын таппаған.
Жеті күнде барайын,
Қалмады сөзің айтпаған.
- 1080 Алшыюраз сонда сөйлейді,
Разы болып сөзіне,
Көңілі тасты бөрінің
Жолыққан соң өзіне.
Татуласты айқасып
Келіп жұмыс кезіне.
Қош айтысып Қамбарға
Қайтпақ болды еліне.
Малды тастап жеріне,
Жылдамырақ кел деді,

- 1090 Реті келсе жөніне.
Кетті Қамбар жылқы айдап,
Құсты тастап көліне.
Мың сан жылқы алдында
Келді ауылдың шеніне.
Ойланып Қамбар келеді,
Жан-жағындағы кедейге
Малды бөліп беруге.
- Келген малды кедейлер
Бірдей бөліп алады,
1100 Жарымай жүрген сорлының
Көңілі толып қалады.
— Қалайша келді мұнша мал,
Жөнін айтшы, — деп, — Қамбар,
Білмек үшін мән-жайын
Жігіттердің талабы.
Мына сөзге ер Қамбар
Толғана мойнын бұрады.
Жолдастарын жинап ап
Көлденең қарап тұрады.
- 1110 «Ноғайлыдан келген тарту» деп
Батырдың берген жауабы.
— Мұның жайын айтайын,
Жолдас-жобам, құлақ сал,
Тыңдап мұны, ұғып ал.
Ноғайлының елінде,
Той қылып жұртты шақырған
Әзімбайдың баяғы
Сұлу Назым қызы бар,
Даңқы кеткен әр жерге
- 1120 Есіткен жан қызығар.
Әр атаның ұлы бар,
Айтып тұрған сөзімнің
Кейінгі жақта түрі бар.
Қалмақ кепті алғалы,
Білмегенің біліп ал,
Шақырмаған тойына
Біздің елдің құны бар.

- Сасып кепті қалмақтан,
Жәрдем тілеп біздерден,
1130 Қарап тұрсаң, мырзалар,
Бізден басқа кімі бар?!
Назымды беріп отырған
Құда түскен сыры бар.
- Аттарыңды суытқын,
Өткен істі ұмытқын,
Жұртым үшін туыппын,
Өзім үшін күйіппін.
Тезірек жүріп кетуге,
Баратын қалмай түрі бар.
1140 Аттарыңды жаратқын
Дайындалып қамданып,
Назым қызды алуға
Қалмақ кепті дегенге,
Отырмын қатты шамданып.
Азық-түлік дайында,
Жұрмеңіздер сандалып.
Жұрт үшін жүрдім намысқа,
Білдің бәрің аңғарып.
Осыны айтып ер Қамбар
1150 Шамырқанды, шамданып.
Уәде қылды баршасы:
— Сіз бастасаң, біз дайын,
Жаным, сізден қалмалық,
Кедей едік, бай болып,
Арқаңызда толдық, — деп,
Қой орнына жылқыны
Қонаққа әкеліп сойдық, — деп,
Уәде қылды баршасы
Артында батыр болдық деп.

Қамбар жолдастарымен бармаққа уәде етіп, әзірлік жасап,
дайындықты істей берді.

- 1160 Отыз кісі риза боп
Аулына қарап барады,

Көңілденген бұл билер
Жүйріктей қызған табаны.
Жол үстінде бұлар да
Ақылдасқан шамалы.
Әзімбайға келіп Алшыораз
Міне берген хабары:
— Ісіміз болды оңынан,
Жеті күннен соң ер Қамбар
1170 Қалмақты келіп шабады.

Мақтым келіп жатқалы
Ноғайлының елінде,
Болған екен бір жұма,
Ұзаққырап барады,
Жұмыс болды жылжыма.
«Жатамын ба мен мұнша,
Кетемін енді тезірек.
Той-тамаша қылды ма,
Қатуланды Мақтым хан,
1180 Шаруаларың тынды ма?»

Назым қыз жоқ қасында,
Қабағы отыр түнеріп,
Алшыоразды шақырды
Жасауылын жіберіп.
Жылдам келсін деп айтты
Кешігіп қалмай кідіріп,
Жұмысы келмей орнына,
Ішінен отыр бүлініп.
Қандай жұмыс болды деп
1190 Ұйықтамай көзі ілініп,
Жасауылдың сөзімен
Сыртта жүрген Алшыораз
Атпен келді бұрылып.
Отырды келіп қасына
Әңгіме-дүкен құрылып.

Сонда Мақтым сөйлейді:
— Жатамын ба, жүрем бе,

- Тойларыңыз әлі жоқ,
Мәнісін бұның білдің бе?
1200 Артымда талай жұмыс бар
Мені көзге ілдің бе,
Шабандап кеттің қалайша?
Осыны Мақтым айтады,
Ойланып басын шайқады,
Ұстап отыр сайтаны.
— Тезірек істі бітіргін,
Бүгін-ертең қайталы.
Келіп едім күйеу боп
Ноғайлының халқына,
1210 Кімдер ғашық болмаған
Қыз Назымның даңқына.
Апта-күн жатып кешігіп,
Қарай алмай артыма,
Ақылсыз шатпақ ел екен,
Жетпейсің бе парқыма.
Үлкен-кіші сөйлесіп
Жасы үлкен қартыңа.
Кешіктіру күйеуді
Қазағыңның салты ма?!
- 1220 Асыл туған Алшыораз
Жауап қылды осындай,
Айтатұғын жер келсе
Сөйлеуші еді шошынбай.
— Қазақтың бәрін шақырдық
Той болсын деп осындай.
Қамбар деген ақын бар,
Шақыртып соны алыңыз
Қолыңыздың босында-ай.
- 1230 Шақыртып мұнда ақынды алдырыңыз,
Келмесе үкім қылып жазғырыңыз.
Жұрт көрмеген көрсетіп жақсы ойын,
Халықты тамашаға қандырыңыз.

Мақтым хан айтқан сөзін қабыл көрді,
 Қасына Келмембетті шақырды енді.
 Екі қоржын, қос көзді жамбы беріп,
 «Қамбар деген ақын бар барғын», — деді.

— Тоқталмай Қамбар ақын келсін мұнда,
 Халқына тамақ болар мынау ділдө.
 Бастасын мына тойды сәніменен,
 1240 Деп айтты, — менен сәлем, — Мақтым мырза.
 Айтады Келмембетке: — Шапшаң барғын,
 Айналып кетпейсің бе, мұнда тұрма.
 Қамбарды жақсы ақын деп ел айтады,
 Тура келсе көрерміз біздің сынға.

Жылдам кеп Қамбар ақын ойын қылсын,
 Алдымда қызмет қылып шайым құйсын.
 Менмендігі болмасын көңілінде,
 Есі болса сөзімді пайым қылсын.
 Шақырғанға келмесе жалқауланып
 1250 Сол себепті нәсіптен тайып жүрсін.
 «Жалқау адам еріншек» жақсы болмас, —
 Даңқын да осылайша жайып жүрсін.
 Біз де есітіп қалалық қызықтарын,
 Жұртында көрінгені қалып жүрсін.
 Осы сөзді тура айтқын барысымен,
 Көзіне іліп бізді де танып жүрсін.

Адамды есіртеді қолда барлық,
 Жоқшылық ұзатпайды жолы тарлық.
 «Қамбар ақын кешікпей жылдам келсін», —
 1260 Осылай деп бұйырды етіп жарлық.

Күрсілдеп, ашуланып қылды паңдық,
 Қамбарды дереу барып әкелмесең,
 Көзіме көрінбестен кеткін қаңғып.
 Келмембет анық «пысық» жігіт еді,
 Ханның айтқан сөзіне қорқып кетіп,
 Атына мініп алып, кетті заңғып.

- Кешікпей жүріп арада
Жылдамдатып барады,
Атқа қамшы салады,
1270 Көз жіберіп жолына
Қараса мойны талады,
Атты бұтқа сабады.
Жылқы аралап жүргенде
Қамбарға келіп кез болды,
Ауылдан аулақ далада:
«Амансың ба, ақын?» — деп,
Елшінің берген сәлемі,
Мақтымның сөзін қалдырмай
Бәрін айтып қарады.
- 1280 Қоржындағы жамбыны
Алдына төгіп салады,
Жамбыны ақын «нәсіп» деп,
Бәрін жиып алады.
«Екі күнде барам» деп
Ақынның берген хабары.
Есітіп алып сөздерін
Келмембет қайтып барады.
- Нәсібі зор Қамбар ер:
— Жамбы берем сіздерге,
1290 Жеңгелерім, бәрің кел.
Қаладан қашық біздің ел,
Сіздерге берген олжаны
Ынтымақ етіп түгел бөл.
Тілеулес болған, жеңгелер,
Тәуекел болды осы жол.
«Аман бол!» — деп бәрі де
Бата беріп, созды қол:
— Қайырлы сапар, болсын жол!
Қамбар айтты: — Жеңгелер,
1300 Бәрің тегіс ырза бол!
- Жамбыны алды бөлмелеп,
— Батыр қайным, өлме, — деп,
Бата қылды баршасы:

- Ісіңді Алла жөнде!—деп.
Жабдықтарын түзетіп
Талабы мықты өрмелеп,
Біріне-бірі сынатып
Тәртібін түзеп жөндемек.
Сайманын түгел дайындап
- 1310 Жиып алған термелеп.
Аттарын тегіс суытып,
Саяпкерге көр демек.
- Қара қасқа тұлпарын
Қамбар бағып күттірген,
Саяпкерге бақтырып,
Асылдан жабу жаптырып,
Сұлы менен сүт берген,
Тұлпардың көңілін шат қылып.
- 1320 Таң асырып шаптырып.
Тобыры қалмай артынан,
Талаптарын жақтырып,
Атағы шыққан ер еді,
Дұшпанын жеңген азамат,
Қаратпай бетке сап қылып.
Үйреткен жолдас-жобаға
Садақ тартып аттырып,
Жабдығын алды таптырып.
Түзетіп тобыр кедейді,
- 1330 Састабын түзеп сап құрып.
Киімін түгел киюге
Шығарып алды аштырып.
Атына тегіс мінеді
Асықтырмай састырып,
Жігіттерін байқады
Өрі-бері бастырып.
Жүрмек болды жігіттер
Жанын Хаққа тапсырып.
Қатын-қалаш жылап тұр,
- 1340 Екі көзін жас қылып.

- Қамбар үйден шыға кеп
Аттың терін сүртіпті,
Соғысуға Мақтыммен
Қамбар батыр ынтықты.
Қару-жарақ асынып,
Мойнына ілді ер Қамбар
Атасынан қалған мылтықты.
Атасынан қалған бұл мылтық
Талайды жоқ қып құртышты.
- 1350 Сарамтал етті жұмысты,
Сайланып салу ұрысты,
Аш беліне байлады
Балдағы алтын қылышты.
Киді қымқап мауытты,
Сиынған пірі Дәуіт-ті.
Киіп алды ер Қамбар
Айналасы бес қабат
Атасынан қалған сауытты.
Атадан қалған мирасқор
- 1360 Талайды бұрын шауыпты.
Жақтыратын ер еді
Ойын-күлкі сауықты.
Ескермейтін ер еді
Жүрмейтұғын қауіпті.
Кететінін білген соң
Анасы жылап зарықты.
Беруге бата ұлына
Әруаққа тапсырып
Екі қолын жайыпты.

Қамбар кететін болған соң шешесі жылап тұрып, баласына бата бергені:

- 1370 — Хақ Жаппар-ай, Жаппар-Хақ,
Хандар мінген алтын тақ.
Жалғыз ұлым Қамбарға
Жау жерінде бергін бақ!
Атадан жастай жетім қап,
Қамбарым жетім құлыншақ!

- Шүкір қылдым, Жаратқан,
Астына мінді арғымақ,
Әруақтар, сенен тілеймін
Қамбар үшін зар жылап!
- 1380 Сүрінсе қолдан алып жүр,
Адаспас жолға салып жүр.
Жаман емес талабы,
Тәуекелдеп барып жүр.
Жас көдек балам ержетті,
Бекқожа батыр келбетті.
Аман қылып ел-жұртын
Абиыр бергей нәубетті.
Орната көр, ғайып ерен,
Қызыр түнеп дәулетті.
- 1390 Ат үстінде ер Қамбар
Анасының сөзіне
Жүрегі кетті елжіреп.
— Не болса да көреміз
Соғыс майдан жерінде,
Ноғайлының елінде.
Бір жақсы түс көріп ем,
Жолбарыспен алысып
Өлтіріп едім бір күні,
Жүрмеген дұшпан шеніме,
- 1400 Талғардың шықтым басына,
Байлап қылыш беліме.
Дұшпанға бой бермейім,
Жүрсе де ол сенімде.
Жар болса бабам әруағы,
Енгізермін көріне.
«Тәуекел түбі — жел қайық,
Мінесің де өтесің;
Уайым түбі — тұңғиық,
Түсесің де кетесің».
- 1410 Талабым алда ілгері
Жау түбіне жетемін.
Өлсем басым сүйейтін
Жолдас-жоба ертемін.

- Қара қасқа тұлпарын
Беренменен белдіктеп,
Жонаменен желдіктеп,
Мақпалменен терліктеп,
Жібектен айыл салады,
Байлап қамшы алады.
- 1420 Күн тимеген бауырдан,
Жел тимеген сауырдан
Қара қасқа тұлпарды
Қамшыменен салады.
Атымен «шу!» деп кеткенде
Тау жаңғырып қалады.
Айбынына қарасаң
Тіктеп көзің талады.
Бес жүз жігіт жолдаспен
Алды-артына қарады.
- 1430 Қылыштарын асынып,
Байлаулы жанда садағы,
Жолдастары арынды
Артынан қалмай барады.
Түгелдеп алған қолында
Құрал-сайман жарағы.
Ойпаң жерден орғытып,
Жарлау жерден сырғытып,
Арынын аттың баса алмай
Келе жатыр сорғытып,
- 1440 Ат үстінде алысып,
Бірін-бірі қағытып,
«Жай жүр» деп Қамбар бұйырды,
Желіңкіреп сырғытып,
Аттары суып жараған
Келе жатыр жылжытып.
Алабыртқан жігіт көп
Құрыстап жауырыны жын бітіп.
- Көбік шығып сауырдан,
Тер тамшылап бауырдан.
- 1450 Қарауылдап Назым қыз
Шыққан екен ауылдан.

- Амандасты Қамбарға,
 Жақсы көзбен қарайды
 Тәрізденіп сағынған.
 Аққудай мойны созылып,
 Қайысқандай қабырғаң,
 Екеуі де сымбатты
 Қалай сәйкес табылған?!
 «Аман ба — деп, — анаңыз» [сұрады]
- 1460 Жері жоқ сөзден жаңылған,
 Батырға қолын қусырып.
 Мінезі майда жібектен,
 Жалт етіп көрсең жаныңнан.
 Қайырылып Қамбар сөйледі,
 Мойнын бұрып Назымға:
 — Тоқтамас көңлім әзілге,
 Кетпесін тілеу жазымға,
 Жаманға жүрмес базына,
 Лайық туған кісі едің,
- 1470 Замананың сазына.
 Жауға кетіп барамын
 Соғысуға қалмақпен,
 Тілеуіңді бұзба, — деп,
 Амандасты қызға кеп, —
 Аман-есен жүрмісің,
 Қу қалмақты мырза деп
 Бет алып кетіп барамын, —
 Деп айтады ер Қамбар, —
 Жолыма менің тұрма, — деп.
- 1480 Мен сенікі түбінде,
 Тілеуіңді бұрма, — деп,
 Қош айтысып жөнелді.
 Алам деп сені кеп жатқан
 Мақтым қалмақ шын ба? — деп.

Қыздан әрі өткенде,
 Ордаға таман жеткенде,
 Ысқырады аспанға
 Садағын тартып шерткенде,
 Алдынан шығып Келмембет

- 1490 «Осынша жұртты күттіріп»
Кейіп келіп сөккенде,
Батырдың аты осқырып,
Жолдастары қасында
Келмембетке ақырды,
Шығарып есін састырып.
— Ханыңа барып хабар қыл,
Жолдас қылған жақтырып,
Тез барғын, — деп жекіріп
Алдынан жіберді шаптырып.
- 1500 Мақтымға барды Келмембет,
Пұшық мұрны қасқиып:
— Батыр деп Қамбарды есіттім,
Ақын емен, батырмын,
Сөлем айт, — деп жіберді,
Маған мұны тапсырып.
Мұны естіп Мақтым хан:
— Қазағыңды мақтайсың,
Көрінбе, — деп, — көзіме.
Ашу қысып еліріп,
- 1510 Қуып шықты ордадан
Келмембетті басқа ұрып.

Келмембет сонда сөйледі:

- Хан емессің, қабансың,
Тамам ханнан жамансың.
Жақсылықты білмеген
Адамзаттан надансың.
Бет-аузыма қарашы,
Мендей көзің ағарсын.
Жолдасыңды сабайсың,
- 1520 Жақсылық қайдан табасың?!
Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың.
Көк есектей тешкілеп
Қамбар сені басқа ұрсын.
Абиырыңды кетіріп,
Өзіңді ұстап өлтіріп,

Жаныңды жаһаннам жіберіп,
 Тиісті жерге тапсырсын.
 Құлақ-мұрның кестіріп,
 1530 Абиырыңды мендей аштырсын.

Келмембет шықты сілкініп,
 Қорықпай сөйлеп іркіліп.
 Қамбар келді күркіреп,
 Елдің бәрі жүгіріп
 Алдынан шықты дүркіреп.
 Қамбарға келіп Келмембет,
 Өксіп сонда жылады:
 — Тегі жаман ит қалмақ,
 Соқты деп мені сілкілеп,
 1540 Осындай итке тілмаш боп
 Болдым жұртқа күлкі, — деп.

Қамбар: — Жарайды, Келмембет, екі жүзді қарабет адам болмасаң, сенің зарыңды, теңдігіңді алып берермін, асықпа, сабыр ет, — деді. Қамбардың жолдастары ауылды қоршап тойға келген кісідей түсіп жатты.

Ордаға түсіп Қамбар ер,
 Отырған соң жайланып,
 Ақтабанды шақырды,
 Осылай істеп ақылды.
 — Ақын деп бізді шақыртқан
 Мақтым ханға хабар ет,
 Көрсін мендей батырды,
 «Шайымды құйып берсін», — деп,
 1550 Тапты қайдан қатынды?
 Ноғайлының еліне
 Мұнша неге басынды?!
 Ақтабан, тезірек барғын, — деп,
 Қамбар қылды ашуды:
 — Барып айтқын, Ақтабан,
 «Келдің, қалмақ, алыстан,
 Сені сөзбен тоқтатқан —
 Алшыораз біздің данышпан.

- 1560 «Қоян өлер қамыстан,
Ер өледі намыстан»,
Сізді іздеп келіпті
Бекқожаның баласы
Батыр Қамбар дабыспен.
Онан да басқа жерлерде
Көп жүйрікпен жарысқан.
Әнжімен де соғысып,
Оның да ақылын тауысқам.
Екі күнде барам деп,
Айламенен аңдысқам.
- 1570 Өркімнің ата-тегі бар,
Ел ішінде бегі бар,
Батырды «ақын» деп айтқан
Жүрегімде кегі бар.
Қарамайсың өзіңе,
Бұл сөзімнің жөні бар.
Батыр болсаң шабысып,
Найзаменен қағысып,
Ғашық болсаң Назымға,
Күшіңменен жеңіп ал. —
- 1580 Деп айтты, — де, — ер Қамбар»
Енді бар, — деді, — Ақтабан!

- Ақтабан барып Мақтымға
Ер Қамбардың сөздерін,
Турасынан қақсаған.
Бұны естіп Мақтым хан,
Ашуланды, арланды,
Шамырқанды, шамданды,
Айқай салды әскерге:
— Алып кел, — деп, — тарланды,
- 1590 Алдап мені шақырған
Ноғайлының еліне
Қылайын енді ойранды.
Тобыңменен қырайын,
Енді салып жанжалды,
Көрмеген шығар Қамбарың
Мақтым батыр палуанды.

Құтырған екен ноғайлы,
Қандайын бүгін найзамды,
Шықсын Қамбар шапшаң, — деп,
1600 Әзірленіп сайланды.
Барады сөзім төтеге,
Ер болса шықсын жекеге,
Күшім бүгін кетпесе,
Тиермін майдай шекеңе,
Қамбарды бүгін жоқ қылмай,
Мақтым тегін кете ме?

Тобыр менен ноғайлы
Ынтымағы бір болды,
Неғып кетер екен деп,
1610 Екі жағы кеңесіп
Бір құпия сыр болды.
Жиналысып екі жақ
Орта ашық ду болды.
Жиылып батыр келгенше
Майдан жерге екі ел
Жабырласып шу болды.
— Жеке, батыр, жеке, — деп
Қамбар батыр алдында,
Артында бес жүз әскері
1620 Ортасында ту келді.

Қара қасқа тұлпары
Арандай аузын ашады,
Ілгері қарай басады,
Түрін көріп Қамбардың,
Мақтымның тұрған әскері
Таңырқап жаман сасады.
Әскерін тастап артына,
Жеке тұрған Мақтымға,
Іркілместен Қамбар ер
1630 Қасына келіп Мақтымның:
— Тегінді айт, кім болдың?—
Деген сөзді қатады.

Мақтым:

Толғанып мойнын бұрады,
Адырайып тұрады.
— Маған қарсы келгендей,
Кім едің? — деп сұрады.

Қамбар:

— Бекқожаның ұлымын,
Алланың сүйген құлымын.
Қамбар батыр мен едім,
1640 Көрінбей ме түрімнен
Қарсы келіп тұруым.

Мақтым:

— Қамбар деген сен бе едің,
Екі күн өтті уәдеден,
Тәуір ме енді өлгенің?!
Майданға неге шақырдың,
Не қайратқа сенгенің?!
Менен бұрын майданды
Бар ма еді, сірә, көргенің?
Алайын ба басыңды,
1650 Кешігіп неге келгенің?!

Сонда Қамбар сөйлейді:
— Мақтым деген сен болсаң,
Қамбар деген мен едім,
Екі күн уәде деп едім.
Егер сенің қолыңда,
Ажалым жетсе өлемін,
Сен сияқты бұл жерде,
Асылық сөз демейім.
Қайратым сенен пәс болса,
1660 Желкеңнен шығар көмейің.
Айналғаным бұл болды:
Бір әдемі қырғауыл

- Алдымнан шықты жорғалап,
 Бір бүркіт шапты алдынан,
 Тығылды маған қорғалап.
 Және топтап қара құс
 Жиылған екен қамалап.
 Тағы жалғыз бидайық
 Ұшып келді қасыма,
 1670 Қос қанатын сабалап.
 Қырғауылды тастадым
 Қай жеңгені ілсін деп.
 Бүркіт те шапты күрсілдеп,
 Сабыр қылып отырдым
 Екеуіне бір сын деп.
 Бір уақытта бүркіттің
 Желкесін қиды бидайық,
 Жерге түсті денесі
 Аяқ-басы қылжайып.
 1680 Қара құстар жиылды
 Бидайыққа қоңқайып,
 Оның да қиды желкесін,
 Өр жерде қалды тоңқайып.
 Оның бәрін қырған соң,
 Қасыма келіп тұрған соң,
 Қырғауылды мен көрдім
 Бидайыққа ылайық.

Мақтым:

- Қара бүркіт мен, — деді,
 Бидайық құс сен, — деді,
 1690 Көтерілме көкиіп,
 Бұл ісің болмас жөн, — деді.
 Қырғауыл құс дегенің —
 Назым қалам қас жарым,
 Көп қара құс дегенің
 Менің мынау әскерім.
 Талайдың қанын шашқаным,
 Сен болғанмен бидайық,
 Келмейсің маған ылайық.

- Осыны айтып Мақтым хан
1700 Қамбарға қарай шабады,
Айқасып екі батырлар
Қылыш, найза салады.
Тозаңы аттың бұрқырап,
Айқайласып, салысып
Ұлы майдан қылады.
Қылышпенен салғанда
Мақтым ханның найзасы
Ортасынан сынады.
Найзасы Мақтым сынғанда,
1710 Қамбар салды найзаны.
Найзамен Қамбар салғанда,
Мақтым ханның атының
Табаны жерден тайғаны,
Қоя салып найзаны,
Қылышты қолға алғаны.
Желкеден қылыш шапқанда
Басы кетті домалап,
Аты шауып жөнелді,
Аударылып қалады
1720 Қалмақтың Мақтым палуаны.
Сүйегіне ат қойды
Қалмақтың жолдас қалғаны.
Қазақ та шауып жабылды,
Келмей қалды дәрмені.
- Тобырлар шапты айқайлап
«Бекқожа» деп ұран шақырып,
Талқандады қалмақты
Бет алған жерін жапырып.
Майдан іші қан болды,
1730 Шошынған адам көп болды,
Садақ, мылтық атылып.
Қалмақ қашты жеңіліп,
Жүректің оты басылып,
Қашқанын қуып ұстады
Көңілі тасып ашылып.
Бірін қоймай қырады

- Көрінгенін басынып,
Олжалаған көп болды,
Аттарын ұрлап жасырып.
- 1740 Басшылыққа алмаққа
Келмембетті шақырып,
Алшыоразды ертіп қасына,
Сүйдінге қарай жөнелді,
Батыр Қамбар тасынып.
- Қалмақтың атын түсіріп,
Атқа жарып кенелді.
Аралаған Келменбет,
Жоғары мен төменді,
Естімей қазақ қалған жоқ
- 1750 Қамбар батыр дегенді,
Турашыл болып уақтында
Басқарып өтті көп елді.
Сегіз күн бұлар жол жүріп,
Сүйдін деген қалаға
Қаптап тобыр барады,
Түнде келіп қамады.
Бейқам жатқан қаланы
Келістіре шабады.
- 1760 Қазынасын ханының,
Алтын-күміс көп екен,
Қалдырмай бәрін алады.
Өрістегі малдарын
Қалдырмай айдап барады.
Төрт кісісі өліп тобырдың,
Бұлардан шығын шамалы.
Мақтым хан өліп майданда,
Тарылды қалмақ заманы.
Ойран болып қаласы,
Көңілдері жаралы.
- 1770 Жиып алып жолдасын
Батыр елге қайтады.
«Есебін ал, — деп, — бұл малдың»
Батыр Қамбар тобырға

Өсиет қылып айтады.
Қайнап, өршіп қайраты,
Құмары ердің тарқады.
Қазақ, қалмақ — екі жақ
Қайратын ердің байқады.
Қалмақтың сүйтіп дәулетін
1780 Судай төгіп шайқады.

Бұлар қалмақты шауып өз елдеріне жақындағанда тобырдың Тоқмамбетін батыр мен Алшыораз елге хабар беруге шаптырады.

Өзімбай жазған жолдас қып
Елу көрия қасында,
Қарауылдап отырды
Бір төбенің басында.
Қамбар менен Алшыораз,
Жолдас-жоба баршасы
Аман келсе осында,
Шет жерге жақсы үй қондырды
Қолымыздың басында.
1790 Жігіт көрінді
Тамаша мен пошымға.

Қамбар менен Алшыораз
Тоқмамбетті жіберді,
Амандықты айтқын деп,
Қалмақты шауып қайттым деп,
Бізден сәлем айтқын деп,
Біз барғанша дем алып,
Тыныштық алып жатқын деп.
Мақтанбайды ер Қамбар
1800 Дұшпанның көңлін бастым деп,
Сүйдіннің халқын қаратып,
Сөз кірісін аштым деп.

Өзімбай ертеменен тұрып, көңілі тасып жақсылықты сезгендей, жүрегі алып-ұшып тыныштық ала алмай, төбенің басына шығып қарап тұрғанда, шауып келе жатқан бір адамды көреді.

- Ертемен тұрып Өзімбай,
 Ұйқысынан оянып,
 Тұрғанында төбеде,
 Біреуді көрді алыстан
 Келе жатқан шапқылап,
 Аты терге боялып.
 «Сүйінші!» — деді келді де,
 1810 Өзімбай қалды қуанып.
 Бастан-аяқ сөйледі
 Көргенін тегіс қалдырмай,
 Тоқмамбет те ер екен
 Екпіндеп сөйлеп сыбанып.
 — Қимылдағын, кәрия,
 Енді болды құдалық.
 Қуанғанның белгісі,
 Айтып салды Өзімбай:
 — Той тамаша қылалық,
 1820 Қалағаның ал! — деді,
 Тоқмамбетке сұранып.
 Қимылдаңдар, ағайын,
 Кетпесін бұл іс шұбалып.
 Өзімбай келіп қарсы алды
 Екі жүз кісі шығарып.
 Жүремін десе ауылына,
 Жібермеді батырды
 Үлкен-кіші жабылып.
 Жеңгесі мен балдызы
 1830 Алдынан шықты бұралып,
 Қыз-келіншек шулайды
 Жан-жақтан келіп құралып.
 Емшегі шыққан балдыздар
 Төсін басып ұялып,
 Жақсы-жаман жігіттің
 Бәрі де болды сыналып.
 Кілем төсеп есікке,
 Кіргізді үйге құрметтеп,
 Изеттік іс бір өрге?
 1840 Назым келіп қол алды
 Ғашықтарша бұрынғы,

- Солардан қалған сүндет деп,
Дастарқан жайып сылдырлап
Жеңгелері көлбектеп,
Құйылып қымыз, ет келді,
Үстін-үстін өрнектеп,
Қыз бен күйеу қалжыңдап,
Отыра берді ермектеп.
— Шаршап келдім, ұйықтаймын,
1850 Төсек сал, жеңге, жөндеп, — деп.
Тамашамен таң атты,
Күлкіменен күн батты,
Батыр көріп құрметті,
Үш күн өтті сәулетпен.

Өзімбай балаларын қасына алып, қызын дәулетіне сәйкестеп жөнелту қамына кірісті. «Барлық не дегізбейді, жоқтық не жегізбейді» деген емес пе, барлықтың арқасында жұрт сүйініп, дұшпан күйінгендей етіп, батыр мен қызын ел көшкендей етіп еншісін толықтап жөнелтті. Осындай дәулетпен батыр еліне келіп, тоқсан үй тобырын қуантып, алып келген дүниесін ортаға салып, аяқ жетер жердегі елге хабар беріп, бір үлкен ат шауып, жамбы атқызып, сайыс-күресі бар — тамашалы той істеуге кірісті.

- Қамбар айтты: — Алшыюраз,
Сендер маған той қылма.
Үш күн жаттым күйеу боп
Назым сұлу қойнында.
Қайтамын, — деді, — еліме.
1860 Көңлімдегі өзімнің
Бір той қылмақ ойымда.
Өзің білгін, тобырым,
Қанша мал жетер союға.
Еліне хабар береді
Өзірленіп тұруға.
Қимылдандар, тобырлар,
Той қылмақ болса ойыңда,
Батыр қашан келед деп,
Тосып жүр тобыр жолыңда.

Күйеу мен қызды байдың қайтаруы:

- 1870 Назымға тіккен отау деп,
 Кең сазға жайлап қондырып,
 Жасаймыз деді бір үлкен
 Ел көрмеген той қылып.
 Мың үй тікті қатарлап,
 Арасын көше жол қылып,
 Мейманды тосып тұрсын деп,
 Парлап жігіт қойдырып.
 Тобыр сондай той қылды,
 Есепсіз мал сойдырып,
 1880 Риза қылды көп елді
 Сыйлауменен тойғызып.

Батыр Қамбар елге айтты: Ат қонаға жіберіліп, тарту сый болады, тоғыз күндей тамаша болады деп айтты:

- Тоғыз күн қонақ болады,
 Қонаға атты жөнелтіп,
 Есебін аттың алады.
 Тура бес жүз шамалы.
 Тоғыз жүз алтын, жүз жамбы, —
 Бас аттың болды бәйгесі,
 Тоғыз құндыз, он бір сілеусін,
 Арыстан, жолбарыс терісі
 1890 Алдыңа алып салам деп,
 Алтайы түлкі тоғыздан
 Қарасаң көзің талады.
 Отыз атқа бәйге бар
 Озғандары алады.
 Осылай болды батырдың
 Жұртқа берген хабары.
- Атты былай жөнелтіп,
 Күреске шықты сайыспен,
 Қандай қиын күресу,
 1900 Қабырғасы сытырлап,

Бақайшағы майысқан
Талай палуан келіпті
Күреспекке алыстан.
Тоқмамбет деген жығыпты,
Жігіт екен арыстан.
Он түлкі берді алтайы,
Ел сүйініп қалысқан.
Бес құндыз болды бәйгесі
Қатындардың жарысқан.

- 1910 Сайысшылар да сайысып,
Тобырдан шығып Ақпамбет
Алыпты оның бәйгесін.
Найзаменен қағысып,
Бұған да тіккен бәйгесі
Жеті құндыз болыпты,
Бес тай, тағы сілеусін.

- Төртіншіде кезекпен
Мергендер келді талаппен,
Байлаулы тұрған ағашта
Жамбыны бұлар қарапты,
1920 Жамбыны атып алмаққа
Ысқыртады садақты.
Тигізе алмай көбісі,
Көріп жатыр азапты.
Табан тіреп тұрғызбай
Аттарын қуып сабапты.
Тоқмамбетпен немере
Жобадай атып түсірді,
Жігіт еді талапты.

- 1930 Сырттан қасқыр терісі
Он екі болған бәйгесі,
Бұған да жұрты қарапты.

Ертеңгі күн түс қайта
Бір шаң шықты бұрқырап,
Бөкендей ағып зырқырап.
Елдің бәрі «қайсы ат?» деп,

- Асығып тұрды шұрқырап,
Шыңылдаған дауысқа
Сай-сүйегі сырқырап.
- 1940 Көрінді сонда қасқаның
Маңдайы күндей жарқырап,
Сауырдан тері тамшылып,
Төрт аяқтан шыққан от
Шақпақ тастай жалтылдап.
«Бекқожа» деп ұрандап
Баланың даусы шаңқылдап.
Маядай мойнын созады,
Шү дегенде жануар
Ұшқан құстан озады.
- 1950 Келе жатыр арындап
Бұрқылдаған тозаңы.
Тастағанда құлаштан
Арқаң жаман қозады.
Төрт тұяғы шарадай,
Ерні кеткен салпылдап,
Аузында тісі арадай.
Кекілі сұлу жібектей,
Шырақтай көзі жанады,
Алдынан зулап өткенде
- 1960 Батырдың көңілі болыпты
Сүйсінгеннен баладай.
Дауыстап қуып барады
Аттары жетіп шаба алмай.
- Енді артына қараса,
Тағы бір ат көрінді
Бұлаңдаған шабысы.
Оны байқап қараса,
Мақтымнан түскен Тарлан ат.
Тоқмамбет көріп мұны да,
- 1970 Жете алмай атқа қамшылап,
«Ия, Өруақ!» — деп қуанып
Тоқаң да айғай салады.

Екіншінің артынан
Үшінші қылып Алшыораз
Күреңін қуып барады.
Ендігі атты шұбатып
Даяшы қосып санады-ай,
Бірқатар ат зорығып,
Көбі жолда қалады-ай.
Ұрыс-жанжал жоқ болып,
Жақсы болып тойы тарады-ай.

Дабысы шығып Қамбардың
Мұнша жұртқа білініп,
Қалмаған сөзден сүрініп,
Дұшпаны сырттан түңіліп,
Басшы болып тобырға
1987 Көрсетті жұмыс ірілік.

Қамбар батыр

(Ш. Қалмағамбетов нұсқасы)

- Алдым қалам қолыма,
Қарайын оң мен солыма.
Жаратқанға сиынып,
Екінші көміл піріме.
Құлақ салып тыңдаңыз,
Жамандық көрме тіріде.
Батырлар қылған қайратын,
Қартаймай тұрып әріде.
Ертедегі ерлерден
- 10 Нұсқа болып соңғыға,
Қалмаған ол іс бір еді
Ойлағанға осындай
Опасыз пәни дүние-ай.
Теңізден шыққан құрдымдай,
Жетпеген ешкім түбіне-ай.
Қазынаға жинап гәуһар тас,
Айдаһардай болып мас,
Сақтаған алтын иініне-ай.
Ашқа тамақ, жаяуға ат,
- 20 Төрт түлік малға көңіл шат,
Жарайды екен қысылса,
Жұрттың қиын күніне-ай.
Алты ұлы бар Әзімбай,
Қызы сұлу Назымдай,
Көлдің аққу-қазындай.
Ғашықтың жолын ойлаңыз,
Бектерім деп қоймаңыз,
Тоқтайды барша тіліне,
Шығарған сөздің мәніне.

30 Қыз Назым шықты бұралып,
Он сегіз толып жасына.
Кәмшат бөркін үкілеп
Дүрлиант қойды басына.
Қара мен төре қайғырды
Болса деп бізбен ашына.

Ат шаптырды Әзімбай
Он екі баулы өзбекке,
Ат кекілін өрмекке.
Шақырғанның мәнісі —
40 Назым атты сұлуды
Сүйгеніне бермекке.
Әзімбай салды шабарды,
Елге жайып хабарды.
Әркім іздеп амалды,
Жиылып бөрі қамалды.

Аз да кетіп барады,
Көп те кетіп барады.
Алтын тақтың үстінде
Бек те кетіп барады.
50 Сақал-мұрты ағарған
Шал да кетіп барады.
Он қойына ат алған,
Бес қойына мата алған
Жарлы да кетіп барады
Бай тойына барғалы,
Ұнатса Назымды алғалы.
Шараң бар ма Құдайға,
Алмаған жан қалмады.

Сәске мезгіл болғанда
60 Ауылдан тұрып қыз Назым
Қудай мойнын толғады,
Барамын деп ойлады.
Алтын қамыт доғасы
Қамқа тонды киіпті.
Шора алтыннан жағасы,

- Шүйілкесі күмістен,
Делбегесі жібектен,
Қызметкерлер тез жеккен.
Жегіп алды қос қара ат,
70 Киіп алды қос манат,
Қос арғымақ арлатып
Көкарал шаһар қалаға
Назымжан кірді зырлатып.
Биік қырдың басында
Шықты Назым бұралып,
Салдырып биік мұнара.
- Назымды малсыз алуға
Халықтың болып құмары.
Жиылған халық біле алмас,
80 Ақыры немен тынады.
Келген ерлер толып тұр,
Болса екен деп іңкөрі.
Бәрі де өткен шұбырып
Қалмады жақсы-жаманы.
Қасқа, жайсаң бектердің
Таусылып ақыл-амалы.
Жарлыны байға теңгерген
Көңіліне жел берген
Қыз Назымның заманы.
90 Сұрады сұлу сөз ашып,
Аузынан дүр шашып:
— Бар ма екен, — деп, — далада
Жігіттің келмей қалғаны?
- Назымнан үзіп күдерді
Дәмелі болып барғаны,
Бері өтіпті қалғаны.
«Келмей қалған кім бар?» — деп,
Шақырушыны шақырды,
«Тез кел, — деп, — мұнда» ақырды.
100 Шақырушы сөйледі:
— Шақырмадым бұл тойға,
Өзімбай оған бермес, — деп,

Назымжан оны сүймес, — деп.
Тоқсан үйлі тобырда,
Алпыс үйлі арғында
Он сегіз жасар Қамбарды.
Қатары бар әркімнің
Біреуін таңдап тимеді-ай.
Келмесе де бұл тойға
110 Болды Қамбар сүйгені-ай.

Бір күндері болғанда
Қамбардайын жас батыр
Тоқсан үйлі тобыры,
Алпыс үйлі арғыны
Азығы бітіп аш жатыр.
Қыран қара бүркітің
Тұғырына қонады.
Садаққа салған оқтай боп
Тұлпарына мінеді,
120 Қаршығасын көтеріп,
Көліне Һудың жөнөді.
Түскен жолы Қамбардың
Шұбырған малдың ізі еді.
Жағалай қойын байлаған,
Деңіздің бойын жайлаған
Қыз Назымның ауылының
Үстінен түскен кезі еді.
Мұны көріп Қамбардың
Жоқшылық кірді есіне.
130 Қымызы бар деп боз үйдің
Түсейін барып несіне.
Қырындап өтіп барады
Сұңқарын ұстап бетіне,
Шықты ауылдың шетіне.

Сол кездерде қыз Назым
Бұлттан шыққан ай құсап.
Күймесіне сүйеніп,
Тұр еді Назым нұрланып.
«Қара атты Қамбар, қайрылмай

- 140 Не себепті кеттің?» — деп,
Ашуы келді долданып,
Ақша беті қарайып.
Қалды ма деп жапырай,
Шар айнаны қолға алып,
Айнаға көзін тұр салып.
Қараңғы тартып көңілі
Қыз Назымның ішіне
Қапалығы симады.
Шақырып жақын жеңгесін
- 150 Ордаға тегіс жинады.
Түс қайтуға жеткізбей
Бір ұршықтан өрмекті
Иіріп бер деп қинады.
Шүйкесін түтіп шапшаңдап,
Бәрінің басы қақшаңдап,
Өрмегін тездеп жүгірді.
Отыз қатын ойнақтап,
Жүргенде иін тіресіп,
Тоқталып қалса кідіріп
- 160 «Қалдыңдар, — деп, — кешігіп»
Кейіп Назым күйінді.
Іргеден қақты қазықты,
Бір ұшы көлге ілінді.

Назым мінді өрмекке,
Иісін жұпар сасытып.
Ғашықтық кірді көңілге,
Сүйегін жаман жасытып.
Қайтқанда Қамбар ішсін деп,

- Арақ пенен шарапты
- 170 Сандыққа салып әзірлеп,
Сауытқа қойып ашытып.

Белсенген білек көрінер
Сырдың құба талындай.
Түрген балтыр көрінер
Ақ киіктің таңындай.
Қасы қара көрінер

- Құралайдың көзіндей.
Екі емшегі көрінер
Сау қайыңның безіндей.
- 180 Ашықтықтың дертінен
Тоқыды өрмек ерінбей.
Зарықтырды Назымды
Әлі батыр көрінбей.
- Қара қасқа тұлпардың
Маңдайында ағы бар,
Келетұғын Қамбардың
Қайтатын мезгіл шағы бар.
Сипай бауырын қамшылап,
Жаңбырдай тері тамшылап.
- 190 Он құланменен шоқытып
Келе жатыр жануар.
Қызыл алтай бір түлкі
Тымақтығы тағы бар.
Көрінеді алдында
Назымның өрмек құрғаны.
Мағлұм болды батырға
Салып қарап ақылға
Қыздырмақ үшін тұрғаны.
Қамбар айтты өзіне:
- 200 «Көңілім ауып осыдан,
Ұмытып кетсем халқымды,
Құдайдың мені ұрғаны» .
Тоқтамады кідіріп,
Өте шықты қарғытып.
- Сөйлесе алмай Қамбарға,
Тағы қалды арманда.
Отырған сұлу күзетіп,
Бойын сылап түзетіп,
Мұны көріп қыз Назым
- 210 Қаны қашып қорада,
Қылыш алып қолына,
«Адыра қал, — деп, — сен, өрмек»
Алты жерден турады.

- Жеңгелері жаны ашып,
 «Не болды, — деп, — қарағым»,
 Бәрі келіп шулады.
 Өтіп кеткен Қамбарға,
 «Тоқтап тұр» деп қол бұлғап,
 Шақырып қолын бұлғады.
- 220 Сол кездерде ер Қамбар,
 «Не дейді, — деп, — бұл маған»
 Қара қасқа тұлпардың
 Басын тартып кідіріп,
 Жауабын қыздың тыңдады.

- Сонда Назым сөйлейді:
 — Қайрылмай қайда барасың,
 Хан сүйекті Қамбар-ай,
 Қара атыңның мойнында,
 Өкпе-бауыр жал бар-ай.
- 230 Біздің үйге түссейші,
 Шөлдесең сусын ішсейші.
 Жатып тұрып кетуге
 Келетін бізде жай бар-ай.
 Ақ төсімнің үстінде
 Қол тимеген мал бар-ай.
 Құшақтасып екеуміз
 Көрісейік тұра тұр,
 Артында биік жар бар-ай.

- Сонда Қамбар сөйлейді
- 240 Ағытып сөздің тиегін:
 — Ол ойың болмас, Назым, — деп,
 Қатарыңа қарасаң,
 Мен емес таңдап сүйерің.
 Іздегенің асылық
 Қатарлап желі байлаған,
 Ыңырсытып айдаған
 Мастығы шығар биеңнің.
 Байды шалқар көл қылған
 Кедейді құла шөл қылған,
- 250 Жарлығы күшті Иенің.

- Ит жүгіртіп, құс салам,
Сырқырап жаман сүйегім.
Өз теңімнің ішінде
Айтулы ердің бірі едім.
Жолбарыс қандай азулы аң,
Тар тоғайда кездесіп,
Оған да табан тіредім.
Қайратпен жеңіп өлтіріп,
Шайқы үйірді келтіріп,
260 Бабадан медет тіледім.
Жоқ та болсам жомарттың
Жолын ұстап жүр едім.
Сеніменен, қыз Назым,
Уәде қылсам қол беріп,
Айналар ісім қиынға,
Айыпқа мені бұйырма.
Бір жаман келіп мал беріп,
Алып кетсе айырып,
Абыройым ашылар,
270 Қайғыменен басылар.
Ат басындай жүрегім
Қалады ғой тірі өліп.
Сонда Назым сөйлейді:
— Дүние боқтың аздығын
Қайратты жігіт елей ме?
Сақа қылған бар ма екен
Қорғасын құйып кенейге.
Қыз шақырса келмей ме
Және бар кісі қонаққа.
280 Жалындырған Құдайым
Жалғыз атты кедейге,
Есен тұрса бұл басым,
Еш уайым жемейін.
Он екі баулы өзбекті,
Отырдым тақта демеймін.
Бөтен туған бала едің,
Жұртқа тұлға болғандай,
Сол себепті тежеймін.
Ақылың болса ойлап тұр,

- 290 Ендігісін өзің біл,
Асырып тағы не дейін.
Сонда Қамбар сөйледі:
— Сен жеріңде жек, — деді,
Ноғайлының бәрі бек, — деді,
Алыста жатып есіттім,
Өзімді кедей дегесін,
Сөз сүйектен өтті енді.
Өзімбайдай әкеңнен
Көп тобырым қаңғырып
- 300 Келіп тамақ жеп пе еді.
Бір тілегім Құдайдан,
Қалмақ алса олжаға,
Мінгізіп салса арбаға,
Артықша туған Назымды
Түсірмей келіп араға
Сонда айтар ем теңім деп,
Сенің алты ағаңа.
Сонда Назым сөйледі:
— Ақ өткелдің ар жағы
- 310 Жағалай біткен қызыл тас.
Он сегізде Қамбар жас
Шақырсам да қайрылмас,
Көңілімді қылдың мұнша мас.
Аламын деп бір күні
Келе қалса көпір нас.
Алты ұлдың ішінде
Мен бір туған қаламқас.
Би менен бекке сөз бермес
Сені күткен мен бір жас.
- 320 Көп тобырдың ішінде
Сен бір туған ақ алмас.
Осылай өліп кетсем де,
Жолыңа сенің қойдым бас.
Жауабың жаман демесең,
Меніменен ақылдас.

Бұларды көріп сыртынан,
Өте шығып артынан,

- Қыз Назымның ағасы,
Өзімбайдың баласы,
330 Жамандарды қарашы.
— Қарай қойшы кедейді,
Назымжанға не дейді,
Алып келші өзіме,
Бір көрсетші көзіме.
Басын баудай кесейін,
Қанын судай ішейін,
Құнын өзім өтейін.
Сонда Алшығораз сөйледі:
— Ей, ағалар, ағалар,
340 Ер қолынан мал тайса,
Өзен-суды жағалар.
Білгірсінген біреуін
Болатпенен тағалар.
Жаудан қысым келгенде
Көп ноғайдың баласы
Сонда бір ерді сағалар.
Мінген аты көк пе еді,
Айтуға аузы епті еді.
Назым сүйсе Қамбарды,
350 Шақырып алып берейік,
Мал алмай-ақ тек, — деді.
Сонда ағалар сөйледі:
— Мінгені атың көк пе еді,
Айтуға аузың еп пе еді.
Жалғыз атты кедейге
Назымжанды беруге
Сүйегіңе еп пе еді.
Мінген атың ала-ды,
Алаға тоқым салады.
360 Сөздерінен сөз ашып,
Ағалары Оразбен
Бақандасып қалады.

Жөнеле берді ер Қамбар
Алшандатып тұлпарын.
Көп сөйлесіп Назымның

- Тарқатпады іңкөрін.
Бара жатқан секілді
Саңқылдатып сұңқарын.
Батырдың қарап соңынан,
370 Қор етіп сұлу дімкөрін.
- Тұра тұрсын бұл сөзбен,
Қыз Назымның хабары
Жер жүзіне тараған.
Екі кісі бас қосса,
Қыз Назымды қалаған.
Қалмақтың ханы Мақтымхан
Естіп хабар Назымнан,
Қыз Назымның жолына
Шашылсын деп қазынам.
380 — Өзімбай байға сәлем де,
Сұратқаным базынам.
Қабыл етсе сөзімді,
Күйеу етсе өзімді, —
Келмембетті жіберіп,
Кешікпей кел, — деп, — тез енді.
- Ханнан бұйрық болғасын,
Келмембет мінді атына,
Тоғыз кісі жолдасын
Жаушы болып келмекке
390 Мінді тұлпар жорғасын.
Хан жіберген сенімді
Тілге шешен болғасын,
Өзімбайдың ұлына
Жетіп келді Келмембет
Байдың тура ордасын.
Келмембет келіп сөйледі:
— Ал, тыңда, — деп, — Өзімбай,
Айтайын келген жайымды-ай,
Көтерер деп Назымды-ай.
- 400 Саусағы алтын сұңқарға
Ілдірейін деп келдім
Көлдегі қу мен қазыңды-ай.
Тікпекке ақ үй сұраймын

- Ел қонбаған сазыңа-ай.
Меніменен ұстасаң,
Қыс етемін жазыңды.
Жай ғып ханым жіберді,
Жеті атасы орынды,
Алатаудай айбатты,
410 Рүстемдей санатты,
Дәулеті менен сәулеті
Тап өзіне қонымды.
Ерегиссең онымен,
Құртады сенің сорыңды.
Ешкім саған кәр қылмас,
Ұстасаң менің қолымды.
Бүгін саған қонақпын,
Тандап сой семіз қойыңды.
420 Құда түсіп, құйрық жеп,
Қыламын қызық тойыңды.
Салдырып төсек, ат ұста,
Тырнадай созып мойныңды.
Бұғалық салып мойнына,
Жуасытып қайтамын,
Асауыңды үйретіп.
Азулы арлан бөріме
Жегіземін құйрығын,
Бағланыңды сүйретіп.
430 Толыдан қашқан түлкіңді
Ұстаймын қуып ендетіп.
Мекен еткен қырғауыл
Қызығын көрсем деп едім.
Шеңгелдетіп мойнынан,
Лашын құсқа жүндетіп.
Олай десең, байеке,
Мүйізі ұзын боз бұқа
Пәйгеліңді аңқытып,
Пәлегіңді үзеді.
440 Артқа қарап бұралып
Айдайын десең сүзеді.
Исі жұртқа жайылып,
Піскен аңқып түйнегің
Қолына өткір кездік ап,

- Ортасынан тіледі.
Жемекке әркім әуес боп,
Көрмей-ақ сырттан біледі.
Қанаты қара бүркітім
Асыраған әлпештеп
Аққуыңды іледі.
- 450 Осы айтқаным болмаса,
Тұғырға сұңқар қонбаса,
Ноғайлы елің бүледі.
- Бұл сөздерді айтқасын,
Сөз сүйектен өткесін,
Ерліктің түсіп салтына,
Ақылдаспай халқына,
Әзімбайдай қартына
Ашуланып Алшыораз
Мінді күрең атына.
- 460 Апырым деп ақырып,
Келгендерді жапырып,
Өлтіріп тоғыз қалмағын,
Керей ұлы Келмембет
Тірі ұстап алады.
Құлағын кесті құнтитып,
Мұрнын кесті пұштитып,
Жал, құйрығын күзеген,
Байталдай қып сымпитып.
- Алшыораз тұрып сөйлейді:
- 470 — Келіп ең тасып, қалмағым,
Көрсетіп күштің салмағын.
Құдайдың берген бағына
Бастан құлақ садаға,
Боларсың адам тағы да.
Ішпесе тамақ өлер деп,
Мен тимедім жағыңа.
Кесілген жерің жайғасып,
Шүкір ет қалған жаныңа.
Біз бармаймыз таласып,
- 480 Қыз, келіншек, бойжеткен,

Некелеп алған жарыңа.
Қалмақ пен қазақ қатысып,
Құда болған бар ма екен
Бұрынғыда, соңғыда-ай?!
Дұғай сәлем дегейсің
Мақтым сынды-ай ханыңа.

- Келмембет сонда сөйледі:
— Қол-аяғым болмаса,
Қоймадың аман жерімді.
490 Соғымға сойған өгіздей
Алғаның жақсы еді терімді.
Әбден жүзіқарамын,
Қайтіп елге барамын.
Кеуілжірім кесіліп,
Маңдайдан миым көрінді.
Тұмсығымнан айырып,
Есіл мұрным бүлінді.
Далаға шықсам жылаймын
Құдайдан сұрап өлімді.
500 Жолмен келген қайтсын деп
Қалдырдың екі көзімді.
Құлағым құрсын, ризамын,
Жіберсең тірі өзімді.
Мақтымханға тапсырған
Қалдырмай бірін, шырағым,
Аман барсам ит-құстан,
Жеткіземін сөзіңді.

- Бұл сөзді айтып Келмембет
Еліне кетті бұл қайтып.
510 Алдына барған ханының,
Көрген есен бұл да айтып.
Құлақ-мұрын садаға,
Жеткеннен соң жан қайтып.

Хан көріп мұны қайран боп,
Шошыды жүрек ойран боп.
«Түбіңе сенің, ноғайлы,

- Жетемін» деп оттайды,
Елінің бәрін жиды көп.
Батырларын шақырып,
520 Арыстандай ақырып,
Мақтымхан төкті қаһарын.
Айдаһардай ысқырып,
Халқына төгіп заһарын.
Жасауылды шаптырып,
Жинады тегіс шаһарын.
Бес мың алды адамды
Жігіттің өңшең қатарын,
Аттаныпты Мақтымхан,
Бергей деп жеңіл сапарын.
- 530 Қаладан шықты көп әскер
Сырнайлары шарылдап,
Сыбызғысы күжілдеп
Мінгендері дал бедеу,
Келе жатыр лапылдап.
Аударысып ойнайды,
Буыршындай тақымдап.
Сансыз сары әскері,
Ақ найзасы сатырлап,
Көрінеді алыстан,
- 540 Жұлдыздай ұшы жалтылдап.
Бие бауы шалғынға,
Көк орайлы балғынға,
Қондырды қалмақ қонысты.
Әскерді көріп сыртынан,
Өзімбай жаман шошыған.
Алшыоразды шақырып,
Бер деп жауап осыған.
— Айтып едім, жүгермек,
Болар-ау деп осындай.
- 550 Қарындасың екеуің
Қамбарды айтып мақтаушы ең,
Шақырыңдар досыңды-ай.
Ақырын Құдай оңда, — деп

Бұл сөзді айтып Өзімбай
Көзінің жасы жосылды-ай.

Келмембетке Мақтымхан,
— Өзімбайға бар, — деді,
Құлағына сал, — деді.
560 Қызын маған берсін деп,
Бір жауап алып кел, — деді.
Ханнан жарлық болғасын,
Келмембет мінді атына.
Тірідей сойып аққудың
Терісін киді басына.
Өзімбайға келеді,
Қырық жігіт қасында.

Келе сала сөйледі:
— Үйдемісің, Өзімбай,
Беремісің қызыңды-ай.
570 Жауап бер маған жолығып,
Хан қонып отыр қасыңда-ай.
Олжаға қалдың молығып,
Ашуы жаман Алшығораз,
Айта алмай тұрмын қорынып.

Бұл сөзді естіп Өзімбай
Түрегелді орнынан,
Көкірегі күрілдеп,
Көзінің алды іріңдеп,
580 Қайрат берді өзіне,
«Көтере көр, пірім» деп.
Үш жығылып, үш тұрып,
Буындары дірілдеп
Өзімбай сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Қайттың ба барып қалаңа-ай,
Қалағаның мал болса,
Бөрі де ханнан садаға-ай.
Қолыңнан келсе жәрдем қыл,
Қартайған мендей ағаңа-ай,

- 590 Тимесін қолың жағама-ай.
Оңаша үйге түсе тұр,
Шөлдесең сусын іше тұр,
Ойласып жауап берейін,
Үйдегі қатын-балама-ай.
- Атын ұстап түсіріп,
Сыйлады күтіп қалмақты.
Сыйламасқа болмайды,
Әскері жатыр салмақты.
Алшыораз да айбатты,
- 600 Ер еді асқан ардақты,
Келмембеттің алдына
Қызмет қылып бармапты.
«Бұйырған алар біреуі, —
Қараға да, ханға да
Беріндер, — деп, — Назымды»,
Өзімбай жылап зарлапты.
- Өзімбай айтты: — Халайық,
Ат шаптырып жан-жаққа,
Ағайынды жиялық.
- 610 Ерегісіп ханменен
Біз де ұялып қалмалық.
Құтылармыз қандай боп,
Бұған да айла табалық.
Бұл сөзді айтып Өзімбай
Мәмбет дейтін жаушыға
Мінгізді бедеу атын да,
Кигізді берен тонын да.
Бермесек деп бұл қызды
Үзіп жаннан үмітті.
- 620 Өзімбай айтты: — Келмембет,
Ағайыным жиылып
Ақылымды талады.
Алшыоразды айнытып,
Әрбір жолға салады.
Қартайсам да қайратпен

- Көндірдім қатын-баланы.
Қатарым деп өзімнің
Назымжан ханды қалады.
Қызға жаушы көп екен,
630 Тағдырда жазған әуелде,
Мақтымхан күйеу, біз ата,
Қайтпасын ердің талабы.
Халық иесі ханымның
Қайырлы болсын қадамы.
Сан жылқыны аралап,
Семізін таңдап сояйын.
Сабалап қымыз ашытып,
Дайын қып бәрін қояйын.
Қаласа нені тағы да,
640 Оны да дайын қылайын.
Тамашаға жиылсын
Алты алаштың адамы,
Қырық күн ұдай тойым бар,
Өртүрлі қызық ойын бар,
Жиылсын елдің алабы.
Бұл сөзді айтып Әзімбай,
Рұқсат беріп жаушыға.
- Келмембет сонда сөйледі:
— Бұрынғы істі қылмадың,
650 Қадіріме сен жетіп,
Қасиеттеп сыйладың.
Ауылдың үстіне шаңдатып,
Еліңнің бәрін жинадың.
Тағы да Құдай ұрды деп,
Қалмады қорқып иманым.
Ақылыңа тапсырдым,
Қызыңды беріп ханыма,
Артықша құрмет қылғаның.
Келмембет шауып жөнелді,
660 Ілгері-кейін шұбалып,
Шатырға келіп түседі,
Оттай беті қызарып.

Мақтым айтты: — Не хабар,
Келдің бе, — деді, — тіл алып?

Келе сала сөйледі:
— Ноғайлыға көнбедім,
Жорғасына мінбедім.
Тай-тұяқ, жамбы, пұлын-ай
Айдап салды алдыма-ай.
670 Елінің жинап бәрін-ай,
Құда болдым қызына-ай.
Зияндасты көшіріп,
Тастаған жұртқа тастай ғып,
Түстім әбден соңына-ай.
Көп кейді Өзімбай
Алшыораздай ұлына-ай.
Сізге берді Назымды
Құлағымның құнына-ай.
Халық иесі ханым-ай,
680 Риза бол біздей құлыңа-ай.
Енді сізден сұраймын,
Марқамат қыл мұныма-ай.

Мақтымхан сонда сөйледі:
— Сүйінші дейсің, Келмембет,
Көңліңді сенің табайын.
Өлгеніңше өзіңді
Тәрбиелеп бағайын.
Дұшпандарың қайғырып,
Досың болсын ағайын.
690 Қаласа Құдай, Назымды
Қалаға алып барайын.
Салдырайын оңаша
Алтыннан безеп сарайын.
Дүние таппай сен жүрсің,
Қазынамды сарп етіп,
Күніңе сенің жарайын.
Бетіңе біреу қараса,
Күрзі ұрып сабайын.

- Бұл сөзді айтып хан тасып,
700 Әскеріне жар шашып,
Сыбызғы, сырнай тарттырды.
Қыз Назымның тойы деп,
Жаратып атын шаптырды,
Қадірін көпке арттырды.
Жата берді бұл тасып,
Өзінен-өзі шуласып,
Ноғайлы келді жиылып,
Болып жатқан бұл істе
Басын қосып кеңесіп.
- 710 Әзімбай айтты: — Халайық,
Ер Қамбарға барайық,
Түбіміз бірге туыс-ты.
Ағайын адам сүйте ме,
Қалайша бізден суысты.
Қалмақтың ханы Мақтымхан
Бөленің жолын қуысты.
Көптігіне сүйеніп,
Белін бекем буысты.
Қанатын жайып бүркітті,
720 Жоям деп елді үркітті.
Салуға дайын ұрысты,
Сүйегін сұлтан қорлай ма,
Ойласаң, батыр, бұл істі.
Батырға дұғай сәлем де,
Тастасын басқа жұмысты.
Елі-жұрты жиылып,
Алшоразбен кеңесті,
Өзірге қылмай егесті.
— Ер Қамбарға барайық,
730 Тоқсан бие тарту қып,
Өз дегенін келмес-ті.
Қамбар тірі тұрғанда
Бұл жауызды жемес-ті.
Назымжанменен сөзі бар,
Жолығысқан кезі бар,
Пәлен-түген демес-ті.
Тоқсан үйлі тобырға,

- Алпыс ауыл арғынға,
Тарту қылып жөне де
740 Қоржынға салып жіберді
Ат басындай алтын мен
Қой басындай күмісті.
Осының бәрін даярлап,
Жәдігерге Алшыораз
Тапсырады бұл істі.
- Қалмақтан ноғай қорыққан,
Үдере шауып зорыққан.
Намазшамның кезінде
Батырға келіп жолыққан.
750 Ордасының төрінде
Отыр еді ер Қамбар
Салдырып төсек паластан.
Келгенін қалмақ білмейді
Қыз Назымға таласқан.
Батырдың көзі көреді,
Бір топ адам келеді
Жан-жағына қарасқан,
Төңірегіне көз салып
Кісідейін адасқан.
760 Аттары болған қара тер,
Бұларды көріп Қамбар ер,
Кезі еді болған намазшам.
- Қамбар айтты: — Жақсылар,
Ашылсын жүрген жолыңыз.
Асығып қайда барасыз,
Ауылға мейман болыңыз.
Құс еті бар қақтаған,
Қазы жоқ бізде сақтаған.
Ағалар, аттан түсіңіз,
770 «Жарлылығын жасырған
Байымас» деген бұрынғы,
Жетпейді жоққа қолымыз.
Жоқшылықтың өрісі,
Құралайдың терісі —

- Үстіге киген тонымыз.
Бар мақтанса табылар,
Жоқ мақтанса шабылар,
Алдыңда болсын барымыз.
Еңбекке белді байлаған,
780 Бейнетке өзін айдаған
Қас кедейдің зорымыз.
Соятұғын қойым жоқ,
Бар болса бермес ойым жоқ,
Ағалар, қиын сонымыз.
- Жәдігер тұрып сөйлейді:
— Жақсы айтасың, Қамбаржан,
Қайғылы сәлем әкелдім
Кемпір менен шалдардан,
Өзіңнен кіші балдардан.
790 Алатаудай халқың да,
Ер болып тудың айтулы.
Атаңа ұсап аянбай
Қуыпсың, шырақ, салтыңды.
Жайымызды білдіріп,
Ойланып тұрмын қайтуды,
Ойда жоқ жерде өрт қаптап
Ондағы жатқан халқыңды.
Кінәмыз болса, кешсін деп,
Әзімбай беріп жіберді
800 Қой басындай күміс пен
Ат басындай алтынды.
Баламыз еді көрмеген,
Алыңдар деп көлденең
Жылқыдан тағы айдатты
Тоқсан бие тартуды.
Ойда жоқ жерде от қашып,
Өрісіміз тарылды.
Қызуына шыдамай
Тынысымыз тарылды,
810 Жүрегіміз жарылды.
Өртеп кетіп барады
Өзеннің бойы қалыңды.

- Шарпуы жұртқа тиеді,
Өшірмесең жалынды.
Хан сүйекті сұлтаным,
Айтамын сізге зарымды.
Дұшпанға көрсет бір қайрат,
Көрсетіп елге барыңды.
Өткен іс қайтып келмес-ті,
820 Ертерек білдір барыңды.
Жердің жүзін сел алды,
Бөгетті қайдан саласың.
Ағысы жаман көрінед,
Тоқтатып қайтіп аласың.
Қайратты туған ер едің,
Бұған бір айла табасың.
Өз теңіңнің ішінде
Ақылы артық данасың.
Жұбатасың, жыласа
830 Ноғайлының баласын.
Атыңа мін ертерек,
Арманда болып қаласың.
Жауап берсең қайтамын,
Халқыма барып айтамын,
Қай шамада барасың?!

- Сонда Қамбар сөйледі:
— Қылмаңыз көп уайым,
Халық үшін белді буайын.
Отыңды жанған өшіріп,
Асырып қырдан қуайын.
840 Қарқын суды қаптаған
Бөгетін салып буайын.
Халқыңыз қапа болмасын,
Медет берсін Құдайым.
Өзімбайдың ақымақ
Алты ұлына өкпелеп
Жаманның ісін қылмайын.
Қорлығына бұл жаудың
Тірі боп қайтіп шыдайын.
850 Ақсақалды көріге,

Үлкен-кіші бөріне
Менен сәлем дегейсің.
Назымдайын аруға
Келермін деген сөзім бар
Түскенде жау қолына.
Қара қасқа тұлпарға
Сәтті күні ер салып,
Берсе Құдай оңына,
Түсірмен рас жолыңа.

- 860 Жәдігер тағы сөйледі:
— Қалмақтың ханы қасарды,
Қайсар туған неме екен,
Шатырын тігіп шаңдатып,
Қорқытып біздей нашарды.
Кетуге айла таппадық,
Ойланып едік қашарды.
Аралас қонып алуға
Жақындап жаулар жасанды.
Шайқалып өсіп жасынан
- 870 Өзімбайдың бір қызы
Назым сұлу атанды.
Арам қылып кетпесін,
Жаудың қолы жетпесін,
Қарақұс келіп қалықтап,
Аламын деп айланды.

- Сонда Қамбар сөйледі:
— Азып туған анадан,
Жолда жүрер адасқан.
«Көлеңке жерге түспейді
- 880 Жапырақсыз ағаштан».
Кедей де болсам, көп еді
Қасыма қоңсы жарасқан.
Баруға бердім уағда,
Артыма назар салмастан.
Дұғагөй ата-анамды
Кім бағады өзімдей,
Түзге барсам үйім жоқ,

- Пендеге қиын жалғыздық,
 Бір Құдайға жарасқан.
 890 Ел ішінде кем болдым
 Жал менен құйрық, қанаттан.
 Бұрынғының нақылы,
 Нұр жауар деген талаптан.
 Уәдемді айтқан орындап,
 Бесінші күн жетемін,
 Тірі қып қойса Жаратқан.
- Барам деп Құдай қосса берген уағда,
 Қуанып ер Жәдігер қайтты бұ да.
 Көрінбей келіп жатқан жауларына,
 900 Жол жүріп түніменен келді мұнда.
- Аузында Жәдігердің көптің көзі,
 Жауапты беріп жатыр жаңғыз өзі.
 Қасына оңашалап жалғыз барып,
 Әуелі қуандырып Назым қызды.
 Халайық құлақ салып тыңдай қалды,
 Қамбардың қандай түрде бар деп сөзі.
- Жәдігер: — Бардым, — деді, — Қамбар бекке,
 Сәлемді түсіндіріп айтты көпке.
 Қабыршақ, Қарымсақ пен Қораз, Дараз,
 910 Жүр екен төртеуіне қылып өкпе.
 Жігіттер, заманыңа берген ерді
 Танымай жүргендерің бекер-текке.
 Алшыораз ағайынмен ақылдасып,
 Сөйлесті ел жақсысы шығып шетке.
- Ұй тікті елді жиып бастандырып,
 Соймаққа талап етті малды қырып.
 Өзінің шатырында бектерменен
 Мәжіліс отыр еді хан да құрып.
 Бәрі де болар істің артын біліп,
 920 Қызмет қып ханды алдап жүр жүгіріп.
 — Әй, ханым, сізге айтар арызым бар, — деп
 Келмембет сөз сөйледі құлдық ұрып.

Ноғайдың Қамбар деген батыры бар,
Мереке алдыңызда болмас тұрып.

Бір бөле сол Қамбардан болса де деп,
Арамдық Мәмбет ерді жүр ғой бұрып.
Өлтірсем орнына хан болар ем деп,
Ойлап бұл бөлені іштен біліп.

- Қамбарды жүрген болсаң бұрын танып,
930 Хабар бер атқа мініп өзің барып.
Көрейін қандай түрлі батыр екен,
Алдыма кешіктірмей кел деп алып.
Тоқтатса қарсылық қып әмірімді,
Айдап кел жалаңаяқ жолға салып.

Мәмбет ер мінді дейді жорғасына,
Барады ноғайлының жолбарысына.
Қаңбақтай жел аударған дөңгеленіп,
Қамбардың барып жеткен ордасына.

- Ер Қамбар Келмембетті көрді қарап,
940 Тұр еді тұлпарының жалын тарап.
Құрысты тұла бойы қайраттанып,
Мысалы мас болғандай ішіп арақ.
Адам деп мұның өзі қандай түрі,
Сөз бастап танысуға қылды талап.
Келмембет бастап сөйледі:

— Амансыз ба, Қамбаржан,
Көрісуге сізбенен
Көңілімде менің көп-ті арман.
Түсінерсіз сөзіме

- 950 Қазір емес, соңынан.
Алып кел деп алдыма
Жіберді сізге Мақтымхан.
Әзімбайдың аулында
Мейман болып жатырмыз,
Күндер өтті арадан.
Бір жұмыспен бұл жерге
Келіп едік қаладан.

- Хан мейірі қанбады
Сөйлесіп қатын-баладан.
960 Әңгімеге айланбай,
Ат үстінен айт тағы,
Қайт деп еді даладан.
Бұл сөзді естіп ер Қамбар
Қайраты судай тасады,
Адымын қарсы басады.
Қабағы бұлттай түнеріп,
Жолбарыстай ыңыранып,
Теріге сыймай долданып,
Көзінен от шашады.
- 970 Бөрі көрген ылақтай
Мәмбет көріп сасады.
Шу деген даусы шаңқылдап,
Кейін қарап қашады.
Тағы да ұстап алар деп,
Дөңгелетіп жорғасын
Бауырға қамшы басады.
Ханның барып алдына
— Келдім барып Қамбарға,
Келеді, — деп, — кешікпей
- 980 Өтірік жалғап қосады.
- Шабыты қатты бүркіттей
Шығарып даусын шаңқылдап,
Ханың сонда сөйлейді:
— Өзіңменен қосылып
Қамбар неге келмеді?
Қарысатын менімен
Ноғайлы да ел ме еді?!
Алдыңа салып айдамай,
Екі қолын байламай,
- 990 Кеткенің тастап жөн бе еді.
Бұйрығыма бұл күнде
Қандай қазақ көнбеді.
Жалғыз атты кедейдің
Жарасар ма екен жеңгені.
Барған ойың бітірмей,

Келгенің қайтып қатындай,
Жігіттің жақсы өлгені.

- Қатты ұялып қысылып,
Мәмбет батыр терледі.
1000 Келмембет сонда сөйледі:
— Сенің еріп тіліңе,
Көп қылдым жұртқа зорлықты,
Жетім менен жесірге.
Қайратым жетіп басыма,
Алшыораздай батырдан
Ұшырадым кесірге.
Теңдесуге күштімен
Менің жаным тұрмайды,
Батыр болсаң, ханым-ай,
1010 Көресің ертең түсін де.
Аш арыстан пішінді
Ар жағы үш күн, бер жағы
Келеді Қамбар бесінде.
Көрермін сонда күшінді,
Мәмбеттің көңілі бір бөлек
Көп әскердің ішінде.

- Келмембет кетіп Қамбардың
Қайғыға іші толады.
Жалғыздық түсіп есіне
1020 Өңі гүлдей солады.
Бадана көз, ақ сауыт
Оны былай қояды,
Жау жарағын асынып,
Жұрмекке даяр болады,
Халқынан жауап сұрады.
Қара қасқа тұлпардың
Төрт шамшырақ жақтырып,
Аяғын арқан қияр деп,
Шешесіне бақтырып,
1030 Ашы тері шықсын деп,
Таң асырып шаптырып,
Жауға қылды талапты,

Байлады белге болатты.
Сиынғаным бір Құдай,
Сындырмасын қанатты.

Шешесі тұрып сөйледі:
— Жаратушы жалғыз Хақ,
Құдай да тақ, сен де тақ,
Сақтаушы болған жалғыз-ақ.
1040 Атқышым менің мергенім,
Көзімді ашып көргенім,
Асқар биік зеңгерім.
Көп тобырдың, қанеки,
Жолдас болып ергенің.

Сонда Қамбар сөйлейді:
— Екіталай іс болса,
Ел қорғаны ер болар.
Қас батырлар майданда
Диірмендей дөңгелер.
1050 Тәңірім мені сақтасын,
Осы барған ұрыстан.
Тілектес болып тұрыңдар,
Ақ жаулықты жеңгелер,
Иіліп сәлем қылысқан,
Ибаменен тұрысқан.
Күндіз жүрсем құрдасым,
Түнде жүрсем сырласым,
Бірге төсекте мұңдасым,
Халқым үшін барамын
1060 Көп қалмаққа бір басым.
Тілектес боп тұрыңдар,
Қанды көйлек жолдасым.
Қынаптан шықса қылышым,
Тасты кесер алмасым.

«Алпыс үйлі арғынға,
Тоқсан үйлі тобырға
Алыстан аман келгін деп,
Жә, жалғыз» деп жылады,

- Қара айғырмен жөнелді.
1070 Көргенім жалған болмаса,
Иыққа ішік жамылып,
Беті оттай қабынып,
Назым күтіп жүр екен
Ер Қамбардың жолында.
Тарыққанның кезінде
Қалай келмес өзі де,
Жасын алып көзіне:
— Жолың болсын, арыстан,
Келтіріп Құдай кезіне,
1080 Мен құрмандық өзіңе.
Жол үстінде әйелмен
Сөйлесе болар кесір деп,
Тоқтамады сөзіне.
- Қара қасқа тұлпармен
Қаһарланған бетімен
Қалмаққа жетіп барады.
Келмембет шықты алдынан,
Көзі түсті Қамбарға,
Қайта кірді хандарға.
1090 Шегініп бетін бұрады,
Ара түсіп Қамбарға.
Келмембет тұрып сөйлейді:
— Алдияр, тақсыр хандарым,
Жаңа келді Қамбарың,
Бұдан бұрын бар ма еді
Сенен сұрап алғаным.
Сұрай келдім үміт қып
Қамбардың шыбын жандарын.
Бермесеңіз, хандарым,
1100 Төгілер менің арларым.
- Шаңқылдап дауыс шығарып,
Хан тұрып сонда сөйлейді:
— Айтып тұрсың сен не? — деп,
Келмеді деп ертерек,
Жағасынан сүйрелеп,

- Алып кел мұнда Қамбарды,
Бес байталдық бедірек,
Көп сөйлемей шық, — дейді,
Көрінбей көзге тезірек.
- 1110 Бұл сөзді естіп күйінді,
Көңілге тоқып түйінді,
Батырға арқа сүйенді.
Есікке барып қайтадан,
Қылышын ала жүгірді.
Ханға қарап сөйледі:
— Хан емессің, қасқырсың,
Қас албасты басқырсың.
Досың келіп табалап,
Дұшпаның келіп сабалап,
- 1120 Хан емессің, қабансың,
Тамам ханнан жамансың.
Қамбар сені өлтіріп,
Дегеніне келтіріп,
Сүйегіңді қасқыр кемірсін,
Майыңа қарсақ семірсін.
Асықпасаң тұра тұр,
Мынау келген Қамбардан
Көресіңді көрерсің.
- Тұра алмады ер Қамбар,
1130 Бес кісідей көрмеді
Бес мың қолды батыр-ай.
Ақ сауыттан шығарды
Қарыс сүйем түгін-ай.
Тұлпардың басын қаңтарып,
Кіріп келді шатырға-ай.
- Мақтымхан тұрып көрісті,
Орын берді қасынан.
Бар жарағы белінде,
Түсі суық көрінді,
- 1140 Өзінің қорқып басынан.
Сырттағы тұрған кісіге
Білдірмейін дейді де,

Халқына сырын шошыған.
— Өлтірейін деп едім,
Кешіксең келмей осыдан.

- Сонда Қамбар сөйлейді:
— Атпенен тасып ауылымды
Қондырып едім көшіріп.
Бөлен жерден от қашып,
1150 Сөндірдім соны өшіріп.
Кедейліктің жөнінен,
Шыға алмай мен далаға,
Қанатым екі кесіліп,
Қара қасқа тұлпарым
Күні-түні дамыл жоқ,
Табаны тасқа кесіліп.
Сұңқардың ілген қазына
Бір қара құс таласып,
Жатыр екен өшігіп.
1160 Ажыраттым екеуін,
Одан бері тағы да
Құмай тазы қуалап,
Алған екен бір түлкі,
Бір төбет ит таласып,
Жатыр екен есіріп.
Ажыратып соларды
Тағы да қалдым кешігіп.
Шатыр тігіп шаңдатып,
Ноғайлының сазында
1170 Сіз де отырсыз шешініп,
Өзімбайды жүдетіп,
Сансыз қолды түнетіп,
Елімнің күйін қашырып,
Берекесін кетіріп.
Күйеумін деп Назымға
Шынашақтап жастыққа,
Айылыңды жимайсың,
Аяғыңды көсіліп.
Сіз бенен біз жауласып,
1180 Жаманның ісін қылмайық,

Қаланы қойып, ханым-ай,
Күнәмді менің көшіріп.

Мақтым сонда сөйлейді:
— Жіберген ұрып жаушымды
Алшыораз жаман басынды.
Елшіге берент бар ма еді,
Орынсыз маған асылды.
Бектерім менің күйініп,
Қайғы жеп жаман ашынды.

1190 Аламын деп ант етіп
Назымға тіктім қасымды.
Күйеуі болды қыздың деп
Хабарым жұртқа шашылды.
Бесті айғырдай азынап,
Ажырайып қарайсың.
Жалғызыңнан жайрағыр,
Ұрысуға қалайсың,
Құртайын ба басыңды.

1200 Бектер бетін бұрады,
Ұстамаққа осында,
Мұны байқап Келмембет,
Қамбарға көзін қысады,
Иегін шық деп қағады.
Мұнысын байқап ер Қамбар
Жүгіре басып шығады.
Қарғыш мініп тұлпарға,
Қаһарын төгіп тұрады.
Келмембет түсіп араға,
Қойыңдар деп ұрысты

1210 Ұядан жалғыз балаға.
Тұлпарға мініп алған соң
Сиынды Қамбар бабаға.
Қылышпенен бір тартып,
Үй жапсарын бұзады.
— Қане, жібер маған, — деп,
Ұрысқа батыр сайланды,

Арманда болып қалмаңдар,
Іс қиынға айланды.

- Болды деп Мақтым сөйлейді:
1220 — Қолыңа ал, жарандар,
Қылышың менен найзаңды,
Қыздырыңдар майданды.
Батыр деп бүгін санамаң
Жүрегі қорқып тайғанды.

- Қалмақтың аты қара көк,
Жекпе-жекке өзі кеп:
— Батыр болсаң, Қамбар бек,
Беруің керек бір кезек.
Кезегін беріп қалмақтың,
1230 Тұрды батыр бой тежеп.
Алды қалмақ садақты,
Қамбарға қарап көздепті.
Тебінгіге тіреніп,
Үзеңгіге шіреніп,
Толықсып тұрған баланы
Толғап тартып қалады.
Кірістен оғы кетеді,
Балаға барып жетеді,
Тоғыз қабат сауыттың
1240 Сегізінен өтеді.
Жыртыла жазды жапасы,
Қатарланған жағасы,
Өтер еді одан да,
Қабыл еді Қамбардың
Жасынан-ақ тобасы.
Ғайып ерен қырық шілтен —
Бұл сауыттың панасы.

- Бұдан кейін ер Қамбар
Садағын бұ да алады,
1250 Кірістен оғын салады.
Қарсы бір қарап тұр қарап,
Толғай тартып қалады.

Сыртынан шықты тартқан оқ,
Құлады қалмақ таудай боп,
Жай отындай жайнады.
Бастан бағы таймады,
Білгір жауын құлатып,
Халықтың көңілін жайлады.
Семіздігі сонша екен,
1260 Бір төбені майлады.

Мұны көріп қыз Назым,
Жүгіре жайды құшағын.
Қолына алып келеді
Алмас мойын пышағын.
Мойнына салған күйінде
Тілекші ізгі бұршағын.
Қонаққа сойған тоқтыдай,
Ханды келе бауыздап,
Мені алатын жауыз деп,
1270 Талқанда деп ошағын,
Бір жалады пышағын.

Арыстан туған ер Қамбар
Аш бөрідей жалақтап,
Шабамын деп қосынды,
Естерінен айрылып,
Қалың қалмақ шошынды.
Алшыораз бен Келмембет
Екеуі келіп қосылды.
Үшеуі бас қосқасын,
1280 Әскерлер қашып жосылды,
Кірген жерден қызыл қан,
Жау бөлеге тосылды.
Бөлек-бөлек жау қашып,
Қалмақты қашқан қайырды,
Қойдай қылып иірді.
Тойды күткен мырзалар
Өлексесі үй болды.
Бес мың келген әскердің
Екі мыңы жойылды.

- 1290 Қара қасқа тұлпармен
Көрсетті бала ойынды.
Бермеді жауға намысты,
Кім жояды ақ істі,
Қалған әскер бағынып,
Келмембет жалынып,
Келмембет түсіп араға,
Келіп Қамбар балаға,
Алшыораздай данаға,
Тоқтатады соғысты
- 1300 Қалмақтың барып қалаға,
Үлкен-кіші балаға.
Мақтымханның орнына
Келмембетті хан қылып,
Міне осылай тапсырды
Келмембетке бағынтып,
Бір тайпа елді қойысты.
Алшыораз бен Қамбармен
Құшақтасып дос болып,
Келмембет хан боп қалысты.
- 1310 Хан болып елді шақырды,
Сөйлеп бір судай сапырды.
Жауын жеңіп жапырды,
Арқа сүйеп Қамбарға,
Бағынып елі бас ұрды.
Жер ортаға келгенше
Шығарып салды батырды.
Әділдігін ел танып,
Батырдан алып ақылды.
Елін жиып тапсырып:
- 1320 — Жамандық қуып болма алаң,
Еліңе міне ие бол,
Теріс баспа бір қадам.
Айтқан сөзді сен ұғып,
Құлағың сал сен маған.
Абыройға ие бол,
Қонған бақыт бұл заман.
Елін тегіс көндіріп,

Қамбардайын жас балаң
Келмембетпен қоштасып,
1330 Болып тұр деп енді аман.

Жауын жайлап батырлар
Енді қайтқан еліне,
Нан піскендей деміне.
Ел қорғаған кім сөгер,
Ерлігін ердің ел көрер.
Қамбардайын еріне,
Алшыоразбен екеуін
Алдынан шығып қыз Назым
Түсірді әкеп үйіне.

1340 Неше күндей жол тосып,
Келді сұлу күйіне.
Келте тоны үстінде,
Отырды шығып төріне,
Алшыораз бен қыз Назым
Көрсетіп құрмет еріне.
Қыз Назымның көнгені
Белгілі болды еліне.

Қуанысып, көңілі өсіп,
Халқы ұйғарып кеңесіп,
1350 Қыз Назымды беруге.
Ел қуанып көңілді
Шаттық кіріп өмірде.

Жауын қуып ен жарып,
Бақыт қонып, бақ дарып,
Жұрт қайғысы оңдалып,
Қамбар сынды баланы
Жұрт айналып-толғанып,
Той қылам деп Әзімбай,
Халқына хабар жол салып.
1360 Қызмет етіп Қамбарды
Қыз Назым өзі бұралып,
Ер Қамбарды тоқтатып,
Қалуға бір сөз алып,
Қанша құрмет еткенмен,

Отыр Қамбар толғанып,
Қамбар отыр қайтам деп,
Көп кешікпей қозғалып.

- Мен кеткелі ауылдан,
Әпердім кегің жауыңнан,
1370 Бүгін емес көп болды,
Мені күтіп ел отыр,
Бар азығын жеп болды.
Көзімді қашан көргенше
Ата-анамның үйдегі
Ішкен-жегені дерт болды.
Өкпелеме, қыз Назым,
Құрметің қылған жетті енді.
«Қонып кет, — деп батырға
Орның даяр жатуға»,
1380 Қыз Назым бұрып беттенді.
Алшыоразбен екеуі
Батырдан тілек күтті енді.

- Ие қылмай еліне,
Ел намысын ақтаған,
Назым сұлу күйініп,
Не мінім бар деп жақпаған.
Елін ойлап батырдың
Ішкен асы батпаған.
Елі-жұрты қадірлеп,
1390 Шаужайынан қақпаған.

- Бір күн келмей кешіксем,
Атам-анам жоқтаған.
Қызығыңа мен қарап,
Ойламасам соларды,
Болармын әруақ аттанған.
Бұл күнде маған болмайды
Қызды ауылды жақтаған.
Құданың ісі көп шығар
Өлмегенге сақтаған.
1400 Ерегіскен жауына

Ерік бермей таптаған.
 Маған туса сондай күн,
 Елімді ойлап толғаймын,
 Өкпелеме, қыз Назым,
 Тоқтатпа деп сұраймын.

Тойыңды сенің күтпеген —
 Жоқшылықтың тұманы
 Басымнан кетпей бүркеген.
 1410 Артым менің аяулы,
 Ойнап-күліп жатуға
 Сіздерменен ертеден.
 Қамбардың айтқан бұл сөзі
 Жандырып қызды өртеген.
 Қайырып сөз айта алмай,
 Ішінен шоқ боп түтеген,
 Беттерін немен бітеген.

Тағы да Қамбар сөйлейді:
 — Алпыс үйлі арғында,
 Тоқсан үйлі тобырда
 1420 Мен бір жүрген жалғызды
 Елім үшін дертті боп,
 Қатарға кірмей шетте боп,
 Біреу тойса, біреу аш
 Қалып жүрер әр кезде.
 Бәрінің де көңілін,
 Сақтаймын деп өмірін.
 Қайғысы ерте тұрғызды,
 Бәрін де жалғыз асырап,
 Көңілімді Құдай бұрғызды.
 1430 Алдына мал салдырмай,
 Елді ауыл ғып қондырмай,
 Ала алмаймын мен қызды.
 Алаң болып, қыз Назым,
 Қазір айтпа бұл сөзді,
 Жегізе алмай мен соған,
 Көңілдегі бар арман,
 Ішіме қайғы тойғызды.

- Атадан туған жалғызбын,
Өзірге менің бағам жоқ.
1440 Елімді бақпай қыз алып,
Кететұғын шамам жоқ,
Белгіленген жерім жоқ,
Мал жайылар көлім жоқ.
Сүйегімде мінім жоқ,
Өзімнен басқа інім жоқ,
Соңынан ерген інім жоқ,
Кедейліктен мінім жоқ.
Халқымның бәрін жайламай,
Тірі де жүрер күнім жоқ.
1450 Алдымда және жайылым жоқ,
Қыз алатын малым жоқ,
Бұл күнде менің сәнім жоқ.
Қалың елді қарамай,
Тастап кетер халім жоқ.
Жүретін басқа жолым жоқ,
Келеке мені қылмаңдар,
Маған алаң болмаңдар,
Бөтен айтар сөзім жоқ,
Қара аттан басқа құйрық жоқ,
1460 Қалың елдің таланы,
Мұнан басқа жүйрік жоқ.
Ақырғы сөзім Назымға,
Қосылар қазір бұйрық жоқ.
Бұл сөзді айтып ер Қамбар
Атына мініп жөнелді.
Жауыңды жеңдім, қайырдым,
Бұдан басқа сыйлық жоқ.
- Аттандырып Қамбарды
Елінің жиып адамын
1470 Алшыораз тұрып сөйлейді:
— Бұл батырдан айрылып,
Қол үзуге келмейді.
Енді айтуға көнбейді,
Адам айтып жетпейді.
Алпыс үйлі арғынға,

- Тоқсан үйлі тобырға,
Мақұл десең, ағайын,
Бір шұрайын бер, — дейді.
Батырдың да көңілін
1480 Есіттіңдер, білдіңдер,
Үлкенін кішің білмейді.
- Алшыораздың бұл сөзін
Жиылған халық есітіп,
Ердің айтқан сөзі бір,
Жұтса да басын қара жер,
Айтқанынан қайтпайды.
— Шашы күміс, басы алтын
Қыз берсек те ұқпайды.
Көп тобырын жайламай,
1490 Мал салып алға айдамай,
Кілең жайлы қоныс жайламай,
Ердің аты шықпайды.
Кеше елді жау қамады,
Халық үшін кекке шыдамай
Қатуланып қабағы,
Қайтпады ердің талабы.
Алдына тағы барайық,
Алпыс үйлі арғынға,
Тоқсан үйлі тобырға
1500 Алдына мал салайық.
Сүйген жерден жайлауын,
Сүйген жерден қыстауын
Беріп қолға алайық.
Алшыораздың бұл сөзін
Мақұл десті халайық.
- Тоқсан үйлі тобырға
Тоғыз мың жылқы айдатып,
Желілеп бие байлатып,
Алпыс үйлі арғынға
1510 Алты мың қой айдатып,
Кең жайлауға қондырып,
Көңілін ердің тындырып,

- Елдің бәрін жайлапты.
Кешегі өткен қор заман
Көрген түстей болмаған.
Ауылдың үстін шаң басып,
Қалың жылқы торлаған.
Қотанда қойы маңыраған,
Әр бұтаның түбінде
- 1520 Жатқан тобыр қаңыраған.
Ақ сүт көрмей ауызы
Жас сәбиі зарлаған.
Ен дәулетке бөленді,
Ен жайлауға жерлеген.
Бір күнде болып еркін ел,
Бұрын түсте көрмеген.
- Қатар көшіп ұран сап,
Үлкен-кіші болып шат,
Қалың тобыр малды боп,
1530 Ауыздары майланып,
Ақ үй тігіп қатарлап,
Желілеп бие байланып.
Тілге шешен бұлбұлдай
Шалдар шықты қарқылдап.
Аттан түспей мал бағып,
Малшы шықты салпылдап.
Жорға мінген жетелеп,
Сөз сөйлеген төтелеп,
Мырзалар шықты жарқылдап,
- 1540 Қыз-келіншек, жас ұлан,
Өзілдесіп сыңқылдап.
- Өнегелі үлгісін
Ер Қамбардың тұсында
Жұрт көңілге сақтаған,
Жұрт сенімін ақтаған.
Билер шығып ішінен
Меңгеріп елін нұсқаған.
Қамбар сынды-ай жас ұлан
Ел ардақтап мақтаған.

- 1550 Өзімбайға баруға
Ел жиналып кеңесіп,
Назым сынды-ай аруға
Жаратып атын баптаған.
- Алпыс үйлі Арғыннан
Алты ақсақал аттанып,
Тоқсан үйлі тобырдан
Тоғыз кісі топтанып,
Өзімбай байға барады
Айттырмақ боп Назымды.
- 1560 — Қамбар сынды-ай еріне
Беріңіз деп қызыңды,
Қалың малын не дейсің,
Қой деп бөтен сөзіңді.
Көзімнің жанған шырағы,
Көлімнің балғын құрағы,
Қызыңызды сұрайды
Туған жалғыз ел үшін,
Ел жайлаған жер үшін,
Айттырам деп қызыңды,
- 1570 Құда қылып өзіңді,
Сізге тіреп жол үшін.
Бұл сөзді естіп қыз Назым,
Жарылғандай жүрегі,
Қабыл болсын тілегі.
Жүрегі ойнап кілкіген,
Жібекпен бетін желпіген,
Жеңгесіне күлімдеп,
Қол беріскен күнім деп,
Шалқи сөйлеп сыр білген.
- 1580 Бұдан кейін Өзімбай
Кісі салып Назымға-ай,
Көздерінен нұр жайнап,
Қызының жолы тұр сайрап.
Елі-жұртын шақырып,
Тойдың малын келді айдап.
Отыз күндей ойын қып,

Қырық күндей тойын қып,
Бір ауыздан мақұлдап.

- Той аяғы тараған,
1590 Қазынасын арттырып,
Қыз Назымға жараған.
Аяп немді қалам деп,
Қамбар сынды-ай баладан,
Қыз Назым мен ер Қамбар
Міне осылай қосылып,
Ақырда өткен дүниеден.

- Алып едім Қамбарды
Досжан ақын жыраудан.
Ерінейін несіне,
1600 Сөзді теріп құраудан.
Кешегі бір күндерде
Талай топта жырланған,
Халықтың талай алдында
Құмарлана тыңдалған.
Сіздерге беріп отырмын
Көңілде есте қалғаннан.
Ұмытқаным бар шығар,
Демеймін тегіс жалғаннан.

- Аты-жөнімді айтайын,
1610 Қостанайлық туысым,
Қарабалық — қонысым,
Руым көккөз — жынысым,
Ақтөбенің шаһары —
Бұл күндегі тұрысым.

- Ескерткенмен ерлердің,
Отырғаным әкеліп,
Сізге теріп жол үшін,
Сөзді теріп ұзатып,
Енді созбай желісін.
1620 Уа, құрметті балалар,

Сөзімде сенім, баға бар.
Қабылдар деп ұзатпай,
Шалдарының жұмысын.
Бұдан да басқа сөздерін
Беруге теріп болады,
Етсеңіздер келісім.

Қонысымды ескерттім,
Ақтөбе деген қалада
Атым мәлім жайылған
Үлкен-кіші, балаға.
Жиырма тоғыз Подгорный,
Үй нөмерім және де,
Сөз аяғын қысқарттым,
1634 Боларсыз риза ағаңа.

Қамбар батыр

(М. Жапақов нұсқасы)

Сөйле десең біздерге,
Не сөйлейін сіздерге.
Көп те сөзім жоқ еді,
Айтпай да бойым күздерге.

Қара бір таудың үргіні,
Сөз сөйлейді бұлбұлы
Опасыз пәни дүниенің
Қызығы бар аз күні.

- 10 Ақ дәстүрін аңқытып,
Аққу да қайтар күз күні.
Балалы қаздар майпаңдап,
Байсалды қаздар жайқаңдап,
Көгілдірін шуатып,
Олар да қайтар бір күні.
Қызыл турам дәм болса,
Аямайды қарындас
Қырық күн шілде жаз күні.
Кімнің малы бар болса,
Қызығын көрер аз күні.

- 20 Бұрынғы өткен заманда,
Дін мұсылман аманда,
Он сан ноғай жұртында
Әзімбай деген бай екен,
Әйуке деген хан екен,
Солардан қалған сөзімді,
Әзімбайдың баласы
Бесеу-алтау бар екен.
Ең кенжесін сұрасаң,
Алшыораз мырза дер еді.

- 30 Сол алты ұғлының ішінде
Нұр қыздар пішінді,
Толған айдай жүзі бар,
Адам тоймас сөзі бар,
Ор қояндай көзі бар,
Назым атты жалғыз қыз,
Алты ұғлымен тең еді.
Жауған қардан ақ екен
Қыз Назымның еттері.
Жел менен күнге тимеген
- 40 Толықсыған беттері.
Сөйлеп сөзбен таусылмас
Құданың берген көріктері.
Бір көргендер зар болып,
Өзінен кеткен еріктері.
Әйуке ханның елінде,
Ақарал шаһар жерінде
Талайдың қолы жете алмай
Түсті ғашық дерттері.
Байдың ұлы бекзада,
- 50 Патшаның ұлы шаһзада
Сөз сөйлесіп бақса да,
Болмаған уағда, серттері.
Бай баласы бара алмай,
Патшаның ұлы ала алмай,
Бәрінің қайтты беттері.
- Және де сөзді бастайын,
Өзімбай деген бай екен,
Әйуке деген хан екен,
Он сегізде жасы бар,
- 60 Ер Қамбар деген бар екен.
Алпыс үйлі арғын бар,
Жетпіс үйлі жебір бар,
Тоқсан үйлі тобыр бар.
Қырғыз, қазақ тағы бар,
Соның бәрін асыраған,
Қамбар деген бірі бар.

Қиссасын соның сөйлейін,
Құлағыңды салыңдар.

- Қақпақты көйлек, қызыл тон —
- 70 Қыз Назымның кигені.
Қытайы орыс пәуеске —
Ат орнына мінгені.
Ақаралда алты өзен —
Сейіл құрып жүргені.
Бұл сипатты сәулетпен
Орыс, қазақ, ноғай, башқұрт, дүңген де
Бір болған жоқ сүйгені.
Сұлулығын сұрасаң,
Үстіме тозаң тиед деп,
- 80 Көшпенен бірге жүрмеген.
Бетіме күн тиед деп
Салт жорғаға мінбеген.
Өзгенің қызы місәлі
Әзімбайдың Назым қыз
Жан бетіне келмеген.
Емін-еркін ер жетті,
Күйеуге бермей күні өтті.
Өз еркіне жіберіп,
Тоты құстай түленді.
- 90 Бір мезгілдер болғанда
Ақылды туған әкесі
Мұндайын жауап қылды онда.
Шапқыншылар жіберіп,
Хабар айтып келмекке.
Орыс, ноғай, сарт білән
Он екі баулы өзбекке.
Жұрт шақырған мәнісі,
Құланазар шаң қылып,
Көргендерді таң қылып,
- 100 Осындай үлкен заң қылып,
Әлпештеген Назымды
Сүйгеніне бермекке.
Осылай ойлап Әзімбай,

Халқына салды хабарды,
Жұртына салды шабарды.

- Бұл хабарды есітіп,
Көп те кетіп барады.
Алтын тақтың үстінде
Бек те кетіп барады.
- 110 Сідік масы жас түгіл,
Шал да кетіп барады.
Көп те кетіп барады,
Аз да кетіп барады.
Самайынан бит аққан
Таз да кетіп барады.
Қара арғымақ мінгені,
Асыл киім кигені,
Неше-неше мырзалар
Таңға кетіп барады.
- 120 Он бес қойға ат алып,
Отыз қойға мата алып,
Ессіз есер атанып,
Сылдыр моншақ сықаққой,
Жарлы да кетіп барады.
Бай тойына барғалы,
Назым тисе алғалы.
Шара бар ма кедейге,
Қалың борышқа қалғаны.
- Бектер мінер қызылды,
130 Жал-құйрығы ұзынды.
Жиналып келген қалың ел
Ақаралға жиналды.
Ерге тимек рас боп,
Бәрін аралап келмекке
Қыздың көңілі бұзылды.
Сөтелке шлыя күмістен,
Божы арқаны жібектен.
Қыз Назымның өмірімен
Қызметкерлер тез жеккен,
- 140 Жегіп алды ұшқыр ат,

Қылып сәулет, салтанат.
Қос арғымақ арындап,
Алтын арба арылдап,
Ақарал шаһар жиылысқа
Қыз Назым келді қырындап.

Белде, белде бел асар,
Билерге садақ жарасар.
Сәскеде келген қыз Назым,
Бесінге дейін аралап,
150 Мырзаларды саралап,
Өз бойына бір ерді
Таппағансынды миясар.

Бесіннің кезі болғанда,
Көпшіліктен түңіліп,
Қыз Назым сонда тұрғанда,
Ақылды туған әкесі
Тағы да жауап қылды онда.
Әкесі келіп сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
160 — Шырағым, қалқам, балам-ау,
Жиып алдым өзбекті
Ақарал шаһар қалаға.
Көрсін деп соны шақырттым
Назым бір жалғыз балаға.
Өтіп кетсең күніңнен,
Ішім толар ызаға.
Келсін дедім ақбасқа,
Келмесін дедім сапбасқа.
Өзбегім жаман болды ма,
170 Біреуі сізге жақпасқа.
Ақылсыз бала тудың ба,
Бір ерді таңлап таппасқа.
Өтіп кетсең күніңнен,
Қаларсың, балам, құр босқа.

Қыз Назым сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:

- Ақ өткелдің арасы
 Ат шаба алмас шағыл тас.
 Ақаралға жиыпсыз
- 180 Үлкен-кіші, көрі-жас.
 Кімісі есер, кімі бай,
 Көбісі есер, сідік мас.
 Көпшілікті аралап,
 Жақсыларын саралап,
 Өз бойыма бір ерді,
 Таба алмадым жарастық.
 Жамандарға көз салсам,
 Даңғыл жолдан адастық.
 Мұсылман аз, көпір жау,
- 190 Бір күні келсе қалмақ жау.
 Қарсы шығып алдынан
 Ешбірі мені ала алмас.
 Бай деп тисем малдыға,
 Жас деп тисем жалдыға,
 Өуре-сарсаң күнімде
 Ақырында қатер бас.
 Құйрық-жалын сүздіріп
 Базарға әкеп салғандай
 Босқа қарап қайтқам жоқ,
- 200 Сынап келдім, әеке-ай.
- Өзімбай асқан ақылды,
 Назымжан сөз мақұл-ды.
 — Төрт тарапта өзбекте
 Келмеген тойға кім бар? — деп,
 Шақырушыларды шақырды.
 Шақырушылар сонда сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 — Қара қасқа ат көрдік
 Төрт аяқты малдардан.
- 210 Үбір де шүбір ел көрдік
 Кемпір менен шалдардан.
 Атып келіп күнінде
 Асыраған тобырды
 Киік, құлан аңдардан.

Шақырғанмен келмес деп,
Өзімбай оған бермес деп,
Назымжан оған тимес деп,
Шақырмадық бұл тойға
Он сегіз жасар Қамбарды.

- 220 Дабысын оның сұрасаң,
Ақ сұңқар құстай дабысты,
Дұшпаннан алған намысты.
Ит жүгіртіп құс салып,
Жердің аңын тауысты.
Кедейліктің зарпынан
Ұя қылып құрайды
Төсек қылды қамысты.
Қайда дұшпан көрінсе
Жасынан-ақ алысты.
- 230 Қамбар мұнда келсін деп,
Назымжан сынап көрсін деп,
Ноғайлының халқы боп
Кеңесіп кісі салысты.
Ерлер атын суарар
Лайы жоқ бұлаққа,
Ат шаба алмас құмдаққа.
Қамбарда кедей дегені
Ертеректе бір мезгіл
Тиген екен құлаққа.
- 240 Сонда Қамбар сөйледі,
Жіберген сонда елшіге:
— Мінген атың көк, — дейді,
Не сөйлесем еп, — дейді.
Шақырмайтын тойына,
Теңгермейтін бойына,
Өзімбайдай байыңнан
Көп тобырым қаңғырып,
Барып тамақ жеп пе еді.
Күндердің күні болғанда
- 250 Бұл көрікті Өзімбай
Ақ сұңқарын ілгізсе,

Көк арбаға мінгізсе,
Қиын-қыстау іс болып,
Қалмаққа қарай жүргізсе,
Алармын сонда тек, — дейді.

Жиын тарқап кеткен соң,
Қамбардың айтқан бұл сөзі
Назым қызға келеді.
Келмейтұғын хабарын
260 Нағыздап енді біледі.
Жеңгесін ертіп артына,
Кәмшатын киіп басына,
Бір көрейін деді де,
Аңға кеткен Қамбардың
Жолын тосып тұрады.

Көңілінде Назымның
Қайғы-қасірет тағы бар.
Қайтатұғын Қамбардың
Кешкі мезгіл шағы бар.
270 Жан-жағына қараса,
Қамбар қайтып келеді.
Бұ жағында бес құлан,
Бұ жағында бес құлан,
Қара қасқа тұлпарға
Артып алған аңы бар.
Оң жағында бес теке,
Сол жағында бес теке,
Ат көтергісіз Қамбарға
Құдайдың берген бағы бар.
280 Қызыл алтай бір түлкі,
Тымақтық ердің тағы бар.
Сипай тастап қамшылап,
Сауырынан тері тамшылап,
Он құланмен шоқытып,
Келе жатыр жануар.

Қыз Назым сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:

- Қамбар сынды ер, — дейді,
Сөз айтайын кел, — дейді.
- 290 Малсыз кедей болсаң да,
Менің теңім сен, — дейді.
Саған лайық суретім,
Назар салып көр, — дейді.
Сөз қадірін білмесең,
Ойнап егер күлмесең,
Іште бір кетер шер, — деді.
Әкемнің аты Әзімбай,
Өзімнің атым Назымды-ай.
Таранушы ем үйімде
- 300 Арқаның көлде қазындай.
Хан сүйекті Қамбар-ау,
Көтерші менің назымды-ай.
Сенің үшін көтердім
Бес намаздың қазасын.
Көрген жерден таныдым
Сүйегіңнің тазасын.
Өзгеден сені сүйгенім,
Бере ме деп ойлаймын
Қалмақтардың жазасын.
- 310 Таң көрмейді ер Қамбар
Қыз Назымның шырайын.
Келмек түгіл қасына,
Көрсетпейді маңайын.
Бір жеңгесі қасында,
Алтын қамшат басында,
Әзімбайдың Назым қыз
Ойлайды жұмыс бар жайын.
- Жеңгесіне айтады:
— Ашылмады-ау талайым,
- 320 Ақ жүзіме менің оңды ма,
Айнаны келтір, қарайын.
Қарамаса өзіме,
Салмаса назар сөзіме,
Кедейге нешік қылайын.

Ертең жүрер жолына
Жібектен өрмек құрайын.

- Осыны айтып Назым қыз
Айнаны қолға алады,
Айнаға көзін салады,
330 Пормысына таңғалып
Сүйегі балқып қалады.
Жеңгесіне айтады,
Қам қыл дейді өрмекке.
Торлауменен ұстап ап
Қамбарды ұстап көрмекке.
Жібектің асыл жеңгесі
Омырауда алтын теңгесі
Апыл-тапыл иіріп
Таң атқанша бітіріп
340 Өрмегін құрып береді.
Бөлініп көңілі сұлудың
Өрмекті келіп көреді.
Көзінің жасын жылатып
Көңілімен ұнатып
Тәңірге сиынып тұрады.

- Ертең ерте ер Қамбар
Аңға шығып кетеді,
Өрмекке таман жетеді.
Қара қасқа тұлпардың
350 Башайынан тұтады.
Ашуланып ер Қамбар
Жанбасына бір тартып,
Быт-шыт қылып өтеді.
Артық туған қыз Назым
Жүгіре басып сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Қара қасқа атты Қамбар-ау,
Қара атыңның мойнына
Өкпедей бауыр, жал бар-ау.
360 Біздің үйге түсе кет,
Тамағыңа жейтұғын

Алуан секер, бал бар-ау.
Қарамасаң өзіме,
Салмасаң назар сөзіме,
Кедейлігің кетпеген
Ыстансыз өткен мұндар-ау.

- Шыдай алмай сөзіне
Қамбар сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
- 370 — Не дейсің маған, Назымжан,
Бар да мінер бір атқа,
Жоқ та мінер бір атқа.
Сабырдың түбі сабырсыз
Асыққан қалар ұятқа.
Кедей деп мені сөксең де,
Қой бағу қолдан келмейді,
Ат үстінен ұрысып
Жемесек тауып нанымды.
- 380 Аш бөрідей жалақтап,
Екі аяғым салақтап
Қинады жоқтық жанымды.
Ұядан жалғыз баламын,
Әке-шешем кәрі еді,
Құс етін беріп бағамын.
Алпыс үйлі арғын бар,
Бұған назар саламын.
Тоқсан үйлі тобыр бар,
Қатарыма аламын.
Келмейтінім жиынға
- 390 Артық туған, Назым жан,
Ойнап-күлсем сенімен,
Айналар ісім қиынға.

Сөзін алып Қамбардың
Назымжан енді қайтады,
Бастан-аяқ білгенін
Жеңгесіне айтады.
Мұныменен ел жатты,
Бір-екі айдай мол жатты.

- Сол елдің оң жақ бүйірінде
400 Қалмақтың енді ханы бар,
Ұрысуға жарайтын
Он екі мыңдай жаны бар.
Қараман сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді,
Келмембетке кел дейді.
— Бұйрықты біздің ал, — дейді,
Өзімбайға бар, — дейді,
Хабарды біздің сал, — дейді.
Қызын маған берсін деп
410 Хабарын тездеп ал, — дейді.

- Керей ұлы Келмембет
Ханнан хабар алған соң
Енді атына мінеді,
Алладан пәрмен тіледі.
Сарала туы салбырап,
Бетінің нұры албырап
Өзімбайға келеді,
Иіліп сәлем береді.
Тоқталмастан бұ қалмақ
420 Үстем сөйлей береді,
Хабарын тездеп береді.
— Ханның айтқан сәлемін
Білдіргелі келгенмін.
Асыранды қазыңды
Көк қаршығам талпынды,
Ілдіргелі келгенмін.
Айтқан тілді алмасаң,
Сөзіме менің нанбасаң,
Бір шулатып еліңді
430 Білдіргелі келгенмін.

Шыдай алмай сөзіне
Өзімбайдың кіші ұлы
Алшыораз деген ер еді.
Асып тұрған құрбынан
Бұ да бір асқан сері еді.

Шыдай алмай сөзіне,
Ұстап алып қалмақтың
Құлағын кесіп құнтитты,
Мұрнын кесіп тылпитты,
440 Тонап алып қалмақты,
Қу басын қойып жымпитты.

Тоналып қалмақ барған соң,
Ашуланды хандары,
Көп еді мұның жандары.
Хабар салды солдатқа,
Мінсін деді жалды атқа,
Өзімбайды шаппақ боп
Соғысуға бұйырды
Он екі мыңдай солдатқа.

450 Ақ шатыр мен көк шатыр
Басына тігіп солдаттар,
Өзімбайдың халқына
Жағалай келіп қонады.
Қалмақтың түрін көрген соң
Байдың көңілі солады.
Ақылгөйі Әйюке
Қысылғанда ақыл табатын
Қазақтың сонда ханы еді,
Адамға енді білгізбей

460 Екі пысық жігітті
Әйюкеге салады.
— Қамап қалды көп қалмақ
Халқыңызды алмақ боп,
Байға үлкен күш болды,
Таудан түскен салмақ боп.
Ақылын мұның сұрасаң,
Дінсіз туған ит қалмақ
Назымжанды алмақ боп.

Әйюке сонда сөйлейді:
470 — Қалмақтарға білдірмей
Қамбарға кісі салыңдар.

Қамбардан басқа күш жоқ қой,
Хабарын тездеп алыңдар.
Тойларыңа шақырмай
Ердің көңілі қалған-ды.
Өле-өлгенше қыймайсыз
Керегі жоқ жалғанды.
Ат басындай алтынмен
Таралғы тарту берілсін,
480 Тездеп енді хабары
Ел білдірмей алынсын.
Әуелі бастап Қамбардың
Хабарын көзбен көріңдер,
Намысы үшін келмесе,
Бір қыз үшін қырылуға
Басқамызда өнер жоқ,
Қалмаққа қызды беріңдер.

Ат басындай алтынмен
Қой басындай күміспен
490 Таралғы тарту алады.
Түн қатып енді екі жас
Таң ата зорға келеді.
Тоқтамастан екеуі
Келіп сөйлей береді.
Жолбарыстай түгі бар
Ер Қамбарды көреді.
О да айғайлап екеуі
Алыстан сәлем береді.

— Айналайын, Қамбаржан,
500 Қатасыз пенде болмайды,
Шақырмаған көп тойға
Қатамызды кеш, — деген.
Қамап жатыр көп қалмақ,
Тұзағынан шеш, — деген.
Білмеймісің өзің де,
Айтайын енді сөзімді,
Қазаққа қалмақ басында
Туғаннан-ақ өш, — деген.

- Сонда Қамбар сөйлейді,
510 Сөйлегенде бүй дейді:
— Шақырмайтын тойына,
Теңгермейтін бойына,
Қалмақтың түрін көрген соң,
Ұмытып кеткен ер Қамбар
Түскен бе байдың ойына.
Намысым үшін барайын,
Алты күндей тобырға
Аң тасып әкеп берейін.
Жетінші күн болғанда
520 Хабарын өзім берейін.

- Осыны айтып ер Қамбар
Елшілерді қайырып,
Уағдасын беріп сөзінің
Енді атына мінеді.
Алладан пәрмен тіледі,
Есіз жатқан жапанға
Аң іздеп енді кіреді.
Алты күннің ішінде
Алпыс құлан, жүз киік
530 Тобырға әкеп береді.
Өзімбайға жүрмек боп
Батасын алып бөрінің,
Жас пенен түгел кәрінің,
Қол көтеріп қария
Батасын берді жария.
— Алла сені оңдасын,
Қызыр босын жолдасың.
Атаңа нәлет ит қалмақ
Бұ жалғаннан оңбасын.

- 540 Енді атына мінеді,
Алладан пәрмен тіледі.
Сарала туы салбырап,
Жауатын қардай түнеріп,
Ойқастай басып жөнеді.
Қараман ханның шатыры

- Сөз сұрайды батырдан.
— Қараман едім мен, — дейді,
Қамбармысың сен, — дейді.
Дос болайық, Қамбаржан,
550 Шатырға таман кел, — дейді.
- Қамбар сонда сөйлейді:
— Қонаққа Қамбар келген жоқ.
Күтпей-ақ қой, Қараман,
Көп сөз саған не керек.
Қалмаққа хабар беріңіз,
Күннің нұры қайтқан соң
Тегіс атқа мініңіз.
Дінсіз туған қалмақ ит
Адамның тілін алмаңыз.
560 Хабар сал тегіс халқыңа,
Қапыда, сірә, қалмаңыз.
Ырзалыққа әуелі
Қамбар тұр қасына.
Соғысқа шықсаң ит қалмақ,
Бірің қалмай келіңдер
Тап төбенің басына.
- Осыны айтып ер Қамбар
Әзімбайдың аулына
Аяңдап енді келеді.
570 Қарап тұрған халқы бар
Қамбарды тегіс көреді.
Қайғы тартып жылаған,
Көз жастарын бұлаған
Үлкен-кіші жиналып,
Бірі қалмай келеді.
Төрт елі шыққан ту бие
Тамағына сояды.
Қарақаттай сабаны
Алдына әкеп қояды.
580 Қымыз ішіп, етін жеп,
Батасын алып бөрінің,
Жас пенен түгел көрінің,

Күн еңкейіп қалғанда
Енді атына мінеді.
Жалықпады бәрі де
Батасын түгел беруге,
Көп халықтан бір жан жоқ
Қамбарға сонда еруге.
Сарала туы салбырап,
590 Мың қойға тиген қасқырдай
Қалмаққа жаңғыз енеді.

Екі күн соғыс ішінде
Есік-есік қылады.
Бесінші күн болғанда
Тастырды судай қандарын,
Шырқыратты жандарын,
Талауға салып жіберді
Қазынадағы малдарын.
Алтыншы күн болғанда
600 Қараман қарсы келеді,
Анау-мынау дегізбей
Басын кесіп алады.
Бермеймін деп сүйегін
Тақымына салады.

Жетінші күн болғанда
От орнындай тұяқтан
Оймақтай-ақ қалыпты.
Бір қолтықтай құйрықтан
Қылыштай-ақ қалыпты.
610 Тебінгідей ерінен
Төрт-ақ елі қалыпты.
Қызыл қаннан жүре алмай
Тұлпар әбден талыпты.
Сегізінші күн таң атқанда
Жан-жағына қараса,
Болған екен тамаша.
Он екі мың солдаттан
Екі-ақ мыңдай қалыпты.
Келіп еңдер, солдаттар,

620 Өлемін деп, қазат деп.
Екі жүзін босатты
Барыңдар деп, азат деп.
Хабар келді халыққа
Жүре алмай тұлпар қалды деп,
Жан қалған жоқ майданда,
Қамбар түгел алды деп.

Берген Құдай басынан
Әзімбайға дұғаны,
Тасырқап тұлпар қалды деп
630 Естіген соң Әзімбай,
Күндік жерге тарттырды
Кездеп сонда шұғаны.
Адам көрер емес-ау
Ер Қамбардың кескіні.
Тасырқап тұлпар қалса да,
Шұғаны басып жүргенде
Үй жыққандай екпіні.
Қазақ халқы көтерді,
Бес жүз жылқы сояды.
640 Қамбарға енді беруге
Бал қосқан қымыз қояды.

Әр соғыста ер Қамбар
Мұсылман дінін ашады.
Түстен қорқып жүз жігіт
Бет-бетімен өреді.
Елу қыз бар қасында
Тау басында Назым қыз
Қашқанын мұның көреді.
Ақ орданың сыртына
650 Елу қыз бар қасында
Аққудай болып Назымжан
Аяңдай өзі келеді.
«Аман ба, мырза, сауға», — деп,
Амандығын біледі.
Амандығын білген соң
Ойнап бәрі күледі.

Баламды өзім көрем деп,
Тоқсан бесте жасы бар
Әйуке де келеді.
Алыстан тұрып Әйуке
Қамбарға сәлем береді.
— Бүгін емес, балам-ау,
Күнде жансын шырағың,
Қандай соғыс болса да,
665 Қажымасын пырағың.

Сонда Әйукенің халыққа айтқан маталы:— Оу, жігіттер, көрдіңдер ме? Береке елде болмайды, елді баққан ерде ғана болады, Қамбардың ерлігінің арқасында қалың тобыры бөлек-бөлек қонатын болды. Сондықтан сендер де осындай ер болыңдар, халық үшін қайрат қылған жанды Алла өзі қажытпайды, — деген еді.

Сонда Әзімбайдың қызға берген жасауы, алтын-күміс әбзәлі әлгі тобырды бөлек-бөлек қондыруға жарап еді.

Қамбар батыр

(Ә. Шоқатаев нұсқасы)

/Ер Қамбардан біразырақ басталды/

Бұхардан бақшасымен бөз келеді,
Атқан оқ ажалдыға кез келеді.
Әлеумет, салып құлақ тыңдасаңыз,
Басталып ер Қамбардан сөз келеді.

Сөйле десең біздерге,
Не сөйлейін сіздерге,
Көп те сөзім жоқ еді,
Айтпай да бойым тежерге.
Қара бір таудың үргіні,
10 Сайрайды екен бұлбұлы,
Сөйлегенде сөзімнің,
Қызыл жібек қырмызы,
Олар да қалар бір күні.
Ақ төстерін аңқитып,
Аққу да қайтар күз күні.
Қызыл турам дәм болса,
Аямайды қарындас
Қырық күн шілде жаз күні.
Кімнің малы бар болса
20 Қызығын көрген аз күні.
Тыңдасаңыз, сөзімнің
Келеді енді мазмұны.

Бұрынғы өткен заманда,
Барлық халық аманда,
Он екі баулы өзбекте,

Он сан ноғай елінде
Ер Қамбар деген бар екен,
Өзімбай деген бай екен,
Солардан қалған сөз міні.

- 30 Құлақ салсаң, әлеумет,
Сол уақытта ноғайда,
Он екі баулы өзбекте
Алпыс үйлі арғын бар,
Жетпіс үйлі жебір бар,
Тоқсан үйлі тобыр бар.
Мал дегенде Қамбарда
Қара тұлпар аты бар,
Он сегізде жасы бар.
Көп тобырдың қамы үшін
- 40 Ұйқы менен күлкі жоқ,
Киік, құлан аң атып,
Ер Қамбар бәрін асырар.

- Тағы тыңда, әлеумет,
Сол уақытта ноғайда,
Он екі баулы өзбекте
Өзімбай деген бай болған,
Төрт түлігі сай болған,
Ішкендерін сұрасаң,
Бал мен секер, шай болған.
- 50 Байлығы шалқар көл еді,
Көп ноғайдың биі еді,
Алты ұлы бар еді
Бәрі бірдей бәрі еді,
Ең кенжесін сұрасаң,
Алшораз деген ер еді.

- Алты ұлының ішінде
Нұр қызындай пішінді
Назым атты жалғыз қыз,
Алтауымен тең еді.
- 60 Алтын күйме ішінде
Тоты құстай түледі.

Шықпаған өзі сайынға,
Салмаған көзін айынға.
Табаны жерге тимеген,
Маңдайы күнге күймеген,
Күймеден басқа нәрсеге
Жорға екен деп мінбеген,
Сол секілді сұлудың айтамын жайында.
Сол секілді қыз Назым

70 Емін-еркін ер жетті,
Күйеуге бермей күн өтті,
Ақ орданың ішінде
Ақ сұңқар құстай түлетті.

Ат шаптырды Өзімбай
Он екі баулы өзбекке,
Жұрт шақыртқан мәнісі —
Әлпештеген Назымды
Сүйгеніне бермекке.
Бай тойына бармаққа,
80 Жетсе Назымды алмаққа,
Аз да кетіп барады,
Көп те кетіп барады.

Алтын тақтың үстінде
Бек те кетіп барады.
Сақал-мұрты қуарған,
Үйткен күшік секілді
Шал да кетіп барады.
Самайынан кір аққан
Таз да кетіп барады.
90 Алаңғасар нәуетек
Текке кетіп барады.
Алты қойға ат алып,
Он бес қойға мата алып,
Сылдыр моншақ, сықақ қой
Жарлы да кетіп барады.
Бай тойына барғалы,
Сүйсе Назым алғалы,
Шара бар ма кедейге,
Борышқа қалың қалғаны.

- 100 Түске жақын болған соң,
Ұйқысы әбден қанған соң,
Маужырап дария толған соң,
Ордадан шығып қыз Назым,
Аққудай мойнын толғады,
Барайын деп ойлады.
Алтыннан қамыт доғасы,
Сом алтыннан жағасы,
Седелке, шлия күмістен,
Божы, арқан жібектен
- 110 Қызметкері тез жеккен.
Жегіп алып қара ат,
Киіп алды қос манат.
Алтын арба сырылдап,
Қос арғымақ арындап,
Базары бар қалаға,
Назым келді қырындап.

- Белде, белде бел асар,
Ерлерге садақ жарасар.
Базарда тазша, көп елдер,
- 120 Жаяу жүрген адамдар
Алтын арба Назымның
Соңынан еріп басады,
Алтын менен күмісті
Өзімбайдай әкесі
Көшесінде шашады.

- Бесінге дейін аралап,
Берін көзбен саралап,
Тал бойына бір қайран,
Таба алмады бағалап.
- 130 Бесін кезі болғанда
Қайтайын деп қыз Назым
Ақылға енді тұрғанда,
Өзімбайдай әкесі
Жетіп келді қасына.

Сонда Өзімбай сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Жиып алдым өзбекті
Ақарал шаһар қалаға,
Шақыртып ем барлығын
140 Назым сынды балаға.
Шақырттым өңкей сап қасқа,
Келсін деп те айтпадым
Бурыл сақал қақбасқа,
Халқым жаман болды ма,
Біреуі саған жақбасқа,
Ақылсыз бала тудың ба,
Біреуді таңдап таппасқа,
Өтіп кетсең күніңнен,
Өзің де, балам, саппаспа.

150 Сонда Назым сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Айғыр емен, ат емен,
Айналайын, атеке-ау,
Жал-құйрығым сезіліп,
Базарыңа салғандай,
Он екі баулы өзбекті
Сынап келдім, атеке-ау,
Таба алмадым ешкімді,
Дәл көңілге алғандай.
160 Жамандарға көз салсаң,
Даңғыл жолдан адастық,
Теңім болса сүйгенім,
Өмірге гүлдей жарастық.

Сонда Өзімбай бөгелді,
Бір жауапқа бөгелді,
Бір жауапқа кенелді,
Ақылды туған қыз Назым
Ауылға таман жөнелді.
Өзімбай асқан ақылды,
170 Жел маядай ақырды,
— Он екі баулы өзбекте

- Келмеген тойға кім бар? — деп,
Шақырушыны шақырды.
Шақырушы сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
—Төрт аяқты біз көрдік
Қара тұлпар малдарды,
Өңшең тобыр ел көрдім,
Кемпір менен шалдарды.
- 180 Шақырғанмен келмес деп,
Әзімбай оған бермес деп,
Назымжан оған тимес деп,
Шақырмадым бұл тойға
Он сегіз жасар Қамбарды.

- Әзімбай оны айтқанда үндемеді,
«Жаным-ау, ол айтқаның кім» демеді,
Қамбардың әкесінің орнын алған,
Себебі сол екен ғой күндегені.
Қамбарды естіп сырттан білген Назым,
- 190 Өзгені сол себептен сүймегені.

Ақарал шаһар қаладан халық тарап той тарқап, Назым өз бойына ешкімді лайық көрмей қанша уақыт өтіп жүре береді. (Қамбардың әкесінің орнын Әзімбай байлықпен тартып алған болу керек жырдың кейбір жерінде) Қамбар тойға кедейліктен шақырылмағандығын ойға алып, жүре береді.

- Түскен жолы Қамбардың
Шұбырған малдың ізі еді.
Жағалай құлын байлаған,
Теңіздің бойын жайлаған
Қыз Назымның аулының
Үстіне түсті көздері.
Мұны көріп Қамбардың
Жоқшылық түсті есіне.
«Қымызы бар деп ақ үйдің
- 200 Түсемін барып несіне».
Қырындап өтіп барады,
Сұңқарын тұтып бетіне.

Қара қасқа тұлпары
 Жердің тартып танабын,
 Алшаңдап басып аяғын,
 Ауылдың шықты шетіне.
 Ақ сұңқар құстай дауысты,
 Дұшпанынан алған намысты.
 Ит жүгіртіп, құс салып,
 Маңайдың аңын тауысты.
 Қамбар кедей деген сөз,
 210 Ел құлағы елу ғой,
 Естіді батыр дабысты.
 Кедейсің деген кісіге
 Қылмады батыр намысты.

Қамбар батыр тойға шақырмағанын еске алып және қызға қызықпай өте береді. (Бір қыз үшін ел жұртымды ұмытып кетсем не болғаным деп ойлайды ішінен).

Ендігі сөз, Қамбар аңын аулап кешке қайтып келе жатады.

Беріп қойған Құдайдың
 Ер Қамбарға бағы бар,
 Кешке таман болғанда
 Қайтатұғын шағы бар.
 Бір жағында үш құлан,
 Бір жағында қос құлан,
 220 Теңдеп алған
 Қызыл алтай бір түлкі,
 Тымағы ердің тағы бар.
 Сипай-сипай қамшылап,
 Сауырынан тер тамшылап,
 Ауыздықпен алысып
 Келе жатыр жануар.

Ауылға тоқтамай кетіп бара жатқанда, Назым артынан дауыстап, тоқтатып сөйлегені мынау.

Сонда Назым сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Қара қасқа атты Қамбар-ау!

- 230 Қара атыңның мойнында
Өкпе-бауыр, жал бар-ау,
Біздің үйге түсе кет,
Шай самаурын іше кет,
Қанша бізге келсең де,
Күткендей бізде жай бар-ау!
Подностың үстінде
Алуан секер, бал бар-ау,
Арызыма менің құлақ сал,
Ақылың болса аңғар-ау.
- 240 Тоқтап Қамбар сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Ағайыным тауысты
Қара аттан бөлек малымды.
Сыртым бүтін, іш түтін,
Білмейді ешкім өлімді.
Жолдас қылды Құдайым
Кедейлік деген залымды,
Қой бағу қолдан келмейді,
Ат үстінде соғыс қып,
- 250 Жемесем тауып нанымды.
Екі аяғым салақтап,
Аш бөрідей жалақтап,
Қинайды жоқтық жанымды.
Ұядан жалғыз баламын,
Құс етін беріп бағамын
Үйдегі екі кәрімді,
Оған да назар саламын,
Қабатына аламын
- 259 Алпыс үйлі Арғынды.

Осыны айтып, ер Қамбар жүріп кетеді.

Қамбар

(Ертегілік нұсқа)

Бұрынғы заманда бір бек жарлы Уақ деген ел бар екен. Сол уақытта он төрт жасар Қамбар деген бала құлан, киік атып беріп асырап тұрады екен.

Уақ елінің жел жағында алты күншілік жерде Өзімбай деген ханның елі бар екен. Сол ханның он екі жасар Назым сұлу деген қызы бар екен.

Бір күні Өзімбайға бір жақсы көретұғын уәзірі келіп сөйлейді. Сөйлегенде не дейді?

— Өзімбай сынды ханымыз,
Ақылға диқан данамыз,
Құлақ салып тыңдаңыз.
Он екі жасар Назымның
Бекер күнін өткізіп,
Күйеуге неге бермейсің?

Сонда Өзімбай он ақ үй тігіп, жұртын жиып, айтты: — Кімге қызым тиемін десе, соған қалың малсыз беремін, — деді.

Назым сұлу ешбіреуін де жаратпай әкесіне келіп айтты: — Бұл жиылған кісілердің ішінде жылқыдан асау ат ұстап міне алатыны жоқ, — деп.

Сонда бір қарт кісі келіп айтты:

— Уақ деген елді асырап жүрген Қамбар деген бала бар. Қу кедей демесеңіз, сол сіздің қызыңызға ылайық.

Сонда хан оған ашуланды: — Мен қызымды қу кедейге беріп құтырдым ба, — деп.

Назым сұлу әкесінің қасында тұрып Қамбардың атын жазып алды.

Бір күні Қамбар батыр құлан, киік атып, бір өткелден өтіп, арғы жағына шыға келсе, Назым сұлу өткелдің аузында қырық қызбен сөйлге шығып, шатыр тігіп отыр екен. Қамбарды көріп айтады:

— Хан сүйекті Қамбар-ау,
Қара қасқа тұлпардың
Өкпе, бауыр, жалы бар-ау.
Біздікіне келе кет,
Қант пен мейіз, шай бар-ау.

Қамбар батыр оған қайрылмай өтіп кетеді.

Әзімбай ханның елінің ық жағында бір жауы бар еді. Армамбет деген байдың елі еді. Армамбет Әзімбайға Жалмамбет деген уәзірін жіберді:

— Маған Назым сұлуды берсін деп. Әгарда бермесең, тартып аламын деп.

Сонда Әзімбайдың кенже ұғылы жіберген кісілердің баршасын өлтіріп, Жалмамбеттің құлақ-мұрнын кесіп қуып жібереді.

Сонда Жалмамбет өзінің ханына келеді. Хан мұны көріп айтады:

— Уәзірім, сен Назымды көріп, көрімдігіне құлақ-мұрныңды кесіп бердің бе? — деді.

Жалмамбет айтты:

— Жіберген кісілеріңізді бәрін өлтірді, менің құлақ-мұрнымды кесіп алды, — деді.

Армамбет бек қатты ашуланып, көп әскер жиғызып, Әзімбай ханның еліне таман жүрді.

Сонда Әзімбай бек қатты қорқып, Қамбарға екі уәзірін жіберді. Екі би Қамбарға келіп айтты:

— Сені Әзімбай хан жауымды мұқатып берсін деп шақыртқалы бізді жіберді. Әгарда жауын мұқатып берсең, Назым сұлуды саған береді.

Бұлардың сөзін естіп болған соң, Қамбар қара қасқа атына мініп, Әзімбайдың еліне келіп, жауын жеңіп беріп, Назымды аламын деп Әзімбайдың отырған үйіне келіп кірді.

Әзімбай: — Сендей қу кедейге қызымды бермеймін, — деп айтты. Сонда Қамбар ханға ашуланып «жұртыңды шабамын» деп, атына мінді.

Мұны көріп, ханның бұрынғы жақсы көретұғын уәзірі келіп ханға айтты: — Сіз қызыңызды Қамбарға беріңіз, мұнан жақсы күйеу таба алмассыз, — деп.

Сонда хан бермек болып, ат шаптырып той қылып, көп жылқы айдатып жөнелтті.

Сөйтіп, Қамбардың арқасымен Уақ елі байыды.

Назым қыздың әңгімесі

(Ертегілік нұсқа)


Баяғыда бір хан болыпты. Оның Назым дейтін сұлу қызы болған екен. Ол қыз «өзім сүйгеніме барамын, мен бай таңдап кімді көңілім сүйсе, бай-кедейлігіне қарамастан көңілім сүйгеніне барам» деген екен. Соған хан әкесі елін-жұртын жиып, бай-кедей демей, бәрін шақыртыпты. Алдынан бәрін өткізсе, ешбір адамды Назым қыз жақтырмайды. Сонда хан айтыпты шақырушыға: — Бұл елдің бәрін тамам шақырып болдыңдар ма? Қалған ел бар ма? Сонда шақырушы ханға: — Тоқсан үйлі Тобыр, сексен үйлі жебір, соның бәрін асырайтын Қамбар деген кедей бар, соның елін кедейсініп шақырмадым, — депті. Кедейсініп шақырмаған Қамбар хан қанша шақырса да бармапты. Ауылының маңынан әрі-бері аң атып, аңшылықпен күнелтіпті. Өтіп жүргенде қыздың көңілі Қамбарға түседі екен. Оны көріп-біліп жүрген екен. Қыздың ағалары Қамбарды кедейсініп менсінбейді екен.

Күндерден бір күні Қамбар Назымның ауылының маңынан аң атып өтіп бара жатқанда жолын тосып тұрып қыздың Қамбарға айтқан сөзі:

— Қара қасқа атты Қамбар-ау,
Қара атыңның мойнында
Өкпе-бауыр, жал бар-ау.
Біздің үйге түсе кет,
Қанша мейман келсе де,
Күтетін бізде әл бар-ау.


Сонда да мойын бұрмай Қамбар өтіп жүре береді екен. Сол арада басқа бір елдің ханы «қызды маған бер, бермесең, еліңді

шабамын» дейді екен. Сонда Қамбарға қыздың ағалары келіп, қорқып, Қамбардың аяғына жығылып «жесіріңді өзің ал, бірақ мынау жаудан бізді құтқар» деген екен. Сонда Қамбар елдің намысына шыдамай, жаумен соғысып, оны жеңіп, Назым қызды өзі алып мұрадына жетіпті.



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



«ҚАМБАР БАТЫР» ЖЫРЫ

Қазақ халқының көп вариантты, кең тараған және кеңестік кезеңдегі солақай сыннан аман қалып, көп зерттелген «Қамбар батыр» жырының алғаш қағазға түсіп, жариялануы «Киргизская степь Оренбургского ведомства» (СПб., 1865, құрастырған Л.Мейер) атты кітапта баяндалған жырдың қысқаша мазмұнынан — халықтың жыр оқиғасын қалмақ билігінен азат етумен байланыстыратындығы жайлы хабардан бастау алады. В.Карлсон 1906 жылы жарияланған «Қырғыз (қазақ) халық ақындары архив комиссиясында» атты мақаласында Орынбор облысы, Орал уезі, Жиренқопа болысынан келген жыршылар Қазақпай мен Көшелектің басқа жырлармен қатар «Қамбар» жырын да орындағаны туралы мәлімет келтіреді. Жырды жинау, зерттеу жұмыстары жариялануымен қатар жүрген. Мысалы, жырдың 1888 жылы У.Тухфатуллин деген татар азаматы Зайсан өңірінен жазып алған нұсқасын Қазандағы Университет баспаханасынан «Қисса Қамбар» деген атпен жарияласа, 1903 жылы бұл эпос Қазанда ағайынды Каримовтер баспаханасынан «Тоқсан үйлі тобыр» деген атпен жарық көрген (баспаға дайындаушысы көрсетілмеген). Жыр жарияланымдарының ішінде 1890 жылы Санкт-Петербург қаласында басылған «Түрік хрестоматиясы» жинағында (3-том, 2-бөлім) «Қамбар баһадүрдің жыры» атты белгілі шығыстанушы И.Н.Березин жариялаған нұсқасы мен 1922 жылы Тәшкенде этнограф ғалым Ә.Диваев баспаға дайындаған «Қамбар батыр» нұсқаларының мәні зор.

Қазақ ғалымдарының ішінде «Қамбар батыр» жайлы алғаш ғылыми ой-тұжырымдар түйіндеген М.О.Әуезовтің жырдың өзге эпос үлгілерінен ерекшелігі, ондағы образдар жүйесі, оқиғалардағы көпқабаттылық (полистадиялық) туралы ой

қорытындыларының өз кезеңі үшін де, бүгінгі күні де құны жоғары. Ғалым 1927 жылы Қызылордада басылған «Әдебиет тарихы» атты оқулығының «Батырлар әңгімесі» атты тарауында кіші батырлар санатында «Қамбар батыр» жырына тоқталады. Зерттеуші сол кездегі еуропалық ғылыми мектептерде қалыптасқан дағды бойынша қазақ қаһармандық эпосын «аға батырлар», «іні батырлар» деп жіктеген. Ұлы батырларға Едіге, Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Сайын мен Нәрікұлы Шора батырды, ал кіші батырларға Қамбар мен Алпамыс батырды жатқызады. М.О.Әуезов Қамбарды «кіші батырлар» санатына жатқыза отырып, батыр образының жасалымындағы өзіндік ерекшелікті былайша сипаттайды: «Біздің батырлардың бір алуаны — аңшыдан шыққан батырлар. Бұл батыр да ертерек мезгілдің адамы болады. Тарихи кезіне қарағанда, Қамбар ұлы батыр» [1, 100-101].

М.Әуезовтің жырдың негізгі тақырыбы жөніндегі ғылыми пікірлері екі түрлі тұрғыда көрініс табады. Жыр оқиғалары шиеленісуінің шарықтау шегі — қалмақ ханының Назым қызды тартып алмақ болуы. Сол эпизод жаумен арадағы соғыс ел мен жер үшін емес, қалыңдық үшін күрес екенін аңдатады. «Сондықтан бұл әңгіменің тізілуі берірек заманда болғандығын білдіреді», — деген тұжырым жасайды [1, 102]. Жырдың рулық-тайпалық дәуірде туа бастағанымен, онда бір кезеңнің емес, бірнеше дәуірдің оқиғалары көрініс беретініне көңіл аударды. Ол кейінгі зерттеулерінде «Қамбар бір қыздың төңірегінде, Назым үшін жаумен соғысты» деген пікірін қайта қарап, батырдың жер үшін, ел намысы жолында қалмақпен шайқасқандығына ерекше мән береді [2, 169]. 1937 жылы орта және орталау мектептің 6-сыныбы үшін М.Әуезов құрастырған «Әдебиет хрестоматиясында» Ә.Диваев нұсқасынан үзінді жарияланып, жырдың мазмұнына, түр ерекшелігіне қысқаша түсінік берілген. Хрестоматия түзетіліп, толықтырылып, 1938 жылы қайта басылған [3, 34-51].

Жыр жөнінде фольклордың өз заңдылығын ескермей, оған саяси тұрғыдан баға беру әсерінен сыңаржақ айтылған пікірлердің жырдың зерттелу тарихнамасында өзіндік орны бар. С.Сейфуллин «Қамбарды ағайынның аш-арығына қайырымшыл, құрбыға, үлкенге кішіпейіл, кедейден шыққан батыр», «Қамбар билер дәуіріндегі үстем таптың санасынан

аса алмайды», — дейді. Эпостағы соғыс жөнінде «Ноғайлы заманынан бергі қазақ пен қалмақтың күрес тарихынан хабардар етеді» деп дұрыс жорамал жасайды [4, 209]. С.Сейфуллин өзінің жоғары оқу орнына арналған «Қазақ әдебиеті» атты оқулығында «Қамбар батыр» жырын 1922 жылғы Диваев бастырған нұсқа негізінде талдайды және сол мәтінді «Батырлар жырларының жинағында» [5, 268-316] жариялайды.

Фольклорлық мұралардан тарихтың дәл көшірмесін іздеу үрдісі «Алпамыс, Қамбар тағы басқалар туралы тарихта ешбір дерек жоқ. Оған қарағанда, бұлардың ойдан шығарылуы да мүмкін» [6, 125] дейтін пікірлерді туғызған. Жыр жайында С.Мұқанов эпостың тәрбиелік мәні мен композициялық ерекшелігі жөнінде пікір білдіріп, жырдың тарихи негізін шежірелерден іздейді [7, 5-21]. Ол жырдың Ә.Диваев нұсқасын өзі құрастырған «Батырлар жыры» атты жинаққа [7, 297-343] енгізді. Ә.Марғұлан жырлардың шығу төркіні мен тарихпен байланысына көңіл аударып, қазақ қаһармандық эпосын бес дәуірге бөліп, «Қамбар батыр» жырын үшінші — Ноғайлы дәуіріне — Жошы ұлысының ыдырауы мен өзара қырқысқан соғыстарды бейнелейтін екінші кезеңіне жатқызса [8, 81], Ә.Қоңыратбаев қазақ эпосын он салаға бөліп, «Қамбар» жырын үшінші — тайпалық эпос тобына жатқызады [9, 18]. Орыс зерттеушісі А.С.Орлов жырды орыс былиналарымен салыстырады [10, 115].

1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» батырлар жыры туралы тарауында Қ.Жұмалиев «Қамбар батыр» атты мақалада жырдың бас кейіпкерінің аңшылығын жырдың басты ерекшелігі ретінде сипаттап, фольклортану тұрғысынан сараптады, бұл туындының композициялық, тілдік ерекшеліктеріне талдау жасады [11, 144-149]. Кейін 1958 жылы ғалым бұл мәселеге «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты еңбегінде арнайы тоқталып, күйеу таңдаудың көне мотив екенін дәлелдейді [12, 185-86].

Кеңестік әміршілдік жүйенің әдебиет пен мәдениетті өз құрсауында, белгілі бір шеңбер аясында ұстауға тырысқан саясатының кесірі қазақ эпосына да кері әсерін тигізді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1947 жылғы 21 қаңтарындағы «ҚазКСР ҒА-ның Тіл және әдебиет институты жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» деген

қаулысында М.О.Әуезовтің басшылығымен жазылған «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томының алғашқы редакциясы қатты сынға алынып, халқымыздың эпостық мұрасы таптық тұрғыдан сұрыпталды. Осы саяси науқанның жалғасы 1953 жылғы Қазақ ССР ҒА-ның Президиумы ұйымдастырған эпос жөніндегі пікірсайыс қорытындысынан соң «Қамбар батыр» мен «Ер Тарғын» жырынан басқа эпос үлгілері мансұқталды [13, 112]. «Қамбар батыр» жыры халықтың пайдалануына «жарамды» деп танылғанымен, жырдың көркемдік қуаты мен жанрлық бітіміне, образдар жүйесіне ғылыми тұрғыдан талдау жасалмады, ондағы әлеуметтік астар мен таптық жік қана негізге алынды. Осы тұстағы М.Ғабдуллиннің және Н.С.Смирнованың мақалалары басқа жырларды қарастырған зерттеушілердің кемшілігін көрсетуге, ал «Қамбар» жырын дәріптеуге арналды. М.Ғабдуллин жазған оқулықтар мен оқу құралдарында тек бір ғана жыр зерттеу нысанына алынды. М.Ғабдуллиннің «жырдың барлық варианттарын тұтас қарастыру» туралы пікірлері іске аспады, қайта қатты сынға ұшырады. Н.С.Смирнованың «Қамбар батыр» жырының негізгі кейіпкерлерін әлеуметтік тұрғыдан ғана талдайтын еңбегінен кейін Мейер (1865) оқиғасын орысша баяндаған жыр сюжетінен басқасы назардан тыс қалды.

1956 жылғы «Алпамыс» (өзбек варианты) жөніндегі Тәшкенде өткен республикааралық кеңес және 1958 жылғы Мәскеуде өткен СССР халықтары эпосын жинау, бастырып шығару және оны тыңғылықты зерттеу мәселелеріне арналған Бүкілодақтық кеңес жұмысынан кейін эпостық мұраға деген көзқарас біршама жұмсарды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1957 жылғы қаулысындағы көне мұраларды жинау, зерттеу, әділ бағалау туралы нұсқаулардың оң ықпалы болды. Жинау, іздестіру, жариялау жұмыстарының қарқын алуының нәтижесінде зерттеуші М. Ғұмарова «Қисса Қамбар» жырының 1888 жылғы басылымын тауып, оның осындай мазмұнды варианттардың негізі екендігін анықтаған. Осыдан соң «Қамбар батыр» жыры жайлы тың деректер мен мол мағлұматтар берген ғалымдардың ой-пікірлері жарық көрді.

1959 жылы жырдың ғылыми басылымы (Ред. басқ. М.О.Әуезов және Н.С.Смирнова. Басылымды дайындағандар: Н.С.Смирнова мен М.Ғұмарова) жарық көрді. Жырдың

төрт нұсқасы (Ә.Диваев, Б.Мұқамбаев, «Тоқсан үйлі тобыр» және Р.Мәзқожаев нұсқалары) мен ертегілік нұсқасы және олардың орыс тіліндегі аудармасы дайындалып, қосымшада жырдың негізгі нұсқалары туралы Н.С.Смирнованың көлемді мақаласы, түсініктер мен әр түрлі нұсқаларындағы өзгерістер (разночтения) және «Қамбар батыр» күйі, осы жырдың ноталық жазбалары берілді.

1959 жылғы «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты ғылыми-теориялық конференцияда Т.Сыдықов «Қамбар батыр» жырының 17 нұсқасы жиналғаны туралы мәлімет берсе, осы конференцияда мәскеулік ғалым В.М.Сидельников: «Вся работа была сосредоточена вокруг семи богатырей, и особенно Камбара. Большею частью велась работа по подготовке текстов эпоса к публикации. Не было углубленного рассмотрения эпоса. Надо познакомить читателя со всем эпическим богатством казахского народа», — деп сын айтты. Орта және жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулықтары мен оқу құралдарында, педучилище мен жоғарғы мектеп бағдарламаларында жырдың Ә.Диваев варианты қарастырылып, хрестоматияларда жарияланды.

1960 жылы жарияланған «Қазақ әдебиетінің тарихындағы» (1-том, 1-кітап) «Қамбар батыр» жыры туралы тарауды жазған Н.С.Смирнова мен М.Ғұмарова Ә.Диваев нұсқасын негізге алып, өзге нұсқалар жөнінде де пікір білдірді. Өзге де батырлық жырларды талдау барысында ғалымдар «Қамбар батырға» көңіл аударып отырды. 1961 жылы баспадан шыққан «Алпамыс батыр» жырының ғылыми басылымына жазған түсінікте Н.С.Смирнова екі жырды салыстырады, М.Ғабдуллин мен Қ.Жұмалиев 1958 жылғы «Қазақ эпосы» жинағының және 1963 жылғы «Батырлар жырының» I томының алғы сөзінде, 1958 жылы жарияланған «Қазақ эпосы туралы» атты бірлесе жазған мақалаларында, М.Ғабдуллин мен Т.Сыдықовтың 1968 жылы жарық көрген «История казахской литературы» атты ұжымдық монографиядағы жырға арнап жазған тарауында, 1972 жылғы «Қазақ халқының батырлық жыры» атты еңбегінде «Қамбар» жырының бұрын жарық көрмеген өзге варианттары да сөз болады.

Кеңестік кезеңде «Қамбар» жыры он бір рет жарияланса, соның көпшілігінде М.Ғұмарова елеулі еңбек сіңірді. Ол

жырдың варианттарына сипаттама жазып, ғылыми басылымды дайындау тәжірибесі жөніндегі ойларын ортаға салды.

«Қамбар» жайында фольклортанушы ғалымдардың әр қилы аспектіде айтылған ой-пікірлері күні бүгінге дейін жалғасқан. Кезінде Ә.Қоңыратбаев жырда кездесетін кейіпкерлер есімінің этимологиясын қарастырып, «жырдағы оқиға Сыр бойында болған» деп шамаласа, кейіннен Р.Бердібай жырдың полистадиялық белгілеріне, Назым тұлғасының ерекше болмысына көңіл аударған. Ал С.А.Қасқабасов жырдың жиналуы, жариялануы туралы «Қазақ совет энциклопедиясының» 6-томында қысқаша мәлімет берсе [14, 440-441], фольклордағы тұтастану құбылысына арнаған ғылыми мақаласында «Қамбар батыр» жырын негізге ала отырып, ондағы бір циклге түскен үш сюжеттің сипатын айқындайды [15, 438-489]. Ш.Ыбыраев бұл туындыны эпос үлгілеріне тән заңдылықтар тарапынан тексерсе [16, 29], әдебиеттану еңбектерінде де осы жыр туралы айтылады, тілтанушы ғалымдар тарапынан әскери лексика мен көнерген сөз мысалдарының жырдағы үлгілері тілге тиек етілген.

«Қамбар батырдың» оқиғасын қара сөзбен әңгімелеп айту арқылы ертегілік нұсқалары туған. Олар: 1) «Қамбар» (Березин нұсқасы) // ӘӨИ, Ш. 36, 3 б. Фотокөшірме; 2) «Назым қыздың әңгімесі» (Айтушысы — С.Әбжанов, жинаушысы Н.Әминов. 1956 жылы Павлодар қаласында жазылып алынған) // ӘӨИ, Ш. 341, 2 б. Н.С.Смирнова 1957 жылы Ленинградтағы И.Н.Березин қолжазбаларының арасынан осы нұсқаны тауып, қашан, қайда, кімнің жырлағаны, жазып алғаны көрсетілмегендіктен, шартты түрде «Березин нұсқасы» деп аталған. Мазмұны «Турецкая хрестоматиядағы» И.Н.Березин жариялаған жыр мазмұнынан алшақ емес, қара сөзбен берілген ертегілік нұсқа батырлық ертегілер қатарында 1986 жылы көптомдықта жарық көрген.

«Қамбар батыр» жырының композициялық құрылымын былайша жіктеуге болады. Оқиға кіріспесі (экспозициясы) — Назымның күйеу таңдау тойы, Қамбардың тойға шақырылмауы; сюжеттік байланыс — Назым мен Қамбардың (өткелде) кездесуі; сюжеттің дамуы — қалмақ ханының Назымға жаушы жіберіп, құда түсуі; жырдың шарықтау шегі — Қамбардың қалмақ ханымен жекпе-жегі; шешімі — жеңіске жетуі; эпилог — Қамбар мен Назымның қосылуы. Нұсқалардағы оқиғалар мен

сюжеттік желіге тән мотивтерді былайша топтастыруға болады: 1. Кейіпкердің ата-анасы, ру-тайпасы суреттелуі (Қалқай нұсқасы); 2. Кейіпкердің әлеуметтік негізіне мән берілуі, мысалы, батыр әкесінің кедейленуі (Ә.Диваев нұсқасы); 3. Алғашқы ерліктің жыртықшы аңдармен күрес арқылы көрінуі, жолбарысты жеңуі (Ә.Диваев нұсқасы); 4. Жырдағы «батырға лайық үйлену сюжетіне» тән мотивтер: Қалыңдық туралы хабар немесе қыздың күйеу таңдауы; Батырдың қалыңдықпен кездесуі; Кейіпкердің қалыңдығына дұшпанның үйленуді ниет етуі; Жаушыны қыз ағасының жазалауы; 5. Жаудың шабуылы туралы хабар (батырдан көмек сұрап кісі жіберу); 6. Жорыққа аттану (батырдың ұрыс алдындағы даярлығы, ел-жұртымен қоштасуы); 7. Жекпе-жек және кейіпкердің жеңісі; 8. Жеңіспен оралу; 9. Той.

Әр нұсқадағы қыздың күйеу таңдау мотивіндегі өзгешеліктерді былайша тұжырымдауға болады: Назым төбеге мұнара салдырады (Ә.Диваев нұсқасы), қос қара ат жеккен күймеге отырады (Қазан, 1888), ел қыздың алдынан өтіп, бір адам тәртіпті реттеп тұрады (Бармақ ақын нұсқасы), тау басына екі жеңгесімен шығады, әкесі: «Алдымен, соқыр өтсін», — деп тәртіп белгілейді (Қалқай молда нұсқасы). Березин, Қалқай молда, 1888 жылғы нұсқаларда қыздан дәмелілерді келемеждеу (зеріккен шал, соқыр, таз, пұшық) арқылы қыз талабының мәні ашыла түседі.

Қамбар батырдың жыр оқиғасына араласуының әр нұсқадағы баяндалуында ерекшеліктер бар. Тойға шақырушы: «Әзімбай бермес, Назым тимес», — деп кедей Қамбарды шақырмайды (Р.Мәзқожаев, Баяндин, Нұрқожаев варианттарында). Тойға келмегендерді түгендегенде Қамбар аты аталады (Ә.Диваев, К.Серғазиев, Қ.Амангелдин варианты), Қалқай молда нұсқасында, 60 үйлі арғынмен араз болғандықтан, Қамбарға хабар тимесе, Б.Мұқамбаев нұсқасында Қамбардың қалмақтан жылқы алып жүрген ерлігі аталып өтеді. Бірде Қамбардың тойға келмеуінің себебін қол тимеуімен байланыстырса (Бармақ ақын нұсқасы), бірде қыз әкесі мен Қамбар әкесінің арасындағы бас араздыққа байланысты көрінеді.

Басына іс түсіп, қысылғанда ғана батырды керексіну жағдайларын әр нұсқа өзінше өрбіткен. Мысалы, қалың әскерді көрген соң ноғай биі кеңесіп Назымды Қамбарға бермек

болады (Қазан, 1888), Назым жеңгесі арқылы ағасына сәлем жолдап (Бармақ ақын нұсқасы), Алшыораздың (Ә.Диваев нұсқасы), Әлім төренің (Қалқай молда нұсқасы), Ақшахан мен Алшораның ақылымен (Березин нұсқасы) Қамбарды шақыртады, Әзімбай Алшыораздан Қамбарды шақыруын өтінеді (Шапай Қалмағамбетов нұсқасы). Жыр кіріспесі әр нұсқада әр қилы көрінеді. «Сөйле десең біздерге» (Қазан, 1888), «Бізден бұрын кім өткен» (Березин нұсқасы), «Жақсылар, дастан айтайын» (Ә.Диваев нұсқасы), «Бұрынғы Ноғайлының заманында» (қара сөзбен) (Қалқай молда нұсқасы), «Бұрынғы өткен заманда» (Бармақ ақын нұсқасы), «Алдым қалам қолыма» (Шапай Қалмағамбетов нұсқасы).

Эпос құрылымындағы Назымның Қамбарға қарата айтатын арнау сөзі, Келмембеттің құдалық сөзі, сондай-ақ батырдың ел-жұртымен, анасымен қоштасуы барлық нұсқаларда тұрақты кездесіп отырады. Бұл — жырдың көп қабаттылығын дәлелдейтін белгілердің бірі. Әрине, мұнда тұрмыс-салт жырлары көркемдік қызмет атқарады. Жырдың барлық нұсқаларын тұтастай алып қарастырғанда көз жететін нәрсе — «Қамбар батыр» жырына ғажайып туу мен тумысынан таратып жырлау тән емес, негізінен, есейіп, іс-әрекет иесі болған шағынан бастап суреттеу басым. Тек Ә.Диваев нұсқасында ғана дүниеге келу мен ер жету сарындарының кейбір белгілері көрініс табады. Жыр табиғатының ерекшелігін танытатын белгілердің бастысы — батырдың бірден соғысқа аттанбай, тоқсан үйлі тобырының қамын жасап барып аттануы, батырға тарту-таралғы жасау арқылы хабар берілуі.

Әйел еркі заманынан сақталған көне салттар ізі — қыздың күйеу таңдауы, болашақ жары қандай болуы керектігі туралы талабы, батырдың тұлпарын шешесі баптауы, шешесінің ақ батасымен жорыққа аттануы барлық нұсқаларда сақталған. Сол сияқты «Хан сүйекті Қамбар-ау, Қара атыңда жал бар-ау» деп басталатын Назым сұлудың монологы жырдың барлық нұсқаларында, тіпті ертегілік нұсқаларда да қайталанады.

Батырлық эпоста барлық ізгі қасиеттер халық өкілі — батырдың бойына жинақталып, үстемдік пен әділетсіздікті әшкерелеу арқылы ел бірлігінің күші мен жұрт ынтымағы дәріптеледі. Ол жөнінде М.Әуезов: «Батырлық жырлар идеясы халықтың ел қорғау идеясынан туған. Ал бұл идея жырдағы ба-

сты кейіпкерлер арқылы ашылады. Халықтың арман-мүддесі қайсы, халықтың досы мен дұшпаны қайсы екендігін дәлелдеп көрсету үшін жырда кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз образы жасалады. Және олардың бәрі де ойда қаларлықтай етіп суреттеледі», — деп ой түйіндеген [2, 91]. Яғни «Қамбар батыр» жырындағы образдар жүйесі де халықтық көзқарастарды эпикалық тұрғыдан қорытып, байыптауға негізделген.

Назым қыздың образы жырдағы батыр тұлғасын көмескілемейді, қайта батырдың образын ашуда өзгеше көркемдік мән атқарады. Жырдың бастамасынан-ақ ерекше болмысты сұлудың бейнесі танылып, жыр соңына дейін алуан түрлі қасиет белгілерімен сомдала түседі. Қыз бен оның әкесі, ағаларының тұтас бейнесін танытатын «Қамбар батырдағы» Назым бейнесі өз тегінен бөлек мінез бен іс-әрекет иесі екендігімен оқшауланады. Ол жөнінде жыр: «Алты ағасын, әкесін ақылымен Назым биледі» — деп баян етеді. Яғни көпке сәулесі түскен, кірсіз ажары ақ қағаздай арудың ішкі-сыртқы болмысын қатар көрсету басым. Сұлу сипаты, ерке мінезімен қатар өзіне жар таңдаудағы батыл қадамдары Назым тұлғасын өзге жырлардағы әйелдер образынан ерекшелейді. Батырлық сынау мақсатындағы шарт қойып, күйеу таңдау «Қобыланды батыр» жырында да бар. Ел ішінде ғана емес, жат жұртқа дақпырты жеткен сұлудың таңдауының кімге түскендігіне салмақ арту арқылы кейіпкерлердің мінез-құлықтарын ашып көрсету — «Қамбар батыр» жырының өзіндік ерекшелігі.

Жыр мазмұнында Назымның көңлі көксеген батырдың тұлғасын бірден баян етпей, қалыңдық тарапынан байқалған ынтызарлық сезімдерді әсірелей бейнелеу басым. Елге жар салып күйеу таңдаған сұлудың ел мақтаған ердің дабысына қанықтығы сезіліп тұрады. Қамбардың келмей қалуы қыздың ынтықтығын арттыра түспесе, кемітпейді. Назым батырлық қасиет пен өр мінезді қадірлейді. Қазақ-қалмақтан өзіне лайық жар таба алмауының негізгі себептері де осында жатыр. Бұл шарттың талабына сай келерлік тұлға тегін адам болмауы тиіс.

Қаһармандық эпостағы батырдың ер жүрек батылдығы ел игілігіне, әділетсіздіктен, басқыншылықтан зәбір көргендерді құтқаруға жұмсалады десек, Қамбар батырдың да ерлік істері осы талап тұрғысынан табылады. Тіпті жолбарыспен жалғыз алысқан ерлігінің өзі аңшылықпен асыраған ауыл-

аймағының қауіпсіздігі үшін жасалған. Аңшылықпен жеке дара жүрген Қамбар тұлғасы көне мәдени қаһарман бейнесінен бастау алады.

Кейбір нұсқалардың мазмұнындағы (Қалқай мен Бармақ нұсқасы) өзгешеліктер болмаса, Қамбар жаумен жалғыз алысады. Эпикалық жырдың қалыптасқан салтына сәйкес қарсылас екі жақтың батырлары алдымен сөз қағысу, жекпе-жек күш сынасу сынақтарынан өтеді. Қамбардың Қараманға айтқан уәжінен зорлыққа көнбейтін өрлікпен қатар жалпы жұрттың қамын жеген ерге төн мінез аңғарылады. Қарсыласының қателігін бетіне басып, тұқырту арқылы, алдымен, бітімге шақыру Қамбардың батырлық болмысының айрықшалығын айқындайды.

Жыр оқиғасының шешімі, бас қаһарманның ерлігінің нәтижесі — жаудың жеке батырын жекпе-жекте жеңіп, тұтас жауы түгесілгенше тоқтамай шайқасу Қамбарға да төн. Өзге батырлар секілді жауымен жалғыз алысқанда Ғайып ерен қырық шілтен, ата-баба әруағы, Алла Тағала септігі мен кейде атының көмегіне сүйенеді. Бірақ мұның барлығы батырдың ерекше жаратылған күш-қайраты мен батырлығының фонында ұғынылады. Қамбар жалғыз соғысады, жалғыз өзінің жауды жеңуінде мән бар. Өйткені онда бүкіл рудың, қала берді бүкіл халықтың рухы бар. Жыр сонысымен қымбат. Ол өз елінің (тоқсан үйлі тобырдың) ғана емес, қалың жұрттың, тұтас бір елдің үмітін ақтайды.

Жырдың кейбір нұсқаларындағы әлеуметтік сипаттың тереңдетілуіне баса мән берілуі батырдың тұлпары жөнінде қара қасқа кедейдің тулағы, я болмаса ыдырай бастаған рушылдықтың әлсіреген белгісі ретінде қарастырған пікірлерді де тудырған.

Назымның күйеу таңдау рәсімі болып өткен соң Қамбар Өзімбай аулының қасындағы көлге аң аулауға келеді. Яғни Қамбар Назымды көру үшін, қызбен сөйлесу үшін шығады. Сөйте тұра, қызды көрген Қамбар сөйлеспей өтіп кетеді. «Подтекст показывает нам, что охота Потыка есть не что иное, как метафора сватовства, что выезд богатыря с самого начала имел характер свадебной поездки и что встреча его с девай-лебедью вовсе не случайно: дева это — его суженая предназначенная ему в жены», — дейді Е.М.Мелетинский [17, 12]. Қамбар

батырдың аңға шығуын осы тұрғыда қарастыруға болады. Әрбір нұсқаның екі жастың арасындағы дәнекерші рөлін көрсетуде де өзгешелігі бар.

Ұлттық дәстүрімізге сай бойжеткен қыздың жеңгесімен сырлас-мұңдастығына Қалқай және Бармақ нұсқаларында ерекше орын берілген. Бармақ нұсқасында Назым қасында жеңгесі болмағандықтан, Қамбармен сөйлесе алмай қалады. Қамбар да жалғыз емес, аңға бір жолдасымен шыққан. Ал Қалқай нұсқасында қайрылмай кеткен Қамбардың қылығы жөніндегі ойын қыз жеңгесімен бөліседі.

Көне мифтік дүниетанымдағы өткел ұғымының жерлеу, үйлену салттарындағы мәні кейіпкердің статусын көрсетеді. Бұл орыс фольклортану ғылымында жан-жақты қарастырылды. «Образы перевоза или перехода через реку у славянских народов сохранились главным образом в свадебной поэзии, из которой перешли в лирические песни», — деп көрсетеді В.К.Соколова [18, 193]. Яғни өткелден өтудің бөтен елге сапар шегу, басқа өлшемге, өзге әлемге көшу мағынасындағы көне сілемі жырда сақталған. Назым мен Қамбардың арасындағы диалогтан кейін Қамбар өткелден өтіп кетеді, Назым Қамбарға жете алмай қалып қояды.

Ал өрмек құру мотиві барлық нұсқаларда аздаған айырмашылықтарымен кездеседі. Қалқай молда нұсқасында Назым: «Өрмек құрамын, Бөтуажа бабадан Қамбарды сұраймын», — десе, бұл наным-сенімдерге байланысты. 1888 жылғы басылымда алты жеңгесіне, Ә.Диваевта жеңгесіне (саны айтылмайды) жіп иіртіп, отыз қатынға өрмекті құрғызып, жүгіртеді. Бармақ ақын нұсқасында Назым өзі өрмек құрады. Өрмектің мәні батырлық эпостардың мазмұнына сай қызметіне байланысты. Мысалы, «Алпамыс батырда» бала Алпамыс өрмек құрған кемпірдің баласын өлтіріп қояды да, ол кемпір қарғап отырып Алпамыстың қалыңдығы туралы шындықты айтып жібереді.

Қамбар батыр мен оның қарсыласы жекпе-жек алдында сөзбен жауаптасады, кешігу сырын түсіндіруде аллегория қолданады, бұл барлық дерлік нұсқаларда орын алған, тек Қалқай нұсқасында кездеспейді. Березин нұсқасында, Қамбардың айтуынша, қаршығаның ілген қазына жапалақ таласып, лашын ілген үйрекке қарға таласып, сұңқардың ілген қуына байғыз

таласыпты. 1888 жылғы нұсқада қара тазының алған қызыл алтайы түлкісіне қара төбет, ақ сұңқар ілген құға құлады, лашын ілген кептерге қара қарға таласып жатқаны бейнеленеді. 1903 жылғы басылымда тазының түсі басқаша — ақ төс тазы, үшінші кезекте айтылатын кептерді ілген лашынның орнына кекілікті ілген ителгі мысалға алынған. Бұлайша құстарды бірінің орнына бірін ауыстырып қолдану кездейсоқ емес. Себебі — лашын, сұңқар, ителгі, бидайық, тұрымтай сұңқар тектес жыртқыш құстарға жатады. «Лашын мен сұңқардай ұшқыш қыран кемде-кем. Олар ұшқанда басқа құстардың ұшпай бұғып қала беретіні, лашын мен сұңқарлардың ұшқан құсты тайсалмай теуіп түсіріп кететін асқақ төкаппарлықтары — нағыз өрлікке, ерлікке жатады», — дейді саятшылық өнерді зерттеуші Ж.Бабалықұлы [19, 104]. 1903 жылғы басылымда сұңқар тектестердің ішіндегі ең ұшқыр, ең алымдысы атақты қыран — лашынның орнын ұсақ құстарды алатын ителгімен ауыстыру сәтті шықпаған.

1888 және 1903 жылғы басылымнан өрбіген варианттарды алып қарасақ, Қ.Шабдарұлы варианты 1888 жылғы аллегорияны қайталайды, тек сұңқардың ілгені қу емес, қаз болып өзгерген. Ал 1903 жылғы басылымда «кекілік» сөзі «ителгі» сөзіне қосылып кеткен, «кекілікті» «киік» деп оқуға болады. Сондықтан осы басылымға сүйенген Жұманазар, Мәзқожаев, Балзақұлы вариантында ителгінің алғаны — киік, ал Баяндин варианты бойынша, көгел, яғни логикалық тұрғыдан «кіп-кішкентай ителгі киікті алды» деп айту нанымсыз болмақ. Шашубай вариантында үшінші кезекте айтылатын құстар Березин нұсқасына ұқсайды: көк қаршыға ілген қоңыр үйрекке қара қарға таласады.

Жырдың қаһармандық эпос дәстүріндегі бір белгісі — батырдың тұлпарына қатысты. Қысқа да болса тұлпарға тән белгілер толық байқалатын аттың сипаттауынан дәстүрлі эпикалық сарын байқалады. Кейбір нұсқаларда (Березин нұсқасында) Қамбардың қара қасқасына қысылтаяң шақта тіл бітеді. Жырдың көркемдік бітіміне тән өзіндік ерекшеліктердің бірі — бас кейіпкер тұлпарының толық портретін батырдың өзі жасауы. Жыршы баяндауынан гөрі батырдың өз атына қарата айтқан сипаттауында нағыз ерге лайық тұлпардың бейнесі сәтті сомдалған.

Жырда Өзімбай балаларының ішіндегі жағымды кейіпкер қатарында танылатын Алшыораз байдан батырды артық санап, Қамбардың бөлекше болмысын байқай біледі. Жырда Назымның Алшыораздан басқа бауырларының мінездемесіне мән беру арқылы тумысының бөлектігіне назар аударылады. Байлыққа мастанып, даурыққан ағаларына айтқан басалқы сөзінің мазмұны: малдың көптігіне сүйенбеу, Құдайдың берген бағын бағалау, адам қасиетін мал-мүлікпен өлшемеу т.с.с. ізгі ойларға құрылған. Елге қорған бола алатын батырдың қасиетін ел тағдырымен байланысты қарайды. Ө.Диваев нұсқасындағы Алшыораз — елішілік мәселелерге қатысты ғана емес, жауына қаталдығы, намысты мінезі жөнінен де батырлармен рухтас тұлға.

Жырдағы басты сюжеттік тартыстың арқауы қалмақ ханы мен оның жаушысының іс-әрекетімен байланысты. Дәстүрлі ізет-ибаны білдіретін тұспал мәнді құдалық сөздерді пайдаланғанымен, жаушының сөз саптауы мүлде бөлек. Ол «берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан» дейтін пиғылды ұстанып қыз әкесіне басымдық таныта, күш көрсете сөйлейді. Қамбар жайлы Қараманға хабар беріп, желіктіруші де, батырға барып жағымсына сөйлеп, аярлық танытушы да — Келмембет. Жағымпаз мінезден өзін қорғай білетін Қамбар болмысының кесектігі де осы тұста танылады. Елшілік сөзді жеткізу мен оны қабылдау барысында қарама-қарсы жақтың мінезі, болмыстары ашылып жатады. Мәселен, хан басымен шақыртқанына келе қоймағанына шамданып, «Алдыңа салып айдап келмейсің бе?» деп айғайға басқан Қараманды «Үш күннен кейін келеді» деп Келмембеттің алдауы немесе өзі жөніндегі жалған баяндаулары арқылы бұл екі образдың толық сипаттамасы беріледі. Адамдар арасын ғана емес, ел мен елдің арасын «ала қойдай бүлдірген» мұндай жарамсақ жандарды халықтың құптамайтындығы Келмембетке қолданылған жаза мен оның сатиралық портреті арқылы айқын ұғындырылады.

Эпикалық дұшпан болып табылатын қалмақтың өкілі жаушының атын беруде нұсқаларда өзгешеліктер бар. Мәселен, ол Ө.Диваев нұсқасында Қараман, Бармақ, Шапай нұсқалары мен 1888 жылғы басылымда Мақтым, Қалқай вариантында Ақшахан, Березинде Мақия. Нұсқалардың көпшілігінде қарсы жақтың елшісі, құда түсе келген жаушы — шалақазақ, шоқынды

Келмембет. Қалқай нұсқасында күйеу таңдау сынынан өте алмай ызаланған Керей ұлы Келмембет, Бармақ нұсқасы мен Шапай нұсқасында тілге шешен болғасын елшілікке жіберілген адам ретінде сипатталады.

«Қамбар батыр» эпосындағы жыр желісінің мазмұнында орындаушының тыңдаушысын эпикалық дәуірге бірден-ақ жақындату мақсаты басым. Жырдың қаһарман іс-әрекетінен туындаған сюжеттік уақыты да өзіндік сыр-сипатымен көрінеді. Сюжеттің басталуында өзге батырлық жырдан өзгешелігі бар, әлеуметтік жігі айқындала бастаған екі түрлі өмір көрінісі сипатталады. Алайда жыр оқиғасының даму барысында күрделі мәселе ел тәуелсіздігін сыртқы жаудан қорғау жетекші мәнге ие болғанда, елшілік тартыстар ескерілмей, тұтас тұрғыдан түсіндіріледі. Яғни жырдың негізгі тақырыбына қатысты оқиғалардың басталуы Қамбардың қалыңдығына өзге жұрттың зорлықпен сөз салуымен, одан әрі ел ішінде осыған байланысты түрлі жағдайлардың орын алуымен тұспа-тұс келеді. Қамбар мен Назымның алты ағасының арасындағы қарым-қатынас елдің тәуелсіздігі ұғымының жанында кикілжің есепті болып, Қамбар тұтас бір халықтың саяси өміріндегі ауытқыған тепе-теңдікті қалпына келтіруші ретінде мадақталады.

Жырдың өне бойында бас кейіпкерінің болмысы мен ортасы жөнінде толық мағлұмат беріліп, оқиғаның өту барысына тыңдаушыны араластыруға мүмкіндік жасалады. Сюжеттен тыс тұратын жырлаушы уақытының болатындығына жыр желісі дәлел. Жырда сюжеттік уақыт түрліше аталып, мысалы, «бұрынғы өткен заманда» (1888, Бармақ нұсқасы) «бұрынғы өткен заманда, дін мұсылман аманда, он сан ноғай жұртында» (Шоқатаев варианты), «бұрынғы өткен заманда, барлық халық аманда, он екі баулы өзбекте, он сан ноғай елінде» (М. Жапақов варианты), «он сан ноғай бүлгенде, Орманбет хан өлгенде» (Березин нұсқасы) деп беріліп, жыршы тарапынан мадақталады. Мұның себебі: батырлық жырдағы «бұрынғы өткен заман» — халық санасына терең ұялаған, ел-жұрт тарихындағы ерекше дәуір. Ол — қасиетті бабалар уақыты, батырлардың тарихта болған мерзімі. Сондықтан да бұл — айрықша дәуір. Оның қадір-қасиеті бүгін шығарманың тұтас желісі бойына тараған.

Батырдың соғыс үстіндегі белсенді қимыл-әрекетін баяндаған, бейнелеген сәттерде уақыттың өтуі, қарқыны үдейді.

Қамбардың Қараманға келіп, уәж айтуы мен жекпе-жекке шығуы, оны жеңіп қиратуы қысқа бір уақыт аралығында өтеді. Батырдың күш-қуаты кемеліне келген нағыз жігіттік шағынан басталған оқиға сол рухта аяқталады. Дәстүрлі эпикалық әдіске тән кеңістік уақытпен өлшенетіндіктен, «Ақ өткелден ары өтсе, алты күндік жерде Қамбардың мекені, ал Мақия хан мен Әзімбай ауылының арасы — қырық алты күндік жер», деп беріледі. Кеңістік жайлы көне ұғымдарда су екі дүниенің шекарасы, аралық өткел ретінде ұғынылады. Мұндағы Әзімбай мен Қамбар ауылының арасын бөліп тұрған өрі екеуінің қарым-қатынасына негіз болған көлдің кеңістік ұғымынан гөрі көне мағынасы басым. Ол сюжеттік оқиға дамуының көркемдік кілті қызметін атқарады. Дәстүрлі эпикалық жырда қазақтың көшпелі өмір тұрмысына тән кең жазық дала мен оның ой-қыраты тілге тиек болатын. Ал Ә.Диваев нұсқасында қалың тоғай, Һуд (Ну) көлі, теңіз бойын жайлаған ел өмірі көбірек сипатталады.

Батырдың өз мекені тұтас жұртымен бірлікте алынатын дәстүрге өзгеріс еніп, Қамбар мен Әзімбай ауылының арасы үш күншілік жер, я болмаса, белгілі бір уақыт мерзімінде (таңнан намазшамаға дейінгі) жол жетерлік қашықтықта орналасады. Сондай-ақ жау елі мен батыр елінің арасы да осы мөлшерде бедерленеді. Алайда жыр идеясының түп қазығы «ноғайлы заманын көксер», «ноғайлы батырын дәріптеуді» мақсат еткендіктен, мезгілдік, мекендік ұғымдар да осы идея аясына тұтастанған.

«Қамбар батыр» жырының композициясы елдің бейбіт тіршілігінің көрінісін сипаттайтын той (Назымның күйеу таңдау тойы) оқиғасымен басталып, Қамбар батыр мен Назым сұлу қосылған тоймен аяқталуға негізделіп құрылған. Бұл — жалпы эпостық жырлар табиғатына тиесілі жыр экспозициясы мен аяқталуының типтік белгісі.

«Қамбар батыр» жырында көне мотивтердің жаңа мазмұнға ие бола отырып, түрленген қызметтері көрінеді және батырлық жырға тән мотивтер түгел орын алмайды. Керісінше, кейінгі эпостарда кезіге бермейтін «алғашқы ерлік» мотиві көрініс тапқан. Сондай-ақ типтік мотив-ситуация көрінбейді де, жыр мотив-мінездемеден басталады, яғни жыр экспозициясындағы ерекшелік — батырдың туу тарихынан емес, мотив-мінездемеден басталуында. Жыр кім туралы, оның бет-бейнесі, жүріс-

тұрысы, ақыл-парасаты қандай екендігін сипаттаған жырлаушы одан кейінгі тұста бас кейіпкердің басынан өткен оқиғасы мен іс-әрекетін баяндайды.

Қамбар батырдың өз мекенінен қалыңдығының жұртына сапары, аң аулауы мотив-әрекеттің кіріспесі іспетті. Сюжеттің басты желісін құрайтын негізгі мотив-әрекет — батырдың Қараманға аттанып, соғысуы; ол эпикалық дәстүрге сай батырлығына нұқсан келтіретін барлық қайшылықтарды жою үшін өзі жалғыз әрекет етеді.

Жырдағы теңеулердің көркемдік қызметі батыр тұлпарын суреттейтін тұсында ерекше көрінеді. Олар «ұшқан құстан озатын ересен жүйріктігі», «алыс жолға алқынбай жететін қайратты, төзімділігі», батырдың тілегін танитын, дұшпанның пиғылын сезетін қасиеті мен қысылтаяң тұстарда «тіл бітіп», сөйлеп, батырға ақыл-кеңес беретіндігі т.б. Батырлық жырларға тән кейіпкерлердің көңіл-күй сәттерін, ішкі буырқанған толғаныс иірімдерін білдіретін диалог, монологтар көркемдік жүк көтеріп тұр. Мәселен, Назым мен Қамбардың, Қамбар мен Қараманның, Келмембет пен Әзімбайдың тіл қатысулары арқылы образдардың мінездемесі толықтай танылады.

Батырлық жырларға тән ұлғайту (гипербола) мен әсірелеу (гротеск) де мол орын алады. Бұл әсіресе батырдың ерлігі мен Назым сұлудың келбетін мадақтайтын тұстан айқын көрінеді. Жырда Қамбардың аңшылығы «түске дейін ілгені төбедей болып қалады», жолбарыспен алысқан ерлігі «қырық қадам жерден асырды» деп дәріптелсе, жауын жеңген ерлігі символды әсірелеумен жеткізіледі.

Жауды әшкерелеп, жағымсыз образды шегіне жеткізе шебер бейнелеудің озық үлгісі — Келмембеттің сатиралық портреті. «Құлағы кесіліп құнтиған, мұрны кесіліп шүнтиған, мойыны қыл ішектей қуарып, тоқпақтай басы сымпиған, көзі қояндай бадырайып, беті бүйректей бұлтиып, екі танауы қазылған індей үңірейген» жанның кескін-келбеті мен істеген ісі үйлес.

Жырдағы дәстүрлі құдалық салтына қатысты символдық ұғымдардың әр түрлі пішіндері де көңіл аударарлықтай. Мәселен, күйеуді алтын сұңқарға, қалыңдықты қазға балап, сұңқарға ілдіру арқылы құда түсуді тұспалдау — көне замандардағы мифтік түсініктермен тамырлас. Ал қалыңдық — қызыл тұлкі, күйеу — жүйрік тазы немесе

қалыңдық — піскен түйнек, күйеу — өткір кездік түсініктері кейінгі замандардағы көркемдік образдарға мысал бола алады. Жыр рухының бүгінгі күндегі халқымыздың ел болып бірігу, тәуелсіздік тұғырын бекіте түсу мақсатындағы рухани қажеттілікпен толық қабысып жатқандығы осындай көркемдік қуатына байланысты.

Қазақ батырлық жырының негізгі тақырыбы — сыртқы жаулармен болған соғыс. «Қамбар батыр» жырында эпикалық дұшпан көбінесе қалмақ болса, 1888 жылғы Қазан басылымы мен И.Н.Березин жариялаған нұсқада оның нақты қай халықтың өкілі екені нақты баяндалмай, «кәпір» деп аталады. Эпикалық санада орныққан жау қалмақ екені белгілі, «кәпір» дінсіз деген мағынада. Патшалық цензура кәпірді орыс деп түсініп, кәпір сөзін 1903 жылғы басылымда қалмақпен ауыстырады. Кеңестік кезеңде де патшалық цензураның бағыты қолдау тауып, 1888 жылғы Қазан басылымы мен И.Н.Березин жариялаған нұсқа зерттелмеді, ғылыми айналымға түспеген.

Қазақстанның көптеген аймақтарынан жырдың нұсқалары әр жылдары жазып алынған, жиналған. Олардың ішінде: 1) Шашубай, Рахмет, Жұманазар, Шапай, Келімбет, Құлзақ, Маясар сияқты жекелеген ақындардың орындауындағы үлгілері; 2) өткен ғасырда баспа бетін көрген жыр нұсқалары (1888 жылғы Қазан университеті баспаханасында басылған «Қисса Қамбар», И.Н.Березин жариялаған «Турецкая хрестоматиядағы» (СПб, 1890) «Қамбар баһадүрдің жыры», 1903 жылы Қазанда басылған «Тоқсан үйлі тобыр», 1922 жылы Төшкенде жарияланған «Қамбар» жыры); 3) басылған кітаптардан тараған жазбалары (Қ.Шабдарұлы, Қ.Иманов); 4) жырдың сюжетін негізге ала отырып әңгімелеген ертегілік нұсқалары бар.

Жыршы өлең-жырға жастайынан құмар болып, елдегі белгілі жыршылардың жанында жүріп жыр үйренеді, кейін өзі де ұстаз болып, жыр үйретеді. Шапай Қалмағамбетов өзі орындайтын жыр нұсқасын Досжан жыраудан, Н.Баяндин Тыныштық жыраудан үйренгенін айтады. Ақын-жыршылар батырлық жырмен қатар, терме, айтыс және өзі шығарған өлеңдерін де орындайды. Кеңес өкіметі құрылған алғашқы жылдары қызыл отауда жұмыс істеген Р.Мәзқожаев, К.Серғазиев сияқты халық ақындарының шығармашылығынан осы жайды көреміз.

Эпостық жырларды варианттарымен қабат қарастыра тексерудің ғылыми мәні жөнінде соңғы уақыттарда жаңаша талаптар қойыла бастады. Бұл жөнінде ғалым Б.Әзібаева былайша ой қорытады: «Жазба әдебиет шығармаларына текстологиялық жұмыстар жүргізуден гөрі, бұл жұмысты қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріне жасау әлдеқайда қиын. Әсіресе, қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілері ғасырлар бойы қағаз бетіне түспей-ақ, оның көптеген шығармаларының ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып, бүгінгі біздің дәуірімізге де сол жадында жатқа сақтаушылар арқылы жеткенін ескерсек, ауыз әдебиетінің текстологиясын зерттеудің өте қиын екені айқындала түседі» [20, 9].

Жырдың төрт нұсқасы — 1888 жылғы Қазан басылымы, 1903 жылғы «Тоқсан үйлі тобыр» (екі рет), 1922 жылы Ә.Диваев Тәшкенде жариялаған жыр нұсқасы (екі рет), жыршы Бармақ Мұқамбайұлы жырлаған нұсқа орыс тіліне аударылды. Жырдың мазмұнын қара сөзбен берген Мейер аудармасы, жолма-жол аударма (Ш. Бекмұхамбетов), еркін аударма (Г.Владимирский), көркем аударма (В.Державин), түпнұсқаға жақын аударма (1959 жылғы ғылыми басылым) жасалды. Әр кезеңде сол уақыт деңгейіне сай аударма жасалды және орыс тілді оқырмандарға қазақ халқының эпикалық шығармасын таныстыру талабынан туған міндет атқарды. Бұл аудармалардың сапасы мен көркемдік деңгейі әр түрлі, дегенмен онда эпостық шығарма аудармасының кезеңдік белгілері сақталғанын байқаймыз.

Қамбардың қай рудан шыққан батыр екендігі туралы әр түрлі пікір бар. Диваев, Қалқай нұсқасында Қамбар — арғынның батыры. Қазақ шежіресі бойынша, арғыннан Қамбар тармағы тарайды. Қамбар — Болатқожаның бір баласы. Мәшһүр Жүсіптің шежіресінде Қамбар Болатқожаның Сүйіндіктен қалап алған әйелінен Шұбыртпалы, Шекті туған. Алшын Зортумақтың асында бәйгеге алған күңнен Қамбар тұқымы өрбіген. Ал өзінің қыздай алған бәйбішесінен Ақша, Түйте туған. Ақшадан Бошан, Түйтеден Майқы, Манас [21, 38]. Қырғыздың белгілі «Манас» эпосында Қамбардың ұлы Айдархан, немересі Көкше талай шайқастарға қатысқанымен, Қамбардың өзі болмаған, яғни одан бұрын өмір сүрген. «Ол — сақ, ғұн, түркілердің ежелгі пірі. Түрікмендерде Қамбар жерленген дейтін екі киелі орын бар», — дейді арғын шежіресін жинастырған Ш.Т.Қуанғанов.

Березин нұсқасында ол — уақ батыры. Ш.Уәлиханов уақ руы туралы былай дейді: «Уак — полуоседлое племя, известное с XIII в. Происходит с древних кереев. Играло значительную роль в XVI — XVII в. составляя военную силу казахского союза в борьбе с джунгарами» [22, 184]. «Предания эти сохраняются свято или в виде родовых воспоминаний в памяти старейшин, как например, юридические предания и генепологические, или в форме эпоса передаются из рода в род особенным сословием певцов. Многие слова и обороты, не употребительные в настоящее время, показывают их древность», — дейді Ш.Уәлиханов [22, 417].

«Қамбар — уақ руынан шыққан батыр» деген пікірді С.Мұқанов былайша қуаттайды: «Қазақтың ескі руларынан Керей, Уақ атты екі ел бар. Уақтың Шоға, Бұйдалы, Жансары, Біржақсы, Шайгөз, Қурай, Қытай дейтін жеті руы қазіргі Преснов, Пресногорков, Төңкеріс аудандарында отырады. Шоға ішіндегі Қарағай, Қарағай ішінде Тұяқпай дейтін ауылда Абылай хан тұсында, XVIII ғасырда жасаған Баян батырдың немересі Жапақ дейтін кісі бар. Оның баласы Қасым «Молалы» дейтін колхозда. Баян — ер Қосайдың немересі, Қосай — ер Көкшенің баласы, Көкше — Қамбар батырдың баласы. Сондықтан Радловтың Қамбарды уақ еді деуі дұрыс, ер Көкше мен ер Қосай қазақ арасында көп жыр болған батырлар» [7, 590].

Қамбардың ұрпақтары, жерленген моласы туралы Қысыраубек Амантаев мынадай мәлімет береді: «Батырлар жырындағы «Жақсылар, бастан айтайын» деп басталатын «Қамбар батыр» дастанын осы Италмас (Түнғатаров) жазған. «Қамбар батырдың» моласы Шаян ауданы, Қарасу деген колхозда, қазірде де бар. Сол маңда Ноғайлыдан келіп, Тазша деген елден қыз алып, өсіп-өнген. Сүнгетай (Ақмолда) деген ел де бар. Қамбар осы елден шығуы керек» [23]. Дегенмен, Италмас жырлаған жыр нұсқасы кездеспеді, ол жырды орындаушы жыршылардың бірі болуы да мүмкін.

«На первый взгляд, нет ничего божественного в имени Камбар-батыра из одноименного казахского героического сказания. В казахском героическом эпосе «Кобланды-батыр» приводятся слова матери богатыря, напутствующей сына перед опасным сражением. Здесь имя Камбара поставлено рядом с

именем мусульманского пророка Мухаммеда. В среднеазиатском фольклоре «Қамбар — древнее божество, связанное с культом воды, существовавшим в Туркестане. Он же — покровитель скота». Это имя древнего божества в дальнейшем отрывается от своей мифологической основы и начинает бытовать в качестве имени эпического героя», — дейді эпикалық батырдың есімі туралы Ф. Урманчиев [24, 26].

Ноғайдың «Шора батырында» да Қамбар есімі ұшырайды. Қырғыздың «Манас» эпопеясындағы «Үлкен жорық» атты тарауда әскер басында тұрған Қамбар қай жауынгердің қайда тұруы керектігін көрсетеді. Манас Талғар өзенінен өту кезінде ең ержүрек батырларды соңына қалдырады, Урбю, Серек, Алжибай, Сыргак сияқты батырлардың қатарында Қамбардың да аты аталады. Қамбар батырдың есімімен үндес басқа да кейіпкерлер бар: жылқы пірі — Қамбар ата, діни дастандардағы хазіреті Әли ибн Әбутәліптің атын баптаушы Қанбар, түрікмендердің музыкалық аспабы — дутарды ойлап шығарған Баба Ғамбар [25, 57-61; 26, 154]. «Ер Көкше», «Ер Қосай», сондай-ақ «Қамбар батыр» эпостарында уақ тайпасының қалыптасуы жөнінде мәлімет келтірілмегенімен, олардан тайпаның басынан өткерген түрлі оқиғалары, оның тарихта есімі мәлім тұлғалары туралы деректер кездестіруге болады.

Батырдың руын өзгертіп қолдану жыршылар дәстүрінде жоқ. Қамбардың біресе арғын, енді бірде уақ батыры ретінде көрінуі ноғайлы заманында уақ пен арғынның етене араласуынан, я болмаса екі рудың жауға шапқанда айтатын ұранының ұқсастығына байланысты болу мүмкіндігін анықтау алдағы уақытта жүзеге асатын зерттеулер еншісі деп есептейміз.

Қамбар — тәуелсіздігіне, елдігіне, еркіндігіне қауіп туған жұрттың қамқоры, қорғаушысы. «Қамбар батыр» жыры — өз бойында бұрынғы сюжеттерді сақтай отырып, тұтас ел қауіпсіздігі маңызды болған тарихи кезеңде қайта жырланған эпикалық туынды.

Ж. Рақышева

ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ҚИССА ҚАМБАР

У.Тухфатуллин жариялаған «Қисса Қамбар» нұсқасында (Қазан, 1888) Әзімбай бай Назым қызына күйеуді өзі таңдатады. Қамбар «он сан үйлі оят, қырық сан үйлі қият, алпыс үйлі арғын, жетпіс үйлі жебір, тоқсан үйлі «тобырды» асыраған он сегіз жасар батыр болып суреттеледі. Назымның Қамбарды көруі, жолына өрмек құрып, тіл қатысуы мен қыз ағаларының жанжалдасуы батырдың Әзімбайдың көліне аң аулап шыққандығымен байланыстырылады. Мұнда елшілікке келген тоғыз орысты Алшыо-раз өлтірген соң, көп әскермен келген Мақтымның басымдығы, Назымның оны алдаусыратып мүрсат сұрауы, ноғайлы билерінің Қамбарға тарту-таралғымен келуі, Қамбардың тоғыз күннен соң баруға уәде етуі, Қамбар мен Мақтым ханның жұмбақтасып жауаптасуы мен үш күн, үш түн ұрысып, ақыры Қамбардың жеңіске жетіп, Назымға қосылуымен аяқталады.

Осы варианттың он екі жазбасы бар: 1) 1888 жылы Қазанда Ш.Хұсайыновбаспаханасында басылған «Қисса Қамбар» жыры // ОҒК, РФ 32, РМ 192, 18 бет; 2) 1895 жылы көшірілген, 1939 жылы жазушы Сабыр Шәріпов жинап тапсырған қолжазба // ОҒК, Ш. 671, 1-дәп., 12 бет; 3) 1903 жылы Қазанда басылған «Тоқсан үйлі тобыр» жыры // ӘӨИ, Ш. 30, фотокөшірме, 20 бет; 4) 1920 жылы Сырдария фольклорлық-этнографиялық экспедициясы (Ә.Диваев) жинаған Жұманазар Үрімқұлұлының «Тоқсан үйлі тобыр» жырының жазылған қолжазбасы. Көлемі — 1071 жол // ОҒК, Ш.570, 5-дәп., араб әрпінде, 34 бет; 5) 1929 жылы Мырзахмет Балзақұлының айтуынан Жетпісбай Оспанұлы жазып алған қолжазба // ОҒК, Ш.671, 4 - дәп., араб әрпінде, 15 бет. 6) Биқожа Нұрымжанов жинаған,

1937 жылы жазылған қолжазба // ОҒК, Ш.83, 2-дәп., латын әрпінде, 56 бет; 7) Қайролла Шабдарұлы жинаған, 1938 жылы жазылған қолжазба // ОҒК, Ш.671, 3-дәп., латын әрпінде, 17 бет; 8) Шашубай Қошқарбайұлы жырлаған нұсқа өз аузынан 1941 жылы жазып алынған. Жинаушылары—Ә.Тәжібаев, С.Сейітов. Көлемі—775 жол // ОҒК, Ш.691, 3-дәп., араб әрпінде 1-17 бет, латын әрпінде 18-32 бет; 9) Нұрмағамбет Баяндин варианты 1946 жылы Омбы облысында жазылған. Жинаушысы—Әлмағамбет Данияров // ОҒК, Ш.671, 6-дәп., 14 бет; 10) Маясар Жапақов варианты 1956 жылы Қарағанды облысында жазылған. Жинаушысы—Өміржан Қашқынбаев // ӘӨИ, Ш.102, 2-дәп., аяқталмаған, кирилл әрпінде, 16 бет; 11) Әнуарбек Шоқатаев варианты 1956 жылы Жамбыл облысында жазылған. Жинаушысы—Оқас Нақысбеков // ӘӨИ, Ш.102, 1-дәп., 22 бет; 12) Рахмет Мәзқожаұлының айтуынан 1958 жылы жазып алынған. Жинаушысы—Мәлике Ғұмарова // ӘӨИ, Ш.333, 3-дәп., араб әрпінде, 47 бет.

Қазақ даласында ХХ ғасырдың басында Қазанда басылған батырлық жырлар мен дастандар үлкен сұранысқа ие болып, бірнеше мәрте қайта басылды. 1888 жылғы «Қисса Қамбар» жырын кейін бастырушылар оның мәтініне редакция жасап, атын өзгертіп, 1903 жылы қайта жариялаған. Кітапта бастырушылар мен баспа тарапынан енгізілген өзгертулер және жекелеген сөздердің түсіп қалуы т.б. ерекшеліктер орын алған. «Первая задача текстологии — установление точного текста произведения», — дейді текстолог ғалым С.А.Рейсер [40, 11].

1903 жылғы басылымда Әзімбай қоныстанған жердің аты—Көкарал шаһары. Осы нұсқадан тараған М.Балзақұлы, Р.Мәзқожаев, Жұманазар варианттарында да—Көкарал болса, 1888 жылғы кітапта топонимдік атау—(ойконим—мекен-жай аты) Ақарал шаһары. Ол атау негізі осы мәтіннен өрбіген О.Нұрқожаев, Қ.Шабдарұлы, Шашубай, Н.Баяндин, Ә.Шоқатаев, М.Жапақов варианттарында да сақталады. 1888 жылғы кітапта қыз Назым болса, 1903 жылғыда—Лазым.

Жырдың 1888 және 1903 жылғы Қазан басылымдарын салыстырдық. Алдыңғы нұсқаның көлемі 1210 жол болса, соңғысы—1028 жол. Жолма-жол салыстырғанда 1888 жылғы нұсқада—186 жол, 1903 жылғы нұсқада бес өлең жолы сәйкеспейтіні анықталып отыр.

1888 жылғы жырдағы «кәпір, орыс» деген этнонимдер 1903 жылғы басылымда «қалмақ» болып өзгертілген. Қамбар батырдың жауы — кәпір. Әрине, кәпір — орыс деп, көп әскерді қырған батырдың ерлігі патшалық Ресейдің солдаттарын талқандағандай қабылданды. Сондықтан кәпір сөзі эпикалық дұшпан — қалмақпен алмастырылды.

1903 жылғы кітапта жырдың алғашқы басылуы деп көрсетілген. Осы өзгерістердің орын алуы 1888 жылғы нұсқаны рухани санадан өшіруге тырысқан патшалық Ресейдің цензорлық бақылауының әрекетінен еді. Кеңестік кезеңде жырдың алдыңғы басылымы «діни сөздер көбірек қолданылған» деп бағаланды [26, 140]. Сол себепті құрастырушылар ол нұсқаның орнына 1903 жылғысын жырдың ғылыми басылымына енгізуді дұрыс деп тапты.

Сонымен бірге жырдағы әлеуметтік терминдерде алмастырылған немесе өзгертілген. «Көп ноғайдың биі еді» (Өзімбай туралы) деген 39-жолдағы «би» — «бірі» болып, «Көп ноғайдың бірі еді» деп өзгертілген. Назымның күйеу таңдау тойына жиналған үміткерлерді санамалап сипаттаған жерде 1888 жылғы «Бек те кетіп барады» (81-жол) 1903 жылғы кітапта (76-жол) би болып қолданылған. Қазақ тіліндегі әскери лексиканы зерттеген Т.Байжанов В.Радловтың және Л.Будаговтың сөздігіне сүйеніп, бек және би сөздерінің генерал-губернатор, бас қолбасшы деген мағынаны білдіретін әскери басшы атаулары екенін айтады [34, 39].

1888 жылғы

«Қисса Қамбарда»

Мінгізді бедеу *міністі*,
Кигізді қымқап *киітті*.
(580-581-жол)

1903 жылғы

«Тоқсан үйлі тобырда»

Мінгізді бедеу *атына*,
Кигізді қымқап *тонына*.
(527-528-жол)

Демек, 1888 жылғы басылымда қазақтың құдалық салтымен мініске жылқы (бедеу ат), қымқап киіт бергені айтылған. 1903 жылғы кітапта «атына мінгізді, тонына кигізді» болып кеткен. Өз тонын өзіне кигізіп, өз атына өзін мінгізу — құда түсіп келген жаушыға көрсетілген сый-кәде емес.

Мәтіндерді салыстыру барысында, батырдың жүзін бір көруге ұмтылған Назым сұлудың Қамбарға ғашық болуы, біл-

мей тұрып мақтауын естіп құмартуы, сырттай ұнатуы 1903 жылғы басылымда көрініс таппағаны анықталды.

Сан есімдерді өзгерту, жалпылау сан есім мен есептік сан есімнің орнына жинақтық сан есім қолданылған:

<i>Бәрі бірдей</i> бөрі еді,	<i>Алтауы бірдей</i> бөрі еді
<i>Кіші ұғлын</i> сұрасаң,	<i>Ең кішісін</i> сұрасаң
(41-42-жол)	(41-42-жол)
<i>Алты ұғлымен тең</i> еді.	<i>Алтауымен бір</i> еді.
(47-жол)	(46-жол)

Етістікті ауыстыру арқылы мағыналық өзгеріс енгізілген:

<i>Жауған қардан ақ қылды</i>	<i>Жауған қардан ақ еді</i>
(50-жол)	(48-жол)
<i>Өлтіруге ерінді</i>	<i>Өлтіруге қимады</i>
(564-жол)	(511-жол)

Синоним немесе мағыналас сөздерді ауыстырып қолданған:

<i>Қынабы</i> алтын ақ болат	<i>Балдағы</i> алтын ақ берен
(203-жол)	(190-жол)
<i>Ақ жүзім</i> менің оңды ма	<i>Ақ бетім</i> менің оңды ма
(304-жол)	(277-жол)
<i>Жібектен маймырт</i> тақтырды	<i>Жібектен арқан</i> тақтырды
(778-ж)	(688-ж)
<i>Қанжығам құтты</i> болсын деп	<i>Қанжығам қоңды</i> болсын деп
(786-ж)	(695-жол)

Заттық мағыналы сөзді түр-түске байланысты сапалық белгіге өзгертілген:

<i>Божы</i> арқаны жібектен	<i>Боз</i> арқаны жібектен
(105-жол)	(97-жол)

Ат ерттеу процесін заттық белгімен ауыстырылған:

<i>Жұптап</i> айыл шалады	<i>Жібектен</i> айыл шалады
(892-жол)	(775-жол)

Келмембеттің Өзімбай аулына құдалық жолымен келіп, жөнсіз күш көрсете сөйлейтін тұстары 1903 жылғы басылымда біршама қысқартылған. Сондай-ақ Қамбар батырдың ерлік сапарға аттануы алдында ат баптау көрінісі кеңінен су-

реттелмейді. Соғыс суреттері 1903 жылғы басылымда едәуір қысқартуға ұшыраған. Қаһарманның жорық алдындағы дайындығы: ат баптау, қаруын сайлау, ел-жұртымен қоштасуы т.б. батырдың келешекте жасайтын ерлік істеріне кіріспе ретінде бағаланады. Сондықтан 1903 жылғы басылымда батыр сипаты толық ашылмаған.

Ер қаруы — бес қаруын сайлап алған батыр 1888 жылғы кітапта тұзу қара мылтық, балдағы алтын қылыш, болаттан құйылған найза, болаттан соққан айбалта, қайқаң садақ алса, 1903 жылғы басылымда садақтың орнына болаттан соққан найзаны екі рет қолына алады. Сондай-ақ:

«Шаба алмасам, маған серт,
Шапқаныма шыдамай,
Оңқыңнан кетсең, саған серт»

деп келетін жолдар әрбір қаруды алған сайын «шапқаныма, шанышқаныма, соғарыма т.б.» болып қайталанып отыратын батырдың қаруымен серттесуі 1903 жылғы басылымда тек мылтыққа қатысты айтылады, басқа қаруларға байланысты айтылмайды. Бұны заман өзгерісін жыр мәтініне орынсыз енгізудің мысалы ретінде қарастыруға болады.

Қазанда кітап боп басылған нұсқалар атап айтқанда өлең жолдарының орын ауысып кетуі, кей жолдың, сөздің түсіп қалуы, не болмаса екі жолдың кірігіп кетуі т.б. сол дәуірдегі кітап бастыру ісіндегі кемшіліктерден құралақан емес. Басылымдағы жекелеген сөздердің, кейде өлең жолының түсіп қалу салдарынан кереғар ой білдіретін өлең жолдары кездеседі. Өлең жолдарындағы тіркестер, сөздер келесі жолға қосылып кеткен тұстары бар. Осындай олқылықтың салдарынан өлең өлшемі ғана емес, ойдың үйлесімділігі мен сөздің мағыналық мәні өзгеріске түседі.

Жырдың Қазан басылымдарын өзара салыстыра отырып, осы екі басылымнан тараған варианттарды қарастырғанда жинаушының өз тарапынан сөз қосуы, сауатына байланысты қате көшіруі, оқи алмаған сөздерді тастап кетуі, жыршының ақындық қабілетіне қарай жыр тудыруы, эпикалық дәстүр негізінде тұрақты мотивтерді, «ортақ жерлердің пайдалануы т.б. өзгеріс енгізуі сияқты жайттардың кездесетінін көреміз. Мыса-

лы, 1903 жылы Қазанда басылған «Тоқсан үйлі тобыр» жыры мен 1920 жылы Тәшкендегі Қазақтың ғылыми-зерттеу қоғамы ұйымдастырған Сырдария фольклорлық-этнографиялық экспедициясы жинаған (жинаушысы — Ө.Диваев) Жұманазар Үрімқұлұлы қолжазбасын салыстыру барысында жырды аздаған өзгерістермен, жекелеген сөздерді ауыстырып жырлағаны немесе қайта жазғаны байқалады. Қазан басылымдарына жалпытүркілік кітаби тілдің әсері мол болғаны белгілі. Осындай жайт бір версияның басқа варианттарына да қатысты қайталанатын, жыршы өзі орындаған кезде немесе көшіруші жырдың сөздерін өзгертіп, құбылтып отырған. Мәселен, Қамбарды сипаттайтын жырдың бір жолын әр түрлі нұсқада:

Соның бәрін асыраған (30-жол) (1888 ж.)

Он түлік бәрін асыраған (30-жол) (1903 ж.)

Бір аймаққа бас болған (37-жол) (Жұманазар)

деген тәрізді түрлентіп береді. Әзімбайдың алты ұлын Жұманазар жыршы бөріге емес, нарға теңейді.

Қолжазбада қыздың алдымен атын Лазым деп, кейін үстінен Назымға түзеткен, қолжазбаның соңына қарай Назым деп жазады.

Ақын Жұманазар өз нұсқасын жасау барысында жырдың алдыңғы үлгісінде жетіспейтін жолдар, жөнсіз өзгертілген тұстарды байқай білген. Жұманазар Үрімқұлұлының 1903 жылғы нұсқаны редакциялап, жекелеген сөздерді өңдеп, түзетіп, немесе орнына басқа сөздерді қолданғаны байқалады. Келтірілген соңғы мысалда Назымның сөзі (кейіпкер сөзі) автор сөзіне қосылып кеткен. 1888 жылғы нұсқада:

«Әзімбай сонда бөгелді,

Бұ жауапқа кенелді», —

деген екі жолмен берілген. Жұманазар жыршы 1903 жылғы нұсқасында өлең жолының жеті-сегіз буыннан асып кеткен немесе бір жолдың жетіспей тұрған олқылығының орны толтырылады, «ақылы жоқ Әзімбай» деп өзгерткен.

1903 жылғы басылымда «Әнсіз әңгімесі» деп қара сөзбен берілген әңгімені Жұманазар «Әлқисса» деп бастайды, кейде

өз жанынан бір-екі сөйлем қосады. «Әлқисса, Қамбар батыр олай-бұлай ойланды, аб жыландай толғанды» деп бастап, Қамбардың Әзімбай аулының қасындағы көлге аң аулауға бармақ болғандығын айтады.

Сондай-ақ 1941 жылы Шашубай Қошқарбайұлының өз аузынан С.Сейітов пен Ә.Тәжібаев жазып алған қолжазба мен 1945 жылы «Сөйле, Шашеке» жинағында жарияланған «Қамбар батыр» жырының мәтінін салыстыру арқылы да бірқатар өзгерістер мен сәйкессіздіктерді анықтадық. Шашубай нұсқасының кейінгі жарияланымы — «Ақ қайың» жинағындағы (құрастырған С.Негимов) мәтін осы «Сөйле, Шашеке» жинағынан еш өзгеріссіз алынған.

Қолжазбада

«Сөйле, Шашеке» жинағында

Өлім келсе Біржанша

Өлім келсе бір жауың

Шыбындай жанды

Шыбындай жанды

шырқыратып,

шырқыратып,

Алар да кетер бір күні.

Алар да кетер бір күні.

Сол уақыттағы заманда

Сонау бір өткен заманда

Әзімбай деген бай болған

Әзімбай деген бай болған

Мәтіндегі *кәпір* мен *орыс* сөздері *қалмаққа* өзгертілген, қаланың аты аталмайды. Фольклорлық шығармада қолданыла беретін ауызекі сөйлеу стилі сақталмаған, сөйлем ішіндегі сөздердің орнын ауыстыру кездеседі. Үстем тап өкілінің елге қорған болатынына үлкен күмәнмен қарайтын кеңестік кезеңде патша сөзі түсіп қалған.

«Қамбар батырдың» 1903 жылғы басылымы кеңестік дәуірде 1957 жылы және 1959 жылғы ғылыми басылымда жарияланды. Алғашқы жарияланымдағы түсініксіз сөздер мен кейбір өлең жолдарының 1888 жылғы жинақтан алынғандығы анықталды. Тіпті осы екі басылымның өзінде де айтарлықтай айырмашылықтар кездеседі. «Қамбар батыр» жырының 1959 жылғы ғылыми басылымы 1903 жылғы нұсқадан дайындалды деп көрсетілгенмен, 1888 жылғы нұсқаға көбірек сүйенгені айқындалды.

1903 жылғы Қазан басылымы 1888 жылғы басылымның қайта басылып шыққан түрі (переиздание) емес, патша

үкіметінің саяси цензурасына ұшырап, оған біршама өзгерістер енгені анықталды. 1888 жылғы басылым кеңестік кезеңде қағыс қалып, 1903 жылғы басылым жырдың ғылыми басылымында жарияланғанын ескерсек, кеңестік цензура да патша үкіметінің цензурасын қолдағанын аңғарамыз.

Қазан басылымының 1888ж.

209-211 жолдарында:	Дұрысы:
Қамбар қиял ойлайды	Қамбар қиял ойлайды
Бір күні соған тұлпарды	Бір күні соған [баруды]
Батырды шалдырып.	[Қара қасқа]тұлпарды
	Батыр [ал]ды шалдырып

Қажетті сөздер тік жақшаға алынып берілді. Кейбір өлең жолдары екі рет қайталанады: «Алдауменен патшадан Тілеп алды тілегін» деген 634-635 өлең жолы 661-662 жолда қайталанады, 392-402 жолда Қамбар тойға шақырмағанына өкпесін Назымға айтса, 708-718 жолда билерге айтады.

764-жолда «Көп тобырым Қамбарға» емес, дұрысы: «Көп тобырым [ашығар]» болу керек, қажетті сөз тік жақшаға алынып берілді.

Қамбар соғысқа аттанар алдында түзу қара мылтықты, болаттан құйған найзаны, болаттан соққан айбалтаны алғанда қарумен серттеседі, ал балдағы алтын қылыш пен аузы қайқаң садақпен серттесу көрініс таппаған. «Көбігі түсіп сауырдан, Тер тамшылап бауырдан» деген 907-908 өлең жолы мағынасына қарай, 905-906 жолға ауыстырылды.

1888 ж. Қазан басылымы ОҒК-ның қолжазба қорында сақтаулы: РФ 32. 1903 ж. Қазанда жарияланған «Тоқсан үйлі тобыр» жыры ӘӨИ-дің қолжазба қорында сақтаулы: Ш.30, фотокөшірме, 20 б. Томға енген мәтін түпнұсқадан еш өзгертусіз дайындалды.

ҚАМБАР БАҒАДҮРДІҢ ЖЫРЫ

Зерттеу нысанына ілінбей келген бұл вариантта Өзімбаи «он сан ноғай бұлгенде, Ормамбет би өлгенде он екі баулы өзбекті билеген хан» ретінде көрінеді. Мұнда Назымды айттыру үшін

жұртты жинауға өзге дәрежелес Арша ханның пікірі себепкер болады. Өзімбайдың алты ұлы емес, жеті ұлы бар; он екі жасар Назым сұлу сексен үйге түскен қыз көруші үміткер жігіттерді жаяу жүріп аралайды. Алайда бүкіл жиылған топтан Назым таңдарлық жан табылмайды. Қамбардың әлеуметтік тегіне көп мән беріледі. Ол «Ақ өткелдің ар жағында алты күндік жерде отыз үйлі обырды, тоқсан үйлі тобырды асырап жүрген ер Қамбар бар, кедей демесең, одан артық адам жоқ» дейтін хабаршы (төлеңгіт) сөзінен, мұны естіген Өзімбайдың қарсы болуынан, Қамбардың жалғыздығына налуынан байқалады. Қыз ағасы Алшораның Назымды кәпірге беруге келіскен әкесіне қарсы келуі баяндалады. Билердің Қамбарға келуі, батырдың елімен қоштасуы, жолын тосып алтын шатыр құрып жатқан Назымға жолығуы, шоқынды Келменбет келе жатқан Қамбардың ерлігіне сүйсініп, оның батырлық қасиеті Мақиядан жоғары екеніне көзі жеткен соң, қайтадан ислам дініне мойын бұрады; Қамбар мен Мақия жекпе-жекке шыққанда қара қасқа атқа тіл бітеді; Мақиямен кездесіп түсін жорытуы, қарсыласына кезек беріп, өз кезегі келгенде жауын жайратып, Назымды алу хұқын иеленеді. Алайда жыр басындағы әлеуметтік астар жыр соңында да байқалады. Жауын жеңіп берсе де, Өзімбайдың қызын Қамбарға бергісі келмей, сөзінен тайқып шығады. Алайда өзі дәрежелес Аршаханның ақыл-кеңесі арқылы Өзімбай хан жөнге келіп батырға қызын ұзатады.

«Қамбар батыр» жырының бір нұсқасы И.Березиннің «Турецкая хрестоматия» [5] деген кітабын үшінші том, екінші бөлімінде (СПб, 1890) жарияланған. «Қамбар батыр» жырының ғылыми басылымын дайындаған, жырды зерттеушілердің бірі М.Ғұмарова текстологиялық жинақта [52, 107], Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасында [51] атын атап қана өткен «Қамбар баһадүрдің жыры» деп аталатын жыр нұсқасының көлемі — 1369 жол. Жыр кіріспесі «Бізден бұрын кім өткен?» деген сөйлеммен басталады.

Березин нұсқасы мен 1888 жылғы Қазан басылымы салыстырылды.

1888 жылғы басылымда бір-ақ жерде:

«Көргенім жалған болмаса,
Баяғы айтқан апаңыз,» —

деп Назымды атаса, Березин нұсқасында Назымды «апам», «апай» деу орын алған. Жыршы тыңдаушы көпшілікке Назымның алыс замандарда дүниеден өткен әжелері екенін жиі-жиі қайталап есіне салып отырады.

1888 жылғы нұсқаға ұқсас, сәйкес келетін тұстары — Назымның күйеу таңдау тойына келгендерді санамалау бар. Түбектегі құлан мен киік таусылған соң, Қамбар ақ өткелден бері өткен жерде дәретке шыққан Назымға кезігеді. Назым сұлудың Қамбарды шақыратын сөзі; жеңгелерін жиып Қамбардың қайтар жолына өрмек құруы; айнаға қарап өз көркіне өзінің есі кетуі; көпірдің шешені Келменбеттің Әзімбай аулына құдалыққа келуі; қыз ағасының жаушы Келменбетті құлақ-мұрнын кесіп жазалауы; қалмақ қалың қолмен келгенде он күн кеңдік сұрап алуы, билердің Қамбарға көмек сұрай баруы; шешесімен қоштасуы; Қамбардың жолында Назымның алтын шатыр тігіп күтіп тұруы; Қамбардың Мақиямен тұспалдап жауаптасуы, жекпе-жекте жеңуі; Әзімбайдың той жасап, Назымды жасаумен тобырға ұзатуы. «Қамбар батыр» жырының оқиғалық қаңқасын құрайтын, барлық нұсқаларда кездесетін ортақ сюжеттер де осы.

Назым сұлу 80 үйді аралап әкесіне келіп: «ат ұстап мінер адам жоқ, өздігінен жол тауып, адамдық қылар кісі жоқ» дейді, яғни жылқыдан ат ұстап міну де батырлық ретінде бағаланады. Назым сұлу ешкімді ұнатпағанын әкесіне өзі барып айтады, бұдан оның белсенділігі, әрі өз тағдырына селқос қарамауы байқалады.

Түпнұсқада баспадан кеткен қателер кездеседі, мысалы: 420-жолда Қар үстіне қар жауса деп қате жазылған, дұрысы жер болуы керек, қажетті сөз тік жақшаға алынып берілді.

Түпнұсқа ОҒК-ның қолжазба қорында сақтаулы: РФ 329, 247-271 б. Томға енген мәтін түпнұсқадан еш өзгертусіз дайындалды.

ҚАМБАР БАТЫР

«Қамбар батыр». Жариялаған Ә. Диваев. Батырлар. Төртінші бөлім. Тәшкен, 1922. — 39 б. Бұл вариант бойынша, Назым қызға дәмелі көп жұрттың оның алты ағасының айбатынан се-

скенуі — әкесінің күйеу таңдатуының себебі ретінде алынады. Елге жар салып, мұнара орнатып сонда тұруы, ешкімнің қыз қалауына ілікпеуі, қамыққан сұлудың Қамбардың дақпыртын сыртынан естіп, ұнатып қалуы мазмұндалады. Қамбардың әкесінің бұрынғы (бай), кейінгі (кедей) жағдайы жөнінде мағлұмат беріледі. Қамбардың аңшылық қасиеті кеңінен суреттеліп, жолбарыспен алысқан алғашқы ерлігі баяндалады. Батырлығы асқанымен әлеуметтік жағынан Назымға өзін тең көрмей, Қамбардың қайрылмай өте шығуы, Назымның өрмек құру арқылы тіл қатысуы, оны көрген үлкен ағасы Қабыршақтың ашуланып, кіші ағасы Алшыораздың ағаларына басу айтуы әңгімеленеді. Әрі қарай Келмембеттің қыз айттыра келіп, өктемдік танытамын деп жазаға ұшырауы, қалың қол жинап келіп сес көрсетуі, Өзімбай жақтың тойға дайындық деп уақыт сұрауы, Алшыораздың Қамбардан көмек сұрауға кеңес беруі, халқының аздығына налыған Өзімбай ханның Қамбарға «түбіміз бір» деп сәлем айтуы т.б. өзге варианттардан ерекшеленеді. Сондай-ақ Қараманның Келмембетті Қамбарға жұмсауы, елшілікте жүрген Келмембеттің өтірікші, екі жүзді мінездерінің жан-жақты ашылуы жөнінен де бөлектік бар. Эпос дәстүріне сай Қараманды Қамбар жекпе-жекте өлтіреді. Бұл вариантта мұсылмандық сарынның ықпалы аңғарылады: Қамбардың Өзімбай сәлеміне жауабында: «Әуелі Алла, екінші жұрт үшін белді буайын» делінсе, жыр соңында екі жастың некесі молда арқылы қиылады. Ағайыны мен ата-анасын қуантып, Қамбар Назымды алып еліне жетеді. Варианттың бес жазбасы (Ө.Диваев, Қ.Иманов, К.Серғазиев, Қ.Амангелдин, Ә.Дәнекеров) бар.

М.Әуезов 1937 жылғы хрестоматияда жыр Қамбардың аңға шығуынан басталса, 1938 жылы алғашқы басылымға еңбеген Назымның күйеу таңдау тойы, портреті, Келмембетті Алшыораздың жазалауы, Қамбардың жолбарыспен алысуы, Қараманмен жекпе-жегі, Өзімбайдың қыз ұзату тойы қосылған, Қамбар мен Жәдігердің сөздері біршама қысқарған, ал Қамбардың «Әуелі Алла, екінші жұрт үшін белді буайын» деген жауабы

«Байларды шалқар көл қылған,
Кедейді құла шөл қылған
Жарлығы күшті Иенің»,

— деген өлең жолдары екінші басылымда түсіп қалған.

«Қамбар батырдың» Диваев нұсқасы кеңестік кезеңде түрлі жинақтарда жарияланып келді. Олар: 1933 жылы С.Сейфуллин дайындаған «Батырлар жырының жинағы», 1939 жылғы «Батырлар» жинағының 1-томы (жауапты редакторы С.Мұқанов), 1949 жылы М.Ғабдуллин баспаға дайындаған «Батырлар жыры» жинағы (50-жылдардағы эпостық мұраны «мұқият сұрыптау» нәтижесінде жоспарланған жинақ шықпай қалды), 1957 жылы Қазан төңкерісінің 40 жылдығына орай, «Қазақ эпосы» сериясы бойынша шыққан 1-кітапша «Қамбар батыр» жыры (баспаға даярлағандар Н.С.Смирнова мен М.Ғұмарова), 1958 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндігі қарсаңында қазақ және орыс тілінде шыққан «Қазақ эпосы» жинағы (құрастырушысы, редакторы көрсетілмеген, кіріспе мақала авторы Қ.Жұмалиев және М.Ғабдуллин), 1959 жылғы «Батырлар жырының» 1-томы, 2-басылуы (құрастырушысы, редколлегия мүшелері көрсетілмеген), 1959 жылғы жырдың ғылыми басылымы (редакциясын басқарғандар М.Әуезов және Н.С.Смирнова, басылымды дайындағандар: Н.С.Смирнова, М.Ғұмарова), 1963 жылы «Батырлар жырының» 1-томы, 3-басылуы (редакциясын басқарғандар М.Қаратаев, О.Нұрмағамбетова, құраст. М.Ғұмарова, Б.Уақатов), 1968 жылы жеке кітапша, 1977 жылы «Ақсауыт» жинағы, 1987 жылы «Қазақ халық әдебиеті» сериясымен шыққан көп томдықтың 3-томы (құрастырып, түсініктерін жазған М.Ғұмарова).

1933 жылы С.Сейфуллин бастырған жинақта жыр «Жақсылар, бастан айтайын» деген өлең жолымен басталады. 1933 жылғы кітапта 1922 жылғы басылымда баспадан кеткен кейбір қателер қайталаанады: ақша, дұрысы: ашқа, Алмабайдың, дұрысы: Әлімбайдың баласы болуы керек.

1922 жылғы басылымда:

Қалмаған өлмей *бірі* де
 Ойлағанға *осындай* (10-11-жол)
Бектерім деп қоймаңыз (26-жол)
 Шабуға таппай *орайды* (292-жол)
 Ыңыранған даусы *зорайды*
 (294-жол)

Жабығып *қатты* жыладым
 (335-жол)

1933 жылғы кітапта:

Қалмаған өлмей *бәрі* де
 Ойлағанға *осылай*
Бектемір деп қоймаңыз
 Шабуға таппай *ор еді*
 Ыңыранған даусы *зор еді.*

Жабығып *қанды* жыладым

<i>Жерді тарпып табаны</i> (421-жол)	<i>Жердің тартып танайын</i>
<i>Даярлап қойды шорыға</i> (478-жол)	<i>Даярлап қойды шараға</i>
<i>Алты ұлдың ішінде</i> (702-жол)	<i>Алты ауылдың ішінде</i>
<i>Адамды мұнда жинадың</i> (1159-жол)	<i>Адамды мұнша жинадың</i>
<i>Ноғайлының қызбадым</i> (1210-жол)	<i>Ноғайлының қызықпадым</i>
<i>Алам деп Назым қызды</i> <i>болса нәсіп</i> (1255-жол)	<i>Алдым деп Назым қызды</i> <i>болса нәсіп</i>
<i>Сүйегі жабырқанды жаман</i> <i>жасып</i> (1261-жол)	<i>Сүйегі жабырқанды жаман</i> <i>сасып</i>
<i>Ойда жоқ жерде от шығып</i> (1344-жол)	<i>Ойда жоқ жерде от қашып</i>
<i>Қиблагөй ата-анамды</i> (1425-жол)	<i>Дүзгәгөй ата-анамды</i>
<i>Құмай тазы бір құды</i> (1621-жол)	<i>Құмай тазы қуалап</i>
<i>Жерімнің шөбін қашырдың</i> (1633-жол)	<i>Жерімнің шүйін қашырдың</i>

«Алпыс үйлі арун» этнонимі екі түрлі берілген: ауыл, кейде арун.

1933 жылы С.Сейфуллин бастырған жинақта: пішінді — пішінді, оңла — оңда, өрескі — өрескел, қылмайын — қылмаймын, бенде — бөнде болып фонетикалық өзгеріске ұшыраған, көбінесе ауызекі сөйлеу тілінің ерекшелігін сақтамай, әдеби нормаға түсірген. Әумин — әмин, мығымсынған — моһымсынған деп өзгертеді.

Ә.Диваев нұсқасын 1939 жылы баспаға дайындаушылар алаш, алты алаш, арун этнонимін ел, бүкіл ел, арғын деп өзгертсе, араб, парсы сөздерін қолданудан қашқақтап: хадиса — тамаша, фұштымен — сипайды, дәркері — керегі, уағда — уәде, тая — қылыш, сиясат — саясат, нағыра — нұғыра, хұзыр — қоры деп ауыстырған. Саясат салдарынан қазақтың әлеуметтік-қоғамдық терминдері мағынасыз өзгертілген. Сондай-ақ бірқатар фонетикалық алмастыруларға жол берілген: таңлау — таңдау; һәр — әр; һеш — еш, жаңғыз — жалғыз, егесі — иесі, кегенше — келгенше, ішсейші — ішсеңші т.б. 1959 жылғы ғылыми басылымда 1939 жылғы басылымды жеке вариант есебінде қарастырып, мәтіндерді баспаға дайындағанда осы 1939 жылғы басылымды ескерген.

Диваев нұсқасы варианттарының өзгешеліктері мен жарияланымдағы мәтіндік өзгерістер мына сипатта: Қ.Иманов варианты 1933 жылы С.Сейфуллин баспаға дайындаған басылым негізінде, яғни сол кітаптан көшірілгені анықталды. Жырдың соңында тамам сөзінің орнына соңы деп өзгерткен.

Жырдың бір варианты 1894 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында туған Дәнекеровтың айтуынан 1945 жылы тамыз айында жазып алынған.

Диваев нұсқасынан Ә.Дәнекеров вариантының шамалы мәтіндік өзгешелігі бар: Назымның жасы он жетіде, көмшат бөріктің басына бриллиант емес, көуһар қойған. Жыршы көп жерін ұмытқан болу керек: Келмембеттің Қамбарға барған эпизоды, Қамбар батырдың жорық алдындағы даярлығы, елімен қоштасуы, қара қасқа аттың шабысы жоқ. Бұл нұсқа аяқталмаған, Қамбар мен Қараманның жекпе-жегімен бітеді. Ә.Дәнекеров вариантында «билеу, басқару» мағынасындағы «Мен сұраймын жұртыңды» деген көне сөз қолданысын «Мен басамын жұртыңды» деп өзгертеді. Жыр мәтініне көптеген өзгерістер енгізген, кейбір эпизодтарды таратып кеңінен суреттеген.

Амангелдин вариантында жырдың басталуы басқаша, жыр соңында қырық алты жол қысқарған, Мұқыш молданың неке қиғаны, Назымның бай жасауы, Аллаға шүкіршілік ету сияқты көріністер енбей қалған. Амангелдин вариантында қалмақтың ханы Қараман емес, Мәмбет хан. Диваев вариантындағы кейбір анықтауыш сөздер өзгеріске түскен. Мысалы:

Диваев варианты:

Көліне *Будың* жөнөді.
Көк арбаға сүйеніп.
Нәрсіз оқтай қаңғытып.
Ауылдың үсті *ұлы* жол.
Бөрі ішігін жамылып.
Мінгендері *дал* бедеу.

Амангелдин варианты:

Көліне *Қудың* жөнөді.
Ақ арбаға сүйеніп.
Бөгетсіз оқтай қаңғытып.
Ауылдың үсті *даңғыл* жол.
Бұлғын ішігін жамылып.
Мінгендері *жас* бедеу.

Келімбет Серғазиев вариантында негізгі нұсқадағы 34-42 жол аздаған өзгеріспен екі рет қайталаанады. Қолжазбаның алғашқы бетінің бір шеті жыртылған, қолжазбаның соңы «Түртіп өтіп кеткені тақиядай ұшады» деген жолдармен бітеді, яғни

жыр аяқталмаған. Диваев вариантынан сөз қолданысындағы өзгешеліктерге мысал келтірсек:

Диваев варианты:

*Әр топтың болды базары.
Он екі баулы өзбекте.
Көліне Бұдың жөнөді.
Жорға аттай ырғалып.
Сақи ерлерді келтіріп.
Ордасында отырып.*

К.Серғазиев варианты:

*Өтік болды базары.
Тоқсан екі баулы өзбекте.
Көліне Әудек жөнөді.
Боз шұбар аттай ырғалып.
Қаһарлы ерді келтіріп.
Қорасында отырып.*

Серғазиев пен Амангелдин ақын болғандықтан сөз қолданысында, оқиғаны баяндауда өзгеріс жиі кездеседі.

Жырдың 1957 жылғы басылымын баспаға дайындағанда құрастырушы кейбір сөздерді, сөз тіркестерін осы Диваев нұсқасының басқа варианттарынан — К. Серғазиев пен Қ.Амангелдиннен алған, оны тік жақшаға алып, бет соңында түсінікте көрсетеді. 1957 жылғы мәтін өзгеріссіз (түсінікте ескертіліп) 1963 жылғы жинақта жарияланды. Сондықтан текстологиялық салыстыру жұмысында 1963 және 1968 жылғы мәтінді көрсетпеуге болады. А, 1957 жылғы басылым негізінде шыққан 1977 жылғы «Ақсауыт» жинағында да, кейінгі 1987 жылғы басылымында да мәтіндік өзгерістерге түсінікте ескерту жасалмаған,

1987 жылғы басылымда «Қараман ашуланып қапа болды», — деген сөйлемдегі баяндауыш қапа болды емес, қапаланды деп берілген. Түпнұсқада патшасы емес, падиша деп жазылған, ал осы сөз басылымдардың бірде-бірінде сақталмаған: Қ.Амангелдиннен алынған Қараман немесе патшасы болып өзгеріске түскен.

1957, 1959, 1977 жылғы басылымда: Қара қасқа атқа жем беріп (Қ.Серғазиевтен). Түпнұсқада: Қара қасқа атты жіберіп. 1987 жылғы кітапта: Қара қасқа атпен ау жиып.

1957, 1977 жылғы басылымда: Шат болып тұрмай шырағым (Қ.Серғазиевтен). 1959, 1987 жылғы басылымда: Шақ болып тұрмай тымағың, — деп түпнұсқадан, яғни 1922 жылғы Диваев жариялаған кітаптан ауытқымайды.

1957, 1977 жылғы басылымда: Алпыс үйлі арғынның, 1959 жылғы басылымда: Алпыс үйлі арығының, 1987 жылғы

басылымда: Алпыс үйлі арықтың, ал түпнұсқада «алпыс үйлі арунның» деп жазылған.

1957 және 1977 жылы жарияланған Диваев нұсқасы түпнұсқадан ауытқып, осы нұсқаға жататын Амангелдин, Серғазиев, Дәнекерев варианттарындағы өлең жолдарын алған жағдайда 1957 жылғы басылымда түсінікте көрсетіп отырса, 1977 жылғы басылымда көрсетілмеген, тек мәтін 1957 жылғы кітаптан дайындалғаны туралы ескертіледі, төрт жерде өлең жолы қысқартылған. Олар:

1) «Қ.Амангелдин, Ә.Дәнекерев варианттарында жоқ, эпостың негізгі мазмұнына қатысы шамалы, оның қысқартылғанынан зиян келмейтін және кейбір жолдары қайталанып айтылатын

Тарығып Қамбар сөйледі,
 Жаратқанға қылып зар.
 Алдымда ағам, артымда
 Сүйеніп жүрген інім жоқ,
 Айналуға жерім тар,
 Ғайып ерен қырық шілтен,
 Қысылған күні болғын жар.
 Қызыл гүлін суалтып,
 Сексенге толған әкемді
 Шерменде қылма, Хақ Жаппар,
 Басына салып уайым,
 Жалғызды мендей қылма қор.
 Осыдан жетсе ажалым.
 Қойылар қайда мазарым.
 Жеп кетеді-ау орынсыз
 Тоғайда ұшқан қарғалар —

деген 16 жол қысқартылды», — деп 1957 жылғы кітаптың түсініктерінде көрсетеді. Мазмұнына қатысы шамалы болғандықтан емес, батырдың Аллаға жалбарынған сөзі, ішкі толғанысы себепті қысқартылған.

2) «Осы жерден қате басылған, мағынасы түсініксіз

«Жолға түсіп жосытып,
 Жорғалап мініп былқыған»

деген екі сөз сызылды. Қысқартылған жолдар негізгі текстің ұйқасын бұзбайды» — деп түсіндіреді. Асты сызылған сөз қате оқылған, 1959 жылғы ғылыми басылымда «жорғалар» деп берілген, дұрысы жорғадан болуы керек.

3) Жыр соңындағы екі шумақ тек 1977 жылғы басылымда қалып қойған, 1957 және 1959 жылғы жинақтарда өзгеріссіз берілген. Мұның себебін Қамбардың әруағына дұға оқу, Құдайға жалбарыну сияқты сөздермен жырдың аяқталуын кеңестік сана қабылдамағандықтан деп түсінуге болады.

4) 1957 жылғы кітапта түсініксіз деп, 1959 жылғы басылымда тұрпайы (нецензурные слова) сөз болғандықтан екі жол қысқартылды делінген. Шындығында үш жол қысқарған:

Біштанымды шешсе деп,
Тұрмығымды кессе деп,
Айта алмай тұрмын қорынып.

1939, 1957, 1987 жылғы басылымда: Қалған өлмей бөрі де, 1959 жылғы басылымда: Қалмаған өлмей бірі де, 1977 жылғы басылымда: Өткен емес бөрі де болып берілген, құрастырушының неге сүйеніп бұлай өзгерткені белгісіз.

1957, 1977 жылғы басылымда: Киіз ілмес кешқұрым, (1933 жылғы басылымнан алынған), 1959 жылғы басылымда: Алакеуім кешқұрым, 1986 жылғы басылымда: Көз ілінбес кешқұрым. Соңғы мысалдан 1957 жылғы басылым түпнұсқадан ауытқымағанын байқаймыз. Дегенмен түпнұсқадан ауытқу жағдайлары көбірек бой көрсетеді.

1922 жылғы басылымда, яғни алғашқы басылымда баспадан кеткен қате кейінгі 1933, 1939, 1957, 1959, 1977, 1987 жылғы басылымдарда түзетілген, мінеді сөзінің орнына өлең ұйқасына сәйкес мінгізді болып өзгертілген: Күймелі арба мінгізді (56-жол).

1987 жылы шыққан «Батырлар жыры» сериясының үшінші томында Қамбардың соңына ерген арғұн емес, арық-тұрық болып өзгертілген. Және Қамбардың әкесі туралы жаңадан 31 жол (11-бетте) қосылған. Түсінікте құрастырушы былай деп көрсетеді: «Бұл көп томдыққа Әубәкір Ахметжанұлы Диваев 1902 жылы қағазға түсіріп, 1922 жылы Ташкентте басылған нұсқасы жіберіліп отыр. «Қамбар батыр» жырының

тексті кейінгі жылдары табылған Ө.Диваев қолжазбаларымен салыстырылды. Жарияланып жүрген тексте қалып қойған жолдар, сөйлемдер, қате басылып келген сөздер, орын ауысқан өлең жолдары бары анықталды. Оның бәрі қолжазба бойынша қалпына келтірілді».

Тәшкенде басылған кітапта пешене, жүгермек, тәтті, әсел деген сөздерге маңдай, бақ, қарғыс, ырзамын, бал деп түсінік берілген.

Түпнұсқа ОҒК-ның қолжазба қорында сақтаулы: РФ 224. Томға енген мәтін түпнұсқадан еш өзгертусіз дайындалды.

ҚИССА ҚАРА ҚАСҚА АТТЫ ҚАМБАР

«Қисса қара қасқа атты Қамбар» атты жыр нұсқасын КСРО ҒА-ның Тіл-әдебиет филиалы ұйымдастырған 1942 жылғы Арал экспедициясы кезінде жинаған әрі қолжазбаны тапсырған — А.Хангелдин. 1923 жылы көшіруші Қалқай молда. Бұл вариант бойынша ноғайлының арғынға көрсеткен зәбірі, арғынның бөлек қоныс тебуі, Қамбарды өздеріне басшы етіп тағайындауы, оның ел-жұртын аңшылықпен асырауы сөз болады. Қызына күйеу таңдатып той жасаған Өлімбай өзге жұрттың бәрін жиып, алпыс ауыл арғынға хабар бермейді. Өзге варианттағыдай, Назым он екі мың адамнан ешкімді ұнатпайды. Бұл хабарды құлағы шалған Қамбардың тауға аттануы, жолында кезіккен Назымға қайрылмай өте шығуы, қыздың ғашықтығы бұрынғы версияларға ұқсас. Қыз сынынан өте алмаған Келмембеттің Ақшаханға Назым жайынан хабар беруі, алпыс кісіні мол байлық қалың малымен жөнелтіп, Назымды алып келуге жұмсауы, Назымның «танымал күйде көрінуі», Келмембеттің оған құдалық сөзін айтуы да — бұл версияның ерекшелігінің бірі. Құлақ-мұрнынан айрылған елшісі Келмембеттің кейпіне ашуланған Ақшахан ноғайлы еліне он бес мың қол аттандырады. Бұрын хан болған Өлім төреден басқасы «қызды Ақшаханға беріп құтылайық» дескенде, Өлім төре бұл қауіптен Қамбар батырдың құтқаратындығын айтып, оны шақыруға кеңес береді. Қамбар өкпесін білдірсе де, ноғайлы еліне көмекке аттанып, қыз ағалары Алшыю-

раз, Аққошқармен және жеті құрдасымен бірігіп, он бес мың әскерді қырып олжа әкеледі. Қамбар әкелген мал мен Назымды да бөліске салу осы нұсқаға ғана тән. Назымға талас туғанымен «қайрат қылған Қамбардың өзіне лайық жар» деп қыз бен батырды қосады. Мұнда да өзге нұсқалардағыдай тұрақты мотивтер көрініс тапқан. Айырмасы — Қамбардың эпикалық дұшпанымен (Ақшаханмен) жекпе-жегі берілмейді.

Түпнұсқа ОҒК-ның қолжазба қорында сақтаулы: ОҒК, Ш. 671, 2-дәп., 21 б. Томға енген мәтін түпнұсқадан еш өзгертусіз дайындалды.

ҚАМБАР БАТЫР

«Қамбар батыр». Жыршысы — Бармақ Мұқамбайұлы. Шу ауданы 1936 жыл // ОҒК, Ш. 671, 5-дәп., 50 б. Бұл нұсқада Әзімбай қызына күйеу таңдатқанда жар салмайды, хат жіберу арқылы хабарлайды, Назымның өзге қасиеттерімен бірге білімділігі жөнінде мағлұмат беріледі. Назым қыздан үміткер қалың жұрттан теңі табылмай, әкесінің наразылығы білінеді. Назым жеңгелері арқылы ағаларына сөз салып Қамбарға хабар жеткізеді. Жыр мазмұнындағы оқиға өрбуіне себепкер — қалмақ ханы Мақтымның елшісі Келмембеттің жазаға ұшырап мазақ болуы. Назымның жеңгесімен Мақтымға барып неке қидырғанша уақыт сұрауы — Қамбардың келер уақытына мүмкіндік жасау. Нұсқадағы Келмембеттің бейнесінде біраз өзгешелік бар. Келмембет Мақтым ханның «қазағыңды мақтайсың» деп ашуланған сөзіне «хан емессің, қабансың» деп бетіне тайсалмай жауап қатады. Қамбарды «ақын емес, батыр» деп дәріптейді. Қамбар қарсыласымен ұрыс алдында жауаптасады, қылышпен басын шауып, үлкен олжа алады. Жырда Әзімбай аулындағы ұзату тойдан гөрі Қамбар аулындағы үйлену тойының сән-салтанаты жан-жақты суреттеледі. Той үстіндегі күш сынасу, бөйге, жамбы ату ойындарын бейнелеуге баса мән берілген. Бөйгеде Қамбардың қара қасқасы алдына жүйрік салмаса, күрес пен жамбы атуда да Қамбар батырдың туыстарының мерейі үстем болады. Жалпы бұл нұсқа кейінгі заманғы кезеңнің көріністерімен өзгешеленеді.

Түпнұсқа ОҒК-ның қолжазба қорында сақтаулы: Ш.671, 5-дөп. Томға енген мәтін түпнұсқадан еш өзгертусіз дайындалды.

ҚАМБАР БАТЫР

1888 және 1922 жылғы жырлардан біріктірілген нұсқа. Жыршысы — Шапай Қалмағамбетов. Ақтөбе қаласы, 1950 жыл. Бұл нұсқаның негізі — Ә.Диваев варианты болғанымен, оған 1888 жылғы Қазан басылымындағы Назымның күйеу таңдау тойы, Назым портреті, батырдың ұрыс алдындағы даярлығы сияқты эпизодтар алынған. Жыршының өз тарапынан қосқан тың жаңалығы ретінде Келмембеттің ішкі монологын атауға болады. Сондай-ақ Келмембет Мақтым ханның әскеріне қарсы Алшыоразбен тізе қосып, Қамбармен бірге соғысып, ақыр аяғында Мақтым ханның орнына хан болады. Келмембеттің Мақтымға қарата айтқан: «Сенің еріп тіліңе, Көп қылдым жұртқа зорлықты» дейтін сөздерінен-ақ образдың жаңаша сипаты танылады.

Күйеудің қалыңдық аулына қоныс тебуін академик С.Қасқабасов матриархат көрінісі ретінде қарастырады: «Наследование престола тестя сказочным героем и его временное пребывание в доме (стране) тестя — это реликтовое отражение обычаев давно исчезнувшего матрилилокального брака. Известно, что при развитом матриархате преобладающей формой брака была матрилилокальная, при которой жених переселялся в дом невесты» [48, 56]. Шапай нұсқасында жауды жеңіп қайтқан Қамбар «Қыз алатын малым жоқ, қосылар қазір бұйрық жоқ» дейді. Елінің адамын жиып Алшыораз «ұнатқан жерден жайлауын, қыстауын беріп, қолға алайық» деп ұсыныс айтады, алдына мал салады. Сонда ғана Назымды айттырмақ боп Әзімбайға құда жібереді. Шапай нұсқасында батырлық жолмен үйленуді жетімсіз санап, Қамбарды Назымға құда түсіріп үйлендіреді.

Қолжазбаның соңғы екі бетінде Досжан жыраудың өсиет өлеңінен үзінді келтіріп, ел аузындағы сөздерді жинауға дайындығын айтады.

Түпнұсқа ӘӨИ-ның қолжазба қорында сақтаулы: ӘӨИ, Ш.35. араб әрпінде, 33 бет. Томға енген мәтін түпнұсқадан еш өзгертусіз дайындалды.

ҚАМБАР БАТЫР

Бұл нұсқа жыршы Маясар Жапақовтан 1956 жылы Қарағанды облысында жазып алынған. Жинаушысы — Өміржан Қашқынбаев.

«Бір жырдың бірнеше варианты болатыны анық. Ғылыми зерттеу үшін сол варианттардың бәрі де өте қымбат, бағалы. Біз де әрбір эпосты өз алдына тексеріп, тиісті ғылыми бағасын беруіміз керек. Шынын айту керек, фольклор туралы жалпылама әңгіме айту, жалпылама шолақ қорытынды жасау оңай, ал жеке жырды алып талдау, сол жөнінде зерттеу жазу анағұрлым қиын», — [16] деп М.Ғабдуллин әрбір жырды варианттарымен қоса жеке-жеке тексеріп, ғылыми бағасын берудің маңыздылығы мен қажеттігін атап көрсеткен.

Бір нұсқаға жататын варианттардың барлығын тұтас алып қарастырғанда жырдың шығу, даму, сюжеттік тұтастану процесінде негізгі нұсқада күңгірт немесе ұмытылған эпизодтар кейбір вариантта сақталуы мүмкін деген қорытынды жасауға болады. Мысалы, М.Жапақов вариантынан Назымның күйеу таңдау тойына шақырылмаған Қамбардың әкесі Өлімбай мен Өзімбай арасындағы бас араздығы анықталады:

Өзімбай оны айтқанда үндемеді,
«Жаным-ау, ол айтқаның кім?» — демеді.
Қамбардың әкесінің орнын алған,
Себебі сол екен ғой күндегені.
Қамбарды естіп сырттан білген Назым,
Өзгені сол себептен сүймегені, —

деп Өзімбайдың Қамбарға қырын қарау себебін ашып көрсетеді. Бұл жыршының қосқан жаңалығы.

Қолжазбаның соңында: «Бұл — «Қамбар батыр» жырының бастамасы», — деді халық ақыны Жапақов Маясар. Жырдың аяғы — қазақ ауыз әдебиетіндегі Батырлар жырының «Қамбар батыр» жырының басы. Әрі қарай сол жырмен тұтасып, жырлана береді», — деп айтады.

Түпнұсқа ӨӨИ-ның қолжазба қорында сақтаулы: Ш.102, 2-дәп. Томға енген мәтін түпнұсқадан еш өзгертусіз дайындалды.

ҚАМБАР БАТЫР

Әнуар Шоқатаев нұсқасы 1956 жылы Жамбыл облысында жазылған. Жинаушысы — Оқас Нақысбеков. Бұл нұсқада он сан ноғай жұртында Әзімбай деген баймен қатар Әйүке деген хан аталады. Ел шетіне жау келгенде екі пысық жігітті жіберіп, қысылғанда ақыл табатын қазақтың ханы Әйүкеге хабар береді. Ол Әзімбайға ақыл салып, тойға шақырылмаған айыбына қой басындай күміс пен ат басындай алтыннан тарту беріп, Қамбарға «қалың қалмақтан құтқар, Назымды өзің ал» деп айтқызады.

Назым сұлу тойға келгендерден ешкімді жаратпайды. Ноғайлы халқы кеңесіп Қамбарға «Назымды көрсін» деп елші жібереді. Қамбар елшіге тойға шақырмағанына өкпесін айтады. Қамбардың келмейтін хабарын білген Назым қасына жеңгесін ертіп, аңға кеткен батырдың жолын тосып тұрады. Қамбар қарамай кеткен соң Назымның жеңгесі таң атқанша өрмегін құрып бітеді. Басқа нұсқаларда Қамбар аңнан қайтқанша жеңгелер өрмек құратын. Кеңістік өлшемінде де өзгешелік бар: Әзімбай елінің оң жақ бүйірінде қалмақтың ханы Қараман туралы айтылады.

Қамбар соғысқа аттанар тұста өз елінен бір қария бата беріп шығарып салса, Ә.Шоқатаев вариантында Қамбар алты күннің ішінде алпыс құлан мен жүз киікті тобырға әкеп беріп, елінің көрі-жасы тегіс бата беріп аттандырады. Сарала туы желбіреп, жауатын қардай түнеріп, ойқастап басып қараманның шатырына келгенде Қараман Қамбарға «дос болайық» дейді. Қамбар «күннің нұры қайтқанда төбенің басына бірін қалмай келіңдер» деп ескертеді. Осыны айтып өзі Әзімбайдың аулына келеді. Төрт елі шыққан ту биені тамағына сояды, қиссадағы батырлардай қарақаттай саба қымыз ішіп, етін жейді. Үлкен-кіші түгел бата береді, тек Қамбарға бір де біреуі ермейді.

1888 және 1903 жылғы Қазан басылымдарына кітап бастырушылар тарапынан түзету жүргізілгенін мынадан байқауға болады. «Баяғы өткен заманда, Дін мұсылман аманда» деген жолдармен басталатын формулалы жыр кіріспесіндегі түсіп қалған 2-жол Шоқатаев вариантында сақталған. Шоқатаев вариантында Қамбардың қарсыласпен жауаптасуы да, жекпе-жегі де жоқ.

Осы вариантта батырдың жолға даярлығы, жау-жарағын сайлап алуы көрініс таппаған, бірақ соғыс суреттері кеңінен суреттеледі. Қамбар он екі мың қолмен жалғыз шайқасады, соғыстың алтыншы күні Қараманның басын кесіп алады, соғыс көрінісінде ортақ жерлерді пайдаланған:

Жетінші күн болғанда
От орнындай тұяқтан
Оймақтай-ақ қалыпты.
Бір қолтықтай құйрықтан
Қылыштай-ақ қалыпты.
Тебінгідей ерінен
Төрт-ақ елі қалыпты.
Қызыл қаннан жүре алмай
Тұлпар әбден талыпты.
Сегізінші күн таң атқанда
Жан-жағына қараса
Болған екен тамаша.
Он екі мың солдаттан
Екі-ақ мыңдай қалыпты.

Қызыл қаннан жүре алмай батырдың қара қасқа аты тасырқап қалды деген соң Өзімбай күндік жерге шұғаны кездеп тарттырды. Соғыстан қайтқан Қамбар батырдың түсінен жүз жігіт қорқып қашады. Қасында елу қызы бар назым Қамбардың ордасына аяндап өзі келеді. Қамбар батаның көмегімен қалмақ ханы Қараманның қалың әскерін жеңіп шығады.

Түпнұсқа ӘӨИ-ның Қолжазба қорында сақтаулы: Ш.102, 1-дәп. Томға енген мәтін түпнұсқадан еш өзгертусіз дайындалды.

ҚАМБАР

Н.С.Смирнова 1957 жылы Ленинградтағы И.Н.Березиннің қолжазбаларының арасынан осы ертегілік нұсқаны тауып алады. Қашан, қайда, кімнің жырлағаны, жазып алғаны көрсетілмегендіктен, қолжазба шартты түрде Березин нұсқасы деп аталған. Мазмұны «Турецкая хрестоматиядағы» И.Н.Березин жариялаған жыр мазмұнынан алшақ емес. Қара сөзбен

берілген ертегілік нұсқа батырлық ертегілер қатарында 1986 жылы көптомдықта жарық көрген.

Түпнұсқа ӘӨИ-ның қолжазба қорында сақтаулы: Ш 36, фотокөшірме. Томға енген мәтін түпнұсқадан еш өзгертусіз дайындалды.

НАЗЫМ ҚЫЗДЫҢ ӘНГІМЕСІ

Бұл ертегілік нұсқада Назым сұлу «өзім сүйгеніме барамын» деген соң әкесі бай-кедей демей елін түгел шақырып той жасайды. Қамбар мен Назымнан өзге кейіпкерлердің аты-жөні аталмайды. «Баяғыда бір хан болыпты. Оның Назым деген сұлу қызы болған екен» деп басталады ертегі. Қамбарды кедейсініп тойға шақырмаған шақырушы, батырды басында кедей деп менсінбеген, кейін ел шетіне жау келгенде аяғына жығылып «жесіріңді өзің ал, бізді жаудан құтқар» деп жалынатын қыз ағалары туралы айтылады. Дұшпанның бейнесі де ертегілік сипатта сомдалған. Ол «қызды маған бер, бермесең, еліңді шабамын» дейтін басқа бір елдің ханы ретінде көрінеді.

Қазан басылымдарының бірінің негізінде қара сөзбен баяндалған ертегілік нұсқада Келмембетті жазалау сияқты тұрақты сюжет элементі түсіп қалған. Дегенмен Назымның Қамбарға «Қара қасқа атты Қамбар-ау» деп басталатын сөзі сақталған.

Ертегіні айтып жеткізген — С.Әбжанов, жинаушысы Н.Әминов. 1956 жылы Павлодар қаласында жазылып алынған.

Түпнұсқа ӘӨИ-ның қолжазба қорында сақтаулы: Ш 341. Томға енген мәтін түпнұсқадан еш өзгертусіз дайындалды.

Ж. Рақышева

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла — (Аллаһ) — ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес».

Мұсылмандық сенім бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін жұмаққа, енді біреулерін тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.) — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Мұхаммед (Мұхаммед ибн Абдулла Әбул Қасым) — ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы,

тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол — Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алла Тағаланың алғашқы жарлықтары (уаһи) рамазан айында хазірет Мұхаммедке Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түскен. Мұхаммед (с.а.с.) Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды 610 жылы 40 жасында уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Алшын — қазақ халқын құраған тайпалар бірлестігі, Кіші жүздегі байұлы, жетіру, әлімұлы сияқты тайпалардың ортақ атауы. Ежелгі мекені — Алтай. 10-ғасырда Алтай бойынан ойысып, Арал және Каспий теңізі маңындағы ежелгі тайпалармен араласып кеткен. Бір бөлігі қыпшақтармен бірге батысқа қарай жорыққа шығып, Мысырға дейін барған. Алшындар 10-12 ғасырларда Қырымда болған. 12-14 ғасырларда алшынның кейбір рулары Ноғай ордасының нығаюы үшін белсене күрескен. Кіші жүз шежірешілері Алшын атын қазақтың алғашқы биі Майқы есімімен де байланыстырады. Алшын ұрпақтары башқұрт, татар және кіндік Азия халықтарының құрамында да бар.

Арғын — қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Орта жүз құрамына енеді. Арғын тайпасының

ұраны — «Ақ жол», таңбасы — «көзтаңба» (00). Ежелгі қонысы — Ертіс, Нұра, Есіл, Торғай өзендерінің бойлары мен Балқаш көлінің солтүстігіндегі шөлейт өлке.

Арғындардың арғы тегін «Орхон-Енисей» ескерткіштеріндегі жазуларды кездесетін «ұлық-арғын», 5 ғ-дағы Қытай жазбаларында ұшырасатын Гаугуй (алун) тайпаларымен, монғол тіліндегі «он» деген сан есімді білдіретін «арғын» сөзімен байланыстыра қарастыратын пікірлер бар. «Арғын» атауын көне түрік тіліндегі «батыс ғұн» дегеннен шықты дейтін тұжырым да кездеседі.

Махмұд Қашқари түрік жұртының қатарында «басмыл» деген ел бар, оның шын еліне дейін ұласып жатқан қонысын «Басмылдар даласы» деп сипаттай отырып, «көп аргу» атауы жөнінде де сөз қозғайды. Көне түрік тілінде «аргун» сөзі «көп», «қалың» мағынасын білдірген.

Ұйғыр мен қарлұқ одағынан жеңілген басмылдар ыдырап, басқа тайпаларға сіңісіп кетсе керек. Қытайдың Таң патшалығы дәуіріндегі жылнамалардың бірінде қарлұқтардың бір ұлысы Сопы аталса керек. Осы «сопы» сөзі қазақ рулары ішінде тек Арғын құрамына кіретін мейрамсопы, ақсопы, қарасопы, сарысопы сияқты ру аттарында ғана сақталған.

Қазақ шежіресінде Арғындар Бәйбіше арғын, Тоқал арғын болып екіге бөлінеді. Ергүл бәйбішеден өсіп-өнген Арғынға жататын рулар бірлестігі «Бес Мейрам» атанады. Олар қуандық, сүйіндік, бегендік (қозған), шегендік (қақсал) және қаракесек (болатқожа). Тоқал арғынға жататындар Момын ананың атына байланысты «Жеті Момын» атанады: қанжығалы, тобықты, бәсентиін, қарауыл, атығай, сарыжетім, шақшақ.

Әли (Ғали) — Османнан кейін билік басына келген төртінші «әділетті халиф». Хижраның 656-661 жылдары Мекке қаласында тұрып, мұсылман жұртына басшылық жасаған. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан алып, күш иесі. Жазулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның «зұлпықар», «қам-қам», «сам-сам» деген үш қылышы болғаны айтылады. Әсіресе Әли «зұлпықарын» сілтегенде бірнеше жүз көпірді шауып түсіреді. Әлидің есімі көптеген шығыс қиссаларында, оның

ішінде діни дастандарда жиі ұшырайды. Әдетте, хазірет Әли сол қиссалардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли (ғ.с.) өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «шаһимардан», «қайдар», «арыстан», «шері», мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты «Дүлдүл» де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ-аттың нышанына айналған.

Әлидің бірнеше әйелінен тараған он сегіз баласы болған. Олардың бәрі де әкесімен бірге әскери жорықтарға қатысып, Ислам мақсаттары жолында жан аямай соғысады. Әсіресе, Әлидің Хасен, Хұсайын, Мұхаммед-Ханафия секілді ұлдары ғазуат майдандарында ерекше көзге түсіп, түрлі діни аңыздардың сюжеттеріне басты арқау болғаны белгілі.

Хазірет Әли Мұртаза ибн Әбу Тәлиб 661 жылы Қуфа мешітіне кіре берісте хауариждердің (хариджилер) атқан оғынан жараланып, көп ұзамай қайтыс болды.

Бір айтатын нәрсе, хазірет Әлидің Осман халифтің туыстары мен Расул Алланың жесірі — хазірет Айшамен, сондай-ақ хариджилермен болған соғыс қимылдары Исламның екі тармаққа — суннит және шиит (шиға-жақтастар) ағымдарына бөлінуіне әкеп соқтырады.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың көпшілігі қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір бөлігінде өмір сүреді.

Баба түкті Шашты Өзіз — қазақэпостары менертегілерінде кездесетін киелі кейіпкер. Оның мазары Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданына қарасты Жылыбұлақ деген жерде. Аңыздардың бірінде оның есімі Баба Туклас деп көрсетіледі. Баба түкті Шашты Өзіз — Қожа Ахмет Иасауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген болжамдар бар.

Ғайып ерен қырық шілтен — [шілтен /п/ — қырық дене] — мұсылмандарды жебеп, қолдап жүретін көзге көрінбейтін киелі бейне. Кейбір аңыздар бойынша, ғайыптан пайда болатын шілтендер құс бейнесінде көрінуі де мүмкін. Олар әдетте алыс

сапарда жүрген, арып-ашып жолынан адасқан жолаушыларға жәрдемдеседі.

Дәуіт — Құран кейіпкері, пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі. Көне еврей тілінде Давид. Дәуіттің отыз баласы болған. Жаратқан Иеміз құдіретімен отыз баланың жанын бір мезетте алып кетеді. Мұны көрген Дәуіт Алла Тағалаға зар илеп жылайды. Сонда Алла: Дәуіт, саған отыз балаңның орнына отыз бала берейін бе, әлде отыз балаға татитын бір бала берейін бе? — деп сұрағанда Дәуіт «отыз балама татитын бір ұл беріңіз» деген екен. Дәуіттің тілегі қабыл болып, отыз ұлға татитын Сүлеймен мал-құстың тілін түсініп, сол тілде тілдесе алатын болған.

Көкше — қазақ батыры. Шежіреде уақ руының Ер Көкшеден тарағаны айтылады. Қадырғали Жалайырдың шежіресіндегі, «Никон жылнамасындағы» деректерге қарағанда, ол 1417 жылғы Едіге мен Қадырберді әскерлерінің арасындағы ұрыс кезінде қайтыс болған. Қазақ халқында «Ер Көкше» атты бір-неше жыр бар.

Қызыр — мұсылман дінінде ел аралап жүрген, адам бейнелі «әулие», адамға «қамқоршы», «бақыт», «дәулет» беруші. Ілияс (Илияс, Илья)— көне иудей, христиан аңыздарында Ілиястың есімі әулие ретінде аталады. Оның аты ежелгі иудей құдайларының бірінен шыққан дейтін пікір де бар. Исламда Ілияс пайғамбардан гөрі, әулиеге жақын.

Түркі халықтарында Ілиястың есімі Қыдыр әулиемен байланыстырылып, «Қыдыр-Ілияс» деп те атала береді. Кейде оны «Қызыр» деп атайды. Қазақ фольклорында Ілиястың есімі жиі ұшырасады. Әдетте, ол адамдарға Қызыр әулие (ақсақал) түрінде көрініп, әр түрлі қиындықтардан қорғап жүреді. Кейде Ілиястың жанында «шілтендері», яғни қырық көмекшісі еріп жүреді. Оларғайыптан пайда болып, фольклорлық шығарманың басты кейіпкеріне (әсіресе батырлық жырлар мен ертегілерде) қол ұшын береді.

Қазақтар «Қыдыр дарып, бақ қонсын» деп баталасады. «Қырықтың бірі - Қыдыр» деген мақал да бар.

Қияттар — ежелгі тайпа. «Қият» этнонимі 11-13-ғасырларда пайда болған. Қият қамұқ моңғол одағының таймуыт тайпасынан тарайды. Шыңғыс хан билік басына келгенде қият-боржығындар негізгі билікті ұстап тұрды. Олардың

саны мен қолы көп болып, Дешті-Қыпшақ даласына кеңінен тарады. Қият тайпасы қазақтың кейбір батырлар жырларында кездеседі. Қияттар 15-16 ғасырларда қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыздар құрамына сіңісіп кетті.

Ноғайлы — Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған Ноғай Ордасының негізін қалаған түркі-моңғол тайпаларының ортақ атауы. 15-16 ғасырлардың аяғында Ноғайлы жұрты көрші елдерге де осы атымен мәлім болған. 16 ғасырдың 2-жартысынан бастап Ноғайлы Кіші Ноғай ордасына, Үлкен Ноғай ордасына бөлініп, Қырым ханына, Түрік сұлтанына, орыс патшасына тәуелді болды. Бір бөлігі қазақ, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт т.б. халықтардың құрамына кірді. Ноғайлы 400 жыл бойы Қырым мен Еділ арасында көшпелі өмір сүрді. Ноғайлы ауыз әдебиетіндегі батыр, билер туралы жырлар көптеген түркі халықтарының ортақ мұрасына айналды. Ноғайлы мәдениетінің ең негізгі мұрагерлерінің бірі қазақ халқы болып табылады.

Рүстем-Дастан — Ежелгі Иран аңыздарының әйгілі батыры, «Шаһнама» эпопеясының бас қаһарманы. Ол шығыс халықтарында қаһармандық үлгісі ретінде дәріптеледі.

Уақ — Орта жүз құрамына кіретін тайпа. Шежіре деректерінде уақ аталарының бірі ретінде әйгілі Ер Көкше батыр мен оның ұлы Ер Қосай батырдың есімдері аталған. Уақтың шығу тегі туралы пікірлер де әр түрлі. Тарихшылар Ә.Марғұлан мен Н.Мыңжани 9-13 ғасырларда моңғол үстіртін мекендеген онгуттарды уақ деп есептеген. Ш.Құдайбердіұлы мен А.Левшин оларды қазақ хандығына 16-17 ғасырларда ғана қосылды деп санаған. Ал Ш.Уәлиханов Ер Көкше, Ер Қосай батырлар арқылы уақтар Алтын Орда ыдыраған кезден бастап көріне бастады дейді. Қазақ арасына кең тараған аңыз бойынша, уақ керей тайпасымен туыстас. Ұраны — Жаубасар, Бармақ, таңбасы — П — (босаға, ашамай). Уақтың алғашқы ата мекені Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен Моңғолияның батысы болса керек. Қазақ жеріне жоңғарлардың баса-көктеп еніп, алға жылжуының салдарынан уақтар өзінің ата-мекенінен ығысып, солтүстікте Тобыл және Үй өзендеріне, Батыста Торғай өлкесіне, ал оңтүстікте Арал теңізінің жағалаулары мен Сыр бойына дейін жетті.

СӨЗДІК

Азар /а/ — қорлық, зомбылық

Айкел — әйелдердің мойнына тағатын әшекейлі бұйымы,
алқа

Аның, анда /т/ — оның, онда

Аракет /о/ — зымыран, ракета

Арзу /п/ — тілек, мақсат, арман

Асық, ашық /т/ — ғашық

Ахирет /а/ — ақырет, ақырзаман, дүниенің соңы

Аял /т/ — әйел

Әгар — егер

Әзіреті /а/ — жоғары мәртебелі. Пайғамбарлардың, имамдардың есіміне қосылып айтылатын құрметті атақ

Әнжі — аяр

Әсел — бал

Әсіп — нәсіп

Әуара /п/ — әуре, нәтижесіз іс, бос әрекет

Бәрак Алла /а/ — Алланың жақсылығы, нұры түссін

Бедірек /п/ — құл

Бейәдеп /п.а./ — әдепсіз

Бенде /а/ — тұтқын

Берен /т/ — 1) ең мықты болат, берік металл; 2) сом болаттан, металдан жасалған қылыш, семсер, кездік, қанжар, пышақ т.б. 3) сауыт, көбе; 4) батыр, күшті, мықты адам; 5) ең жақсы барқыт

Бин /а/ — ұл

Боқжам — матадан, киізден тігілген боқша, дорба

Біриант, дүриант — гауһар (бриллиант)

Ғадалет /а/ — әділет, адалдық, турашылдық

Ғадатлі — әділетті

Ғапыл, қапыл /а/ — надан, қараңғы

Ғаріп, қаріп /а/ — мүсәпір, бейшара

Дәркер /п/ — керек, қажет, іске жарайтын

Діллә /п/ — алтын, күміс ақша

Дімкәр — кемтар, мүгедек, жарымжан

Жазған — жазық, айып; жазықты

Жалаңқия /п/ — сұрқия, сұм

Жанарал /о/ — генерал

Жапа — бас киім

Жаппар /а/ — ұлы, құдіретті; Алла-Тағаланың 99 ұлық есімдерінің бірі

Жаһаннам /а/ — дүние салғаннан кейін күнәға батқандар баратын жер

Зарып, зарпы /п/ — қайғы, дерт

Зәңгі — қара. Көбінесе эфиопиялықтарды (негрлерді) осылай атаған. Кейбір мәтіндерде дінсіз құл деген мағынада қолданылады

Зияпат /а/ — құрмет

Зият /п/ — артық, жақсы

Зұллықар — сермегенде жетпіс құлаш жерге жетеді деп суреттелетін Әли Арыстанның қылышы

Кеп /п/ — сөз, әңгіме

Кеуілжір — кеңсірік қуысының жоғарғы жағында болатын жұмсақ шеміршек

Көдек /п/ — бала

Көйгөй — үйреншікті ескі сарын

Кінәз /о/ — князь

Қарар /а/ — шешім, сабыр, тағат

Қардар /а/ — бір нәрсені кепілдік беріп сатып алушы

Қары — қолдың иық пен білек аралығы. Ұзындық өлшемі бірлігі ретінде де қолданылады

Қасам /а/ — ант

Қау — қалың, ұйысқан, тығыз, көп

Қисап /а/ — есеп

Қиямет /а/ — ауыр азап, бейнет, қиыншылық

Құбылагөй — намаз оқитын адам

Құладын — қаршыға тұқымдасына жататын кішкене құс.

Құтпан — бес уақыт намаздың ең соңғысы; құтпан намазы оқылатын мезгіл (түнгі сағат 10-11 аралығы)

Лагин /а/ — шайтанның аты

Ләшкер /т/ — әскер, қол

Майыр /о/ — майор

Манат, мінәт /а/ — рақым, шарапат

Махкам /а/ — берік, мықты, бекем

Мәкар /а/ — аяр, алдаушы

Мәнзел /а/ — үй

Миясар — лайықты, көңіліне жақын

Молтақ — келте, қысқа, шолақ

Мұбада /п/ — егер, алда-жалда

Мұндар /а/ — құл

Мұнет /а/ — күш-жігер

Нагара /а/ — дауыс, айғай

Наги /а/ — естірту

Ошал /т/ — осы

Панаһ /п/ — пана

Пәйкел — түйнек

Пәлек /ж/ — қауын-қарбыз, асқабақ, қияр тәрізді өсімдіктер мен жеміс дақылдарының сабағы, көлбей өскен өркені

Пәрмен /п/ — бұйрық, әмір

Пәс — аласа

Пешене — маңдай, бақ

Порым /о/ — пішін

Саз — көгалды, көкорай шалғынды жер

Салдат /о/ — жауынгер

Сарамжал — бәрін орын-орнына келтіріп тұратын, ысылған, бес аспап

Сәна /а/ — мақтау, алғыс, мақтан

Сәркардан /п/ — сергелдең

Состаб /о/ — құрам

Сұбхан Алла /а/ — «Алла кемшіліктен пәк» деп Жаратқан Иеге мадақ айту

Сұрау /т/ — билеу, басқару

Сыпай /п/ — мемлекеттік, әскери міндеттерді атқаратын адам, жауынгер

Талиа /а/ — ізін қуу

Фұшты /п/ — тарақ

Хад /а/ — шек, шекара

Хадиса /а/ — әңгіме

Хайла /а/ — айла

Хұзыр /а/ — өмір, билік

Ееш — еш

Шар — дау, жанжал

Шоры /п/ — құл, күң

Шүлеңкер — қолы ашық, дархан кісі; жомарт, мырза

Шілия — бір жақ ұшы қамыттың құлақ бауына байланып, екінші жақ ұшы арба не шанаға бекітілген, оны сүйрету үшін қажетті жуан қайыс

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ақарал — 1888 жылғы Қазан басылымында қыз әкесі Өзімбай мекендеген қаланың атауы. Ақарал сөзіндегі ақ — түр-түсті ғана емес, батыс бағытты білдіретін геосимволикалық белгі.

Көкарал — 1903 жылғы Қазан басылымында Өзімбай мекендеген қаланың атауы. Көкарал сөзіндегі көк — түр-түсті ғана емес, шығыс бағытты білдіретін геосимволикалық белгі.

Семей — Шығыс Қазақстан облысындағы қала, темір жол станциясы, әуе және автомобиль жолдарының ірі торабы. Археологиялық зерттеулерге қарағанда, қазіргі Семейдің тұрған жері ерте заманнан ежелгі тайпаларға тұрақ болған. Олардың ең ескісі қола дәуіріне жатады. Одан кейінгі дәуірлерде бұл арада ежелгі ғұндар, Түрік қағандығы, Қыпшақ, Керей, Найман ұлыстарының тіршілік еткені анықталды. 16-17 ғасырларда Жетішатыр (Доржин кит) сарайларын Асма Тархан Доржи деген кісі тұрғызған. Семей әскери бекінісінің іргелі 1718 ж. қаланды. 1872 жылдан уездік қала болды.

Сүйдін — Жыршы Бармақ Мұқамбайұлы жырлаған нұсқада қалмақтың қаласы ретінде аталады.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Амангелдин Құлзақ (1886, Қарағанды облысы, Нұра ауданы — 1955 сонда) — колхоз өміріндегі жаңалықтарды, Қарағанды жұмысшыларының тіршілік тынысын жырлаған ақын. Халық мұрасын жинап, тапсыруда елеулі еңбек сіңірген.

«Қамбар батыр», «Қобыланды», «Ер Тарғын» жырларының варианттары Құлзақтан жазылып алынды.

Березин И.Н. (1819-1896) — орыс шығыс зерттеушісі. Қазан (1846), Санкт-Петербург (1855) университеттерінің профессоры. Негізгі еңбектері шығыс халықтарының тарихына, филологиясы мен археологиясына арналған. 1942-45 ж. ғылыми мақсатпен Иран, Түркия, Закавказье, Дағыстан елдерін аралап, 1845-50 ж. өзі жинаған «Түрік-татар қолжазбаларының сипаттамасын», «Түрік грамматикасына қосымша» зерттеу еңбектерін, 1849-52 ж. «Шығыс елдеріне саяхат» дейтін еңбегін жариялайды. Неміс тіліне аударылған. 1850-52 ж. «Шейбанинаме» Алтын орда хандарының жарлықтарын жариялады. «Түрік хрестоматиясын», «Түрік тайпасының халық мақалдарын», Рашид ад-Диннің «Жәмиғ ат-тауарих» еңбегін орыс тілінде жариялаған. Омбы кадет корпусының оқытушысы Н.Ф.Костылецкий арқылы Ш.Уәлихановпен байланыс жасаған. 1873-82 ж. 16 томдық энциклопедиялық сөздікке қатысты.

Ғұмарова Мәлике (1918, Орал облысы, Орда қ. — 1987) — фольклортанушы, текстолог ғалым, филология ғылымдарының кандидаты (1953). 1943-1987 жылдары Қаз. ССР ҒА-ның Тіл және әдебиет институтының Текстология, қолжазба бөлімінде жұмыс істеген. Жамбыл шығармалары жинағын, Көрұғлы, Қамбар т.б. батырлық жырын құрастырған. «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасына» батырлық,

ғашықтық жырларға сипаттама жазды. «Қамбар батыр», «Қыз Жібек» жырларының ғылыми басылымын дайындады. Халық ақындарының өлеңдері мен айтыстарын жинады. ОҒК және ӘӨИ Қолжазба қорларындағы сирек қолжазбаларды жүйеледі.

Дәнекеров Әбілқайыр аздап арабша сауаты бар, өзі өлең шығармағанмен, 1905 жылдан бері «Қобыланды» жырын, 1925 жылдардан бері «Қыз Жібек», «Қамбар» сияқты жырларды жаттап алып айтады. Бұлардың бәрін де арабша жазылған кітапты ел оқып отырғанда сол оқып отырған адамның қасында болып жаттап алған.

Диваев Әбубәкір (1856, Орынбор — 1932, Тәшкен) — этнограф, фольклортанушы. Ұлты — башқұрт. Орынбордағы Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген, 1876 жылдан бастап Түркістан өлкесіне әскери қызметпен келген. Тәшкен қаласында Әскери-халықтық басқармада қызмет еткен. Сол жылдардан бастап қазақтың ауыз әдебиетін жинап, зерттеп, баспа бетінде жариялап отырған. Эпостық жырларды, ертегілерді, балалар фольклорын, шешендік сөздерді қағазға түсірді, кейбіреуін орыс тіліне аударды. Ежелгі күнтізбе, астрономия туралы халық ұғымдарын жинады. Диваевтың ғылымғасіңірген еңбегін П.М.Мелиоранский, В.А.Гордлевский, В.В.Бартольд т.б. ғалымдар жоғары бағалады.

Еламанов Көшелек (толық аты Көшмұқамбет) (1874, Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы — 1951, сонда) — ақын, жырау. Он алты — он жеті жас шамасында жырау, әрі домбырашы Жалмағамбет Сағынтайұлының (1830 — 1910) қасына еріп жүріп, жыр үйренеді.

В.Карлсонның мақаласында айтылғандай 1906 жылы Орынбор архиві ғылыми комиссиясы халық ақындары Қазақпай мен Көшелекті арнайы алдырып, білетін жырларымен танысады. Ол «Қобланды», «Орақ — Мамай», «Шора батыр», «Көрұғлы», «Ер Сайын», «Қамбар» т.б. жырлар білген.

1920 жылы Қазақ Республикасы құрылып, астанасы Орынбор қаласы болғанда Қазақ АССР үкіметі басшыларының бірі Әбдірахман Әйтиев Көшелекті Орынборға шақырады. Ол ақын-жыршылармен, Сәкен Сейфуллинмен кездесіп, өз өлеңдерін айтып береді. Ұлы Отан соғысы кезінде өлеңдері облыстық газеттерде жарияланып тұрған.

Жапақов Маясар (1889-1965)— халық ақыны. Қазіргі Қарағанды облысы, Шет ауданында туып өскен. Маясар қазақ халқының ауыз әдебиет нұсқаларын көп білген, ән де шығарған.

1943 жылы республикалық халық ақындарының айтысына қатысып, Болман Қожабаевпен айтысқан. Колхоз өмірі туралы, Қарағанды көміршілері туралы көптеген өлең, жырлар шығарған. Өлеңдері облыстық, аудандық және соғыс жылдары майданда қазақ тілінде шығып тұрған газеттерде басылған.

Қалмағамбетов Шапай (1890, Қостанай облысы, Қарабалық ауданы—1960, Ақтөбе қаласы)— жыршы. Атақты жырау Мергенбай, Досжан, Абдрахмандардың қасына еріп, эпикалық жырларды үйренген, «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Құбығұл» т.б. көлемді жырларды жатқа білген. «Қамбар батыр» жырының 1888 жылғы Қазан басылымы мен 1922 жылғы Диваев нұсқасынан өзінше толық нұсқа жасаған. «Қобыландының» Марабай және Мергенбай нұсқасын қосып 1939 жылы СССР ҒА қазақ филиалына жазып тапсырған. Қобыландының батыр ұлдары Киікбай, Бөгенбай туралы жырлар да Шапайдан жазылып алынған. Өзі шығарған толғау-жырлар да бар. Отан соғысы жылдарында патриоттық арнау өлеңдерді көп айтқан.

Қошқарбаев Шашубай (1865, Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданы, Қоңырат селосы—1952, сонда)— белгілі әнші, ақын. Жасынан домбыра, сырнай, гармонь тартып, ән салуға, өлең шығарып айтуға, серілік құруға өуестенеді. Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Мәди, Ғазиз тәрізді Арқаның ардагер әнші, сал-серілерімен кездесіп, тәлім алады. Өзі шығарған «Майда қоңыр», «Жетім қыз», «Сырғақты», «Ақ қайың», «Кедейлік» т.б. әндері ел арасына кең тарайды. «Ақтамберді», «Қамбар», «Сұраншы-Бөкей» дастандарын жырлаған. 1909 жылы Жетісуға келіп Жамбылмен айтысқан. 1943 жылы Қарағандыда ақындар айтысын бастаушылардың бірі болды. Көшен Елеуовпен (1943), Болман Қожабаевпен (1944) айтысты. Шашубайға «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері» (1941) атағы берілді, «Құрмет Белгісі» орденімен наградталды (1945). «Сөйле, Шашеке» (1942), «Ақ қайың» (1984) атты жинағы шықты. Шығармалары ақындардың жалпы жинақтарында, «Айтыстың» 3-томында (1966) жариялан-

ды. Өмірі мен творчествосы туралы «Қазақ совет энциклопедиясында» (12-т., 1978) жазылды.

Мәзқожаев Рахмет (1881, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы — 1976, сонда) — ақын, жыршы. Он алты жасынан домбыра тартып, өлең, жыр айтқан. Облыста концерт-эстрада бюросында Нартай Бекежанов басқарған бригаданың белсенді мүшесі болып, ел арасында өз өнерін көрсетті. Соғыс жылдарында қызыл отауды басқарды. Соғыстан кейінгі жылдарда облыстық, республикалық айтыстарда Есдәулет Қандековпен, Әбділда Жүргенбаевпен, Өкіл Жайлауовпен өнер жарысына түсті. Ауыз әдебиеті нұсқаларын да жинауға үлес қосты. Бірнеше жыр-дастандар, терме-толғаулар жырлап, насихаттап отырды. ОҒК және ӘӨИ қолжазба қорына 60 мың жолдан аса дастан, өлең-жырлар тапсырды. «Қойдың арызы», «Қызыл сиырдың арызы», «Малдарды шақыру», «Сырдария соғысы» деген өлеңдері «Пернедегі термелер» (1965), Өкім Жайлауовпен айтысы «Айтыс» (3-т., 1966) жинақтарында жарияланды. Бүкіл түркі халқына кең тараған «Көрұғлы» дастаны Мәзқожаевтың варианты бойынша қазақ тілінде жеке кітап (1973) болып шықты.

Мұқамбаев Бармақ (1872, Жамбыл облысы, Шу ауданы — 1942, сонда) — айтыскер ақын, жыршы. Жастайынан Майкөт, Сүйінбай, Майлықожа, Құлыншақ, Жамбыл, Бақтыбай жырларын, халық дастандарын жаттап айтқан. Қазақстанның 10 жылдығына арналған тойда (Әулиеатада) құттықтау айтқан («Еңбекші қазақ», 1935, 7 қараша). 1936 жылы «Қамбар батыр» жырын хатқа түсіріп, ғылыми кітапхана қорына тапсырған. Ол кезінде Сауытбек, Кенжеқожа, Жанат, Арқабай, Оспантай, Үмбетәлі, Жақсыбай т.б. ақындармен айтысқа түскен. 1919 жылы Ұзынағаш маңындағы бір тойда Үмбетәлі, Шүкитай, Оспантай, Саяділ, Кенен т.б. ақындармен кезектесіп Нұриламен айтысқан. Бұл айтысқа Жамбылдың төрелік бергені белгілі («Айтыс», 2-т., 1965).

Нақысбеков Оқас (1928, Алматы облысы, Шелек ауданы) — тіл білімі маманы, филология ғылымының докторы. 1951 жылдан бастап ҚР ҒА А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтында алғаш кіші, одан соң аға жетекші, ал қазір бас ғылыми қызметкер. 1954-1957 ж. осы институттың аспиранты. 1963 ж. «Шу бойы қазақтарының тіл ерекшеліктері» деген

тақырыпта кандидаттық (акад. І.Кеңесбаевтың жетекшелігімен), «Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Көптеген диалектологиялық экспедицияларға қатысып, қазақ тіліне, ауыз әдебиетіне байланысты материал жинады. Лексикология саласында қазақ тілінің диалектология, түсіндірме, «Үлкен орысша-қазақша» және «Қазақша-орысша» қалта сөздіктерін құрастыруға қатысты. Сонымен бірге «Қазақ тілінің диалектологиялық атласы» мен «Түркі тілдерінің диалектологиялық атласын» және «Европаның лингвистикалық атласын» жасаушылардың бірі.

Нұрпейісов Қали (1890, Қызылорда облысы, Арал ауданы — 1968, сонда) — домбырашы, жыршы. Он бес жасынан өлең, жыр айта бастаған. Тама руынан шыққан ақын Әкімгерейдің қасында бес-алты жыл жүріп, жыр үйренеді.

1935 жылдан Ақтөбе қаласындағы теміржол клубында домбыра үйірмесіне жетекшілік жасайды. 1939 жылы Мәскеуде БК(б)П XVIII съезіне, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің ашылуына қатысады.

Ол «Қобыланды батыр», «Алпамыс», «Қара қасқа атты Қамбар» жырын, «Құламерген», «Мұңлық — Зарлық», «Шәкір — Шәкірат» т.б. дастандарды жырлаған.

Сейітов Сағынғали (20.11.1917, қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданы, Өлеңті ауылы) — ақын, сыншы, әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының кандидаты (1961). Қазақ пединститутын бітірген (1941). 1941-1947 жж. әскер қатарында болып, Екінші Дүние жүзілік соғысқа қатысқан. 1947 жылдан Қазақстан ҒА Тіл және әдебиет институтында, Қазақстан КП ОК-нің үгіт, насихат, әдебиет және көркем өнер бөлімдерінде түрлі қызметтер атқарды. С.Сейітовтың 40-тан астам жыр жинақтары баспадан шыққан, сонымен қатар бірнеше әдеби-зерттеу еңбектері бар. Г.Гейне, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударған. 2-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз ордендерімен марапатталған.

Сергазиев Келімбет (1876, Шымкент облысы, Түлкібас ауданы — 1968, сонда). «Алпамыс», «Қамбарбатыр», «Жаһангер Құбығұл», «Тақыр шал», «Наушаруан», «Үш өнерпаз» қиссадастандарын жатқа айтып, ел арасында жыршы-ақын аталған. Жұмбақ өлең, жұмбақ айтысқа да шебер болған. Орынбай, Белгібай, Сауытбек т.б. ақындармен айтысқан. 1918 ж. «Октябрь

толғауы», 1920-1940 ж.ж. қызыл отауда, колхоз басқармасында қызмет істеп жүргенде «Қосшылар одағына», «Белсенділерге», «Жалқау колхозшыларға», «Социалистан» деген өлең-жырларын шығарған. 1934 жылы ақындардың республикалық слетінде Жамбыл, Кенен, Шашубай т.б. кездескен. Жаңылай қызбен айтысқан. «Отан соғысы туралы», «Жеңімпаздар», «Ел байлығы» және Бауыржанға арнаған өлең-толғаулары жергілікті газеттерде жарияланды. Соғыстан кейінгі жылдары аудандық, облыстық, өлкелік (1964) айтыстарға қатысты.

«Үш мұңлы», «Сегізхан — Мақпал», «Үш жетім», «Қубас», «Ұры аяр», «Сауда ишан», «Кесік бас», «Шәкір — Шәкірат» т.б. дастандарды орындаған. Серғазиевтен «Қамбар батыр» мен «Алпамыс» батырлық жырлары жазып алынған.

Смирнова Нина Сергеевна (29.6.1908, Ульянов облысы, Дмитровград қ. — 5.2.1978, Алматы) — әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы (1951), профессор (1953), Қазақстан ҒА кореспондент-мүшесі (1956). Ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ фольклортану ғылымы мәселелеріне арналған. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1-т, 1968), «Қазақ фольклористикасы» (1972) т.б. еңбектерді шығаруға атсалысқан. М.Әуезовпен бірге эпикалық туындылардың (Қамбар батыр, Қозы Көрпеш — Баян сұлу, Алпамыс батыр, Қыз Жібек) ғылыми басылымдарына басшылық жасаған. Жамбыл шығармалары туралы зерттеу еңбек, Қазақстандағы орыс мектептері үшін қазақ әдебиеті оқулықтарын, қазақ ауыз әдебиеті жөнінде бағдарламалар, ауыз әдебиетін жинау жөнінде әдіснамалық нұсқаулар жазған.

Тәжібаев Әбділда (4.2.1909, Қызылорда қ. — 23.9.1998, Алматы) — ақын, драматург, сыншы, театр зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы (1970), професор (1976), қоғам қайраткері. Қазақстанның халық жазушысы. Оның «Сырдария», «Айнабұлақ» т.б. өлеңдері, «Толағай», «Аққу», «Күй атасы», «Абыл» т.б. поэмалары бар. «Өмір және поэзия» (1960), «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» (1971) атты монографиялық зерттеулері, көптеген сын мақалалары жарияланған. Ә.Тәжібаев «Октябрь революциясы», 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, Ленин, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Қисса Қамбар. Жариялаған *У.Тухфатуллин*. — Қазан, 1888.
2. Қамбар баһадүрдің жыры // *Березин И.* Турецкая хрестоматия. Т. 3. ч. 2. — СПб., 1890.
3. Тоқсан үйлі тобыр. — Қазан, 1903.
4. Қамбар батыр. Батырлар. 4-бөлім. Жариялаған *Ә.Диваев*. — Төшкен, 1922.
5. Қисса қара қасқа атты Қамбар. Көшірген *Қалқай молда*. Тапсырған *А. Хангелдин* // ОҒК, Ш.671, 2-дәп.
6. Қамбар батыр. Жыршысы — *Бармақ Мұқамбайұлы* // ОҒК, Ш.671, 5-дәп.
7. Қамбар батыр. Жыршысы — *Шапай Қалмағамбетов* // ӘӨИ, Ш. 35.
8. Қамбар батыр. Жыршысы — *Маясар Жапақов* // ӘӨИ, Ш. 102, 1-дәп.
9. Қамбар батыр. Жыршысы — *Әнуар Шоқатаев* // ӘӨИ, Ш. 102, 2-дәп.
10. Қамбар. Березин нұсқасы // ӘӨИ, Ш. 36.
11. Назым қыздың өңгімесі // ӘӨИ, Ш. 341.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар мен сөздіктер

1. *Әуезов М.* Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 97-102 бб.
2. *Ауэзов М., Соболев Л.* Эпос и фольклор казахского народа // Литературный критик. — 1939. — № 10-11. — С. 210-233; 1940. — № 1. — С. 169-180. *Ауэзов М., Соболев Л.* Очерки исто-

рии казахской литературы. Часть первая. Эпос и фольклор // Литература и искусство Казахстана. — 1939. — № 8—9. — С. 91-116.

3. *Әуезов М.* Әдебиет хрестоматиясы. 6-класқа арналған. — Алматы, 1937. — 95 б. *Әуезов М.* Әдебиет хрестоматиясы. 6-класқа арналған. Түзетіліп, 2-бас. — Алматы, 1938. — 172 б.

4. *Сейфуллин С.* Қазақ әдебиеті. 1-кітап. Билер дәуірінің әдебиеті. — Қызылорда, Қазақстан, 1932. — 234 б.

5. Батырлар жырларының жинағы. Жинаған *Сейполлаұлы Сәкен*. 2-жинақ. — Семей: Қазақстан, 1933. — 422 б.

6. *Кенжебаев Б.* Қазақтың халық эпосы туралы // Әдебиет және искусство. — 1939. — № 2. — 119-131 бб.

7. *Мұқанов С.* Батырлар жырының әдебиеттегі орны // Батырлар жыры. — Алматы, 1939. — 5-21 бб. — 602 б.

8. *Марғұлан А.* О характере и исторической обусловленности казахского эпоса // Известия Казахского филиала АН СССР. Серия историческая. — 1946. — № 2. — С. 75-81.

9. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақ эпосы және оның айтушылары. — Алматы, 1975. — 18 б.

10. *Орлов С.А.* Казахский героический эпос. — М.—Л., 1945. — 136 с.

11. *Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. Фольклор. Ред. басқ. М. Әуезов.* — Алматы, 1948. — 439 б.

12. *Жұмалиев Қ.* Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. — А.: Қазақ мемл. көркем әд., 1958. — 404 б.

13. Қазақ эпосы жөніндегі дискуссияның қорытындысы // Әдебиет және искусство. — 1953. — № 8. — 109-114 бб.; Итоги дискуссии по казахскому эпосу // Вестник АН Каз ССР. — 1953. — № 8. — С. 95-102.

14. Қамбар батыр. Ғылыми басылым. Ред. басқарғандар *М.О. Әуезов* және *Н.С. Смирнова*. — Алматы: Қаз ССР ҒА басп., 1959. — 427 б.

15. *Бердібаев Р.* Қазақ эпосы (жанрлық және стадиялық мәселелер). — Алматы: Ғылым, 1982.

16. *Қасқабасов С.* Қамбар батыр // Қазақ совет энциклопедиясы. 6-том. — Алматы, 1975. — 440-441 бб.

17. *Қасқабасов С.* Қазақ фольклорындағы тұтастану құбылысы // Жұлдыз. — 1992. — № 11. — 181-198 бб.; *Қасқабасов С.* Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. — Астана; 2002.

18. *Ыбыраев Ш.* Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. — Алматы: Ғылым, 1993. — 296 б.
19. *Мелетинский Е.М.* О былинных мотивах // *Путилов Б.Н.* Фольклор и народная культура. — Спб., 2003. — 464 с.
20. *Соколова В.К.* Об историко-этнографическом значении народной поэтической образности (образ свадьбы—смерти в славянском фольклоре // *Фольклор и этнография. Связи фольклора с древними представлениями и обрядами.* — Л.: Наука, 1977. — С. 188-195.
21. *Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А.* Саят. — Алматы: Қайнар, 1989. — 104 б.
22. *Әзібаева Б.* Дастан жанрының текстологиялық зерттелуі // Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. — Алматы: Ғылым, 1983. — 191-204 бб.
23. *Көпейұлы М.* Қазақ шежіресі. — Алматы, 1993. — 76 б.
24. *Валиханов Ч.Ч.* Собр. соч. в 5-ти томах. Т.1. — Алмата, 1961. — 778 с.
25. ОҒК, Ш.566. 1-дәп.
26. *Урманчиев Ф.* Имя эпического героя // Советская тюркология. — 1986. — № 4. — С.22-33.
27. *Басилов В.* Культ святых в исламе. — М.: Мысль, 1970. — 144 с.
28. *Турсынов Е.Д.* Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001. — 168 с.
29. *Рейсер С.А.* Основы текстологии. 2-е изд. — Л.: Просвещение, 1978. — 176 с.
30. *Байжанов Т.* Қазақ тіліндегі әскери лексика. Канд.. дис. — Алматы, 1973.
31. Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. — Алматы: Ғылым, 1983.
32. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1-том. — Алматы: Ғылым, 1975.
33. Арабско-русский словарь. Составитель *Х.К. Баранов.* — М., 1968.
34. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.
35. Қазақ тілінің сөздігі / Құраст.: *Ә. Болғанбаев, Б. Қалиев, т.б.* — Алматы, 1999.
36. Персидско-русский словарь / Под ред. *Ю. А. Рубинчика.* I-II т. — М., 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова Министерства образования и науки Республики Казахстан продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

По состоянию на сегодняшний день Институтом подготовлены и изданы 42 тома фольклорных текстов, в том числе двенадцать томов новеллистических дастанов, семь томов дастанов религиозно-нравственного содержания, три тома исторических поэм, восемь томов дастанов романического (любовного) содержания, один том генеалогических дастанов, а также одиннадцать томов героического эпоса.

Очередной 43-й том включает в себя один из популярных героических эпосов казахского народа — «Қамбар батыр». Ранние записи данной эпической поэмы были осуществлены в середине XIX в. В 1888 г. в Казани вышло в свет первое издание эпоса — «Қисса-и Қамбар», основой которого послужила запись, сделанная Валиуллой Тухфатуллиним в Зайсане. В 1903 г. в Казани под названием «Токсан үйлі тобыр» был напечатан отредактированный вариант «Қисса-и Қамбара». В нем меньше, чем в «Қисса-и-Қамбар», характеристик и поступков героев, объясняемых волей Всевышнего. Опущены, например, следующие строки: Құдайдың берген көріктерін; Бұйрық болса Құдайдан; Алла өзі дем берді, ерлердің ісін жөн көрді; Алла саған аманат бір тапсырып бергенім; Қамбар ердің ал сонда бір Құдайдан тілеуін и т.п. Этнонимы «русский», «неверный» в «Қисса-и-Қамбар» 1888 года издания заменены на этноним «калмак» в Казанской публикации 1903 года «Токсан үйлі тобыр». Надо

отметить, в советское время издание 1903 года оценивалось как «произведение религиозного содержания», а об издании 1888 года вообще умалчивалось.

Известный востоковед И.Н. Березин во второй части третьего тома «Турецкой хрестоматии», изданной в 1890 году в г. Санкт-Петербурге, опубликовал один из вариантов данного эпоса — «Қамбар баһадүрдің жыры». В варианте Березина интересен эпизод, когда крещенный Келмембет вновь принимает ислам после того, как убедился в богатырстве и превосходстве Қамбар батыра над калмакским ханом.

Один из вариантов «Қамбар батыра» записал А. Диваев и издал в серии «Батырлар», которая вышла из печати в 1922 году на арабской графике в Ташкенте.

Варианты эпоса, записанные и собранные в досоветский период, не ограничиваются перечисленными выше изданиями, работа по сбору вариантов этого эпического произведения продолжалась и в советский период. Многие варианты эпоса были записаны во время фольклорных экспедиций, организованных Академией Наук Казахской ССР.

Для 43 тома серии «Бабалар сөзі» отобраны из двадцати двух образцов рассматриваемого эпоса одиннадцать текстов, в том числе казанская публикация 1888 года, публикации Березина и Диваева, варианты Калкая, Бармака Мукамбайулы, вариант Шапая Калмагамбетова. А также, чтобы наглядно продемонстрировать текстовые изменения в казанских публикациях, нами включен в данный том текст «Тоқсан үйлі тобыр» 1903 года издания. Свообразием отличаются записи в исполнении Маясара Жапакова и Ануара Шокатаева и два прозаических текста.

Вариант, опубликованный А. Диваевым, неоднократно переиздавался в советское время. Казанская публикация 1903 года «Тоқсан үйлі тобыр», вариант Бармака и сказочный вариант эпоса публиковались в научном издании 1959 года, остальные семь вариантов публикуются впервые.

Постановления о политических ошибках в изучении и оценке наследия прошлого не обошли стороной и казахский эпос. В постановлении ЦК Компартии Казахстана от 21 января 1947 года «О серьезных политических ошибках в работе Института языка и литературы АН КазССР» подверглась критике первая

редакция первого тома «Истории казахской литературы» под редакцией М.О. Ауэзова. Подверглись критике в Кыргызстане — «Манас», в Татарстане — «Едиге», в Туркменистане — «Книга о Даде Коркуте», в Узбекистане — «Алпамыс», в итоге вышеназванные эпосы оказались под запретом. И у нас велась ревизия эпического наследия по политическому признаку. В начале 50-х годов запрет распространился на исторические поэмы о Кенесары Касымове. После итогов дискуссии по казахскому эпосу, организованной в 1953 году Президиумом АН КазССР, из всего эпического наследия народа были признаны пригодными для изучения и публикации только эпосы «Камбар» и «Ер Таргын». Фольклорные произведения исследовались по принципу советского литературоведения, особое внимание уделялось идейному содержанию и тематике произведения, основные персонажи рассматривались только по классово-социальному признаку.

Анализ многочисленных, сохранившихся в рукописных фондах вариантов «Камбар батыра» показывает, что основу содержания произведения составляют одни и те же мотивы, то есть сюжетная линия основных вариантов эпоса остается неизменной. Также для всех вариантов характерно описание героя уже как состоявшегося батыра. То есть в этом эпосе отсутствует мотив чудесного рождения батыра. Только в варианте Диваева прослеживаются некоторые следы мотива рождения и становления батыра.

Выбор суженого единственной дочери хана, ее требования к нему (богатырство), уход матери за скакуном батыра, благословение матери перед походом, отголоски старинных обрядов и обычаев матриархата присутствуют во всех вариантах эпоса. А традиционная формула — обращение Назым к Камбару «Қара қасқа атты Қамбар-ай, қара атыңда жал бар-ай» («Камбар, на вороном коне Лыске, у твоего коня вороного есть грива») — присутствует во всех, даже в прозаических (сказочных) вариантах эпоса.

Происхождение главного героя в вариантах эпоса повествуется по-разному. По варианту Березина Камбар — выходец из рода Уак, а по вариантам Калкая и Диваева — из рода Аргын. По записи Баяндина отец Камбара — Бетеге, назвали его так, потому что нашли в кустах. По записи Рахмета он бедняк-однолошадник, кормящий своих сородичей охотой. По записи Шо-

катаева Азимбай не хочет выдать свою дочь за Қамбара, потому что он когда-то отнял ханский трон у отца Қамбара.

Композиционно эпос начинается и заканчивается тоем (пиршество). В начале эпоса описывается той, во время которого красавица Назым выбирает себе единственного достойного суженого, тоем же заканчивается эпос, на котором Назым слу выдала замуж за Қамбара, победившего врага, освободившего ногайлинский народ от ига калмаков.

Разные варианты эпоса записывались от народных акынов и жыршы последовательно. В 1941 году Союз писателей Казахстана, специально пригласив Шашубая Кошкарбайулы в Алматы из Балхаша, организовал запись произведений акына. Акыны С. Сеитов и А. Тажибаев записывали в живом исполнении эпос, в 1942 году вышел в свет сборник произведений акына «Сөйле, Шашеке». А в феврале 1958 года по одобрению академика М.О. Ауэзова был приглашен известный жырау Рахмет Мазходжаев из Қызылорды в институт, где репертуар акына записывался как в бумажном варианте, так и на магнитофонную ленту. Также в разные годы усилиями сотрудников Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова произведена запись эпоса от жыршы Кулзака Амангелдина и Келимбета Сергазиева.

Научное издание эпоса под редакцией М.О. Ауэзова и Н.С.Смирновой вышло в свет в 1959 году. Научное издание эпоса, подготовленное Н.С. Смирновой и М. Гумаровой, было осуществлено на двух языках — русском и казахском. С тех пор прошло почти полвека. Надо отметить — в советское время тексты эпоса «Қамбар» как в научном издании, так и в популярных изданиях искажались, вносились редакторские изменения; в настоящем издании публикуемые тексты даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде.

В соответствии с принципами издания «Бабалар сөзі» том снабжен научными приложениями, которые включают в себя сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публика-

торах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Для данного издания большинство текстов подготовлено с оригиналов, хранящихся в рукописных фондах Центральной научной библиотеки и Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова.

Объем тома — 26,0 п. л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Madeni Mura» («Cultural heritage»).

By present day the staff of the Institute have prepared and published 41 volumes of folklore texts including twelve volumes of novelistic dastans, seven volumes of religious and moral content, three volumes of historical poems, eight volumes of romantic (love) content, one volume of genealogic dastans and eleven volumes of heroic epos.

Volume 43 includes one of the popular heroic eposes of Kazakh people- «Kambar batyr». Early records of this epos have been done in the middle of XIX century. In 1888 in Kazan first edition of the epos «Kissa-I- Kambar» based on the record has been made by Valiulla Tukhfatullin in Zaisan. In 1903 in Kazan edited version of «Kissa-I-Kambar»- «Toksan uili tobir» was published. In «Toksan uili tobir» the heroes actions are less motivated by God's will than in «Kissa-I-Kambar». For example there are no such lines as Kudaidin Bergen korikterin (Beauty given to her by God); Buirik bolsa Kudaidan (If God gives...); Allah ozi dem berdi erlerdin isin zhon kordi (God gave him (inspiration), just case of the warrior); Allah sagan amanat bir tapsirip bergenim (God protects you, let's trust in God); Kambar erdin al sonda bir Kudaidan tileuin (Then only God fulfilled wishes of Kambar hero) etc. Ethnonym «Russian» and «unfaithful» in «Kissa-I-Kambar» published in 1888 have been changed into «Kalmak» in Kazan publication of «Toksan uili tobir» of 1903.

Well known Oriental studies specialist I.N.Berezin in third volume in the second part of «Turkish literature reader» in 1890

in Saint-Petersburg has published one version of the epos «Kambar bahadurdin zhyry» that hasn't been studied and published earlier. In version of Berezin, Christianized Kelmembet has again accepted Islam when he became sure that Kambar batyr is stronger than Kalmak khan.

Epos «Kambar» was published in 1922 in Tashkent in Arab script included into the series «Batyrlar» prepared by A.Divaev.

Epos versions recorded and collected during pre-Soviet period are not restricted by the mentioned editions and activities on collection of its versions have been continued during Soviet period. Most of them have been recorded during folklore expeditions in various regions of Kazakhstan.

More than twenty versions of the epos have been scientifically systemized and main six versions have been selected such as Kazan publication of 1888, Berezin and Divaev publications, versions of Kalkai, Barmak Mukambaiuly, joint version of Shapai Kalmagambetov. In order to demonstrate text changes in Kazan publications the distinctive differences in plot lines in records of Mayasar Zhapakov and Anuar Shokataev and two prosaic texts have been included into this volume «Toksan uili tobyr».

Version published by A.Divaev has been several times published during Soviet period. Kazan publication of «Toksan uili tobyr» of 1903, versions of Barmak, Rachmet and tale version of the epos have been published in scientific edition in 1959, the rest seven versions are published for the first time.

Resolutions on political mistakes in Soviet Union have also reached Kazakh epos. Resolution of CK of Communist Party of Kazakhstan from 21 January 1947 «On serious political mistakes in the activities of Institute of language and literature at AS KazSSR» first edition of the first volume «History of Kazakh literature» under edition of M.O.Auezov was subject to criticism. In Kyrgyzstan- «Manas», in Tatarstan-«Edige», in Turkmenistan-«Book about Dade Korkut», in Uzbekistan- «Alpamys» have been subjected to criticism and as a result above mentioned eposes have been prohibited. Epic heritage in our country has also been subjected to revision on political aspects. In the beginning of 50th historical poems of Kenesary Kasymov have been prohibited. After discussions about Kazakh epos organized by Presidium of AS KazSSR in 1953 from big epic heritage of the people the eposes

«Kambar» and «Er Torgyn» have left. Folklore works have been investigated based on principle of literature, special attention was paid to ideal content and topic of the work, main personages have been considered only according class-social aspect.

Analysis of numerous works conserved at manuscript foundations of «Kambar» versions show that the work is based on the same plots and motives i.e. plot line of the main versions of the epos doesn't differ. For all versions the description of the hero as a batyr is typical. In the epos the motive of miracle birth of the hero is missing. Only in Divaev's version some traces of the motive of birth and growth of batyr have been considered. Kambar batyr having learnt about enemy's invasion doesn't immediately start his trip, he went hunting and took care about feeding ninety house village.

Choice of the intended man of the only daughter of the khan, her demands to him (bogatyr features), mothers care of the batyr's horse, mother's blessing before the trip, traces of old matriarchy customs and traditions exist in all versions of the epos. Traditional appeal of Nazym to Kambar «Kara kaska atti Kambar-ai, kara atinda zhal bar-ai » («Kambar, on a black bold horse, your black horse has a mane ») exists in all versions even in prosaic (tale) epos versions.

Versions have some differences concerning the origin of batyr. Kambar according to Berezin version comes from Uak clan and according to Kalkai and Divaev's version he comes from Argyn clan. According to Bayandin record, Betege is Kambar's father and he was named so because he was found in the bushes. According to Rachmet's record, he was a poor man with one horse who was hunting to feed his relatives. According Shokatai record Kambar's father is a khan and Azimbai father of Nazym slu is aspiring to take his throne and that's why is against batyr's marriage.

The epos composition is built so that in the beginning of the epos the toi is described during which Nazym slu should choose the only worthy intended man and in the end of the toi (fest) Nazym slu has married Kambar who has won enemy and released Nogaily people and ninety houses village from Kalmyk suppression.

Various versions of the epos have been consequently recorded from akyns and zhyrshi. In 1941 the Union of writers of Kazakhstan has specially invited Shashubai Koshkarbaiuly to

Almaty from Balkhash to arrange recording of works. Akyns S.Seitov and A.Tazhibaev have recorded live performance of the epos and in 1942 the collection of akyn's works «Soile, Shasheke» was published. In February 1958 Academician M.O.Auezov has approved the invitation to the Institute of the well known zhyrau Rachmet Mazkhodjaev from Kzylorda, repertoire of the akyn has been recorded both on paper and tape. Also during different periods the staff of the Institute of literature have made record from zhyrshi Kulzak Amangeldin and Kelimbet Sergaziev.

Scientific publication of the epos edited by M.O.Auezov and N.S.Smirnova was published in 1959. N.S.Smirnova and M.Gumarova have prepared the edition. Scientific edition of the epos was prepared in two languages-Russian and Kazakh. Since that time almost half century has passed. During Soviet period texts of the epos «Kambar» in scientific and popular editions have been changed, editor's amendments have been done and present edition includes texts that are initial, adequate to the original texts.

According to the principles of the edition «Babalar sozi» the volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic , Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

For this edition most texts have been prepared based on the original that is kept at manuscript foundations of Central scientific library and M.O. Institute of literature and art.

Volume 26,0 pp.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтіндер

Қамбар баһадүрдің жыры (<i>С-Петербург, 1890</i>)	11
Қисса Қамбар (<i>Қазан, 1888</i>)	49
Тоқсан үйлі тобыр (<i>Қазан, 1903</i>)	84
Қамбар батыр (<i>Тәшкен, 1922</i>)	115
Қисса қара қасқа атты Қамбар (<i>Қалқай нұсқасы</i>)	166
Қамбар батыр (<i>Б.Мұқамбайұлы нұсқасы</i>)	200
Қамбар батыр (<i>Ш.Қалмағамбетов нұсқасы</i>)	258
Қамбар батыр (<i>М.Жапақов нұсқасы</i>)	303
Қамбар батыр (<i>Ә.Шоқатаев нұсқасы</i>)	322
Қамбар (<i>Ертегілік нұсқа</i>)	330
Назым қыздың әңгімесі (<i>Ертегілік нұсқа</i>)	333

Ғылыми қосымшалар

«Қамбар батыр» жыры	337
Томға енген мәтіндерге түсініктеме	357
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	381
Сөздік	387
Жер-су атаулары	391
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет	392
Шартты қысқартулар	398
Пайдаланылған әдебиеттер	399
Резюме	402
Summary	407

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

43 том

ГЕРОИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Қ. Тұрлынова*
Редакторы *Ұ. С. Тілегенова*
Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*
Компьютерде терген *Ә. Мейірбекова*
Компьютерде беттеген *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын өзірлеген «Баур» баспасы

ИБ № 2236

Теруге 06.07.07 жіберілді. Басуға 30.07.07 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 26,0. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 167.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Фолиант» баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISBN 9965-35-435-9



9 789965 354359